Finally, if a person would not have palate and tongue, he would be able to recognize sweetness or bitterness of food. Is that all bad for human? Eyes and nose are located not far from mouth to man to see purity and could smell a food. However, other necessary to person holes, which spew out waste from body and located away from the head. “Could it be possible to say that it’s all random manifestation of the mind of the creator?” [Word twenty seventh] [2]

References:

1. Абай және аударма. – Дала мен қала №18 (398) Бейсенбі, 12-мамыр, 2011ж.
2. Abai. The Book of Words. Almaty, 1982. p. 123.

COMMON LEXICAL AND STYLISTIC DIFFICULTIES IN TRANSLATION OF MISLEADING INTERNATIONAL AND PSEUDO INTERNATIONAL WORDS

Абдукаримова Малика Бахадировна
Silkway Халықаралық Университеті магистранты
Шымкент, Қазақстан

Есенкулова Айжан Рахимбердиевна
Silkway Халықаралық университеті,
«Шетел филологиясы» кафедрасының аға оқытушысы,
Шымкент, Қазақстан

Misleading words are words of different languages which have similar form and some common meanings. Historically misleading words are the result of interaction of languages. Words having similar form in overwhelming majority of cases were derived from words of Greek and Latin origin, i.e. international words that exist in every language.

The words of any synchronically compared languages relate to each other either in terms of equivalence (more often of relative equivalence; in special terminology also of absolute equivalence); or in terms of entire lack of equivalence. Taking into account the relation of the sound (or graphical) form of equivalence and relationship of their syntagmatic and speech characteristics we can further distinguish synchronic interlingual categories of absolute and relative synonymy, homonymy and paronymy. The words of both languages are interlingual synonyms when they entirely or partially coincide in meaning and usage (and are, respectively, equivalents in translation). The words of both languages similar (to the degree of their identification) in the sound (or graphical) form can be called international homonyms [1].

At last, the words of both languages which are not quite formally similar, but which can cause false associations and be identified with each other can be called interlingual paronyms. The formal similarity of English and Russian words does not always mean the semantic proximity. There are some words which have no semantic proximity. These are pseudo-international words which are similar in form but completely different in meaning. So words decade and декада, complexion and комплекция, aspirant and аспирант are formally similar. But the respective Russian words декада, комплекция, аспирант are pseudo-international and

cannot be used in translation. Thus the translator should pay special attention to such words which often mislead the translators and cause gross errors to appear.

- Aspirant - аспирант = претендент
- Decade - декада = десятилетие
- Complexion - комплекция = цвет лица
- Direction - дирекция = направление
- Magazine - магазин = журнал
- Obligation - облигация = обязательство
- Sympathetic - симпатичный = сочувствующий
- Fabric- фабрика = ткань
- Typography - типография = книгопечатание
- Genial - гениальный = добродушный

Formally similar English and Russian words may have different volume of meanings. Such words are interlingual partial synonyms. Lexical mistakes often appear in the result of indiscriminated approach to interlingual partial synonyms. When polysemantic words coincide in one of their meanings it is very often presumed that all their other meanings coincide as well. This delusion leads to errors of the following kind:

1. Он набрал 500 голосов – He polled 500 voices (instead of votes).
2. Что вы возьмете на второе (в качестве второго блюда)?- What will you have for the second dish? (instead of course)
3. Сначала я ему не поверил - I didn't believe him first (instead of at first)
4. Эта история случилась давно - This story happened long ago (instead of incident).

Mistakes of this kind can also appear when translating from English into Russian. For example, the word combination frosted cherries in the sentence “In honor of my visit the baker had made a special sponge cake, iced with marzipan and adorned with frosted cherries” (Cronin, A. “Shannon’s Way”) has been translated as “замороженные вишни”, but in fact it should be translated as “засахаренные вишни”.

The translator did not take into consideration that the English word frosted has unspecific for its Russian partial synonym metaphorical figurative meaning “засахаренный, глазированный”, that is only looking as iced. English and Russian words with similar vocabulary meanings may coincide not in all their combinatory meanings. For example, the meaning of the Russian word диспут is more specific than English dispute:

English «dispute»

Russian «диспут»

1. Debate, argument
The matter in dispute is the ownership of a house.

Публичный спор на научную или общественно важную тему.
Диспут во время защиты диссертации

2. Quarrel, controversy
There were many religious disputes in England during the 17th century.

3. Conflict
To settle international disputes in a peaceful way.

A characteristic feature of the newspaper words is a large amount of political terms, use of international words and neologisms. These political terms and borrowings from other languages, especially the international words may represent the main difficulty for translation. They can play a double role: on the one hand they can make reading and understanding of the

text easier, on the other – they can baffle the reader because of the seeming similarity as their meaning in different languages often do not coincide [2]. “Translator’s false friends” may be divided into pseudo-international words:

Pseudo-international words are the words which are formally similar but have different semantics. The translator should not be misled by their formal similarity and not use them as equivalents in translation.

Here are some examples of irrelevant translation: The word ammunition which means “military stores, especially of explosives (shells, bombs, etc.)” is translated into Russian as “амуниция”, which in Russian has the following meaning: “снаряжение военнослужащего (кроме оружия и одежды)”; notwithstanding the complete irrelevance of the Russian word in the context, describing the life of Robinson Crusoe on the desert island. Or the word expert – “person with special knowledge, skill or training” is often rendered into Russian as эксперт in context describing an engineer or a doctor having nothing in common with expertise.

References:

1. Алимов В.В. Теория перевода. Перевод в сфере профессиональной коммуникации. – М.: Дом Книга, 2006.
2. Гарбовский Н.К. Теория перевода. – М.: Издательство московского университета, 2004.

PHRASEOLOGY IN ENGLISH AND KAZAKH LINGUISTICS

Әуелбекова Ұлданай Нағашбекқызы

Аймақтық Әлеуметтік Инновациялық Университет магистранты,
Шымкент, Қазақстан

Language is the most important means of human being. Language is changeable, but there are unchangeable things in the life of any language – phraseological units: proverbs and sayings. Nowadays, many scholars are interested in two languages through scientific methods.

Phraseological units: proverbs and sayings are one of the most researchable branches of Lexicology, at the same time, demanding a deeper investigation comparing two languages. From this, it follows that comparison of phraseological units of the English and Kazakh languages is very actual.

Phraseological units or idioms as they are called by most western scholars represent, what can probably be described as the most picturesque, colorful and expressive part of the language’s vocabulary. In folklore among all the variety and richness of its poetical significance and form it is difficult to find more interesting and researchable genre than phraseological units: proverbs and sayings. It was the subject of deep study of scientists in most different ideological branches.

Proverbs were not only the person's point of view but also general people's outlook is expressed. Proverbs play important role in language. They give emotionality, expressiveness to the speech. They have certain pure linguistic features that must always be taken into account in order to distinguish them from simple sentences.

Proverbs are brief statements showing uncondensed form of the accumulated life experience of the community and serving as conventional practical symbols for abstract ideas. They are usually didactic and image bearing.

Many of them become very polished and there is no extra word in proverbs. Summarizing above mentioned, information the following definition can be given to proverbs: they are stable

word-groups with partially or fully transferred meanings, they cannot be made in the process of speech, they exist in the language as ready-made units that people had created for centuries in their social and historical life. The same as words proverbs express a single notion and are used in a sentence as one part of it. American and British lexicographers call such units «idioms».

We can mention such dictionaries as: L. Smith «Words and Idioms», V. Collins «A Book of English Idioms» etc. In these dictionaries we can find words, peculiar in their semantics (idiomatic), side by side with word-groups and sentences. In these dictionaries they are arranged, as a rule, into different semantic groups. V. H. Collins writes in his «Book of English idioms»: «In standard spoken and written English today idiom is an established and essential element that, used with care, ornaments and enriches the language.» «Used with care» is an important warning because speech overloaded with idioms loses its freshness and originality.

Idioms are ready-made speech units, and their repetition sometimes wears them out: they lose their colors. Therefore, idioms are used as ready-made units with fixed and constant structures.

Most Russian scholars today accept the semantic criterion of distinguishing phraseological units from free word-groups as the major one and base their research work in the field of phraseology on the definition of a phraseological unit offered by Professor A. V. Koonin, the leading authority on problems of English Phraseology: «A phraseological unit is a stable word-group characterizing by a completely or partially transferred meaning».

Among Kazakh scientists we can mention the following researchers who studied this branch of Lexicology: I. Kenesbayev, R. Sarsenbayev, B. Adambayev, G. Musabayev, K. Ahanov. For example, K. Akhanov studied Phraseological units: sayings and in his book «Tilbilimnekirispе» in the part lexicology wrote about the Kazakh phraseology [1, p. 45].

Establishment of phraseology shows the peculiarities of the national language and qualities of the national culture. Comparing phraseology of genetically distant and different languages as Kazakh and English allows us to find national - cultural peculiarities, their similarities and differences. There are many similarities and differences in Kazakh and English phraseological units.

Writers use a lot of phraseological units in their works, because they supply informative and descriptive functions. The study of the Kazakh and English proverbs is very important, especially, for interpreters of these languages. The correct usage of phraseological units while translating any other work of art we should pay close attention to this point, and that is the reason of the study of the theme we have taken under discussion.

So, we express any idea or plot of the work in translation as in original that demands a person's high skill and deep knowledge. A translator ought to know the rules of translation, furthermore the history, slang, life style, customs and traditions of the people whose language he / she translates into. To study the proverbs and find differentiation and similarities between two non-related languages, to distinguish the cultural features in every language are the most important point for us. We mainly discuss the Kazakh proverbs and their translation into foreign languages.

Russian scientists N.N. Amosova, A.V Koonin and others have done great contributions to phraseology of the English language. So, phraseological units or idioms represent the most colorful and expressive part of the English language vocabulary [2, p. 45].

Despite differences of opinion, most authors agree upon some points concerning the distinctive features of phraseological units, such as:

1. Integrity (or transference) of meaning means that none of the idiom components is separately associated with any referents of objective reality, and the meaning of the whole unit cannot be deduced from the meanings of its components;

2. Stability (lexical and grammatical) means that no lexical substitution is possible in an idiom in comparison with free or variable word-combinations (with an exception of some cases when such substitutions are made by the author intentionally). The experiments conducted in the 1990s showed that, the meaning of an idiom is not exactly identical to its literal paraphrase given in the dictionary entry. That is why we may speak about lexical flexibility of many units if they are used in a creative manner. Lexical stability is usually accompanied by grammatical stability which prohibits any grammatical changes;

3. Separability means that the structure of an idiom is not something indivisible, certain modifications are possible within certain boundaries. Here we meet with the so-called lexical and grammatical variants. To illustrate this point there are given some examples: «as hungry as a wolf (as a hunter)», «as safe as a house (houses)».

4. Expressivity and emotiveness means that idioms are also characterized by stylistic coloring. In other words, they evoke emotions or add expressiveness.

Moreover, we have studied the English idioms on the following themes: descriptions of people (personality, character, appearance, behavior, beauty); lifestyle – way of life (problems, difficulties), honesty – dishonesty; feelings of people (emotions, luck, opportunity, arguments, disagreements); authority, power, business – work; relationships, communication. Then we have found that not of all idioms which are based on English have equivalent in the Kazakh language. We have come across on the following noticeable themes, such as Friendship, Motherland, Time, Knowledge, Beauty, Health, Work, and a lot other different subjects.

All these themes or topics are strongly connected with national peculiarities, national values, stereotypes, social life, way of life of the Kazakh people, patriotic feelings and with the roots of ancient descendants. Therefore, it is necessary to point out that exactly this branch of Lexicology shows a basic cultural level of the actual language. Also, it can be proved that proverbs are closely connected with the national peculiarity of the country, moreover, a proverb represents the experience of nation which had acquired throughout centuries. In proving, it is proper to state, the Kazakh people have a long tradition of peace, tolerance and co-existence.

References:

- 1) Kaidar A., “Kazakh-Russian phraseological dictionary”, Astana: Bilge, 2003, p. 123
- 2) Кунин А.В. "Фразеология современного английского языка" «Международное отношение» М,1972, p.189

CHARACTERISTIC FEATURES OF PHRASEOLOGICAL UNITS IN THE ENGLISH LANGUAGE

Күсембаева Зульфия Калыковна

Silkway Халықаралық Университеті магистранты,
Шымкент, Қазақстан

Шойманова Молдир Балгабаевна

филология ғылымдарының кандидаты,
Шымкент, Қазақстан

Phraseological units represent quite a large part of linguistics. Very often they reflect the peculiarities of the culture of the language they belong to; moreover they reflect history of that nation, their attitude towards world, stereotypes they believe in, etc. Furthermore, phraseological units usually are formed from proverbs and sayings, idioms, set expressions.

Proverbs play many roles in all societies. They are used for many different situations. It is therefore impossible to include all their roles in this thesis. Some of them are provided below with an appropriate explanation.

Generalizing, the meaning of a proverb is given by the fact that it does not address a concrete situation, but it predicates about general patterns of human life, it abstracts a concrete event into the general regulation, and that is why no members of this sentence relate to a concrete situation [1, 251].

The evaluative opinion in a proverb has many nuances; in different dictionaries it is possible to find the same proverb in different variants:

The variability of a proverb is given by the fact that in contrast to the rest of the lexicon a proverb is not subject to codification.

Another typical feature of a proverb is anomaly that means the shift between linguistic rules of different kinds based on analogy whereas in regular linguistic units relatively unlimited possibility exists to create more and more combinations; anomalous units are always limited and unique.

It is not possible to interchange any of the components with different analogical component in the same or similar function.

In proverbs there is also the possibility to find anomalous words that are able to be connected with few or just one other form in language.

Anomalous words can occur in proverbs and also in literary expressions, e.g. a word in the proverb:

Mukařovský mentions that the general syntactical framework of proverbs depends upon the language in which they were created.

As mentioned above, the proverb acts in a context as a general sentence. An abstract principle that is expressed by a proverb is then applied to the concrete situation. If the speaker uses a proverb, he or she substitutes by it straighter expressions, because the evaluation, which is part of a proverb, is less explicit than a straight evaluation. Therefore, the proverb is capable to have a euphemical function in the context; the negative evaluation included in it is modified:

Proverbs can also invoke a quotation in the contest and a speaker who uses such a proverb with a quotation is partly avoiding the responsibility for his or her opinion. In a view of a proverb that is understood as a strange expression, whose authorship is thought to be collective, gets bigger influence than author's own expression.

Mukařovský also mentions that a proverb is invoked in the context as a cliché as well, automated expression, what is especially because its stability. It results in the fact that a proverb functions in the context to a great extent imperceptibly. Through a proverb, it is possible to express an unpredictable feeling that might be unacceptable for an addressee and would not be acceptable in the literal translation.

From a different point of view, proverbs are divided into two groups: metaphorical and gnomic. In metaphorical proverbs the literary meaning does not overlap with its sense. Gnomical proverbs express moral principles in a direct way.

A saying is a figurative expression that does not imply any moral. A saying is also defined as a steady connection of words that characterize a particular situation. A saying does not have any straight moral in the contrary to a proverb which is very close to a saying. The exact boundary between proverbs and sayings is not explicit because sayings can have a moral content even implicitly. It is often difficult to decide in practice whether a particular case is a proverb or a saying.

Proverbs and sayings are classified into the linguistic discipline called paremiology. Paremiology has several meanings. It is a summary of all small folklore figures.

Proverbs and sayings belong to the oldest forms of a human communication together with a lyrical poem, epical poem, narrative, riddle, drama or rhetoric. Proverbs and sayings express some kind of reality through different periphrastic or symbolic means of expression. They usually occur in some context with an assorted character not only linguistic but also extralinguistic. Proverbs and sayings differ from written works and other ways of art expressions by different aesthetics and performance.

Characteristic features of phraseological units as the part of a language's word stock have a great role in it. It makes the language more beautiful and influential because it has metaphorical meaning which can only be understood with the help of special background knowledge and sometimes language sense as well. Not all people can use idioms because they have special semantic colouring which makes them difficult to understand. To use an idiom or other phraseological unit means to have a language tool which enriches one's speech making it more emotional, valuable and influential. That's the reason why all spheres of life have some stock of phraseological units specific to them. Phraseological units are combinations of words that have a meaning which is different from the meanings of the individual words. It can have a literal meaning in one situation and different idiomatic meanings in another situation. It is a phrase which does not always follow the normal rules of meaning and grammar. Very often scholars classify them according to different principles. The one which is related to our study is the etymological classification. Due to this, phraseological units or idioms are of two types: native and borrowed.

1. Native ones are connected with simple people, with the given language's realia.

2. Borrowed ones are those taken from mythology, literature and Bible. The majority of idioms are taken from Bible and have their own stories which created those idioms and inserted into the language. But a question rises; why is Bible filled with phraseological units? To answer we should 1st know the purpose of phraseological units in general and 2nd the language typical to the Bible.

Phraseology is a relatively new branch of linguistics which attracts the attention of an increasing number of scholars. The vocabulary of any developed language is enriched not only by words but also by phraseological units which are not created by the speaker in the process of speech but used as ready-made units. It was a long time ago that linguists became aware of the existence in the language of special larger-than-word units: word-groups consisting of two or more words whose combination is integrated as a unit with a specialized meaning of the whole.

Thus, as it was already mentioned, differences in terminology reflect certain differences in the main criteria used to distinguish between free word-groups and a specific type of linguistic units generally known as phraseology[2, p. 72].

References:

1. Kengesbaeva, U. Origin of phraseological units and idioms in English. Language and Society, 2006, p.456
2. Субботин Ю.А. Фразеологизмы и их классификации. -Алматы, 1998, p.632

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Азбердиева Нагима Аббасовна

«Өрлеу» БАҰО АҚФ ТОЖШҚ ПҚБАИ аға оқытушысы
Шымкент, Қазақстан

Қазақ тілі пәні – баланың ақыл-ой дамуының негізі және барлық білімдердің темір қазығы болып табылады. Өйткені оқушыларға ғылым негіздерінен жан-жақты білім мен берік дағды беретін, сауатты жаздырып, мәдениетті сөйлеуге, ойын әсерлі де жатық жеткізуге төселдіретін осы пән. Қазақ тілі орфографиялық ережені игеру үшін ғана емес, сонымен бірге, логикалық ойлауды қалыптастыру үшін де аса қажет.

Жазылымның мақсаты- балалардың жазу тілі дағдысын қалыптастыру екені баршаға аян. Жазылым көзбен қабылданады, қолмен іске асады. Ал айтылым есіту құралы арқылы орындалады. Жазылымды дамытастан бұрын айтылым дағдысын дамытамыз. Бұл сауатташу пәнін оқыту барысында іске асады. Баланы сөйлету мен тыңдатуға үйрету, олардың жалпы даму деңгейін жоғары дәрежеге көтереді.

Сауатты жазуға үйрету барысында ережеге сүйенуді қолға аламыз. Грамматиканы оқыту неғұрлым жақсы жолға қойылса, оқушылардың сауаттылығы да соғұрлым жоғары болады. Олай болса, белгілі бір жазу ережесіне негіз болатын грамматикалық құбылыстар саналы түрде ұғындырылып, содан кейін қорытынды шығарылуы қажет. Мұнда ережені мәніне түсінбей, құр жаттап алудан сақ болған жөн. Мұғалім тіл құбылыстары мен жазу ережелерін анық етіп түсіндіріп, оқушыларға сол ережелерді меңгерту тәсілдерін қарастыруға тиіс. Оқушы түсініп және оқыған ережесіне сүйеніп оны дәлелдей алатын болса, оның ережені саналы меңгергені. Ал ережені мүдірместен айтып бергенімен, неге солай жазылып тұрғанын дәлелдей алмаса, оқушы ережені механикалық түрде меңгерген болып шығады да, ол білгендірінің сауатты жазуға пайдасы шамалы болады. Сондықтан балалар мұғалімнің басшылығымен, тіл құбылыстарын, емле ережелерін бақылап, талдауға, оларды бір-бірімен салыстыруға, ой жүгіртуге, сипаттауға, өз беттерімен жазған жазу жұмыстарында қолдануға міндетті.

Мысалы: Грамматиканы оқу барысында оқушылар тіл құбылыстарын саналы түсінумен қатар, тілдің нақты фактілерін де білулері қажет. Мысалы, сөйлемдегі сөздерді жалғаулардың байланыстыратынын балалар есте қалдыра алады; сөйлемдегі сөздердің жалғауларын ажыратып айтып та бере алады. Бірақ өздері сөйлем құруға келгенде оны қолдана алмайды. Егер олар сөйлем құрғанда сөздердің арасындағы байланысты анықтау арқылы, жалғаудың қызметіне көңіл аударып дағдыланса, мұндай байланысты өздері сөйлем құрғанда да сақтауға тырысады. Бұл үшін сөйлемдегі бір сөзден екінші сөзге сұрақ қойып дағдылану қажет. Мысалы, мен (кім?) мектепке (қайда?) барамын т.б.

Сауатты жазуға үйрену үшін аналогия арқылы жаза білудің де маңызы зор. Ереже, қандай да болмасын, тек жалпы ғана нұсқау немесе түсінік береді. Яғни онда нақты бір сөзді қалай жазу емес, бір топтағы сөздердің жазылуы көрсетіледі. Сондықтан оқушылар бір ережені меңгеру барысында дайын мәтіннен ұқсас мысалдарды таба білуге немесе өздері мысал келтіре алуға тиіс. Оқушылар сол ережені оған ұқсас басқа жағдайларда қолдана алатындай дәрежеге жеткенде ғана ақыл-ой дағдысы қалыптасты деп есептеуге болады.

Дұрыс, сауатты жазуға үйрену үшін сөздерді дыбыс құрамына, буын жігіне ажырату жұмысы әріп қалдырып кетпеуге, әріп алмастырып алмауға бірсыпыра көмектеседі. Мұндай жаттығулар III – IV сыныптарда да жүргізіліп отырады.

Тіліміздегі жазылуы айтылуынан өзгеше құлын, жұлын, күрек, басшы т.б.с.с. сөздерді тек есту дағдысына сүйеніп, жазуға болмайды. Көбіне оларды салыстыру жолымен талдаудың жәрдемі тиеді. Сондай-ақ - ма, - ме, -ба, -бе, -па, -пе сұраулықтарын етістіктің болымсыз түрімен, мен, бен, пен шылауларын септік жалғаулармен салыстырып байқаудың да маңызы күшті. Сөздердің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін, теріс жазылуынан мағына бұзылатынын, айтайын деген ойдың күңгірт, екі жақты болып шығатынын балаларға ережені түсіндіргенде де, жаттығулар жүргізгенде де, олардың жазуларындағы қателерді түзеткенде де көрсетіп, түсіндіріп отырудың пайдасы көп (Тұзшы – тұшы, барма – бар ма т.б.).

Сөйтіп сауатты жазуға үйрену үшін аналогия, салыстыру, талдау, жинақтау, жалпылау, нақтылау сияқты ой операцияларының іске асуы ең маңызды шарт болып табылады.

Әрине, сауатты жазуға үйренуде қол қозғалысы арқылы қабылдау мен елестетудің алатын орны ерекше екені белгілі. Көп оқитын тіпті ережені тамаша білетін оқушы да қолдың дағдылануынсыз жазуда қатені көп жібереді және жазуының ұсқыны да тартымсыз болады. Сондықтан әсіресе бастауыш сынып балалары үшін танымның есту, айту, тыңдау, көру және қолын қозғау арқылы қалыптасатын функцияларын жүйелі түрде үйреніп, алғашқы кездің өзінде-ақ жақсы естіп, тыңдай алып, дыбыстық құрамға ойша тәртіппен талдау жасай алып, іштерінен қайталау т.б. сияқты тәжірибелер жинақтаудың маңызы орасан зор болатынын естен шығармауға тиіспіз!

Сөйтіп жоғарыда айтылғандарды қорыта келгенде, оқушыларды сауатты жазуға үйрету үшін ескерілетін жағдайларды топтап көрсететін болсақ, олар төмендегідей:

1. Мұғалім жазылатын сөздің немесе сөйлемнің мағынасын, мәнін оқушының түсінетіндігіне әбден көзі жеткеннен кейін барып жаздыруға тиіс (оқушы кейде мағынасына жете түсінбегендіктен қате жібереді).

2. Сөзді дұрыс айтуға, ұқыпты жазуға, жазғандарына ой жүгіртуге бағыт беріп, қатемен жұмыс ұйымдастырады.

3. Үнемі талдау жасау, түбірлес сөздер табу, сөз тіркестері арқылы сөйлем құрастыру, ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыру – мұның барлығы оқушының ойлауын арттырып, материалды меңгеруге жағдай жасайды.

4. Дыбыстық талдау, сөз құрамына жаттығу, сөз табының қызметі, синтаксистік талдаулар іске асырылып, сөйлеуге үйрету жұмыстарымен байланыстырыла жүргізіледі. Арнаулы орфографиялық жаттығулар (көшіру), (диктант) тіл дамыту жаттығуларымен (мазмұндама, шығарма) кезек жүргізіледі.

Жазуға үйрену үшін қажетті жағдайлардың бастылары:

1. Жазылатын сөздің мағынасын, мәнін анықтау. Мұғалім көшіруге ұсынған немесе оқып айту арқылы жаздыратын сөздерінің,

сөйлемінің, мәтіннің мағынасын оқушылардың анық түсінгеніне көз жеткізгеннен кейін ғана жаздырғаны жөн.

2. Сөздің айтылуына және жазылуына, грамматикалық формасына мұқият көңіл аудару; жазғандарын саналы түрде есте ұстауға жағдай жасау: оқы, ойлан, есіңе жазып ал, тыңда, зейін аудар, т.б.

Жіберілген қателермен жұмыс жасау: жазғаныңды тексер, түзет, қайта жаз осыған ұқсас мысал ойлан, т.б. оқушылардың белсенділігін көтеру және өздіктерінен жұмыс жасауға баулау.

3. Сөйлем мен сөзді талдау жұмысын жүйелі түрде жүргізіп отыру: салыстыру, талдау, жинақтау жұмыстары, "неге?" сұрағын көбірек қою.

4. Сөйлеу әрекетінің бірде-бір жағын естен шығармау керек: дыбыстық-әріптік талдау, сөз құрамына жаттығу, сөз таптары бойынша, синтаксис және байланыстырып сөйлеуге үйрету жұмыстары. Орфографиялық жаттығуларды (көшіру, диктант) сөйлеу жаттығуларымен (мазмұндама, шығарма) кезектестіріп өткізу.

5. Грамматикалық жаттығуларды сөздік- орфографиялық жаттығулармен кезектестіру.

Сөздік жұмысы үздіксіз жүргізіліп отырылады. Әрбір оқушының жазудан әлсіз жақтары болады (кейбір сөздерден қате жіберу т.б.). Мұғалім ондай балалармен сөздік жұмысын жеке жүргізеді.

Қорыта айтар болсам, сауатты жазу дағдысын қалыптастырудың маңызды шарттарының бірі – орфографиялық қате, сөйлеу қателерін болдырмау үшін алдын ала синтездеу, талдау жұмысы болып табылады. Белгілі бір жағдайға дағдылану біраз уақыт жаттығуды қажет ететіні сияқты, сауатты жазуға жаттығу дағдысы да көп қайталауды, жаттығуды талап етеді. Сондықтан өтілгеніне біраз уақыт болған материалдарды жүйелі түрде еске түсіріп отыру пайдалы.

Орфографиялық ережені түсіндіруден бұрын балалардың алдына олар шешуге тиісті мәселе қойылуы керек (мысалы, отпен ойнама, от пен судан сақтан мысалдарының арасында қандай айырмашылық бар? «пен» қайсысында бөлек, қайсысында бірге жазылуға тиіс? сияқты). Мұндай жұмыс балалардың зейінін сабаққа жұмылдырып, бұрын оқығандарын еске түсіруге көмектеседі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бастауыш мектепте қазақ тілін дамыта оқыту, Ақтөбе, 2006
2. Сарманов Е., Сапаров С. Оқытудың жаңа технологиялары, Ш., 2005
3. Құрманова Н.Ж. Тойбазарова Н.А. Диктанттар жинағы, Ақтөбе, 2006
4. Ысқақ Б., Сманова Б. Қазақ тілі пәнінен тест тапсырмалары. 4 сынып. Ш., 2005
5. Ысқақ Б. Диктанттар жинағы. Ш., 2005

ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОҚУШЫНЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУ

Диканбаева Гулайна Сакеновна

Қ.Қасымұлы атындағы №82 ЖББМ бастауыш сынып мұғалімі
Шымкент, Қазақстан

Қазіргі әлеуметтік, экономикалық үрдіс тоғысқан күрделі даму кезеңін бастан өткізіп отырған Қазақстан Республикасы зиялы қоғамның талап-тіліктеріне толығымен сәйкес келетін және жауапкершілік сезімі жоғары, шығармашылық белсенділігі мен адамгершілік болмысы бірдей үндескен, бойындағы дара мүмкіндіктерін, интеллектуалдық қабілеттерін өз іс-әрекетінде шығармашылықпен қолдана алатын жеке тұлға тәрбиелеу мәселесі туындап отыр. Сондықтан басты міндет – оқу-тәрбие жұмыстарын бірегей жүзеге асыру үрдісінде оқушылардың интеллектуалдық әлеуетін дамыта отырып, әлемдік өркениет пен ұлттық мәдениеттің үздік үлгілері арқылы шығармашыл жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Осыған орай мектептегі оқу-тәрбие үрдісі мұғалім мен оқушылардың ынтымақтастық қарым-қатынас негізінде әр жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін есепке ала отырып ұйымдастырылуы тиіс.

Бүгінгі күні жаңаша ойлау, жаңаша жұмыс істеу негізі талапқа айналып, өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру процесін көп жағдайда жаңаша құруды талап етіп отыр. Осыған байланысты адам баласының өзіндік санасын қалыптастыруда шығармашылықтың алатын орны ерекше. Өйткені, шығармашылық – бұл жаңа сапалы рухани және материалдық құндылықтарды тудыратын әрекет болып табылады.

Оқушылардың шығармашылық әрекеттері және оның мәні М.Қашқари, Әл-Фараби, Ж.Баласағұни, Қорқыт-ата, Қ.Яссауи және т.б ғұлама ойшылдардың еңбектерінде жан-жақты талданып, ерекше философиялық тұжырымдар жасалған.

Қазіргі бастауыш мектептерде шығармашылық тұрғыда жаңашылдық білім беру мәселесі – оқытудың шығармашылық қызметінің сапасын анықтайтын, жаңа білімді тану мен жаңа бұйым жасауға бейімделу арқылы танылатын әрбір жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталатын интеллектуалдық процес. Оқушының шығармашылық деңгейі – оның берілген тақырыпқа байланысты өз қиялынан туған бұйым мен оны көркемдеп жасаудың жолдарын табуынан көрінеді. Мұнда жаңа білімді меңгеру процесі шығармашылық ойдың қалыптасуымен және дамуымен бірге жүреді. Демек, шығармашылық ойдың нәтижесі - белгілі ұғымдарды қайталап, жаңғыртумен ғана емес, сонымен қатар жаңа білімді жасау, тапсырманы орындауда жаңа жолдарды ашу актілері арқылы жасалады.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылығын қалыптастыру кез-келген сабақта жүзеге асыруға болады. Ол үшін ең алдымен оқушының білімге деген құштарлығы мен мұғалімнің кәсіби шеберлігі үндесуі қажет. Шығармашылық дегеніміз – бұл адамның шынайы өмірде өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен саналы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу адамның рухани құндылықтарының нығайтып, өзін-өзі тануына көмектеседі.

Ғалым М.Ә.Құдайқұлов шығармашылық процесті жан-жақты талдай отырып, педагогикалық шығармашылық қабілетті дамыту үшін ең алдымен мұғалімнің ойында интуиция мен мотивацияның пайда болуы шарт, онан соң шабыттандыру мен жаңаша

идеяны ойлап табудың негізінде тапқырлық танытып, оған сәйкес жоспар құрып, оны табандылықпен іске асыра білуі қажет - деп есептейді. .

Ә.Ә.Сағымбаев бастауыш сынып оқушыларының кез-келгені сурет салуда, ермексазбен жұмыс істеуде шығармашылық тапсырмаларды табысты орындай алады, тек оқу-тәрбие процесінде эмоциональдық тұрғыда олардың қызығушылықтарын арттырып, ынталандыру қажет, деп түіндіреді. Бейнелеу өнерінде затқа қарап сурет салу, тақырыптық сурет, сәндік сурет салу жүзеге асырылады. Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруда ғалымдар ұсынған төмендегі ережелерді басшылыққа алу қажет деп санаймыз. Олар: оқу-тәрбие процесінде шығармашылық тапсырманы игерген біліміне сәйкес бала өзінің мүмкіншілігін толық қолдана алатындай етіп беруі керек. Тапсырылған жұмыстар сауатты түрде орындалатын болуы шарт.

Бастауыш сыныптағы сабақтарда оқушылардың іс-әрекеттерінің жоспарлау тәртібін және олардың жүзеге асыратын құралдарын, өздері жасайтын шығармашылық жұмыстарды орындауына мүмкіндік туғызып, еңбек етуге ынтасын, қабілетін дамытуды басты назарда ұстау қажет. Оқушылардың еңбекке қабілеттілігі негізінен бейімділікке байланысты екендігін ескерсек, мұның өзі оқушының кез-келген тапсырманы шығармашылық тұрғыда орындауда жаңа ізденістерге жетелейді.

Бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық әрекеттерінің өзіндік спецификалық ерекшеліктері бар. Себебі, оқушының көбі бұл жаста қоғамдық мәні бар шығармашылық өнім тудыра алмайды. Сондықтан, оқушы шығармашылығы іс-әрекетінің нәтижесі емес сол шығармашылық процестің өзі құнды болып табылады. Ал шығармашылық процес оқушының белсендігін, логикасын, байқампаздығын, қиялын дамытуға себеп болады. Шығармашылық әрекетте оқушының танымдық қызығушылығын дамытатын нақты білім мен еңбек дағдыларына үйрету керек.

Сыныптан тыс жұмыстардың көптеген түрлері оқушылардың жекебас белсенділіктерін талап етеді. Ондай формаларға үйірмелерді, олимпиадаларды, конкурстарды, пікір-таластарды, тақырыптық кештерді, мектеп мұражайларына, табиғатқа шығатын серуендерді, газет- журналдар шығаруды жатқызамыз.

Бастауыш сынып оқушысының ақыл-ой іс-әрекеті көбінесе оқу процесінде жетіледі. Оқушыны оқу еңбегіне үйрету үшін үнемі жаттықтыру арқылы олардың бойында білімді меңгеру дағдыларын қалыптастырып, үздіксіз ой еңбегімен шұғылдануға баулу керек. Жалпы еңбекке деген сүйіспеншілігін туғызу арқылы мектеп оқушыларын қоғамдық пайдалы, өнімдік еңбекке тікелей қатыстыру, оқуға деген саналы көзқарас тәрбиелеу әр сабақта өзекті орын алып отыратын ұстанымға айналуы тиіс.

Жалпы оқушылардың іс-әрекеті арқылы шығармашылығын қалыптастырудың қазіргі жағдайын зерттеу мынадай тұжырымдарға келуге негіз болды:

- оқу-тәрбие бағдарламаларында бастауыш сынып оқушылардың іс-әрекеті арқылы шығармашылығын қалыптастыру міндетін жүзеге асыру үшін мұғалімдерге жол сілтейтін жеткілікті түрде әдістемелік бағыт-бағдардың берілмегендігі;

- бағдарламалық материалдардың бастауыш сынып оқушылардың іс-әрекеті арқылы шығармашылығын қалыптастыру мүмкіндігін жүзеге асыру мәселесіне арналған әдістемелік әдебиеттер мен көмекші құралдардың аздығы;

- бастауыш сынып оқушылардың іс-әрекеті арқылы шығармашылығын қалыптастыру іс-шаралары сыныптан тыс жұмыстармен талапқа сай байланыстырылмағандығы;

- бастауыш сыныптардың сабақтары өз деңгейінде жүргізілмей, оған мұғалімдердің қосымша пән ретінде қарайтындығы, яғни мектептің әкімшілігі тарапынан қадағалаудың төмендігі;

- бастауыш сынып мұғалімдеріне іс-әрекеті арқылы шығармашылығын қалыптастыру жұмысының деңгейін жоғарылату мақсатында арнайы курстар, семинарлар ұйымдастырудың қажеттігі;

- ата-аналар қазір бала тәрбиесімен, білімін толықтай мектептерге тапсырып, өз тараптарынан қадағаламайтындығы;

- мектеп пен отбасы бірігіп жұмыс жүргізбегендіктен мұғалімдер мен ата-аналарған арналған пікір-сайыстар, семинарлардың өтілмейтіндігі байқалды.

Қорыта келе, жас ұрпақтың болашағы үшін қажетті білім мен дағдыны меңгерте отырып оқушының шығармашылық іс-әрекетіне белсенді жұмысты ұйымдастырумыз қажет.

ТАБИҒИ СУ КӨЗДЕРІН САНИТАРИЯЛЫҚ-ГИГИЕНАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН БАҚЫЛАУ

Есалиева З.Р.

Аймақтық әлеуметтік- инновациялық университетінің аға оқытушысы
Шымкент, Қазақстан

Түйіндеме: Табиғи суды жақсарту әдістері оның қасиеті мен сапасына қойылатын талаптарға байланысты жағдай. Олар бәрінен бұрын жақсарту және зарар-сыздандыру арқылы жүріледі. Су тазарту оның органолептикалық, физикалық және аздап химиялық, одан да аздап биологиялық (микроорганизмдерге қатысты) қасиетін жақсартуға бағытталған.

Резюме: Методы совершенствования судов природы связаны с требованиями к качеству мужчин. Больше всего им платят, чтобы улучшить суставы и сделать их безболезненными. Об очистке воды Ваши органолептические вещества состоят из физических веществ и некоторых химических веществ и некоторых биологических (микроорганизмов).

Түйін сөздер: су, минералды су, артезиан суы, лаустаушы заттар

Атмосфералық су жер бетіне жауын, бұршақ, қар, шық және тұман күйінде түседі. Олар құрамындағы газдардың (азот, оттегі, көміртегінің қос тотығы) жоғарылығымен ерекшеленеді. Бұл сулар құрамында көмір қышқылы болғандықтан қышқыл реакциялы болады. Сондықтан да дәмі ұнамсыз келеді. Мұндай сулар ішуге, көбінесе жарай бермейді.

Жер бетіндегі сулар жер бедерінің (шалшық, тоған, өзен, көл, теңіз) ойпаңдау тұсына барын орын тепкен атмосфералық су мен жер беті суының кейбір бөлігі. Бұл суды да сол қалпында іше беруге жарамайды, алдын ала өңделіп барып пайдаланады.

Қазақстанда үлкенді-кішілі 7557 өзен бар. Олардың 50 пайыздан артығы таулы және тау етек аудандарында орналасқан.

Республикада үш үлкен су көздері (Балқаш көлі, Арал және Каспий теңіздері), екі көл (Алакөл және Теңіз) және 38 мыңнан астам кіші көлдер орналасқан. Алайда жер беті суларының ресурсының біркелкі орналаспауы олардың тиімді пайдалануға кедергі болып отыр.

Жер беті суларының сапасына келетін болсақ, барлық ірі су ағымдарының сапалы ішетін суға қойылатын стандартқа сай емес. Ертіс, Іле, Орал, сырдария сияқты ірі

өзендер трансшекаралық болғандықтан қатты ластанған. Сондықтан олар алдын ала өңдеусіз ішуге немесе шаруашылыққа пайдалануға жарамайды. Мысалы, Орал өзені фенолмен жоғары деңгейде ластанған (3 ШЖК дейін). Іле өзенінің экологиялық ауыр жағдайы оның суының бормен (21,8 ШЖК дейін) және алтываленттілік хроммен (14 ШЖК дейін) шектен тыс ластануынан туып отыр. Нұра өзені түпкі қабатында, суында және шайындыларында сынап мөлшерінің деңгейі жағынан республикада ең ласы болып есептеледі. Ертіс өзенінде мыс (2 ШЖК дейін) пен мырыш (25 ШЖК дейін) мөлшері осы уақытқа дейін жоғары. Балқаш суында, Іле өзенінде мыстың, мырыштың және никельдің мөлшері жылдан-жылға көбеюде (2-8 ШЖК арасында). Сондықтан ең бастысы жер беті суларын қоқымданудан, ластанудан және сарқылудан қорғау.

Жер асты суы ең алдымен атмосфералық судан тұрады. Өйткені, атмосфералық су топырақтың төменгі қабатына өтеді де, одан жер асты су ағыны немесе су қоймасы ретінде жиналады. Бұл сулар жер қыртысы саңылауының су өткізбейтін қабатының үстіне шоғырланып, сулы қабат құрайды. Санитариялық тұрғыда жер асты суы тайыз, терең су және артезиан суы деп бөлінеді.

Тайыз су әдетте жердің үстіңгі қабатында (2-3 м) тұзы бар қабаттың тереңдігіне, сондай-ақ жыл мезгіліне байланысты. Құрғақшылық кезде оның суы мүлде жойылып кетуі мүмкін. Тайыз су тез ластанатын болғандықтан, оның дәмі қанша жақсы болса да көп жағдайда ол ішуге жарай бермейді. 15 тереңдікте жатқан жер асты суы тайыз деп аталады. Бұл сулар адамдарды ауыз сумен қамтамасыз етудегі ең басты су көзі болып табылады.

Ал 15 метрден төмен жатқан су терең су деп аталады. Терең су (7 метрден 2-3 км ейінгі, тіпті 6,5 км дейінгі тереңдікте) алғашқы су өткізбейтін қабаттың астында жатады. Олар су шығатын бірнеше белестерде орналасып, қысымды, қысымсыз да бола алады. Терең судың 1 литрінде кемінде 1000 мг еріген тұз немесе көмір қышқыл тотығы, әйтпесе тұщы суда сирек кездесетін элементтердің, мысалы, бром, йод, фтор, темір, радий бар терең суды минералды су деп атайды.

Құрамында минералды қосылыстардың басымдылығына қарай минералды су бірнеше түрге бөлінеді: хлоридты, сульфидті, көмірқышқылды; ащы сулар (құрамында күкірт қышқыл магний бар) және басты компоненттердің бірінің атымен аталатын (йодты, радонды немесе радиоактивті) минералды сулар. Минералды сулардың ерекшелігі оларда дезинфекциялық қасиеттерінің болуында.

Артезиан суы оның гигиеналық қасиетіне байланысты өте жоғары бағаланады. Ол микроорганизмдерден толық дерлік таза. Сондықтан да ешқан-дай тазартылып, зарарсыздандырылмай-ақ іше беруге болады. Республикада барланған жер асты суларының жылдық ресурсы (623 көз) 15,8 км³ құрайды.

Қазігі кезде республика территориясында жер асты суларын ластауы ықтимал 700-ден аса ошақ бар. Мұның ішінде ең көп ластау көздері Алматы, Қарағанды, Шығыс және Оңтүстік Қазақстан облыстарында кездеседі. Жер асты суларының ластануы негізгі минерализацияның артуы, кермектіліктің жоғарылауымен, хлоридтер мен сульфаттардың мөлшерінің артуымен сипатталады.

Табиғи су көздерінің басты ластаушыларына тау-кен, өнеркәсіп, өңдеу кәсіпорындары мен қатар мал шаруашылық орындары да жатады. Ал, ең көп тараған ластаушы заттарға түсті металдар, күрделі химиялық қосындылар, мұнай, минералды тұздар, радиоактивті қоспалар, пестицидтер және т.б. өндіріс қалдықтары кіреді. Аталған ластаушы заттар, оның ішінде антропогенді және техногенді заттар да табиғи сумен араласып оның сапасын өзгертеді. Бұл өзгерістер әртүрлі болып келеді: судың физикалық қасиеттерінің өзгеруі (алғашқы мөлдірлігі мен түсінің өзгеруі, жағымсыз иіс

пен татымның пайда болуы, т.б.); судың химиялық құрамының өзгеруі (әсіресе, оған зиянды заттар судың бетіне жүзіп жүретін заттар түсуі, түбіне шөгінді шөгу, су қоймасынан түскен органикалық ластаушы заттарды тотықтыруға жұмсалуды салдарынан еріген оттегі мөлшерінің азаюы); бактериялар мен басқа да микроорганизмдердің, соның ішінде ауру тудыратын микроорганизмдердің де пайда болуы салдарынан судың сапасының өзгеруі.

Ластанған табиғи суды ішуге, шомылуға, тіпті техникалық қажеттілікке пайдалануға болмайды.

Жер беті және жер асты суына мұнай мен оның өнімдері зиянды әсер тигізеді. Олар өзен және басқа су қоймаларының бетіне жұқа қабат жасап қана қоймай, оның түбіне шөгінді болып шөгеді. Құрамында сәл-пәл ғана мұнай (литріне 0,2-0,4 мг) болғанның өзінде суда ерекше өткір иіс болады.

Түрлі өнеркәсіптерден ағып шығатын судың құрамында болатын фенол қосылыстарының қауіптілігі де ешқайсысынан кем емес.

Табиғи су көздері кейбір өндіріс орынарынан ағып шығатын судың құрамындағы синтетикалық сырт қабатқа әсерлі (СҚӘ) заттармен ластануы мүмкін. Мұндай судың татымы, дәмі өзгеріп, бөгде иіс болады. Су көздерін ластауда ауыл шаруашылығы егіс алқабының беткі жайынды суларындағы пестицидтер мен тыңайтқыштар үлкен орын алады. Мысалы, минералды тыңайтқыштарды қолдану су құрамындағы азот және фосфордың көбеюіне, нитраттардың жоғарылауына әкеп соғып, суды ішуге жарамсыз етеді. Органикалық тыңайтқыштар да (көң, сұйық қи) су қоймаларының ластану көздеріне жатады.

Табиғи суға, жан-жануарлар мен балықтарға радиоактивті заттар да үлкен қауіп төндіреді. Егістік шаруашылығын интенсификациялау, табиғи экологиялық жағдайды шиелістіре түседі. Агротехнологияның негізі болып келетін топырақты механикалық агрегаттармен өңдеу, тыңайтқыштарды қолдану, суару, егістікті баптау, ору, тасымалдау жұмыстары судың биогенді ластануына септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Онегов А.П., Дударов Ю.М.И. Справочник по гигиене сельско-озяйственных животных. –Москва: Россельхозиздат, 2015. -636 с.
2. Асанов А.А. Экологическое состояние водных ресурсов на юге Казахстана и меры их защиты от загрязнения агрохимикатами. –Алматы, 2017. -44 с.
3. Сабиров М.С. Мал жайылымдарын суландыру. –Алматы: Қайнар, 2019. -105 б.
4. Королев Р.В. Санитарно-химическая экспертиза воды и пищевых продуктов. – Москва: Медицина, 2011. -143 с.
5. Завьянов В. Защита и дегазация воды и пищевых продуктов. –Москва, 2014.

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҒАРТУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Абдуллаева Гульнар Ахметкалиевна

Наурызбай батыр Құтпанбетұлы атындағы орта мектебінің

химия-биология пәні мұғалімі

Алматы облысы, Қазақстан

Қазіргі заманда әлемдік оқу үдерісінің өзегі инновациялық технологиялар екені мәлім. Әлемнің бірнеше елінен сынақтан өткізілген жаңаша оқытудың модульдік, ұжымдық, сын тұрғысынан ойлау, деңгейлі саралап-оқыту және т.б. технологиялардың стратегияларын мұғалім өз шығармашылығы, ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне орай іріктеп қолдануды талап етеді.

«Біздің болашаққа барар жолымыз Қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Бұл үшін не істеуіміз керек ?

Барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыстар күтіп тұр» делінген Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Елбасы Н.Ә. Назарбаев

Қазіргі кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Оқыту үдерісінде Білім мазмұнының жаңартылған бағыты мұғалімнің бағыттауымен оқушының өздігінен білім алуына ықпалы зор. Жаңартылған білім мазмұны белсенді оқыту арқылы әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып оқушылардың барлығын сабаққа жұмылдыру, ынтасын, пәнге деген қызығушылығын ояту. Жаңартылған оқу бағдарламаларында пәннің мазмұны және мақсаттары мұғалімдер үшін бірізділігімен тиімді. Бағалаудың жетістік критерийлері де өте жақсы қамтылған. Мұғалім үшін тиімділігі оқушыны әділ бағалай алуы, мақсаттың нақтылығы, ресурстардың жеткіліктілігі. Оқушы үшін белсенді оқытудың тиімді жақтары, оның жеке, жұппен, топпен жұмыс істеуінде. Бұл жерде алға қойылатын басты мақсат - оқушыға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп беделі мен қадір-қасиет сезімін дамыту. Себебі өз білмейтіндерін басқа білетін оқушылардан толықтыруы.

Ұлтымызды дәріптейтін, рухымызды биіктетіп, ұлттық сенімімізді жігерлендіретін ұрпақтың болашағы – бізге, яғни ұстаздарға үлкен міндет. Ол үшін мұғалім кәсіби біліктілігін жаңа бағытта арттырып, білім мазмұнын жаңартып, тиісті әдіс-тәсілдерді қолданып, әдістемелік негіздерді қалыптастыруы керек. Өйткені білім әр адамға өмір бойы қажет екенін өмір тәжірибесі дәлелдеп отыр [2, 24].

Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту мақсаты болып қалады. Сондықтан танымдық іс –әрекеті белгілі бір дәрежеде белсендірілуі қажет.

Жаңа технологияның тағы бір психологиялық негізі болып табылатын теория –Л.С. Выготскийдің «оқыту үрдісінде оқушының ақыл ойының дамуы «актуалды даму» аймағынан «жақын арадағы даму» аймағына ауысуы туралы теориясы. Бұл ауысу тапсырмаларды қайталап орындауға ғана арналған бірінші деңгейден өнімді іс-әрекетті қажет ететін келесі деңгейлерге ауысу негізінде іс-әрекет арқылы жүзеге асады.

В.П.Беспалько бұл деңгейлерді төртке бөледі: бірінші деңгей - "міндетті, оқушылық", екінші - алгоритмдік,

үшінші - эвристикалық, төртінші - шығармашылық.

Жалпы білім беретін орта мектептерде бүгін белең алып отырған кемшіліктері баршылық:

- білім сапасының төмендігі;
- білім саласына мемлекет тарапынан реформалар жүргізілгенімен оқудың нәтижесінің болмауы;
- директивалық құжаттар көптеп шығарылғанымен оның мардымсыздығы;
- оқушылардың өздігінен білім алу дағдысының болмауы;
- оқушылардың және оқытушылардың бірлескен шығармашылық еңбегінің болмауы.

Бұл тығырықтан шығудың бірден-бір жолы оқу-тәрбие үрдісінде жаңаша әдіс-тәсілдерді енгізу, оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуіне ықпал жасау болып табылады.

Қазіргі таңда орта мектепте білім берудің басты мақсаты да сол жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады.

Жаңартылған оқу бағдарламасының маңыздылығы оқу бағдарламасының спиральдік қағидаты болып табылады. Мұндағы негізі басымдықтар оқушылар сыныптан сыныпқа өту кезінде меңгерген білімдері мен дағдыларын бекітіп, қайталанып тексеріліп, яғни сынып жоғарылаған сайын әр дағды элементтері бойынша оқу мақсаттары күрделеніп отырады.

8-сыныпта химия пәнінен Ковалентті байланыс атты сабағымда қолданған әдіс-тәсілдерімнің бірі төмендегідей: Мақсаты: Ковалентті байланыс түрлерін ажырату, мысалдар арқылы байланыстың түзілуін дәлелдеу. Bilim Land электронды оқыту сайты арқылы экраннан көрсетілген бейнефильм арқылы тақырыпқа қатысты түсіндірмені тыңдады, жаңа сабақ тақырыбын тауып негізгі бөлімге көпір жасады. Оқулықтан тақырыпты оқи отыра «Түртіп алу» әдісі арқылы мысалдары жазды. Негізгі бөлімдегі топтық жұмысты «Ойлан – топтас, пікірлес» арқылы жүргіздім. Алғашында топта тақырыпты оқып талдады, әр топқа берілген мысал арқылы ковалентті полюсті және ковалентті полюссіз байланыстың түзілуін электрондық формула мен айқыштар арқылы бейнелеп түсіндірді. Әр оқушы жазушы, сұрақ қоюшы және дәлелдеуші ролін атқарды. «Көршіңмен ақылдас» әдісі /Жұптық жұмыс/, Сәйкестендіру /Жеке жұмыс/ тапсырмалары орындалды. Жұптық жұмыста берілген мысалдарды қасындағы оқушымен ақылдасып ковалентті байланыстың полюсті, полюссіз екенін дәлелдеді. Қателескен оқушылар жауабын өздері тауып түзетіп отырды. Сабақтың өн бойында «Жарайсың!», «Сенің қолыңнан келеді!» деп ынталандырып кері байланыс жүргіздім.

Сабақты қорытындылауда кері байланыс жүргізілді Бұл сабақта мен үшін не қиын болды? Бұл мен үшін неге қиын болды? Бұл қиындықтарды ненің көмегімен еңсере аламын? сұрақтарына оқушылар өз ойларын айтып білім алу үшін әркімнің еңбектенуі керектігін анықтай алды. Сабақ барысында әр оқушы орындаған тапсырмасын бағалау парағына белгілеп отырды. Жиынтық балл шығарылды.

Қорыта айтқанда, жаңа бағдарлама бойынша ұстаздар қауымына қазіргі қоғам талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен құзырлықтардың негізінде еркін бағдарлай білетін, қойылған мақсатқа танымдық қызмет жасау арқылы жете алатын, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру міндеті жүктелген. Бүгінгі білім беру жүйесіне енгізіліп жатырған жаңалықтар мен инновациялық технологиялардың қай түрін алсақ та, олардың тиімділігі тек қана мұғалімнің шеберлігімен және осы шеберлікті шындай түскендігімен ғана нәтижеге ие бола алады.

Егемен еліміздің болашағы жас ұрпақтың қолында десек, неге оларды заман талабына сай тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатпасқа.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына жолдауы. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан»
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 2007 жылғы 27 шілдедегі
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.
4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім бері стандарты 2019ж.
5. М.Қ.Оспанова Қ.С. Аухадиева Г.Г Белоусова Химия оқулығы Алматы «Мектеп» баспасы 2018 жыл.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кошербаева Жұлдыз Султановна
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Жамбыл облысы бойынша ПҚБАИ
«Мектепке дейінгі тәрбиелеу және инклюзивті білім беру»
кафедрасының аға оқытушысы
Тараз қаласы, Қазақстан

Білім беру жүйесі мамандардан кәсіби икемділік пен ұтқырлықты, сан қырлы шығармашылық қызмет пен өзін-өзі басқару, өзін-өзі ұйымдастыру жағдайындағы біліктілікті қажет етеді. Өйткені қазіргі жас буын - еліміздің келер күнгі келбеті. Бұл жөнінде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ғасырлар мақсаты – саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген ХХІ ғасырды құрушы іскер, өмірге икемделген, жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру», - деген тұжырым жасады.

Жаңа талпыныс, жаңа ашылған жолдардың бірі — білім берудің жаңа жүйесінің жасалуы. Жаңа мазмұндағы білім жүйесін мектеп өміріне енгізуде әлемдік озық тәжірибелердің алдыңғы қатарлы идеяларын басшылыққа ала отырып, жаңаша көзқарас, жаңаша қарым-қатынас, жаңаша ойлау қалыптасуда.

Жаңартылған білім бағдарламасының ең бірінші ерекшелігі пән мазмұнының спиральді берілуі. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған білім беру бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Брунердің жұмысына негізделген спиральді білім беру бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:

- оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды, мұнда тақырыптар әртүрлі деңгейде қайталанады, кейде бір тоқсан аясында, кейде әр тоқсан сайын;

- әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі, мұнда тақырыптар әрбір келесі деңгейде алдыңғыға қарағанда анағұрлым күрделі әрі тереңдетіліп оқылуы тиіс;

- жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады, мұнда деңгей жоғарылаған сайын, тақырыптың күрделілігі артып отыруы керек.

Екінші ерекшелігі Блум таксономиясының оқу мақсаттарының иерархиясы. Оқу үдерісінде білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау сатыларында оқушылар іс-әрекет етеді.

Үшінші ерекшелігі ортақ тақырыптардың меңгерілуі.

Төртінші ерекшелігі оқу мазмұнының ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарларының құрылып, құрылған жоспарлардың жүйелі іске асуы.

Бесінші ерекшелігі оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушы бойында адамгершілік-рухани қасиеттерді қалыптастыру керек. Оқушылардың бойында қалыптастыруды қажет ететін рухани құндылықтар мен дағдылар

Алтыншы ерекшелігі бүгінгі таңда Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып отыр. Қазақстан Республикасында соңғы жылдары білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады. Еліміздің басшысы Н.Ә.Назарбаев қазақстандық мұғалімдердің кәсіби даму саласындағы жаңа көзқарасы олардың педагогикалық өміріндегі қосымша оң өзгерістер енгізуге мүмкіндік беруде. Сапалы білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім өзіндік ой- талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Бұрын оқытуда оқушылар тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі оқушы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек. Бүгінгі білім беруде оқушыны білімділік, іскерлік, шығармашылық әдістерге баулудың жолдарын іздестіре отырып, мұғалім-шәкірт арасында рухани және сезім бірлестігін айқындайды. Қазіргі кезде оған жететін жаңа педагогикалық технологиялар да баршылық. Соның бірі - критериалды бағалау жолдары. Критериалды бағалау - бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу- танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі.

Жетінші ерекшелігі оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұсыным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысуы). Белсенді оқу — оқушының мұғалімді енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады. Бұл тәсілдер оқу үдерісі жаттығудың алдында емес, оны орындау барысында жүзеге асырылатын құбылыс екендігін түсіндіреді. Сыныпта қолданылатын бұндай тәсілдерге топтық жұмыс (Brodie, 2000), ойын «баламалары» (Bergen, 2002) және пән бойынша белгілі тақырыптағы ойындар кіреді (Peters, 1998). Бастауыш сыныптарда ойын шынайы өмірдің белгілі бір аспектілерін модельдеу және зерттеу үшін ұсынылған мүмкіндік болып табылады. Домино және карта сияқты дәстүрлі ойындар математика сабақтарындағы кездейсоқтық пен ықтималдық мәселесін қарастыруда онтайлы болмақ. Шарада, тактада сөздерді біріктіру немесе сөздерді жіктеу сияқты ойындар – тіл үйренуді қамтамасыз етудің және оны көрсетудің бірден-бір қызықты әрі тартымды тәсілдерінің бірі. Көптеген стратегиялық ойындарды (мысалы, «Алға» («Go»)) деп аталатын ежелгі қытай ойыны) тұрғындар мен қоғамның өсуін модельдеу үшін пайдалануға болады.

Жаңа білім беру бағдарламасының бірқатар мазмұндық ерекшеліктері бар екеніне көз жеткіздік. Жақсы мұғалім — бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға.

Немістің ірі педагогі, халықтық мектеп пен педагогикалық білім саласындағы көрнекті қайраткер Фридрих Вильгельм Адольф Дистервег «Нашар ұстаз шындықты қайталайды, жақсы ұстаз сол шындықты іздеп табуға үйретеді» дейді. Ендеше, бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім,

ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек. Ол нағыз ұстаздың ғана қолынан келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Елбасы Н.Ә Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 31 қаңтар 2017 ж.
<http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700002017>

2.Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012 ж.

3.ҚР орта білім мазмұнын жаңарту еңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. 2016 ж.

ЖАҒАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ АЯСЫНДА ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Оразбаева Ляззат Ержановна

Наурызбай батыр Құтпанбетұлы атындағы орта мектебі» КММ
директордың оқу – ісі жөніндегі орынбасары, география пәні мұғалімі
Алматы облысы, Қазақстан

*«Еліміздің ертеңі бүгінгі ұрпақтың қолында,
ал ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында»*

Н.Ә. Назарбаев

«Наурызбай батыр Құтпанбетұлы атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Э.А.Макашова бастаған ұжымынан бес топ құрылып, "Табысты сабақ" тақырыбында жоба жұмысымен айналысты. Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында оқушылардың білімін ынталандыру, заманауи сабақтың құрылымы туралы ой бөлісу және пікір алмасу мақсатында мен жетекшілік ететін «Болашақ-2» тобы жұмыс жоспарына сай, белсене жұмыс атқарып келеді.

«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды танидыдағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады» - деп Абай атамыз айтқандай жоба жұмысы менің әріптестеріме ынтымақтастықпен жұмыла жұмыс жасауға мол мүмкіндіктер беруде. Шығармашылық – адам санасының жасампаздығы және іс – әрекетінің биік белсенділігін көрсетеді. «Болашақ 2» тобына «Тиімді жоспарлау арқылы оқыту мен оқуда білім сапасын қалай жақсартамын?»-деген тақырыпта шебер сынып өттім. «Әріптер», «Мюллердің ғажайып саны» тәсілі (Харизма бойынша (А.Подгузов), «Еркін әңгіме», «Шахмат» әдістері қолданылды, ал кері байланысты «Галереяға саяхат» әдісі Саймон Браунхиллдің тәсілі бойынша жүргіздім. Мольбертке дайындалған постер ілініп, топтар кабинет ішінде қозғалысқа түсті, қабырға газеттерін қарап сараптады, талдады және жапсырма қағазға пікірлерін жазып жабыстырды. «Галереяға саяхат» аяқталған соң, топтар жұмыстарға шолу жасап, өз қабырға газеттеріне жазылған әріптестерінің пікірін сараптап,талқылаған соң, сұрақтарға жауап беріп ,«Білгеннен білмегенім көп»,- деп қорытынды жасады.

Білім беру сапасын, оқушылардың білім, білік сапасын бақылау, педагогтарға әдістемелік көмек көрсету, мұғалімнің жетістіктері мен сәтсіздіктерінің себептерін

анықтап қолдау көрсету мақсатында: «Болашақ – 2» топ мүшелері – «Миграция населения в Казахстане и в мире» - Г.Джумабаева, «Кедергілерден өтудегі арнайы спецификалық жаттығуларды жетілдіру» Т.Абилдаев, «Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді игеру» -Д.Уразымбетова сынды ұстаздарымыз үлгі сабақ, үш тілді білімді қалыптастыру мақсатында физика пәнінен «Электр тогының жұмысы мен қуаты» - Д.Абдибаева, химия пәнінен М.Қадырбек «Заттардың суда ерігіштігі», сабақ мақсаты бойынша нәтижеге жету, оқушы нәтижесін нақты бағалау мақсатында – «Құралдармен қозғалмалы ойындар» тақырыбында дене шынықтырудан Т.Уразғали, «Үлкен ми сыңарлары» - Н.Ибағалиева, қазақ тілінен «Бұл-орталық музей» тақырыбында А.Абдықадір кіріктірілген сабақ көрсетті. «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жолдары» тақырыбында бастауыш сынып мұғалімдері А.Канкулбаева, Ш.Құралбаева, А.Абдыманалова, Н. Жангазиева «Іскерлік ойын», ал қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.Асемжанова мен тарих пәні мұғалімі К.Умурзакова «Топтық жұмыстың оқу үдерісіндегі тиімділігі» атты коучингті өз тәжірибелерімен ұштастырды. «Бағалау дескрипторларын қалай құру керек?» тақырыбындағы шебер сыныпта қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Қалтабаева өз кезегінде оқушының білім жетістігін бағалауда дескриптор құру мен пайдалана білуді тәжірибелеріне енгізуге бағыт-бағдар берді. Ақпараттық технологияларды қолдана отырып, оқу-тәрбие процесінің барлық деңгейін жетілдіру, оқу-тәрбие жұмысына жаңашылдық енгізу үшін информатика пәнінің мұғалімі Е.Медетбаев «Оқыту мен оқудағы ақпараттық-коммуникативтік технология» атты таныстырылыммен бөлісті.

Кері байланыс оқушының оқыту үрдісі қалай өткені және қандай нәтижеге қол жеткізгендігі туралы ой-пікірін тыңдауға негізделеді. Кері байланыс сабақтың соңында ғана емес, сабақ барысында оқушылардың өз бетімен орындайтын тапсырмаларының соңында жүргізіліп отыруы керек. Мұғалім оқушының кез келген кері байланыс парағын оқи отырып, жұмысының сәтсіз шыққан тұсын және сәтті шыққан қадамын, ендігі іс-әрекетін қалай жақсартуға болатынын алдын-ала біледі. Сонымен қатар кері байланыс парағы арқылы оқушының үніне құлақ түріп, оқу мен оқытудағы кездесетін кедергілерді айқындап, келесі оқытуға бұдан да жақсырақ дайындалуына түрткі болады. [1] Сондықтан «Оқытуда кері байланыстың тиімділігі» тақырыбын таңдап, әріптестеріме сабақта оқушылармен кері байланыс орнатуда оқыту мен оқуды жетілдіру үшін оқушылардың рефлексивті іс-әрекеттің тиімділігі туралы тәжірибе алмасу арқылы тиімді ұйымдастырылған кері байланыстың маңыздылығын ұғындыру, тәжірибелеріне енгізуге бағыт бағдар беру. Топ мүшелеріне осы мақсатта «Оқытуда кері байланыстың тиімділігі» тақырыбында таныстырылым жасадым.

Қалыптастырушы бағалаудың ерекшеліктері - оқушының күнделікті білім сапасы, білім алуудағы олқылықтарды күнделікті түзеу, оқушының қиындық тудыратын сұрақтарын анықтау және оны жою, оқушының бағалаудан алған жағымсыз әсерінің азаюы, психологиялық жайлы ортаның болуы, бағалаудың әділдігі, анықтылығы және ашықтығы, өзін-өзі бағалау дағдылары. [2] Оқу үдерісінде қалыптастырушы бағалаудың жүргізуде сұрақ қою арқылы оқушылардан толыққанды жауап алуға, оларды ойландыруға және өз ойларын негіздей білуге бағыттауда қолдау көрсету үшін келесі таныстырылым «Қалыптастырушы бағалауда сұрақ қою әдістерін тиімді қолдану» тақырыбында болды. [3.5- б]

«Ең мықты адам емес, өзгерістерге тез бейімделе алатын адам ғана жеңіске жетеді», - Ч.Дарвин. Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс-әрекетке енуге және жеке

өміріндегі тәжірибені [4] жетілдіру үшін «Болашақ 2» тобы, жоспарлы жұмысын ары қарай дамытып, жалғастырмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <http://zkoipk.kz/kz/2016smart1/2500-conf.html>
2. <http://www.zkoipk.kz/ru/confnis1s/713-conf.html>
3. «Қалыптастырушы бағалауда сұрақ қою әдістерін тиімді қолдану». Сатаев М.А., Рамазанова Р.Г. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» БДДҮ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2018
4. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Егембергенова Маржан Ыбрайханқызы
«Өрлеу» БАҰО АҚФ ТОЖШҚ ПҚБАИ

«Менеджмент және ақпараттық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы
Шымкент қаласы, Қазақстан

Қазақстан Республикасының білім беру деңгейін арттыру жолында алға қойылған мақсат-міндеттердің ең негізгі әрі күрделі бағыты – жалпыға ортақ инклюзивті білім беру. Бұл бағыттың күрделілігі – «ерекше қажеттілігі» бар балаларды қалыпты балалармен бірдей деңгейде білім алуына кедергі болатын факторларды жоя отырып, оларға ыңғайлы орта туғызу.

Инклюзивті білім – бұл мүмкіндіктері шектелген балалардың жалпыға ортақ білім беру процесіне ене отырып, жағымсыз кедергілерді жойып, оларға сапалы білім алу қолжетімді болу үшін әлеуметтік бейімдеуге бағытталған білім беру үдерісі. Бұл үдерісте инклюзивті білім алушыға жан-жақты қолдау көрсете отырып, оның жалпы білім алуына барлық жағдай туғызуға кешенді түрде жұмыс жүргізілу маңызды. Инклюзивті білім алу қажеттілігі жалпы мектептегі оқу процесінің толыққанды мүшесіне жатпайтын, тілі мен діні бөлек жандар немесе сабаққа қатысқан жағдайда да өз деңгейінде меңгеруінде қиындықтары бар әлсіз топтар және мүмкіндігі шектеулі азаматтар.

Келесі санаттар бойынша инклюзивті білім алушылар қатарына енетіндер:

- денсаулығында ақауы бар балалар (мүмкіндігі шектеулі балалар, мүгедек балалар);
- қоғамда әлеуметтік бейімделуі қиын балалар (әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық төменгі деңгейдегі отбасылардан шыққан девианттық мінез-құлықты балалар);

- мигранттардың, оралмандардың, босқындардың отбасыларынан шыққан балалар.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес мемлекет инклюзивті білім беруді іске асыра отырып, даму мүмкіндігі шектеулі азаматтарды білім берудің барлық деңгейлерінде дамуындағы ақаулықты түзету және әлеуметтік бейімдеу, олардың білім алуы үшін арнайы жағдайларымен қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жалпы білім беру үдерісінде балаларды біріктіру ұйымдарының қажеттілігін құруға мүмкіндік туғызатын негіздер, өзара байланыстыру ресурстары мен мерзімдері бойынша іс-шаралар кешені қарастырылған. Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыратын іс-шаралар жоспарында:

- инклюзивті білім беру үшін жағдайлар туғызатын мектептер үлесін арттыру;

- даму мүмкіндігі шектеулі балалар арасында инклюзивті біліммен қамтылған балалар үлесін арттыру;

- мектептегі инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіру және білім беру қызметінің сапасын көтеруге көрсетілген.

Инклюзивті білім – бұл мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың жалпы білім беру үдерісіне қосылуына, яғни кедергілердің жойылуына және олардың сапалы білім алуына тең қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік бейімделуіне бағытталған білім беру үдерісі.

Төмендегі санаттар бойынша инклюзивті білім алуға жатқызылатын балалар:

- денсаулығында ақауы бар балалар (мүмкіндігі шектеулі балалар, мүгедек балалар);

- қоғамда әлеуметтік бейімделуі қиын балалар (әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық төменгі деңгейдегі отбасылардан шыққан девианттық мінез-құлықты балалар);

- мигранттардың, оралмандардың, босқындардың отбасыларынан шыққан балалар.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың инклюзивті сыныптарға қабылдануы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидаларының» нормативтік нұсқамаларымен айқындалған.

Жалпы білім беретін мектептердің инклюзивті сыныптарындағы оқушылардың саны білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі.

Жалпы білім беретін мектептердегі оқу үдерісінде инклюзивті оқыту жалпы білім беру бағдарламалары бойынша МЖМБС-ға сәйкес жүзеге асырылады.

Инклюзивті білім беру мынадай білім беру ұйымдарында ұйымдастырылуы мүмкін: жалпы білім беретін мектеп, шағын жинақты мектеп және тірек мектебі (ресурстық орталық), түзету мекемесіне қарасты жалпы білім беретін мектеп, кешкі мектеп, девианттық мінез-құлықты балаларға арналған білім беру ұйымы, мектеп-интернат, ерекше режимдегі балаларға арналған білім беру ұйымы және аурухана жанындағы мектеп.

Инклюзивті білім беруді іске асыру отбасының белсенді қатысуымен, коррекциялық-педагогикалық және баланың жеке қажеттіліктерін әлеуметтік қолдау мен балалардың жеке ерекшеліктерінің білім алу ортасына бейімделуі және білім алуына қатысты қажеттіліктерін, яғни білім алуға толық жағдайларды жасау жолымен жүзеге асырылады.

Сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету барысында ең әлсіз санаттағы мүмкіндігі шектеулі балалар ерекше назар аударуды қажет етеді.

Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуы және оларға психологиялық-педагогикалық, коррекциялық қолдау көрсету: 1) инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын жалпы білім беретін мектеп сыныптарында дені сау балалармен бірге даму мүмкіндігі шектеулі балаларды біріктіріп оқыту (инклюзивті сыныптар).

2) жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптарда жүзеге асырылады.

Инклюзивті білім беретін арнайы сыныптар оқушылардың даму мүмкіндіктерінің бұзылу түрлері бойынша:

- есту қабілеті бұзылған балаларға арналған (ішінара естімейтін, сөйлеу қабілеті қиын, бірақ есту құралының көмегімен сөздік қорын өз бетінше жинақтау мүмкіндігін сақтайтын балалар);

- көру қабілеті бұзылған балаларға арналған (көру өткірлігі ерекше төмендеген нашар көретін 0,05-0,5-ке дейін оптикалық түзетілген балалар);

- ауыр тіл кемістігі бар балаларға арналған (ауызша және жазбаша сөйлеу қабілетінің тұрақты бұзылысы бар, яғни сөйлеу тілінің қарым-қатынас қызметі бұзылған балалар);

- тірек-қимыл аппаратында бұзылысы бар балаларға арналған (қимыл-қозғалысының жартылай немесе толық бұзылысы);

- психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балаларға арналған (психикалық дамуының қалыпты жағдайдан ауытқуы, яғни органикалық минималды зақымдары немесе орталық жүйке жүйесінің функционалдық кемшілігі бар, сондай-ақ ұзақ уақыт бойы әлеуметтік депривация жағдайында болған балалар);

- интеллектісі бұзылған балаларға арналған (танымдық әрекеттерінің тұрақты бұзылыстары, яғни ақыл-ой кемшілігінің жеңіл және орташа түрі) жүзеге асырылады.

Инклюзивті білім беруді іске асыратын ұйымдардағы білім беру үдерісі Қазақстан Республикасында жалпы білім беретін оқу орындарында білім беру үдерісін ұйымдастыру талаптарына сәйкес ұйымдастырылады.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын жалпы білім беретін ұйымдар мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

1) барлық балалардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта деңгейлеріндегі сапалы білімге тең қолжетімділігін;

2) барлық оқушылардың білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы жағдайларды жасау;

3) «кедергісіз», қолжетімді білім алу ортасын құру;

4) психологиялық-педагогикалық тұрғыда қолдау (білім беру үдерісі жағдайында баланың дамуын қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық тұрғыдағы қолдау), сонымен қатар қозғалысы шектелген мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау;

5) оқу кабинеттерін қазіргі заманғы құралдармен жабдықтау (желілік түрде әрекеттесетін байланыс және коммуникация құралдары, кең жолақты интернет, аудио және бейнетехника, компьютерлік, мультимедиялық, интерактивтік және зияткерлік жабдықтар), оның ішінде оқушылардың жекелеген білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған көмекші техникалық жабдықтармен және бағдарламалық-техникалық тұрғыда қамтамасыз ету;

6) оқыту және түзете-дамыту үдерістерін, сондай-ақ бейімдеу және модификациялауды ұйымдастыруға арналған білім беру ресурстарын шоғырландыру және оқу материалын оқушылардың білімділік қажеттіліктеріне пайдалану;

7) оқушылардың қоғамда өмір сүруіне әлеуметтік бейімделу іс-шараларын жүзеге асыру, еңбек және басқа өмірлік дағдыларын қалыптастыруын қамтамасыз етуі тиіс.

Инклюзивті білім беретін жалпы орта мектептерде сабақ ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушыларға даралау тұрғысынан қарастырылып өткізіледі.

Арнайы білім беру ұйымдары мен инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында оқу жылының басталуы мен ұзақтығы, каникул күндері республиканың барлық жалпы орта білім беретін мектептерінде іске асырылып жатқан оқу мерзімдеріне сәйкес бекітіледі.

Арнайы білім беру ұйымдары мен инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесі оқуда қиындықтар туғызатын үйде оқытылатын оқушылардың қабілеттілігіне қарай жеке оқу жоспарлары мен жеке оқу бағдарламаларын бекітеді. Арнайы білім беру ұйымдары мен инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында үйде оқытылатын оқушылардың дамуының

жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сыныптар бойынша үйде білім алуының Типтік оқу жоспарында көрсетілген сағаттар ауқымында пәндер бойынша білім мазмұны меңгерілуі қамтамасыз етілуі тиіс. Оқытылатын пәндер тізімі мен үйде білім алудың Типтік оқу жоспарында көрсетілген сағаттар пәндер бойынша ата-аналармен (немесе олардың орнындағы тұлғалармен) келісе отырып бөледі.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызмет жұмысын ұйымдастыру үшін инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын білім беру ұйымдары мен арнайы білім беру ұйымдарының штатында мына мамандар болуы керек: арнайы психолог, логопед, арнайы педагогтар (тифлопедагог, сурдопедагог, олигофренопедагог), емдік дене шынықтыру нұсқаушысы, әлеуметтік педагог.

Логопед, арнайы психолог, арнайы педагог т.б. мамандары жоқ жалпы білім беретін ұйымдардың инклюзивті сыныптарында оқитын мүмкіндігі шектеулі балалар психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінде және оңалту орталықтарында коррекциялық-педагогикалық қолдау ала алады.

Арнайы сыныптарда білім алушылардың психофизикалық денсаулығын сақтауға бағытталған қорғаушы педагогикалық режим қамтамасыз етіледі.

Қорғаушы педагогикалық режим – бұл балаға үйреншікті және қолайлы, денсаулығын сақтауға әсер ететін баланың іс-әрекетіне бағытталған, оның тәртібін анықтайтын, барлық іс-шаралар жоспарланған режим. Қорғаушы педагогикалық режим келесі факторлар арқылы жүзеге асырылады:

- сыныптағы оқушы санының аз болуы (нормативке сәйкес);
- оқушылардың эмоционалдық-тұлғалық дамуының ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың арнайы әдістерін қолданудың негізінде психологиялық қолайлы жағдай жасау;
- оқушылармен жеке және топтық жұмыс барысында оқу нәтижесінің мониторингі мәліметтерінің негізінде оқу іс-әрекетінің нәтижелі болуын қамтамасыз ету;
- оқу материалының күрделілігі мен көлемінің мөлшерленуіне қарай эмоциялық, психикалық, дене жүктемесін ескеру;
- психологпен арнайы релаксациялық, психотерапиялық сабақтар;
- әр сабақта емдік-түзету іс-шараларын қоса отырып динамикалық үзіліс жүргізу;
- оқушылардың еңбекке қабілеттілігін және қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып, оқушының жұмыс орнын, сынып бөлмесін ерекше жабдықтау;
- температура режимін басқару, жалпы мектеп ғимаратының жарықтану талаптарын сақтау.

Мигранттар мен оралмандардың балаларына арналған психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің арнайы бағдарламасы қажетті жағдайда қолдау көрсететін қызмет мамандарымен әзірленеді. Инклюзивті білім берудің мақсаттары мен міндеттеріне тиімді жету мақсатында жалпы білім беретін мектептер оралмандарды бейімдейтін және біріктіретін орталықтармен, кәмелеттік жасқа толмағандарды бейімдейтін орталықтармен, арнайы білім беру ұйымдарымен, сондай-ақ ПМПК, оңалту орталықтары мен психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерімен серіктестік ұйымдастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Специальная педагогика. //Под ред. Н.М.Назаровой. М. Академия. 2000 г.
2. Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін (сонымен бірге инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын) ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2014.
3. Байтұрсынова А.А. «Арнайы педагогика» оқу құралы.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Садібекова Мадина Онгаровна

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Жамбыл облысы бойынша ПҚБАИ
«Мектепке дейінгі тәрбиелеу және инклюзивті білім беру»
кафедрасының аға оқытушысы
Тараз қаласы, Қазақстан

Уақыт ағымына қарай, жаңашыл бағытта жұмыс жүргізу -барша педагог алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі. Бұл міндет ең алдымен мектепке дейінгі жастағы балаларды жан-жақты дамытуда инновациялық педагогикалық технологияларын қарқынды енгізуден басталмақ. Себебі, тәрбие мен білімнің алғашқы ордасы –мектепке дейінгі ұйымдар. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты және мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі. Демек, мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі.

Инновациялық технологиялар – бұл білім мен тәрбиенің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан жаңа міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында баланың дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды.

Бүгінде мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын инновациялық педагогикалық технологиялары өте көп. Олардың негізгі көздейтін мақсаты - жаңа әдіс-тәсілдері қолдана отырып, мектепке дейінгі жастағы баланы ойын арқылы дамыту. Мектепке дейінгі кезең бұл бала тұлғасының дамуы мен қалыптасуының ең маңызды кезеңі болып табылатыны сөзсіз. Демек, әр педагог осы жайтты ескеріп, бала үшін ойын арқылы оның логикасын, шығармашылығын, моторикасын, денсаулығын, санасын сапалы, бірізді, жүйелі дамытатын тиімді инновациялық технологиярын меңгеріп, тәжірибеде қолдану - уақыт талабы. Сондай инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар, мен оқу әдістемелік кешендер тағы басқалары жатады. Осындай ақпараттық – коммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан – жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де маңызы зор. Дегенмен де мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу мен оқыту үдерісінің негізгі мәселелерінің бірі нақты ғылымдар салаларын тереңінен зерттеуге бағытталған технологиялардың аздығы. Осы орайда, STEM технологиясына назар аударсақ. STEM технологиясын жоғарыда айтылып кеткен мәселелердің бірден бір шешімі десем артық болмас. Қазіргі кезде STEM технологиясы сұранысқа ие болуда. STEM технологиясы білім берудің модульдік бағытын құрайды, яғни оның мақсаты ғылыми-техникалық шығармашылыққа тарту мүмкіндігімен баланың зияткерлік қабілеттерін дамыту болып табылады. STEM білім берудің арқасында балалар болып жатқан құбылыстардың логикасы мен өзара байланысын түсінеді, әлемді жүйе ретінде көре алады және зерделейді, командалық жұмыс дағдыларын және сыни олау қабілеттері қалыптасады. STEM-ның көмегімен мектепке дейінгі балалар айналасында болып жатқан құбылыстардың логикасын, олардың өзара байланысын түсіне алады,

әлемді жүйелі түрде зерделеп, сол арқылы өздеріне қажетті білім алады және инженерлік бағыттағы сыни ойлау дағдысы қалыптасады.

Мектепке дейінгі ұйымдағы оқу-тәрбие жұмысында инновациялық бағыттағы технологияларды пайдалану нәтижесінде:

□ Бала қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін дамытады.

□ Тәрбиешілердің жаңашыл ізденісін, біліктілігін арттырып, тәрбие мен білім сапасын жетілдіреді.

□ Қазіргі заманауи білім беруде әр баланың қабілетіне қарай білім мен тәрбиелеу үшін, баланы дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын тиімді әдіс.

□ Өйткені, мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру инновациялық технологияны үнемі ендіруді міндеттейді.

□ Мектепке дейінгі ұйымда жаңа инновациялық технологияларды тиімді қолдану, балалардың келешекте мектепте үлгілі оқуының негізі болады.

Қорыта келе, әр педагог өз тәжірибесінде инновациялық педагогикалық технологияларын тиімді қолданып, нәтижесінде баланың даму динамикасын байқаса нұр үстіне нұр болмақ.

ЖАҒАРТЫЛҒАН МАЗМҰН АЯСЫНДА КӨПТІЛДІЛІКТІ ОҚЫТУДА КЕЗДЕСЕТІН ПРОБЛЕМАЛАР

Шораева Улбала Бахытжановна

«Өрлеу» БАҰО АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБА
институтының аға оқытушысы
Шымкент қаласы, Қазақстан

Елбасымыздың Жолдауында айтқандай: Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін, заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін – білім. Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Осыған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Орта білім беру мазмұнын жаңарту бүгінгі күннің талабы болғандықтан осы талап деңгейінде жұмыс атқару әр ұстазға жүктелер үлкен міндет, үлкен сын деп ойлаймын.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігіне тәжірибе барысында көз жеткізе түскендеймін. Соның бірі – тілдік дағдыға, яғни коммуникативтік төрт дағдыға баса назар аударылуы. Осыған дейін оқылым мен жазылымға аса мән беріліп келсе, жаңа білім беру мазмұнында ең бірінші тыңдалым және айтылымға мән берілуінің қоғамдық қажеттіліктен туындағандығын тәжірибе барысы дәлелдеді. Себебі, тыңдалым дағдысының 6 жастағы балада емес, үлкендер тарапында да жетіспейтіні жалған емес.

Тыңдалым болмаған жағдайда қалған үш дағдының өз нәтижесін бермейтіндігі айдан анық жағдай. Сондықтан қазіргі күні оқу процесінде « ең бірінші тыңдаймыз» деп оқушылардың тыңдалымға дағдылануына баса назар аударып отыру оқушыда өз бетімен тыңдауға назар аудару дағдысын қалыптастыруда [1].

Күнделікті сабақ басталмас бұрын бүгінгі сабақтың мақсатын таныстыру оқушыда өз алдына мақсат қоя білуге, сабақ соңында бүгінге мақсатқа қол жеткізгендіктеріне

қайта шолу жасау арқылы өз нәтижесіне саралау жасауға мүмкіндік беру бұл да жаңа білім беру мазмұнының жаңа бір қыры деп айта аламын.

Әр пәнде үш тілділік саясатының жүзеге асуы және барлық пәнге тән ортақ тақырыптың болуы, сабақтың кіріктіріле өткізуге негізделуі оқушының белгілі бір тақырыпты жан-жақты қырынан зерттеуіне, өз бетімен тұжырым жасауына ықпал етеді.

Қазіргі замандағы мектептерде уақыт талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, ғылыми тілмен айтқанда, инновациялық технологияларды қолдану басты назарда болып отыр. Инновациялық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен тілге деген қызығушылықтарын арттырып, білім сапасын көтеруде. Оқу – тәрбие үрдісін ұйымдастыру жүйесі түбегейлі өзгертуді қажет етеді. Мұнда ұстаздардың кәсіптік деңгейі, олардың жан – жақтылығы, біліктілігі, оқушылардың танымдылық белсенділігін көтеруге мүмкіндік жасай білуі, әр оқушыны қалай оқыту керектігі туралы мәселені шешетін оқу жүйесін құру қажеттілігі тұр.

Еліміздің қазіргі заман талабына сай ҚР «Білім туралы» заңының 5 – бабында «Барлық оқу орындары мемлекеттік жалпы міндетті стандартқа сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, орыс тілі және шетел тілін оқып үйренуді қамтамасыз етуге тиіс» деп көрсетілген.

Бүгінгі таңда көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, өз қабілетін танытуына мүмкіндік қажеттілік. Үш тілде оқыту – заман талабына сай десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру.

Елбасы Н.Назарбаев: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуы тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық тіл және ағылшын тілі жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деген болатын. Көп тілді білім беру дегеніміз – оқу үрдісі барысында екі не одан да көп тілде білім беру. Мемлекетіміздің мектеп реформасында қаралған үш тілде оқыту – қазіргі заман қажеттілігі. Осы мақсатта қазақ, орыс, ағылшын тілдері ұлтына қарамастан тең дәрежеде жүзеге асырылады.

Көптілді білім беру моделі төмендегі мәселелерді қамтиды:

- Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде нығайту. Оқушылардың ұлттық дамуын сақтау;
- Шетел тілдерін оқытуда ҚР жалпы орта білім мазмұнымен, құрылымымен санасу;
- Көптілді білім беруде материалдық, техникалық, оқу - әдістемелік жұмыстарды инновациялық үрдіске сай ұйымдастыру.

Тіл – адамзат қоғамында қатынас, сөйлесіп пікір алысудың құралы ретінде қызмет атқаратын құбылыс. Тіл мен қоғам өзара байланысты, біріншіден, тілсіз ешбір қоғам өмір сүре алмайды. Тілсіз ұлт құрымақ. Тіл – адамзат қоғамының өмір сүруінің қажетті шарты. Екіншіден, тіл қоғам бар жерде ғана өмір сүреді. Қоғам - тілдің өмір сүруі үшін, тіл қаншалықты қажет. Тіл арқылы қарым – қатынасқа түсуі, коммуникативтік және танымдық мәні бар міндеттерді ойдағыдай шешуде, өзара түсінісуге септігін тигізетін тәсілдер мен құралдарға ерекше көңіл бөлуде. Қазақ мектептеріндегі оқытылатын ғылым негіздері ана тілі арқылы жүргізіліп, оқушының дүниетанымын, ой-өрісін, тіл байлығын, ауызша және жазбаша сөйлеуін дамыту қазақ тілінің қалыптасқан заңдылықтары арқылы жүзеге асырылады. Тіл дамыту – ана тілі әдістемесінің аса жауапты да күрделі саласының бірі. Оның күрделі болуының себебі, бала тілін дамыту міндетін жүзеге асырушы мектепте жүргізілетін пәндер қазақ тілі мен әдебиетке ғана болмай, оның сөйлеу әрекетіне де тікелей тәуелді.

Бүгінгі өркениеттің даму деңгейі білімділік пен сауаттылық ұғымдарының мазмұны мен оны түсінудің сара жолдарын іздестіруді қажет етіп отыр. Ғылыми еңбектерде сауаттылық ұғымының белгілі бір деңгейде ана тілінің грамматикалық нормаларына сай оқу, дұрыс жаза алу дағдыларын игеру екені байқалады. Әйтсе де адамның өмір сүруіне қажетті деп танылып, меңгеруге ұсынылған бастауыш мектеп деңгейіндегі белгілі бір білім, білік пен дағдылардың жиынтығы (оқу, жазу, санау, сурет салу және т.б.) ретіндегі тілдік сауаттылық қазіргі кездегі әлеуметтік сұраным талаптарымен сәйкес келе бермейді [2].

Сауаттылық ұғымының нақты мазмұны дара тұлғаның дамуына қойылатын қоғамдық талаптарға байланысты құбылмалы сипатқа ие болады. Ол қарапайым оқу, жазу, санау біліктіліктерінен бастап адамның әлеуметтік үдерістерге саналы түрде қатысуына мүмкіндік беретін, қоғамдық қажеттігі айқын кешенді білімдер мен біліктерден құралатын функционалдық сауаттылықты меңгеруді де қамтиды.

Бастауыш сынып оқушыларына білім беруде мұғалім қызметінің ерекшелігі жаңа материалдарды түсіндіру емес, қайта проблемалы және проблемалық ситуациялардың пайда болуына әкелетін сұрақтарды, танымдық міндеттер, оқу тапсырмаларын қою болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларына тілді меңгерту үшін мына талаптар орындалуы керек:

- білімді саналы түрде меңгерту;
- сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;
- тілге деген сүйіспеншілікке, адамгершілікке тәрбиелеу;
- оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту.

Бастауыш сыныптарға тілдерді жетік оқыту, танымдық қабілеттерін арттыру үшін жоспарлы тақырыптарға сай тіл жаттықтыру жұмыстарын жандандыру керек. Мектеп қабырғасындағы әсіресе бастауыш сатыдағы оқушыларды қазіргі заман талабына сай оқыту, тілдерді меңгертудегі ынтасын арттыра отырып, олардың пәнге деген қабілеттерін көтеру мақсаты қойылып отыр:

- тілдерді оқытуда мұғалімнің біліктілік қабілетін арттыру;
- сабақ өткізу барысында кездесетін проблемалық оқытуға көңіл бөлу;
- оқушыларды шығармашылыққа бейімді етіп қалыптастыру;
- оқушының тұлғалық қабілеттерінің дамуындағы функционалдық сауаттылықтың мәнін және оны оқыту үдерісінде қалыптастырудың ғылыми - әдістемелік негіздерін айқындау [3].

Оқушыға ұсынылатын тілдік жағдаят білімді сапалы меңгерудің кепілі болуымен қатар, олардың белсенділігі мен ынталылығын арттыратын оқу әрекетін ұйымдастырудың айрықша тәсілі ретінде де зор маңызға ие. Ынталандыра оқыту – тілдік жағдаяттың өзіндік табиғатынан туындайтын, оқыту үрдісіндегі тілдік қарым-қатынасты жүзеге асыратын әрекет. Бастауыш сынып оқушыларына тілдік жағдаятты ұйымдастыруда сауат ашу, қазақ тілі, ана тілі пәндерін сапалы меңгерту үшін оқушының дара тұлғалық ерекшеліктеріне назар аудару қажет екені белгілі. Тілдік жағдаят оқушыларды қоғамдық ортаға бейімдей отырып, оқытудың түпкі нәтижелілігін қамтамасыз етуге бағытталады. Бастауыш сынып оқушыларына мемлекеттік тілді нәтижелі үйрететін тілдік жағдаяттың мәні мен маңызы мынадай:

- тілдік жағдаят жасау арқылы қазақ тілі сабағында оқушылардың қоғамдық ортада еркін формадағы тілдік қатынасқа түсуіне, әлеуметтік ортаға енуіне ықпал етуге болады;
- тілдік жағдаят негізінде оқушыларға тілдік қатынасты ынталандыра үйрету барысында олардың білігін, бейімін, дағдысын қалыптастырып, табиғи жағдайды еркін меңгертуге мүмкіндік жасалады [4].

Қорыта келгенде, бастауыш сынып оқушысының тілді жетілдіруге оң ықпал ететін оқушыны өз әрекетінің тілдік тұлғасы деңгейіне көтерілуін қамтамасыз ете отырып, нәтижесінде пәннің түпкі мақсатын саналы игертуге жол ашу. Бастауыш мектеп балаға тек әріп үйретумен, оқуға, жазуға төселдірумен шектелмейді. Мұндағы басты нәтиже – баланы ортада өмір сүруге, өз достарымен ғана емес, өзге де түрлі әлеуметтік топ құрамында өзінің орны мен рөліне сәйкес дұрыс қарым-қатынас жасай білуге дағдыландыру. Яғни баланың жалпы қабілеттерін әлеуметтік жағынан қалыптастыру алға шығарылады.

Әдебиеттер:

1.А. Асқарбаев, М. Жазыбаев, С. Рахметова. «Бастауыш оқудың тиімділігін арттыру». Алматы-1975, 6-47 бет.

2.Бастауыш мектеп методикасы. Алматы.- 1987, 6-12 бет.

3.Жұмабаева Ә.Е. Бастауыш мектептегі сауат ашу кезеңінде жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының әдістемесі.- Алматы.- 1994.- 3-9 бет.

4.Молдатаева М. Тілді дамыта оқыту: Бастауыш мектеп:- 2000, №3-4-9 бет.

МОДЕЛЬДЕУ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛУЫ

Жаксылыкова Гульмира Идришевна

«Өрлеу» БАҰО» АҚ ШҚО бойынша ПҚ БАИ, Білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кафедрасының аға оқытушысы
Өскемен қаласы, Қазақстан

Оқу процесінің тиімділігін арттыру көп жағдайда оқушылардың танымдық белсенділігі мен қарқынын дамытатын оқыту нысандары мен әдістерін пайдалануға байланысты. Жаратылыстану мен биологияны оқытуды ұйымдастыруда әңгіме, сұхбат, кітаппен жұмыс, бақылау, эксперимент, тәжірибелік жұмыс әдістермен қатар бүгінгі таңда оқыту - модельдеу, ой үлгілерін құру, математикалық модельдеу әдістерімен толықтырылған. Сондықтан, биология және жаратылыстану пәндерін оқытуда модельдеу әдісін қолдану жолдары мен олардың тиімділігіне тоқталып өтуді жөн көріп отырмын.

Алдымен модель, модельдеу ұғымдарын қарастырып өтейік.

Модель дегеніміз - нақты объектіні, процессті немесе құбылысты ықшам әрі шағын түрде бейнелеп көрсету.

Модельдеу – объектілерді, процесстерді немесе құбылыстарды зерттеу мақсатында олардың моделін (макетін) құру [1, 48-б].

Модельдеу арқылы күрделіні қарапайымға, көрінбейтінді және түйсінілмейтінді көрінетінге, түйсінілетінге, белгісізді белгіліге келтіріп оқу, яғни, кез келген күрделі объектіні мұқият және жан-жақты оқып білу мүмкіндігі туады. Модельдеу оқушының меңгеруі қажет мазмұн, оқу әрекеті, құралы сияқты, мұнсыз толық мәнді оқу мен оқыту мүмкін емес.

Барлық модельдерді оқу, ақпараттық, тәжірибелік, ойын, имитациялық тәрізді топтарға жіктеуге болады. Енді осы модельдерді биология және жаратылыстану сабақтарында қалай қолдануға болатындығына қысқаша тоқталайын.

Оқу мен оқыту моделі – көрнекі оқу құралдары, әр түрлі машықтандырушы, үйретуші программалар түрінде болуы мүмкін. Мысалы, биология сабақтарында

қолданылатын көрнекі оқу құралдары оқу мен оқытудың модельдеріне жақсы мысал бола алады.

Сондай-ақ жаратылыстану пәні сабақтарында оқу моделін мынадай тапсырмалар арқылы да қолдануға болады. Мысалы, Төрт жеткіншек күн тұтылуы кезде аспанды зерттейді. Біреуі ғаламшар Жер мен күннің арасында тұрады деп ойлайды. Екіншісі күн Жер мен айдың арасында тұрады деп ойлайды. Үшінші бала Жердің көлеңкесі күнге түседі деп ойлайды. Соңғы бала ай көлеңкесі Жерге түседі деп ойлайды. Кім дұрыс ойлады? Неліктен? Жаратылыстану пәнінен алған біліміңе сүйене отырып күннің, айдың, Жердің орналасуын моделденіздер.

Осындай тапсырмаларды орындауда оқушылар оқу мәтінін талдайды, пәндік білімді қарапайым зерттеулер арқылы терең меңгереді, тұжырым және кері тұжырым айту қабілеті қалыптасады, рефлексия жасауға дағдыланады және оның негізінде жаңа білім алады.

Ақпараттық модельдер - объектілер мен үдерістерді бейнелі немесе таңбалы түрде ұсынады. Бейнелі модель – ойдағы немесе ауызша нысандағы модель. Таңбалы модель – бұл формалды тіл құралдарымен (графиктер, кестелер, мәтіндер т.б.) ұсынылған модель [2, 61-б].

Мысалы, асқорыту жүйесі тақырыбында мүшелердің ағзада орналасуын, астың қорытылуын оқушы түсіну үшін мәтінмен, суретпен жұмыс жасай отырып сызбаны құрастырып, байланысын сызықшалармен қосу арқылы тақырыптың мазмұнын терең түсінуге мүмкіндік алады.

«Мәтінді және суретті қолданып астыңғы және үстіңгі жақтарда тістердің орналасуына назар аударыңыз.. Күрек, ит және азу тістердің құрылысы мен атқаратын қызметінде қандай байланыс бар екенін анықтаңыз. Астыңғы және үстіңгі жақтарда тістердің орналасуын түрлі-түсті қарындашпен схема түрінде көрсетіңіз. Астыңғы және үстіңгі жақта күрек тістерден бастап тұрақты тістердің орналасуын формуламен жазып көрсетіңіз. Бөлшектің алымына үстіңгі жақтың жартысында, бөліміне астыңғы жақтың жартысында орналасқан тістерді жазыңыз», деп берілген тапсырманы оқушы орындауда ақпараттық модельдің таңбалық түрін қолданады, яғни түрлі-түсті қарындаштармен астыңғы және үстіңгі жақтардағы тістердің орналасуын көрсетіп, формуласын жазу арқылы білімін толықтырады.

Осындай тапсырмаларды орындауда оқушы ойында туған бейнені таңбалы пішінге айналдыра алады. Бейнелі және таңбалы модельдер әдетте өзара байланысты. Пәннің мазмұнын түсінуде, білімдерін бекіту кезеңінде, үй жұмысы немесе шығармашылық тапсырма ретінде сабақтың әртүрлі кезеңдерінде модельдерді қолдануға болады.

Тәжірибелік модель – жобалау объектісінің кішірейтілген немесе өте майда объектілер үшін олардың үлкейтілген көшірмесі болып табылады [3, 29-б].

«Темекінің адам өкпесіне зияны» тақырыбына қолданылатын модельдеу оқушыларға темекінің адам ағзасына келтіретін зиянын нақты көруге мүмкіндік береді. Қысқаша тәжірибе барысына тоқталып кетейін. Қажетті құралдарға бос пластмасса бөтелке, 1 тал мақта, 1 дана темекі, 1 түтікше, су жатады.

Жұмыс барысы:

1. Бос бөтелкенің төменгі жағын тесіп, түтікшені қоямыз. Бөтелкенің қақпағын темекі орналасындай етіп төсеміз

2. Бос бөтелкенің төменгі жағындағы түтікшені тығынмен жауып, бөтелкеге су құямыз

3. Бір тал мақтаны «адамның өкпесі» деп алып, қақпақтың астына орналастырамыз

4. Бөтелкенің қақпағына бір тал темекіні орналастырып бөтелкені жабамыз.

5. Темекіні тұтатып, бөтелкенің төменгі жағындағы тығынды ашамыз.

6. Егер бөтелкедегі су бітіп қалса, онда бөтелкені қысып, темекінің толық жануын қадағалаймыз.

7. Темекі толық жанып болғаннан кейін, қақпақ астындағы «адамның өкелесін» (мақтаны) қараймыз. Нәтижесінде «адам өкпесі» деп алған мақтамыз сарғыш тартады.

8. Жұмысты қорытындылайды.

Ойын модельдеріне - әскери, экономикалық, спорттық ойындар жатады. Бұл модельдер әр түрлі жағдайда объектіні бақылауға жаттықтырады. Ойын модельдері адамдарға әр түрлі жағдайда психологиялық көмек көрсетеді. Жаратылыстану пәндері бойынша ұйымдастырылатын апталықта «Эстафета», «Ең, ең ...», «Не?, Қайда?, Қашан?» т.б. ойындарды ұйымдастыруға болады.

Ойымды қорытындылай келе айтайын дегенім, биология және жаратылыстану сабақтарында модельдеу әдісін қолдану оқушылардың бойында білімен бірге ммынадай дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Жеке және топта жұмыс істеу, ортақ шешім табу, түрлі көзқарастарды есепке ала отырып, келіспеушіліктерді шешу; өз пікірін тұжырымдау, дәлелдеу және қорғау; өзінің сезімдерін, ойлары мен қажеттіліктерін білдіру үшін қарым-қатынас мақсатына сәйкес сөйлеу құралдарын саналы пайдалана білу; өзінің қызметін жоспарлау және реттеу; АКТ пайдалану саласында құзыреттілікті дамыту; экологиялық дүниетанымын дамыту, оны танымдық, коммуникациялық, әлеуметтік тәжірибеде және кәсіби мақсатта пайдалана білу.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Әбиев Ж. Ә., Бабаев С. Б., Құдиярова А. М. Педагогика: Оқу құралы. Жалпы редакциясын басқарған Құдиярова А. М. – Алматы: Дарын,-2004.

2. Бартенева Т.П., Ремонтова А.П. Биология сабақтарында ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану. ИТО-2003.

3. Ғылыми жаратылыстану циклы пәндері бойынша жобалық тапсырмалар. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015. – 80 б

ВОЗМОЖНОСТИ КАБИНЕТА «MAKER SPACE» В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ

Оразбаева Айгуль Казезовна

Старший преподаватель кафедры ИО и ИТ
филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по ВКО
Усть-Каменогорск, Казахстан

Движение Makerspace зародилось в США в первые годы нового тысячелетия. А сегодня площадки для экспериментов и творчества в области точных наук повсеместно набирают популярность [1, 432с].

Makerspace — это рабочая мастерская для практических занятий, где изобретатели собираются для обмена знаниями, проводят эксперименты, создают новые решения и учатся новым навыкам. Мастерская Makerspace может быть оснащена как небольшим количеством инструментов и материалов, так и новейшими 3D-принтерами [1, 435с].

Здесь вы можете работать над десятками разнообразных проектов: от компьютерного программирования и создания роботов до изготовления оригинальных изделий из пластика. Попробовать свои силы в областях физики и электроники с увлекательными инженерными наборами. Воплотить любую свою идею с комплектами

для рисования, скрапбукинга, создания изделий из текстиля, бумаги и других материалов.

Цель мастерской: способствовать созданию благоприятных условий для научно-технического творчества. Развивать креативное начало пользователей, превратить потребителей в создателей.

В основе детского научно-технического творчества всегда лежит любознательность. Ведь созидание — это циклический процесс. Все начинается с создания прототипа, который многократно тестируется и дорабатывается, пока не получается готовое решение. Кубики LEGO DUPLO, знакомые каждому ребенку с детства, являются идеальным материалом для создания разнообразных прототипов.

В мастерской Makerspace для занятий научно-техническим творчеством по предметам естественно-научного и технического цикла, вы можете проводить занятия с использованием оборудования PASCO, LEGO Education Maker— для этого потребуются только ряд материалов, которые удобно хранить на полке любого шкафа или в лодках [2, 773с].

Робототехника в школе – это отличный способ для подготовки детей к современной жизни, наполненной высокими технологиями. Это необходимо, так как наша жизнь просто изобилует различной высокотехнологичной техникой. Ее знание открывает перед подрастающим поколением массу возможностей и делает дальнейшее развитие технологий более стремительным.

Предлагаю вашему вниманию отрывок STEM-урока по теме «Сохранение механической энергии». STEM-урок является интеграцией естественно-научных дисциплин (физики и биологии) с применением оборудования PASCO и средств 3D-принтинга. STEM-подход в обучении позволяет создать у учащихся целостную картину мира; понять междисциплинарные связи; а также связать воедино школу, общество, работу и целый мир.

Используем для урока установку «Американские гонки», на ней установлены две дорожки, по которым могут двигаться мини-машинки. Как вы думаете, какая из двух машин, по вашему мнению, придет к финишу первой? Почему? Проведем эксперимент, доказывающий, что первой придет к финишу машина, движущаяся по траектории с петлей.

Здесь имеет место действия нескольких сил: инерционной, центростремительной и силы тяжести. Сумма инерционной и центростремительной силы называются центробежной силой. Чтобы человек не вывалился из сидения, в верхней мертвой точке сила тяжести должна быть меньше, чем центробежная сила. Для этого при прохождении через мертвую петлю вагончики должны иметь достаточный импульс. При движении вагончиков по этой траектории происходит переход энергий из одного вида в другой, т.е. из потенциальной в кинетическую и наоборот. В момент спуска тело находится в свободном падении, при котором на тело действует только гравитация и тело падает с ускорением равной примерно $9,8 \text{ м/с}^2$, если быть точнее то $8,8 \text{ м/с}^2$.

С помощью установки, которая называется фото-ворота, можно замерять значения скорости, ускорения, находить путь и время движения тел. Эти значения выводятся на экран с помощью интерфейса. Все измерения мы имеем возможность наглядно демонстрировать на интерактивной панели. Интерактивная панель представляет решение “все-в-одном”, включающее в себя мощную оперативную систему, встроенный медиа проигрыватель и сенсорную технологию управления. Панель поддерживают до 10 касаний одновременно, обеспечивая комфортные условия для навигации и рукописного ввода информации.

Дело в том, что во время движения происходит выброс адреналина – гормона, который вырабатывается в надпочечниках. Адреналин вызывает сужение сосудов кожи и кишечника, но расширяет сосуды мозга, сердца и скелетных мышц. У человека учащается сердцебиение, снижается аппетит, пересыхает во рту и просто «дух захватывает», а также на ощущения пассажира 2-й машины влияет вестибулярный аппарат.

При вращательных или ускоренных движениях эндолимфы (а именно такие возникают у человека при движении по американским горкам) возбуждаются рецепторные клетки. Это возбуждение передается в мозг.

При раздражении рецепторов вестибулярного аппарата возникает ряд рефлексов (изменение тонуса мышц шеи, туловища и конечностей). При смене положения тела меняется положение жидкости внутри ушной улитки, что влияет на состояние человека.

Применение 3D-принтинга в обучении помогает в решении ряда важных образовательных задач: исследование объектов и процессов в живой и неживой природе; проведение экспериментальных или демонстрационных опытов; развитие навыков критического мышления и понимания абстрактных концепций; проектирование, построение и усовершенствование устройств; понимание педагогами и учащимися основ 3D-моделирования обеспечение методической составляющей современного урока; развитие STEM-образования.

Для того, чтобы обеспечить лучшее понимание устройства объектов и принципов их работы, а также процессов, которые ученик не может увидеть в действительности (например, из-за их размера или недоступности), учителю можно самому изготовить необходимую наглядность на 3D-принтере). Модели можно найти в сети Интернет (наши демонстрационные модели взяты с сайта thingiverse.com) или спроектировать и изготовить самому (например, в программе 123D Design).

Объясняю взаимосвязь элементов экосистемы и демонстрирую стационарную экосистему (PASCOS), в 3-х экаокамерах которой находятся экземпляры флоры и фауны. Каким образом осуществляется исследование условий, влияющих на состояние экосистемы, демонстрирует работу датчиков на интерактивном комплексе.

Возможностей кабинета MakerSpace, очень много, которые можно использовать на уроках физики, химии, биологии.

Например, при прохождении в 11 классе темы «Волновая оптика», есть возможность наглядно продемонстрировать интерференцию, дифракцию и поляризацию волн на установке «Волновая машина».

При прохождении темы «Электромагнитные волны» в 10 классе использовать установку Хладни для описания модуляции и детектирования высокочастотных электромагнитных колебаний.

У детей возникает больше желания обучаться, если на уроках они не только получают знания, но и делают то, что им нравится. Самая важная задача учителя состоит в том, чтобы предоставить детям инструменты и дать свободу делать то, что они любят.

Литература:

1. Лабораторное пособие по физике с Xplorer GLX. – Соединенные Штаты Америки. – 2006. 435.
2. Национальный доклад о состоянии и развитии образования. – Астана, 2011. – 775.

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ЖАҒАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Адыбаева Ләззат Дүнгенбайқызы
«Өрлеу» БАҰО АҚФ Алматы облысы бойынша ПҚБАИ
«Инновациялық білім беру және ақпараттық технологиялар»
кафедрасының аға оқытушысы
Алматы облысы, Қазақстан

Қазіргі заманымыздың ағымындағы мұғалімнің үздіксіз кәсіби дамуы жылдам өзгеріп жатқаны әлемнің талабы деп білемін. Елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес даму тиіс. Осыған байланысты оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және инновациялық технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Бүгінгі күні біздің қоғамға мәселелерді шеше алатын, шешім қабылдайтын, сындарлы ойлайтын, пікір ұсына алатын және ұжымда, топтарда тиімді жұмыс істейтін икемді, креативті және көсбасшылық қабілеті бар жастар қажет. Әлемдік өркениетке қадам басқан еліміздің бүгінгі білім беру саласындағы бағыты - тілдерді жетік меңгерген, терең білімді, жан-жақты дамыған жеке құзиретті тұлға қалыптастыру. Ал, жаңартылған стандарттар құзыреттілік тәсіліне негізделген, соған сәйкес оқу бағдарламаларының құрылымы да өзгеруде: міндетті меңгерілуі тиіс белгіленген оқу материалынан емес, күтілетін нәтижеге қарай әрекет жасаймыз.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – «География» және «Жаратылыстану» пәндері бойынша білім беру бағдарламасын жаңарту, критериялы бағалау жүйесін енгізу және оқытудың интербелсенді әдіс-тәсілдерін қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлауға, зерттеу жұмыстарын жүргізуге және коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны жүзеге асыру үшін тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді пайдалану.

«География» және «Жаратылыстану» пәндерін оқытуда мұғалімдер төмендегідей педагогикалық тәсілдерді қолданады:

- Құндылықтарға бағдарланған тәсіл

Оқытудағы құндылықтарға бағдарланған тәсіл-оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерге қол жеткізу және пайдалану тәсілі. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтары орта білім беру құндылықтарының негізі болып табылады. Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, өмір бойы оқып-үйрену орта білім берудің құндылықтары ретінде белгіленеді.

- Тұлғаға бағдарланған тәсіл

Тұлғаға бағдарланған тәсілдің мақсаты оқу үдерісін дараландыру, оқу үдерісінде тұлғаны, оның жеке психикалық және физиологиялық ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен жүріс-тұрыс уәждерін, әлеуетті қабілеттіліктерін ескере отырып үйлесімді қалыптастыру және жан-жақты дамыту, шығармашылық қабілеттерін толық ашу.

- Саралап оқыту тәсілі

Саралап оқыту тәсілі оқу үдерісінің оқушылардың әртүрлі топтарына арнайы бағдарлауды, оқушылардың жеке қабілеттерін ескеру мақсатында әртүрлі топтар үшін әртүрлі нысанды ұйымдастыруды көздейді.

Оқушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерді саралау тәсілдерін қамтиды. Саралап оқытуды ұйымдастырудың негізгі шарты күрделілігі, танымдық тұрғыдан қызығушылық туғызуы, мұғалім тарапынан берілетін көмектің сипаты жағынан ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану болып табылады.

- Коммуникативтік тәсіл

Білім берудегі қатысымдық тәсіл екі немесе одан да көп адамдардың сөйлесу арқылы қарым-қатынас жасау үдерісінде ақпарат беру және хабарлау, білім, білік және дағдылармен алмасуы болып табылады. Қатысымдық тәсілдің нәтижесі тіл арқылы қарым-қатынас жасауға қабілеттілік, яғни тілдік және сөйлеу нормаларын дұрыс пайдаланып, тиімді қатынас тәртібін тандай отырып, түрлі жағдайларда қарым-қатынас әрекетінің басқа қатысушыларымен ой бөлісу және пікір алмасуға қабілеттілік болып табылады. (жұптық және топтық жұмыстар)

- Іс-әрекеттік тәсіл

Іс-әрекеттік тәсілдің негізгі мазмұны-оқушы білімді дайын күйінде алмай, оны өзі меңгереді, өзінің оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынады, оның ережелер жүйесін түсінеді және қабылдайды, жетілдіруге белсенді қатысады. Ол өз кезегінде білімнің, біліктердің, оқып-үйрену және кең ауқымды дағдылардың белсенді әрі сәтті қалыптасуын қамтамасыз етеді. Оқушылардың оқу әрекеттері келесі басты санаттар бойынша топтастырылған: «біледі», «түсінеді», «талдайды», «бағалайды», «жинақтайды».

- Жоба орындау тәсілі

Оқу жобасы - оқушының немесе оқушылар тобының ғылыми-зерттеу, шығармашылық немесе тәжірибелік сипаттағы проблемаларды шешуде белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге бағытталған оқу-танымдық әрекеті. Оқу жобасының мақсаты, белгіленген әдіс –тәсілдері мен орындалатын жұмыстардың реті, қорытынды тұжырымы және белгіленген тәртіпке сай рәсімделген нәтижелері болады.

- Зерттеу тәсілі

Оқушылардың зерттеу элементтері бар жұмыстарды өз бетінше орындау біліктерін қалыптастыруды, ізденіс түрінде эксперимент жүргізуді, ғылыми болжамдар ұсынып, олардың дұрыстығын тексеру әдістерін негіздеу дағдыларын қалыптастыруды көздейді.

- Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану

АКТ қолдану оқу бағдарламасын жүзеге асырудың, кең ауқымды дағдыларды қалыптастыру мен дамытудың, оқу үдерісін дараландырудың қажетті шарты болып табылады. АКТ қолдану құзыреттілігі оқушылардың оқу үдерісінде, бос уақытында және қарым-қатынас барысында ақпараттық коммуникациялық технологияларды сауатты және шығармашылықпен қолдана білуін қамтамасыз етеді.

Мұғалімдер оқыту тәжірибесінде оқушылардың оқу үдерісінде және оқу жоспарында ұсынылған тапсырмаларды орындау арқылы оқу мақсаттарына қол жеткізуіне көмектесетін түрлі педагогикалық тәсілдерді ұтымды пайдаланған дұрыс. Бұл тапсырмалар әр түрлі дағдыларды дамытуға арналған болуы мүмкін: мәселені шешу, материалды жинақтап қорыту, оқығанды қайталау, рефлексия жасау, ақпаратты талдау, жұмыс істеу, ақпаратты құрылымдау т.б.

География пәні көбіне ауызша жауаптарды талап ететін болғандықтан жұптық,

топтық, жеке жұмыстар арқылы табиғат құбылыстары мен заңдылықтарын сабақ барысында зерделеуге, зерттеуге, жобалауға, болжамдар жасауға, дәлелдеуге, гипотеза ұсынуына, тіпті өзіндік кішігірім жаңалық ашуына мүмкіндіктер береді.

География пәнінің ерекшелігі картамен жұмыс жасап, кескін картаға түсіруді талап етеді. Сондықтан оқушылардың материктер мен дүние бөліктеріндегі аралдардағы елдер мен халықтар жайында деректерді жинау, оларды сараптау, салыстыру, маңыздылығын бағалау және басқа пәндермен байланыстыру оқушы үшін ерекше қызық. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, мұғалімнің берген күрделі саралау тапсырмаларын орындайды. Мысалы: материктің қалыптасуын, дамуын және қазіргі табиғат жағдайындағы ұқсастықтарын, солтүстік және оңтүстік жарты шар материктерін бейне жазба материалдарын көрсету оқушының білімін кеңейтеді, пәнге деген ұғымын қалыптастырады. Оқушылар оқулықпен жұмыс істеу барысында географиялық әдебиеттер мен карталар, сызбалар, суреттер, интернет ресурстарын пайдалану арқылы бір-бірімен білім алмасып, өз бетінше іздену арқылы қызығушылығы артады.

Педагог-жазушы Жүсіпбек Аймауытов «Сабақ беру-үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол –жаңадан жаңаны табатын өнер» дегендей, сабақты өткізуде тиімді белсенді әдістерді қолданып оқушының уәжін өсіру, арттыру. Әр сабақта мұғалім мен білім алушы арасында кері байланыстың болуы, дер кезінде оқушының қатесін түзетіп, бағыт бағдар беріп отыруы қажет. Нәтижесінде білім алушылар өзара ынтымақтастықта жұппен, топпен, жеке жұмыс жасауға, өз ойларын еркін жеткізуге, өзін-өзі және серіктестерін бағалауды жүзеге асыруға, бірін бірі тыңдауға, талдауға, салыстыруға, сабақты қорытындылауға, қорғауға, оқытудың белсенді әдістері арқылы тапсырмаларды орындап, алған білімдерінің негізінде еркін бағдарлай білуге дағдыланады.

География пәні сабақтарында оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу мен жоба жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасату, АКТ ны қолдану, коммуникативтік қарым-қатынасқа түсу арқылы шығармашылықпен жұмыс жасатып, алған білімін өмірде қолдана алуына, өз бетінше ізденуіне жағдай жасап, функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағыттап оқыту болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ шеберлік орталығы.
3. Исакова Р., Ерназарова З. «Жаңа технологияны пайдалану әдістері».
4. Ж.Ж.Қожамқұлова. «Жаңа ақпараттық педагогикалық технологиялар» Алматы, 2013ж.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН КРИТЕРИАЛДЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Курманова Салтанат Надирбековна

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Жамбыл облысы бойынша ПҚБАИ

«Мектепке дейінгі тәрбиелеу және инклюзивті білім беру»

кафедрасының аға оқытушысы

Тараз қаласы, Қазақстан

Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау маңызды рөл атқарады. Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандардың жүйелі ұйымдасқан, бір тұтас әрекеттерінің барысында әрбір баланың білім беру-тәрбие үдерісінде өз мүмкіндігі мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқуы мен дамуы үшін қажетті әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық қолдау балаға көмек (немесе қолдау) көрсетудің ерекше түрі ретінде қарастырылады [1].

Бағалау қызметінде психологиялық және педагогикалық қолдау көрсетудің екі бағытын көрсетуге болады: өзекті – балада осыған дейін пайда болған қиындықтарды шешуге бағытталған; перспективалы – оқуда болуы мүмкін ауытқуларды ескеру және алдын алуға бағытталған. Екі бағыт та педагогикалық үдеріске қолдау қызметінің барлық мамандарының бірлескен күш-жігерінің арқасында іске асырылуы мүмкін.

Олардың қызметінде өзара байланысты және оларды ескеру қажет міндетті үш компонент бар:

- бала дамуының диагностикасы (психикалық, тұлғалық, әлеуметтік);
- түзету-дамыту бағыттылығының жеке және топтық сабақтарының бағдарламаларын іске асыру;
- білім беру ортасын баланы оқыту мен дамыту және бағалау жүйесі арқылы оның даму деңгейін бағалауға қоятын талаптары көзқарасы тұрғысынан талдау [2].

Оқушылардың бұл санатын психологиялық-педагогикалық қолдаудың нысаны оқу жетістіктерін критериалды бағалау үдерісі болып табылады. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау түрлі мамандардың (пән мұғалімінің, психологтың, логопедтің, арнайы педагогтың, әлеуметтік педагогтың), мектеп дәрігерінің, басқа мұғалімдер мен ата-аналардың өзара тығыз әрекетін білдіреді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауды психологиялық-педагогикалық қолдау төмендегілерге бағытталуы тиіс:

- баланың денсаулығын және дене күшін қолдау: бала өмірінің денсаулық-сақтау түзімін ұйымдастыру, оларды жеке таңдалған қимылдық белсенділіктерге, денсаулықты нығайтатын сабақтарға қатыстыру;
- балалардың зерде дамуын қолдау: әрбір баланың танымдық ерекшелігін анықтау және дамыту, оқу әрекетінің табысты болуы үшін жағдай тудыру;
- баланы қарым-қатынас саласында қолдау: балаларға гуманистік өзара әрекеттенуіне жағдай тудыру, балалардың қолы бос кезіндегі әрекеттерде жеке қабілеттерін байқатуларын қолдау, тәртіп түрін саналы түрде таңдауына көмектесу;
- баланың жанұясын қолдау: жанұялық қатынасты зерттеу, олардың үйлесімді болуына көмек көрсету.

Психологиялық-педагогикалық қолдау ерекше шығармашылық ахуал құруды және балаларға таңдау жағдайын ұсынуды білдіреді. Мұндай жағдайлар оқушылардан білімді, икемділікті ғана емес, сондай-ақ, рефлексия тәжірибесін, шешімді өздігінен қабылдауды, ерік пен мінезін байқатуды талап етеді.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі қағидалары:

- 1) бала дамуындағы кез келген мәселені шешудің кешенді, пәнаралық тәсілдері.
- 2) білім беру үдеріндегі баланың дамуын қолдаудың үзіліссіздігі.
- 3) қолдау үдерісін ақпараттық-әдістемелік қамсыздандыру.
- 4) қолдау әрекетін әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық жобалау.
- 5) даму мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды психологиялық педагогикалық қолдау шараларына ата-аналарды, педагогикалық және балалар ұжымын белсенді тарту болып табылады.

Оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың психологиялық педагогикалық жүйесі проблеманы шешудің келесі маңызды тәсілдерінен тұрады:

- тұлғалық-бағдарлы тәсіл, оның құрамына түрлі типологиялық топтардағы оқушылардың оқу материалын оқу жетістіктерін бағалаудың деңгейлік критерилерін қолдану мен меңгеру мүмкіндіктерінің біртектілігін ескеру кіреді;
- әрекетті тәсіл балаларға түрлі қолжетімді өнімді қызмет түрлеріндегі мүмкіндіктері мен қабілеттерін анықтауды көздейді;
- денсаулық сақтау тәсілі, ол бағалау жағдайында қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру арқылы оқушылардың психологиялық-соматикалық денсаулығын сақтау және нығайту міндеттерін шешуді қамтамасыз етеді [3].

Аталған тәсілдерді іске асыратын педагогикалық шарттар келесі аспектілерден тұрады:

- оқу жетістіктерін бағалауда қызметтік формада сипатталған, оқушыларға қолжетімді әрі түсінікті көрсеткіштер бойынша анықталған, оқушы үшін шынайы және тұлғалық маңызды критерилерді қолдану;
- бағалау процесінде көрсетілген көрсеткіштерге сәйкес келетін түрлі деңгейдегі және үлгідегі тапсырмаларды қолдану;
- оқушылардың өз жеке оқу жетістіктерін шынайы таңдауын қамтамасыз ету және осы таңдауына қолдау көрсету.

Бағалау кезінде аталған шарттарды іске асыру білім алушының өзін еркін сезінуіне, танымдық белсенділігі, оқу мотивациясы деңгейінің артуына, эмоционалдық біркелкілігіне ықпал етеді және өз мүмкіндіктеріне сенімі артады. Міндетті түрде критериалды бағалау жүйесі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың мүмкіндіктеріне бейімделуі тиіс, олардың ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктерін ескере отыра дайындалуы қажет.

Баға және бағалау – мұғалімдер үшін шексіз талқылауға дайын тақырып, себебі мектептегі баға бұл тек оқушы еңбегінің нәтижесі ғана емес, онда педагогтың жеке қасиеттері, көңіл-күйі, мінезі, оның оқушыға қарым-қатынасы, мұғалімнің жұмыс істеу мәнері жинақталған. Оқушы еңбегін бағалаусыз ешқандай меңгеру процесі жүзеге асырыла алмайды. Бағалау оқушыларға, олардың пәнге, мұғалімге, мектепке және жалпы айналадағы әлемге деген қарым-қатынасына үлкен әсерін тигізеді.

Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жеке бағытталған жүйе бола тұра, осы санаттағы оқушыларды дамытуға және олардың құқтарын жүзеге асыруға ықпал етеді.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың қозғалыс мүмкіндігі шектелгенімен, жан - дүние кеңістігі аясының тарылып, күйзеліске ұшырауына жол бермеу - белгілі бір ұйымдардың міндеті ғана емес, қоршаған ортаның, қалың бұқараның басты парызы.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының. Астана. 2010 ж.
2. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 2002 ж.
3. Малофеев, Н.Н. Специальное образование в меняющемся мире. Европа: учеб.пособие для студентов пед. вузов / Н.Н. Малофеев. – М.: Просвещение, 2009. – 319.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҮШ ТІЛ САЯСАТЫ ЗАМАН ТАЛАБЫ

Бекебаева Мадина Омирхановна

№2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп-интернаты директордың үш тілде оқыту ісі жөніндегі орынбасары, биология пәні мұғалімі, шебер-педагог
Шымкент қаласы, Қазақстан

Тіл – кез келген ұлттың және мемлекеттің құрамындағы адамдардың қатынас құралы, негізгі даму көзі. Заман талабына сай жаһандану мен дамудың келесі сатысына шығуда жалпыға ортақ Үштілділік саясаты қабылданған болатын. Біріншіден, халықаралық тілдерді меңгеру дамыған мемлекеттер ұстанатын талап. Екіншіден, ол ақпарат желісінде мәліметтерді түсінуге, еркін қолдануға және ана тіліне аударуға мүмкіндік береді. Көптілді білу жұмыс бойынша біліктілікті және бәсекелестікті арттырады, қарым-қатынасты жеңілдетеді және туризм саласын дамытады.

«Әлемде Қазақстан халқы үш тілді білетін, жоғары білімді ел ретінде танылуы керек. Бұл: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық тіл, қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикамен сәтті ықпалдасудың тілі. Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді». Аталмыш сөз елбасының үштұғырлы саясат бойынша айтқан жарлығындағы негіздемесі болып табылады. Қазіргі таңда алпауыт державалар өркениет дәуіріне қол созып жатқанда, мемлекеттік және ресми тілдің астарында қалуға болмайды. Қазақстан дамуы үшін шет мемлекеттермен байланысын нығайтып, ортақ түсіністік орнатуы керек [1].

Үштілділіктің салдарынан болашақта аудармашы сынды мамандықтардың маңыздылығы артады, бірақ саясатта қазақ тілі бірінші кезекке қойылмаса, қоғамда тіл мәселесі ушығатын болады. Себебі қазірде ағылшын тілі жаһан бойынша трендке айналған, орыс тілі Қазақстан бойынша жоғары сұранысқа ие. Сәйкесінше ана тілді үйренумен қатар, қолдану сапасы мен деңгейі көтерілмесе, ұлт болашағына қауіп төнетін болады.

Үштілділік саясатының мүмкіндігін арттыру үшін қандай шаралар ұйымдастырылуы керек?

- Насихаттау жұмыстары
- Коммуникациялық және интеграциялық қабілетті арттыру
- Қазақ тілі бойынша халықтың білімін тексеру, қадағалау
- Аудармалар саны мен сапасын арттыру
- Білім жүйесіндегі ақаулықтардың орнын толтыру, өзге пәндердің қазақ тілі пәні сағатының орнын басын тоқтату

- Ағылшын тілі мен орыс тілін 1 сыныптан базалық жеңіл форматта өткізу
- Ағылшын тілінде берілетін жоғарғы білім мекемелерін бақылау, білім сапасына мән беру

- Қазақ тіліндегі ақпараттарды көбейту
- Үштілділік саясатының аясында тіл мамандарының жұмысын дамыту, үштілді тіл кадрларын дайындау және олардың кәсіби шеберлігі мен білімін арттыру қажет.

Үш тіл бойынша барлық салада белсенді қолданыс шеңбері орнауы шарт. Қазақ тілін дамытып, шет мемлекеттермен тығыз дипломатиялық қарым қатынас жүргізуге мүмкіндік орнайды. Дегенмен, осы уақытқа дейінгі аударма қателіктері реттеліп, терминология дұрысталуы керек. Біз қанша тырыссақта, орыс тілін өз ішімізде төменге түсіре алмаймыз. Себебі біздің тарихи сабақтастығымыз бар, ол қажеттілік, ол елдің көпэтностығы. Ал негізгі мәселе, қазақ тілінің статусында болса, бұл азаматтардың идеяны дұрыс түсінбеуінде. Себебі нағыз проблема сауаттылықта. Өзге тілді үйреніп, оны қазақ тілімен араластырып, шұбыртпаландыру жат қылық. Таза, анық және дұрыс сөйлеу мәдениеті орнаса, қоғамда «шала қазақ» деген құлаққа үйреншікті ойдан айырылар едік. Тіл мәселесі тіл тазалығымен және мәдениетімен ғана мәселе ретінде қарастырылуы керек.

Үштілділік саясаты бізге не береді?

- Ғылыми тілді емес ғылымды дамытады;
- Қазақ тілін ағылшын тілі жұтуы мүмкін емес. Тіл тазалығының мәселесін де лингвистер шешпейді. Демек, шетел терминологиясынан технологиялық және ғылыми сөздерді алу арқылы тіл байлығын арттыруға болады.

- Басқа тілді үйрену адамдарды, түрлі ұлттарды, халықтарды бір-бірімен жақындастырады.

- Ақпарат, мәдениет пен экономика өркениет сатысына көтеріледі.
- Балалардың ойлау қабілеті дамиды.
- Жеке тұлғаға ұқыпты, жылдам болуға, ойын нақты, жүйелі жеткізе білуіне жетелейді.

Қазақ тілінің болашағы қандай?

Қазіргі таңда қазақтардың өзі ішінара бөлінуде, бұл мемлекеттегі бірліктің және тұтастықтың бұзылуына әкеп соғады. Бір-бірін жақтырмайтын қазақ тілді қазақтар мен орыс тілді қазақтар тіл бірлігін сақтамай, ұлт болашағын өздерінше ойлауда. Ал бірлік болмаған жерде тірлік жоқ. Егер дәл осындай қарқында жалғасатын болса, үштілділік қанша жерден қазақ тілін көтерсе де, қазақ тілінің болашағы жарқын болмайды. Сондықтан, әрекеттің барлығын мемлекет пен басшылыққа жауып қоймай, қоғамда жаңа өзгеріске бет бұруы керек. Өзге тілді біліп, өз тілінде сөйлей алмайтын бала өзін қанша патриотпын десе де, ертеңгі күні ол ұлттың қамын ойлайтын азамат болмайды. Қазақ тілінде сөйлеуді абыройға, мазаққа емес мақтанышқа айналдырғанда ғана белгілі бір жетістікке жол ашылады.

Үштілділік беретін мүмкіндіктерді Қазақстан ұтымды пайдалана алады ма?

Егер қоғам мәселені тек үштілділіктен көріп, пікірталасты тоқтатпаса Қазақтанның тек аз бөлігі ғана пайда көреді. Ал егер мәселені қазақ тілін білмейтін мемлекет тұрғындарына бағыттап, арнайы бағдарламаларға сай шараларды жүргізсе онда қазақ тілін әлемдік нарыққа шығаруға болады. Себебі қазақ тілі бай тіл болғанымен ерекшеленеді, оның қазіргі күндегі тартымдылығы оны үйренуге шақырудағы басты күш. Бірінші кезекте, халыққа үштілділіктің маңызы, қажеттігі және пайдасы түсіндірілуі керек. Екіншіден, үштілділіктен пайда көру үшін орыс тілге жалтақтауды тоқтатып, әлемдік қолданысқа енген қытай және ағылшын тілдерін үйретуге басты назарды бұру

керек. Қазақстан еркіндікке ие болған екен, тіл еркіндігін де дұрыс қолдануы шарт. Үшіншіден, техникалық-жаратылыстану пәндерін ағылшынша үйретуге қазіргі жағдай сай келмейді. Себебі бағдарламалық өзгеріске бірінші тұста мұғалімдер дайын болуы керек. Қазақ тілінде дұрыс білім берілмей, сапа жағы ақсап тұрған сәтте ағылшынша тәлім беру білім деңгейін құлдыратпай қоймайды.

Үштілділік мемлекет үшін пайдалы жоба болғанымен, қоғамда мәңгүрттік пен «шала қазақ» ойлары көбейіп отыр. Өзге тілді біліп, өз тіліне келгенде ақсайтындар аз емес. Өзге тілді үйренем деп, қазақ тілінің беделі төмендеуде. Себебі жұмысқа орналасарда да орыс тілін жақсы меңгерсе жеткілікті, өзге тілде ақпарат алса жеткілікті және тағы басқа. Бұлай жалғасса қазақ тіліне деген сұраныс төмендеп, ұлт тілі жоғалады. Ал тіл жоғалған кезде ұлттың сақталуы екіталай.

Осы орайда, үштұғырлы тіл саясатының заман талабы не жаһандану әсерінен екендігін айқындауда зерттеудің нәтижелерін күшейту үшін GAP әдістемелік зерттеу жұмысын жасадым. Зерттеу әдісі тіл мәселесіндегі ақаулықтарды шешу жолдарын ұстанып, негізгі мақсаттарды айшықтап көрсетеді. Нәтиже шегін анықтап, үштілділік беретін мүмкіндіктерді ұсынады және проблемаларға сай стратегиялық қосымша шаралар легін алға тартады.

Мақсат	«Үш тұғырлы тіл» саясатының негізгі мақсаты қазақ тілін өшіру емес, оны дамыту, жақсарту. Сәйкесінше, Қазақстанның дамыған 30 елдің қатарына кіріп, бәсекеге қабілетті, әлем елдерін өзіне тарта алатын, таңғалдыратын, өз идеясын нақты көрсетуге қабілетті екендігін айшықтауына үлес қосу. Қазақстандағы әлеуметтік-саяси, экономика мен технологиялық дамудағы өсімді қалыптастыру, қазақ тілінің мәртебесін көтеру
Шаралар	<ul style="list-style-type: none"> • Жасалынатын шаралар аяқсыз қалмауы, жасанды емес, айқайшыл ұранға ғана негізделген болмауы тиіс. Сонымен қатар, психологиялық шектеуден арылып, кәсіби деңгейде тіл үйретуге негізделуі шарт; • Елбасы өз жолдауында көрсеткендей, Қазақстандықтардың 95%-ы қазақ тілін толық меңгеруі талапқа енген. Бұл орайда қазір мектеп оқушыларының 60%-ы қазақ тілінде білім алады; • Мұғалімдер қағазбен айналыса ма, тіл курсына бара ма, сабақ бере ме? Осы орайда білім бағдарламасын жеңілдетіп, ағылшын тілін 1-сыныптан емес бастауыш сыныптан кейін үйретуді қолға алу керек. Себебі мектепке бара оқыту ұлтты құрту саясаты секілді. Бала базалық негізде ұлттық білім алуы керек; • Қалалардағы жағдайда қазақ сыныптарының басым бөлігінде орысша сөйлейді. Сондықтан, әлеуметтік желілер, көшелер, ғимарат атаулары, нұсқаулықтар дұрыс, түсінікті қазақ тілінде, орыс және ағылшын тілінде белгіленуі керек; • Іс-шаралар мемлекеттік негізде өткізілуі керек; • Компьютерлік бағдарлама интерфейсіндегі ағылшын, орыс тілдерін қазақшаға аудару.
Негізгі күтілетін нәтиже	Ағылшын тілі психологияға теріс әсер етуі мүмкін: ағылшын тілін үйренген кезде тек тілді үйрену керек, ал оның мәдениетін, психологиясын, ойлау жүйесін қабылдау не ойды трансформациялауға болмайды. Өз құндылықтарымызды жоғалтып, мәдениетті батыстық көзқарасқа негіздемеу керек. Демек, күтілетін нәтиже – үштілділік пайдаға жарайтын, зиянын шектейтін саясат болып, қазақ тілінің қолданысын кеңейтіп, оны жаһандық трендке бастауы керек. Білім деңгейі көтеріліп, аудармалар сапасы жақсаруы шарт. Білім жүйесі оң

	<p>нәтижелерді көрсетуі, жаратылыстану бағыттары бойынша білікті мамандар дайындалуы, бастауыш сыныптардағы тілдік базаның қалыптасуы керек. Үштілділік біздің қоғамды мәңгірттікке немесе өз ұлты мен тілін білмейтін, менсінбейтін космополитизмге емес, патриотизмге жетелеуі шарт. Нәтиже қазақтарды біртұтастыққа бастауы шарт және орыс тілді не қазақ тілді бөлінушіліктен арылтуы керек.</p>
<p>Мүмкіндіктер</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Қазіргі таңда қазақ тілінің қолданысы тар, ақпарат көздері жоқ деу қате пікір. Салыстырмалы түрде, соңғы бесжылдықта БАҚ-тың беттерінде қазақ тілді ғылыми ақпараттар, жұмыстар көп. Кітаптардың да электронды нұсқалары жеңіл табылады; • Қазақ жастары бейімделуге, жаһандық өзгерістерге тез ықпалдасып, сіңісуге ұмтылысы жоғары. Осы арқылы білім, ғылым, құзіреттілік мүмкіндіктерін қабылдай алады; • Үштілділік жастардың шетелде білім алып, саяхаттауында жеңілдіктер береді. Түрлі халықаралық ұйымдарға мүше болып, дипломатиялық-саяси қарым-қатынастарды жүргізуге, шетелдік компанияларда тәжірибе алмасып, еркін жұмыс істеуіне жағдай орнатады. Бастысы, әр азамат тіл үйренудің тиімділігін қабылдап, зиянынан бас тартып, қажеттісін қолдануы тиіс; • Үштілділіктің тиімді екендігін үштілде білім алатын №2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп-интернатының оқушылары мен түлектері жақсы біледі, себебі ол шетелде оқуға, тез жұмыс табуға, әлемдік интеграцияға тез сіңісуге, ұлтаралық байланысты нығайтуға көмектеседі.
<p>Стратегиялық балама</p>	<p>Сақтау: қазақ тілінің мемлекеттік беделін сақтау үшін ағылшын тілі қазақ тілінің қолданыс көлеміне тосқауыл болмауы керек. Ұлттық құндылық сақталып, отбасында қазақ тілінің беделі балаларға насихатталса, тарихи сөздер бұрмаланбай сөздік қорда және қолданыста сақталса дұрыс болар еді. Ол үшін ғаламтор бойынша қызықты челленджер мен эстафеталар арқылы қазақ тілінің сөздік қорын жаңғыртуға, ағылшын тілін үйренуге болады;</p> <p>Дамыту: қазақша ақпараттар мен білім ресурстары көбейсе, жастардың санасында қазақша білім алу сапасыз деген ой пайда болмайды. Сондықтан қазақ тілді жазбалар түсінікті және сапалы түзілуі керек;</p> <p>Қолдау: орыс тілін қолдау, ал оны негізгі тіл ретінде емес, тек байланыс және ақпарат алмасу құралы ретінде пайдалану, ағылшын тілін үйрену, ал қазақ тілін ұлттық азықтың және байлықтың еншісі ретінде көру қажет. Қазақ тілін үйренушілерді қоғамның қолдауы мен қабылдауы, мемлекеттің үш тілдік курстарды материалдық және қаржылай қолдауы шарт;</p> <p>Тарату: қазақ тілді контенттерді, ғаламтор желісіндегі үш тілді блогтарды, ақпарат көздерін, қазақ тілді терминологиялық сөздіктер мен аудармаларды, қазақ тілді еңбектердің ағылшын және орыс тіліндегі аудармаларын әлемдік нарықта тарату керек. Қазақпен қазақтың қазақша сөйлесуі қажеттігі туралы елбасы идесы таратылуы керек.</p>

Тіл – қарым-қатынас құралы. Көптілділік ойлау кеңістігін арттырып, адамның дамуына үлкен мүмкіндіктер ашады. Үш тілді білу жеке тұлғаға білім мен жұмыс бойынша пайдасын тигізеді. Бірақ, осы саясатты дұрыс түсінуде қоғам өзге тілді үйреніп, қазақ тілін ұмыту деп қабылдауда. Сондықтан, мемлекет дұрыс насихаттау жұмыстарын

жүргізіп, қазақ тілі басты тіл ретінде үйретіліп, кейін ғана өзге тілдердің маңыздылығын ұсынуы керек. Сонымен қатар, саясаттағы аталған іс-шаралар халыққа шартты түрде жеткізілуі қажет.

Қорыта келе айтарым, Қазақстандық қоғам үштілділік саясатына сай тілдерді меңгеріп, бәсекеге қабілеттілікті арттыруы керек. Дегенмен, тіл үйренудің басты мақсаты жеке бас қажеттілігін қамтамасыз ету емес, қазақ тілінің, яғни мемлекеттік тіл қолдану аясының кеңеюіне, ана тіліміздегі контенттердің және ақпараттардың көбеюіне, тіл мәселесінің шешілуіне бағытталуы керек. Демек, үштілділік саясаты ұтымды жоба әрі оны жоспарлы түрде орындаса, тілдік стереотиптерге байланысты проблемалар туындамайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <http://bilim-all.kz/article/5227-Ush-tugyrly-til>

ЖАҒАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕПТЕРГЕ ЕНГІЗУДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Калыкулова Дилдайым Мухтарбековна

МКҚК «Қарлығаш» балабақшасының жоғарғы санатты тәрбиешісі
Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Қазақстан

Еліміздегі жаңа білім беру реформасы 12 жылдық білім беруге көшу арқылы шығармашылықпен дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа ұлттық үлгіні жасауды, «жалпыға арналған білімнен» «білім әркімге өмір бойы» үлгісіне көшуді және әлемдік білім беру кеңістігіне жедел енуді қамтамасыз етуді мақсат етеді [1]. Бұл жоба 2008 жылдан бастап кезең-кезеңімен енгізіліп келеді. 2018 жылы алғашқы болып 12 жылдық толық біліммен Назарбаев Зияткерлік мектептері орта білімді тәмамдаған болатын.

12 жылдық білім негізінде 11 жылдық оқуға оқу материалдарының көптігінен, оқушылардың денсаулығына кері зиянның тиюінен оқу үрдісін жеңілдету мақсатында енгізілген болатын. 12 жылдық білім бұрынғы Кеңес дәуіріндегідей емес, ол баланың жағдайын қарастырып, білім беруде балаға қолайлы жағдайды орнатады. Осы арқылы бала 12 жыл білім алып, жан-жақты ойлайтын, шығармашылық әлеуеті бар, қоғамның саяси, мәдени, экономикалық, әлеуметтік өміріне белсене қатысатын, өмір бойы ізденісті қолдайтын тұлға болып тәрбиеленеді. Орта мектептегі 12 жылдық білім - АҚШ, Канада, Жапония, Швеция, Францияда; Германия, Чехия, Италия, Швейцарияда – 13 жылдық; Голландияда – 14 жылдық жүйе қабылданған. Бұл жүйе бәсекеге қабілеттілікті арттырып, озық технологияларды меңгерген, қарқынды түрде жаһандану процесінде еркін өмір сүруге бейім, өз ойы қалыптасқан тұлғаның тәрбиеленуіне мүмкіндік береді.

12 жылдық білім – қазіргі білім бағдарламасының жаңа моделі болып табылады. Бұл тақырып бүгінде өзекті болғандықтан, ол қоғамда дискуссия тудырып, көпшілікті алаңдатуға. Білім – ол елдің басты байлығы, себебі елдің үкіметін, басшысын, қоғамын даярлайтын – білім. Білімі жоқ, білім сапасы мен деңгейі төмен мемлекеттің ертеңгі болашағы қараңғы. Елді ешқашан білімсіз адам басқара алмайды немесе білімді бола тұрып, оның көздеген перспективасы төмен, санасы, ойлау деңгейі нашар адам болса, елдің ертеңгі күніне қауіп төнеді.

12 жылдық жалпы орта білім беру үш сатыдан тұрады:

1-саты - жалпы бастауыш білім беру (1-4-сыныптар - бастауыш мектеп). Оқуды бастау жасы - 6 жас. Оқу мерзімі - 4 жыл. Негізгі міндеті — баланың жеке басының қарқынды қалыптасуын қамтамасыз етіп, оның өз бетінше білім алуы және оларды танымдық есептерді шығаруда пайдалану қабілеттері, коммуникативтік іскерліктері дамытылады, оқуға құштарлық, оқу іскерліктері мен мақамдары қалыптастырылады.

2-саты - негізгі орта білім беру (5-10-сыныптар - негізгі мектеп). Оқу мерзімі - 6 жыл. Негізгі міндеті - адамдар арасындағы және этносаралық қатынастар мәдениетін, тұлғаның біртұтас көзқарасын, өзін-өзі анықтауын қалыптастыру, теориялық ойлау тәсілдері мен ғылыми таным әдістерін игеруіне ықпал ететін оқу әрекетін ұйымдастыру. Бейіналды оқыту енгізіледі.

3-саты - жалпы орта білім беру (11-12-сыныптар - жоғарғы мектеп). Оқыту ұзақтығы - 2 жыл. Негізгі міндет - бейінді оқыту. Бейінді оқыту — жалпы орта білім берудің соңғы кезеңі болып табылатын, оқытудың саралануы мен даралануына, оқушылардың білімін жалғастыруға қатысты жеке және өмірлік өзін-өзі танытуына ықпал ететін талабымен, қызығушылық ниетімен сәйкес әлеуметтендіруге бағдарланған бейіндік оқытуды іске асыруға жағдай жасау [2].

Бүгінгі білім жүйесінің Қазақстанға тигізетін пайдасы қандай?

- Шетелдік жүйенің енгізілуі нәтижесінде оқытуда жаңа технологиялардың енгізілуі;

- “Интеллектуалды ұлт – 2020” ұлттық бағдарламасының мақсаты – бәсекеге қабілетті адам капиталын тәрбиелеу. Ол отандық білім берудің ұлттық моделін құруға арналған. Сәйкесінше, 12 жылдықта бала сауатты, салауатты өмір салтын ұстанған, бәсекелестікке қабілетті жеке тұлға болып шығады;

- Тәжірибенің жүргізілуі, теориялық негіздемелерді өмірде жасап көру, бақылау мүмкіндігінің болуы. Оқу бағдарламасы жеңілдегендіктен, теорияға практика қосылып, мамандыққа даярлау басталады;

- Көптілді үйренуге мүмкіндік, мектепке дейін сауаттың ашылуы және білім алуға толық дайын және қабілетті болу;

- Шетелге шығып білім алуға, тәжірибе алмасып, жұмыс жасауға мүмкіндік;

- Электронды үйрену форматының енгізілуі.

Бұл білім бағдарламасында ұстаздың рөлінің маңыздылығын және технологияның Қазақстандағы деңгейі қандай екендігі білімге үлкен әсер ететіндігін де айта кеткен жөн. Себебі 12 жылдыққа оқушыдан бұрын, мұғалім дайын болуы және оның инновациялық технологиялармен толық таныс болуы шарт. 12 жылдық оқыту балаға жеке ізденіс үшін жауапкершілікті сезінуді үйретеді. Сондай-ақ, бұл оқыту жүйесі сатылы жүруі керек және онда барлық талаптар сақталынып, баланың жеке дамуына жол ашылуы және соңғы жылы оның мамандық таңдауына бағыт-бағдар берілуі қажет. Бірақ, Қазақстанда бұл жүйе жаңа болғандықтан, тәжірибенің жоқтығынан мұғалім мен оқушының дайын еместігін, соның салдарынан халық арасында 12 жылдықтың қажеттілігі туралы теріс стереотипті көзқарастың таралғандығын да байқауға болады.

Осыған орай, осы жүйенің білім саласына оң ықпалы бар екендігін дәлелдеп, болашаққа болжау жасауда және білім салсындағы оқылықтардың орнын басып, Қазақстандағы 12 жылдық жүйені дамыту үшін Форсайт әдісімен талдап көрсетпекпін. Әдіс барысында мәселенің шешу жолдары, қадамдар реттілігі және мәселе көзі көзделген болашақ аясында өрбиді.

<p>Болашаққа болжам</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстанның білім беру жүйесінің құрылымы, мазмұны, басқару жүйесі мен қаржыландыру саясаты дамыған елдер моделі бойынша бәсекеге қабілетті болады • Білім деңгейі бойынша ТМД бойынша жоғары • Адами капитал дамиды (АДИ) • Жемқорлық білім саласында мүлдем болмайды • Білім ордалары халықаралық атауын алады, CIS аккредитациясын қабылдайды. • Жүйедегі ретсіздіктер шешіледі және қалыпқа түседі, барлық мектептер жаңа реформаға үйреніседі • Білім жүйесінде үштілділік деңгейі жақсарады, сәйкесінше нарыққа шығу деңгейі өседі • Ұстаздардың кәсіби біліктілігі, шығармашылық жетістіктері және әлемдік деңгейдегі рейтингі артады • Қазақстан дамыған мемлекеттер қатарында жаңартылған білім 12 жылдықты қолданады
<p>Қандай болашақ бізді қанағаттандырады?</p>	<p>Елдің болашағын тік ұстап, тәуелсіздікті тұғырлы ететін ұрпақты даярлайтын, заман талабына сай, жаңа технологияның жаңа модельдеріне негізделген, үштілде жаңа әліпби бойынша латын тілінде сабақ өтілетін, мамандар кәсіби даярлықтан өткен және арнайы критерийлерге сай, оқу жүйесінде тәрбие, білім, құндылықтар қатар жүретін, оқушыны теориялық негізге емес, өмірлік тәжірибеге үйрететін, патриотизм мен жаһандық проблемаға деген ашық көзқарасты ұстанатын бәсекеге қабілетті, сапалы білім жүйесі Қазақстанның болашағын қанағаттандырады. Біздің көзделген болашақта барлық азамат тең құқықта, жоғары сапалы білімге қол жеткізе алуы керек. Ең бастысы, әр азамат әлемдік сахнада басын тік ұстап, жеке пікірін еркін айта алатын, елдің қамы үшін жанын беретін, нағыз маман, нағыз адам болып тәрбиеленуі керек.</p>
<p>Болашаққа жету үшін бізде не бар не жоқ?</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Бізде бар дүниелер: жоғарғы деңгейлі профессорлар, кәсіби мамандар, озық технология көзі, үштілді кітаптар, оқу орындарын жаңартатын құрылыс деңгейі, инвестиция тарту үшін критерийге сай стандарттар, «Болашақ» бағдарламалары, шетелге тәжірибе алмасу үшін жіберілетін оқу гранттары, «Жастар саясаты», «Білім туралы заң», «Қазақстан-2050» стратегиясы мен «Рухани жаңғыру», «Цифрлы Қазақстан» бағдарламалары, оқу үрдісінің латын әліпбиіне ауыстырылуы; • Бізде жоқ дүниелер: экономикада кәсіптік сипаттың жедел өзгеруіне, яғни кей мамандықтардың заман талабы бойынша ескіруі немесе жойылуына даярлық, ұстаздарға жоғары жағдай, білім жүйесіндегі мәдениет, тәрбиенің ұлттық жүйесі, техникалық мамандықтарға деген бәсеке, білім жүйесіндегі ашықтық пен адалдық жоқ және заманға сай жаңа мамандықты даярлайтын сапалы оқу орындары.
<p>Барды ұтымды пайдалану</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Латын әліпбиіне көшу ағылшын тілін жетік меңгеруге жол ашады, әрі ол өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін үйренуіне мүмкіндік береді • Білім сапасын жақсартуға қаражатты бөлуді көбейту • Орта білімде базалық оқытуды күшейтіп, жоғарғы оқуда практиканы көбейту

	<ul style="list-style-type: none"> • Бүкіл аймақты теңдей технологиялық жабдықтармен қамтамасыз ету керек. Ауылды аймақтардағы білімге көңіл бөлінуі керек, ел болашағын шығаратын білім болса, білімге бөлінетін назар да, қаржы да, тексеру де көп болуы тиіс • Үштілді кітаптардың санын да сапасын да жақсарту керек, әсіресе қазақ аудармаларының сапасын көтеру және қазақ тілі ережелерінің толық сақталуы мен қатесіз жазылуы керек • Оқулықтар 12 жылға сай жасақталуы керек • Білім жүйесі инвестиция тартуға қолайлы, демек бізде мықты инвесторлар тапшы • Техникалық мамандармен қатар гуманитарлық мамандықтарға бөлінетін грант сандары артса, ел экономикасы, мәдениеті, тілі мен саясатына баратын азаматтар кәсіби білімге қол жеткізетін еді • Жекеменшік оқу орындарын да, ұлттық оқу ордаларын да тұрақты тексеріп, акредитациялау
Жоқты бар қылу жолы	<ul style="list-style-type: none"> • Оқулықтарды жыл сайын өзгертуді не ауыстыруды тоқтату • Оқулықтардағы аударма ісіндегі олқылықтарды реттеу. Себебі қазақшаға аударылған баспаларды түсіну қиын • Тест жүйесін алып тастау, себебі ол оқушыны не студентті тек жаттанды дүниеге үйретеді • Баспаға шығатын оқулыққа, дәріс беретін мұғалімге жіті назар аударылуы керек. Себебі шала білім содан шығады. Сапа әрқашан маңызды • Ана тілге деген ынта, қамқорлық, махаббат ашылмай ғылым тілі үйретілмейді, жақсармайды. Білімде әр мемлекеттің өзіне сай ұлттық коды болуы керек
Көзделген болашаққа жетудегі қадамдар	<ul style="list-style-type: none"> • Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы • Білім берудің ескірген және апатты нысандарын жойып, технологиялық және әлеуметтік инфрақұрылымды жаңарту • Ваучерлік негіздегі қаржыландыру түрін енгізу • Ақпарат алуға деген онлайн қолжетімділікті арттыру • «Бейіндік мектеп» жоғарғы мектебінің моделі • оқытушылар жалақысының артуы • Халықаралық аккредиттеуден өту үшін арнайы жобалар ұйымдастыру • Әр оқу орнында керекті психолог мамандардың болуы • Дәрістердің мемлекеттің саясатты талдауға негізделіп жасалуы және екі жақты сыни тұрғыдан ойлау дағдысын енгізу
Шаралар реттілігі	<ul style="list-style-type: none"> • Білім деңгейі артуы үшін бірінші тәрбие артуы керек • Мәдениет пен ұлттық код • Рухани жаңғыру • Құндылықтар • Ұстазға деген құрмет • Кәсіби оқытушылар • Материалдық көмек пен қолдау • Инвестиция мен инфрақұрылым • Бәсекеге қабілеттілік пен бәсеке

12 жылдық білім беруге көшу оқушының тұлғалық дамуындағы мәселелерге ерекше көңіл бөледі: жаңа білім технология құралдарының енгізілуі, оқытудың дәстүрлі теориялық өнімсіз, жалпылама стилін ығыстырып, оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын, өзіндік шешім шығаруын қажет қамтамасыз ететін сындарлы білім беру моделіне көшуі, кәсіби бағдар берудің ерте жастан басталуы және баланың өз қызығушылығына сай мамандығын зерттеуге, оқушы жастарға азаматтық-патриоттық, рухани-адамгершілік, көп мәдениеттілік, денсаулық сақтау, экологиялық және жаһандық деңгейде ойлай білу қабілетінде тәрбие беру рөлінің күшейтілуі, өмірлік бағдар ретінде адам бойындағы құндылықтарды дамыту, адамгершілік қасиеттерін насихаттау, балаға қолайлы орта жасап, оны қажеттіліктермен қамтамасыз ету, білім мекемелерінің оқушыны әлеуметтендірудегі рөлінің артуы.

Осы орайда менің ұсыныстарым, біріншіден, үкімет оқу саласына қаржыны және инвестицияны көптеп бөлуі керек. Сонымен қатар, жүргізіп жатқан білім бағдарламасындағы оқулықтар, аудармалар бойынша кеткен қателіктерді, технологиямен жабдықтаудың баяу жүргізілуі, жүйенің күрделілігі сынды мәселелер шешілуі керек. Халық арасында түсіндірме және насихаттау жұмыстары жүргізіліп, халық білім жүйесімен толық танысуы керек. Кезекті іс мұғалімдерді даярлықтан өткізумен байланысты. 12 жылдық білім беру дағдылар және құндылықтар аясында өрбігендіктен, мұғалім өз құқығын, міндетін және талабын толық біліп, кәсіби даярлықтан өтуі керек.

Қорыта айтқанда, Қазақстандағы білім саласы елдің келешегін анықтайтын маңызды фактор. Оны дамыту, оның сапсын жақсарту, деңгейін көтеру – жұмыла жасалынатын шара. 12 жылдық білімнің беретін мүмкіндіктері мен артықшылықтары дұрыс және ретімен пайдаланылса, ол үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. 12 жылдық білім толық енгізіліп, нақты тәжірибеге ие болғанда Қазақстан білім жүйесін халықаралық деңгейге, әлемдік талап пен бәсекеге сай жүйеге енгізе алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <http://bigox.kz/12-zhyldyk-bilim-beru-maksaty/>
2. Смагулова Г.К. 12-летнее образование в других странах // Вестн. КазНУ им. аль-Фараби. — Алматы, 2012. — С.

ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА В РАМКАХ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ

Кусаинова Нургуль Дюсенбаевна

КГУ "Средняя школа имени К.Абсаметова

Героя Социалистического Труда"- учитель химии

Алматинская область, Казахстан

Обновление содержания образования в Республике Казахстан ставит перед собой главную цель: совершенствование педагогического мастерства учителей в контексте обновления образовательной программы и внедрение системы критериального оценивания. Данная программа основана на развитие спиральной формы образования, основанной на когнитивной теории Д.Брунера.

Спиральная форма обучения предполагает, что повторное рассмотрение материала, который будет усложняться на протяжении всего школьного обучения, дает большее преимущество в развитии современного учащегося, нежели традиционные формы обучения.

Преимущества спиральной учебной программы:

1. Предлагается ввести применение ранее полученных знаний для достижения намеченных учащимися целей обучения;
2. Новые знания тесно связаны с предыдущими и рассматриваются с точки зрения полученной информации;
3. При каждом повторении сложность темы предмета повышается;
4. Спиральная образовательная программа позволяет переходить с простых идей к более сложным, удобным путем.

Система критериального оценивания направлена на развитие обучающегося, повышения его интереса и мотивации к обучению. Конечно же этого можно достичь, если установить критерии оценивания, понятные для каждого обучающегося и его родителям.

Система критериального оценивания позволяет обеспечить качество процедур оценивания, их соответствие международным стандартам обучения.

Целью критериального оценивания является получение объективной информации о результатах обучения обучающихся на основе критериев оценивания и предоставление ее всем заинтересованным участникам для дальнейшего совершенствования учебного процесса.

Задачи системы критериального оценивания:

1. Расширить возможности и функции оценивания в учебном процессе;
2. Создать условия для постоянного самосовершенствования обучающихся, устанавливая регулярную обратную связь;
3. Содействовать формированию единых стандартов, качественных инструментов оценивания;
4. Предоставлять объективную, непрерывную и достоверную информацию:
 - ✓ обучающимся о качестве их обучения;
 - ✓ учителям о прогрессе обучающихся;
 - ✓ родителям о степени достижения результатов обучения;
 - ✓ органам управления о качестве предоставляемых образовательных услуг.

Термин "критериальное оценивание" впервые использован Робертом Юджином Глейзером (1963) и характеризует процесс, соответствующий определению набора типичных поведенческих моделей и соответствия между достигнутым и потенциальным уровнями учебных достижений обучающихся. Это означает, что деятельность обучающегося оценивается посредством фиксированного набора заранее определенных критериев. Глейзер отмечает, что оценка относительно критериальных стандартов исключает сравнение и зависимость от достижений других обучающихся, а также направлена на информирование об уровне компетентности каждого обучающегося.

Система критериального оценивания учебных достижений обучающихся основана на том, что преподавание, обучение и оценивание взаимосвязаны и обеспечивают единый подход к организации учебного процесса (Бойл и Чарльз, 2010). Это предполагает теоретическое обоснование и установление взаимосвязи между всеми элементами оценивания.

Система критериального оценивания учебных достижений обучающихся основывается на - единстве обучения и оценивания;

- направлена на формирование целостного подхода к обеспечению прогресса и успеваемости обучающегося;

- обеспечивает реализацию целей обучения и сбор доказательств, получения знаний и развития навыков в соответствии с учебными программами;

- включает разнообразие способов и форм оценивания на основе содержания учебной программы по предмету для каждого класса.

Также в системе критериального оценивания используют такие теоретические основы как компетентностный подход. Компетентностный подход предполагает ориентированность оценивания на установление степени соответствия обучающихся на "выходе" ожидаемым результатам. Ожидаемые результаты выражены в знаниях, умениях, навыках, способностях и опыте обучающегося, которые должны сформироваться по итогам изучения учебных программ в рамках ГОСО.

Выделяют три категории компетенций :

- интерактивное использование инструментов: речь, символы и текст;
- знание и информация, технологии;
- взаимодействие в разнородных группах: способность хорошо относиться к другим; сотрудничать и работать в команде; управлять и разрешать конфликты.
- самостоятельная деятельность: способность действовать и видеть более широкую картину; формировать и реализовывать жизненные планы и личностные проекты, защищать и отстаивать права, интересы, нормы и потребности.

Компетентностный подход в образовании определяет необходимость подготовки человека и к деятельности и функционированию в социуме посредством приобретения жизненно-необходимых компетенций. Одним из уровней представления результатов компетентностного подхода является функциональная грамотность. Одной из целей которой формирование в общеобразовательных школах интеллектуального, физически и духовно развитого гражданина Республики Казахстан, удовлетворение его потребности в получении образования, обеспечивающего успех и социальную адаптацию в быстро меняющемся мире.

Предполагается, что в процессе оценивания на основе критериев обучающийся постепенно будет наращивать собственный потенциал компетентности и достигать ожидаемых результатов на уровне "Уверен, что сможет делать".

Таким образом, в соответствии с компетентностным подходом освоение учебной программы оценивается через конкретные результаты, свидетельствующие о достижении целей обучения согласно измеримым и поддающимся наблюдению критериям оценивания.

Список литературы:

1. Руководство по критериальному оцениванию, Астана 2016 г.
2. Государственная программа развития образования и науки на 2016-2019 годы. – Астана, 2016 год..
3. Система критериального оценивания учебных достижений учащихся. Методическое пособие. – Астана. НАО. 2013.

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ- АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Исмайлова Уркия Курбантаевна
«ӨРЛЕУ» БАҒО» АҚФ ТОЖШҚ ПҚБА институтының аға оқытушысы
Шымкент қаласы, Қазақстан

Біз өмір сүріп отырған заманда адамның руханилығы, оның шығармашылық интеллектісі, жаңалықтарға ашықтығы қоғамның негізгі капиталы ретінде бағаланады. Адамгершілік адамның жалпы мәдениетінің көрсеткіші ретінде оның абыройын, жалпы адамзаттық құндылықтарды ұстануын білдіреді. Руханилық – адамның материалдық емес, адамгершілік құндылықтар басымдығына негізделген адам мен адамзат өмірінің рухтық – сезімдік жақтары, адамдардың өзгеше ойлау бейнесі мен тіршілік рекеті. Бұл мәселелер қай кезде де құндылығын жоймаған, керісінше, уақыт озған сайын арта түспек.

Осы ретте, біз қарастырғалы отырған Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындары» еңбегінде белгілі бір мемлекетті қала ретінде қарастыра отырып, қаланың бірнеше түрлеріне сипаттама береді. Оларды біріктіретін жалпы белгі – адамдардың қауымдасып, өмір сүруі және бірінші басшымен басқарылуы. Әл-Фараби адамдар қоғамы туралы ілімінің Платон іліміндегіндей философиялық мәселелермен байланыстырып зерттейді. Ол қоғам құрылымын суреттемес бұрын, жалпы дүние құрылымына тоқталады. Әл-Фараби жер бетіндегі адам қызметінің маңыздылығын ғаламдық заттардың пайда болуындағы бірінші себептің атқаратын рөлімен теңестіреді.

Қайырымдылығы жоқ болған жағдайда ғана қоғам болашақ ұрпаққа қажетті құндылықтарды бере алмайды. Мұндай жағдайда тарихтың бойындағы рухани дүниелерді кейінгі ұрпаққа жеткізуге, мемлекет мүддесін қорғау болып табылады. Сондықтан өркениетті мемлекеттің бет-бейнесі оның мәдениеті, әлеуметтік ортада адам бойындағы рухани-адамгершілік қасиеттердің орын алуымен көрініс табады. Әл-Фараби айтп кеткендей, мемлекеттің рухын қоғамдағы адамгершілік, шынайылық, тұрақтылық, ізгілік асқақтата отырып, рухани құндылықтарды сақтай алады.

«Қайырымды қала тұрғындағын алатын болсақ, - деген Әл-Фараби, ата-бабаларының көзқарастарына сәйкес олардың бойында қалыптасқан рухани жағдай олардың жандарын матириядан азат етеді»[1]. Адам баласы өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғаммен интеллектуалдық тұрғыда байланыспай тұра алмайды. Осыған сәйкес ата-бабамыз Отанына, мемлекет мүддесіне, болашақ ұрпақ мүддесіне абыройлы қызмет ететін тарихты қалыптастыраған.

Әл-Фараби айтуы бойынша, қайырымдылық адамның табиғатында бар нәрсе. Жеке адамның қайырымдылығы мінез-құлқына әрі тәрбиесіне байланысты. Адам баласынан рухани өмірдің шегі қайырымдылықты, ізгілікті талап етеді. Әл-Фараби философиясындағы зерделенген адамның тұлғалық қасиеттерін, болмысын тарих қатпарынаан аршып алатын басты құндылық. Адам баласының игілігіне қызмет ететін, өзінің төл мәдениеті мен құндылықтарын дәріптейтін, сақтайтын кейінгі ұрпаққа дінді, адамды, қоршаған ортаны құрметтеуді үйрете білетін құндылықтарын кейінгі жастарға ұлықтай алатын ел адамдары ғана қайырымды мемлекетті құра алады. Мемлекеттің қайырымдылығы адамның рухани байлығында, барлық қоғамдық сана түрлерін (дін, білім, тарих, мәдениет, ғылым т.б.) сақтай алған, оның қызметін ұқыпты түрде бойындағы адамгершілік қасиеті арқылы мемлекетті қайырымды мемлекет (қала) деңгейіне көтереді.

Ел, халық, ұрпақ үшін ақылды, білікті, сауатты, төзімді болу. Байлығымен күшіне сенген мемлекет жайында Әл-Фараби, «...олар былай деп ұйғарған: қала біткен бір-бірімен күресіп, жауласуға тиіс, бұл қалалардың ешқандай дәрежесі жоқ, бұларда еш бір тәртіпте жоқ және бұл жерде басқаларға қарағанда сый-құрметке немесе тағы бір артықшылыққа жалғыз өзі лайық келетін ешкім де жоқ. Олардың ұйғаруынша, әрбірі өз қолындағы игіліктің бәрін емін-еркін пайдаланып, өзіне пайдалы нәрсе үшін басқаға қарсы күресуге тиіс, сөйтіп өз дұшпанының бәрін жеңіп шыққан адам – ең бақытты адам. Осының бәрі қалада надан қалаларға тән көптеген көзқарастың тууына себепкер болады»[1]. Сондықтан, Әл-Фарабидің жетік адам басқарған мінсіз қайырымды қоғам {«әл-мадина, әл-фадина»} құру туралы көтерген мәселесі әрқашан өзекті.

Қайырымды қаланың тілі не діні, мәдениеті, не өркениеті сан-саққа соқпайды. Қайырымды қаланың мүшелерін ортақтастыратын белгі біреу - қоғам мүшелерінің ортақ мақсаты жолында жетілуге ұмтылу. Бақытқа жету жолында «қайырымдылық» нормаларына сәйкес бір бірін қолдап отыру – қайырымды қаланың өзіндік ұстанымы.

Бақытқа жетудің басты шарттарының бірі адамның ақылдылығы болып табылады. Ақыл мен қайырымдылыққа ие болған адам бүкіл дүниенің көркі іспеттес. Мәселен, бұл Асанның қолы жетпейтін арманы емес, ол бақытты дүниенің көркі дегенде оны ұшқыр қиялмен, ойының ауқымдылығымен қамтып отыр. Бұл орайда әйгілі Платон: «...философия пайымдаумен, ақылмен, ойлаумен шектеліп қоймайды. Философия қиялға да беріліп отырады, қиялдау арқылы философия өмірде әзірге жоқ, бірақ болуға тиісті нәрселердің, қатынастардың тұтас бір жүйесін құрады» деп көрсеткен [3].

Адамды бақытты ету Асан ой-толғауында әрбір адам ақырын басып, ойлана сөйлеп, толғана білуі керек. Адамның өзіндік жетілуі ең жоғары моральға апаратын жол. Адам тек сол әдет-ғұрыпты жетілдірудің арқасында ғана мәнді өмірге жете алады. Бұл Асанның өз заманына тән бақытқа жетудің әдіс-намасы болатын. Оның қоғамға деген көзқарасының білікті өзегіне айналған халқына деген зор сүйіспеншілік, парасаттылық, қайырымдылық, адамгершілік қасиеттері өсіп-өркендей келе, салауатты да зерделі көрініс береді. Ал Әл-Фарабидің адамгершілік ілімінің негізгі бағыты «адам бақыты деген не және оған қалай жетуге болады?» деген сауалдар төңірегінде қарастырылады. Әл-Фараби: «Адам бақытының шыңына жету үшін соған жетуді қалайтын адамнан оны игерудің әдісі мен амалын табуды талап етеді» деп қортынды ой түйген [2].

Дүниежүзі мәдениеті мен ғылымының негізін салушы энциклопедиялық білім иесі Әл-Фарабидің «Бақытқа жету жолында барлық халықтар бір-біріне көмектесетін болса, жер беті түгелімен берекеге толады» деген сөзі дәл бүгінгі жаһандану заманына қатысты айтылған секілді [4]. Бұл көрегенділікпен айтылған сөз қазіргі кезде жастарды этникалық және діни толеранттылыққа тәрбиелеу.

Әл-Фарабидің әлеуметтік танымның өзегі – қайырымды қала құру мұраты әдептілік, әділеттік және қала тұрғындарының жалпы игілікке жету жолына негізделген.

Қортыта айтқанда, Әл-Фараби шығармаларының бүгінгі замандағы өмір шындығын танып-білуге үлкен себеп тигізетінін мойындауымыз керек. Заман ауысып, уақыт озған сайын қоғамдық ой-санаға ықпал-әсері артып, өркендеп, дамып отыратын асыл мұра. Өз кезегінде жеке тұлғаның бойында рухани – адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға, өзін-өзі тану үдерісінде жақсы адамды тәрбиелеуге ықпал етері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық тарқаттар. Алматы: Ғылым, 1975ж.
2. ҚазҰУ хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы, Саясаттану сериясы, №1 (36). 2011
3. Лосев А. Философиялық энциклопедия. Москва 1967г.

ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ҮШТІЛДЕ ТЕРМИНДЕРДІ ЕСТЕ САҚТАУ, ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Бекбаева Дина Амангелдиевна
№59 ЖББОМ биология пәні мұғалімі
Шымкент қаласы, Қазақстан

Қазақстандағы тәуелсіз жолындағы күресі қазақ тілінің қоғамдағы лайықты орнын талап етуден басталған болатын. Қазақ тіліне мемлекет мәртебесіне әперу оңай болған емес. Осы жолда қаншама тар жол, тайғақ кешулерден өтті. Сөйтіп, елім, тілім деп күрес майданына шыққан көптеген асыл азаматтардың зор қажыр-қайратының арқасында туған тіліміз өз тұғырына қонды. Бұл істердің қай-қайсысының болсын басы-қасында Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болғанын тағы жақсы білесіздер. Тәуелсіздік жылдары мемлекеттік тілімізде оймен бірге жетіліп, қолданыс аясын кеңейте түсті. «Елбасының «Үш тұғырлы тіл» жобасы ел болашағын баянды етуден туған, алысты көздеген мақсат. Осы жобаны түсіндіруде және іске асыруда түрлі жансақтықтарға жол беріп алып жатамыз. «Үш тұғырлы тіл» - қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қатар қойып, жарыстыру емес. Керісінше, бұл әр тілді өзіне лайықты орнымен қажетіне қарай лайықты пайдалану деген сөз. Мұнда мемлекеттік тілдің орны тіпті бөлек. Оған ешкімнің таласы жоқ.

Үш тұғырлы тілді желеу етіп, мемлекеттік тілді ығыстыру мүлде дұрыс емес және баланың миын ашыту мақсатымыз емес.

Үштілді оқыту – заман талабы.

Елбасымыздың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Халқына Жолдауында: «Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар - қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі» деген салиқалы үндеуінде айтқандай, әлемдік кеңістікке енуде ағылшын тілінің маңызы зор [4, 41].

Ағылшын тілі - әлемдік бизнес тілі, оны меңгеру – жастарға әлем танудың кілті болмақ. Ағылшын тілін білу біздің жастарға шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол – жаһанданудың кепілі. «Ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде күн сайын дерлік ағылшын тілі дүние жүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде. Бұл үдерістен біз де тыс қалмауымыз керек» [4, 49].

Осынау мүмкіндіктерді игеру мақсатында бүгінгі білім ордалары үштілділікті енгізудің, оны тиімді жүргізудің тың жолдарынан ізденіс табуда.

Бұл жерде өтіліп отырған бағдарламаға сай үш пәнді бірлікте ала отырып, пәнаралық байланысты жүзеге асыруға болады. Алайда дәстүрлі оқытуда тек аударма жасатумен ғана шектеліп отырсақ, қазіргі оқыту технологиясында түрлі шығармашылық бағыттағы тапсырмалар бере отырып, оқушы-субъектінің ізденісіне, яғни, жеке тұлғаның әрекетін дамытуды мақсат етудеміз.

Өз іс-тәжірибемізде оқушылардың интеллектуалдық қабілетіне түрткі болатын ойын технологиясын қолдана отырып сабақты үш тілде жүргізудің тиімділігі зор. Өнімді нәтиже беріп жүрген іскерлік ойындары: «Полиглот», «Кім тапқыр?», «Үздік тілші»,

«Кел, сайысайық!», «Тілдер сөйлейді» сынды тағы басқа ойындарды өткізудің үштілді меңгертудегі маңызы айрықша.

Оқушыларды ойната отырып, үш тілде жүргізілген сөзжұмбақтар, анаграммалар олардың коммуникативтік құзыреттіліктері мен функционалдық сауаттылықтарын арттыруға негіз болды. Сондай-ақ, ақпараттық технологияны: электрондық оқулықтар, презентациялар, тест т.б түрлері оқушылардың қызығушылығын оятып, уақыттарын үнемдеуге, қосымша деректерді тиімді қолдануға түрткі болды. Шығармашылық жұмыстарға жетелейтін тапсырмаларды да оқушылар қызыға орындап, еркін аударма жұмыстарын жасауға дағдыланды. Мәселен, «Мақал-мәтелдердің үндестігі» салыстыру жұмысы оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты ұсынылып, сыныбына орай күрделеніліп отырады. Бұл тапсырмада мақал-мәтелдерді тақырып бойынша табу, үш тілде аудармасын ұсыну, үндестігін табу.

Мынандай ойын түрлерін атап өткім келеді. Олар рөлдік ойындар, сюжеттік ойындар, топтық ойындар, қимыл-қозғалыс ойындары, логикалық ойындар.

Полиглот (жұмбақ шешу, жауабын үш тілде айту)

Шөлге төзімді жануар

Арқасында тау бар. Түйе-верблюд-camel

Мақал – мәтелдерді салыстыру .

Great cry and little wool.

Много крику, да мало шерсти. Ср. Шуму много, а дела мало.

Айдағаны бес ешкі ысқырығы жер жарады

A donkey in a lion's skin.

Оселвль виной шкуре.

Сонымен бірге жуан және жіңішке сұрақтарды үштілде қою тіл дамытуға көп көмек береді. Мысалы: Ойлануды талап ететін қосымша мәліметтерді кіріктіруді, талдай білуді талап ететін сұрақтар. Мысалы:

Ашық (жуан) сұрақтар; Толстые вопросы; Thick questions

Неліктен солай, үш түсіндірмесін келтір? (Дайте три объяснения, почему...?);

(Give three explanations why?)

Неліктен солай, түсіндіріңіз?, (Объясните, почему...?), Айырмашылығы қандай?; (В чём различие ...?); (What is differen?)

Мүмкін ... ? (Может ...?); (Can...?)

Сіз келісесіз бе ... ?; (Согласны ли вы ...?), (Doyouagree)

Дұрыс па ... ?, (Верно ли...?); (Is it true...?)

Жабық (жіңішке) сұрақтар; Тонкие вопросы; Delicate questions

Бір ғана жауапты талап ететін, қайта жауап қайтару бағытындағы сұрақтар.

Мысалы: Kim?; (Кто?); (Who?) Не?, (Что?); (What?) Қалай аталады?, (Как называется?); (What is the name of?) Осындай болдыма?; (Было ли...?); (Wasit...?)

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан -2050» стратегиясында мұғалімдерге сенім арта отырып, жастарымыздан үміттенеді. «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан да сол деңгейде болады. Сондықтан да ұстазға жүктелетін міндет ауыр»-делінгендей [4,3], жастарды сауатты баулысақ болашағымыздың жарқын болатыны белгілі. «Мен сөзімді, әсіресе, жастарымызға арнағым келеді. Мен сіздерге – жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер Жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер. Ал кейінгі толқын жастарға айтарым: Сендер – болашаққа деген үкілі үмітіміздің тірегісіңдер», -деген жолдарда жастарымызға деген үміт пен сенім жатыр [2,57].

Сондықтан да жастарымыздың болашағы үшін әлемдік деңгейдегі зияткерлік мектептер мен кәсіптік-техникалық колледждер ашылып, «Болашақ» бағдарламасының негізінде олардың шетелге шығып білім алуына жан-жақты жол ашылған.

Үштілділіктің маңызын түсіне білген жанның еліміз үшін болашақтағы алары да, берері де мол. «Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек [2,51].

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Бүгінгі нарық заманы бізден бәсекеге қабілетті болуымызды, дамыған отыз елдің қатарынан көрінуіміз үшін білімді де озық ойлы азаматтарды тәрбиелеуімізді талап етеді.

Елбасы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында «Үш тұғырлы тіл» туралы идеяны жария етті. Ал 2007 Жолдауында “Тілдердің үш тұғырлылығы” атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды. Бұл идеяның негізі мынадай: Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек. Олар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Яғни мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз.

Қорыта айтатын болсақ, көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек. Бұл оқушылардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жарықбаев Қ. Аталы сөз.– Алматы: Жалын, 1980.
2. Ақиқат. 2013 жыл, №1. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы
3. Ақиқат. 2011жыл, №5. «Қазақ тілін білу — әншейін бір ұран емес», Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы ассамблеясының ХҮІІ сессиясында сөйлеген сөзі Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Астана, 2007
5. Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері. А, 2008ж.

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҒАРТУ АЯСЫНДА ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП САБАҚ ЖОСПАРЛАУ

Матекова Бақтыгүл Темірханқызы
«Өрлеу» БАҰО АҚФ ТОЖШҚ бойынша ПҚБАИ-ның аға оқытушысы
Шымкент қаласы, Қазақстан

Тастемирова Лаура Бекмұратқызы
Н.Төрекұлов атында ІТ мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі
Созақ ауданы, Қазақстан

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғалы бері білім саласы талай реформаларды басынан кешірді. Себебі, біз Кеңес үкіметі кезінде шегеленіп қалған дәстүрлі білім беру жүйесінен шыға алмай, халықаралық стандарттан артта қалдық.

Бізде ХХІ ғасырдың білім алушысы табысқа кенелу үшін қандай білім мен қабілеттің иесі болуы керек?

Білім алушыларға табысты болу үшін қандай білім мен дағдылар қажет? - деген сұрақтар туындай бастады. Себебі, біздің түлектер білім ордаларында алған білімдерін шынайы өмірде қолдана алмай қиналып қалып жатады. Міне, осы сұрақтардың шешімін табуда білім алушыларды фактологиялық білімнен функционалдық сауаттылыққа бағыттап, алған білімдерін өмірде қолдана алу үшін олардың бойына қажетті дағдыларды қалыптастыру мақсатында 2016 жылдан бастап Қазақстан мектептері жаңартылған білім беру мазмұнына көшті.

Тарих пәндері бойынша 2017-2018 оқу жылында жаңартылған білім беруге көшу кестесіне сәйкес 5,7 сыныптарда жаңартылған оқу бағдарламалары енгізіліп, біртіндеп жоғары сыныптарда да оқытыла бастады. Мемлекеттік білім беру стандартында қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, өмір бойы білім алу құндылықтарын игерту қарастырылды.

Жаңартылған білім беруде мұғалім тарих пәнінен сабақ жоспарлауда нені басшылыққа алуы қажет? Тарих пәнінен сабақты тиімді жоспарлау неге байланысты?

... мұғалімнің жете даярлығы мен өткізу шеберлігіне байланысты

Сыныптың ерекшеліктерін ескереді:

- Әр оқушының білім деңгейін
- Пәндік қатынас
- Жұмыс қарқыны
- Оқушылардың дайындығы
- Дербес ерекшеліктері

Өзінің ерекшеліктерін ескереді:

- 1) Қойылған мақсаттың нақтылығы.
- 2) Сабақ типін таңдау.
- 3) оқыту формалары мен әдістерін ойластыру.
- 4) Нормативтік құжаттарды меңгеру(оқу бағдарламалары, оқу жоспары, КТЖ және т.б.).
- 5) оқытудың түрлі құралдарын пайдалану (оқулықтар және оқу құралдары, көрнекі құралдар, интернет желісі құралдары).

Жаңартылған орта білім беру мазмұны ерекшеліктерін ескереді:

1. Оқыту мақсатына жету
3. Блум таксономиясы бойынша тапсырмаларды таңдау және жоспарлау
4. Саралау (саралау тәсілдерін қолдануды жоспарлау)
5. Қалыптастырушы бағалауды қолдану.
6. Оқушылардың әрекетке белсенді қатысуы
- 7.Тілдік мақсаттарды жүзеге асырылуы (академиялық тіл)
8. Дағдылардың дамуы (қарым-қатынас, өзара әрекеттесу, ынтымақтастық)

Сабақты жоспарлау кезеңдері

- Сабақтың типі мен мақсатын анықтау, оның құрылымын әзірлеу.
- Оқу материалын жоспарлау.
- Оқушының сабақта түсініп және есте сақтауы қажет негізгі материалды айқындау.
- Оқу тапсырмаларын «жеңілден күрделіге қарай» қағидасына сәйкес орналастыру.
- төменде берілген «Үш тапсырма топтамасын» құру:
 - a) оқушыларды материалды еске түсіруге жетелейтін тапсырмалар;
 - b) оқушылардың материалды ұғынуына ықпал ететін тапсырмалар;
 - c) оқушылардың материалды бекітуіне ықпал ететін тапсырмалар.

- Сабақтың типі мен мақсатына сәйкес оқытудың әдіс-тәсілдері мен стратегияларды таңдау;

- Әр оқушының қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған оңтайлы жұмыс көлемі мен сабақта оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру формаларын таңдау;

- Қалыптастырушы бағалау тәсілдерін анықтау;
- Сабақтың нәтижелерін бағалау тәсілдерін анықтау;
- Сабақты қорытындылау түрін ойластыру, рефлексия;
- Үй тапсырмасының көлемі мен формасын анықтау.

Сабақты тиімді жоспарлауда негізге алатын құжаттар

1. Оқу бағдарламалары (ұзақ мерзімді жоспар)
2. Оқу жоспары (орта мерзімді жоспар)
- 3.Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

4. Қалыптастырушы бағалауға арналған жинақ (оқу мақсаты бойынша тапсырмалар үлгілері)

5. Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік нұсқаулық (БЖБ,ТЖБ бойынша тапсырмалар үлгілері)

6.Қысқа мерзімді жоспар

Сабақта, соның ішінде тарих сабағында белсенді әдіс-тәсілдер үнемі қолданылады. Себебі, белсенді әдіс-тәсілдер арқылы білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеміз, оқушылардың оқуы қызықты жеңіл өтеді, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйренеді, білімдері тереңдейді, әрі өз бетімен жұмыс жасауға деген жауапкершіліктері артады.

Мысалы: 9-сыныпта «Соғыстан кейінгі Қазақ КСР-нің әлеуметтік-экономикалық дамуы» тақырыбын өтуде оқушылардың сабаққа деген ішкі уәжін туындатуда сұрақ қою әдісінің тиімділігі мол. Оқушыларға:

• 1950 жылдары ауылшаруашылығының дамуына не ықпал етті? – деген сұрақ қою арқылы жаңа сабаққа деген ішкі уәжір туындату арқылы табысты білім алуына жол ашамыз.

ПОПС формуласы әдісі арқылы «1946-1950 жылдардағы Қазақстандағы ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің дамуын» анықтауда оқушылар ақпаратты талдап, тарихи қорытынды жасайды.

Бірінші сөйлем «Менің ойымша,....»

Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін.....»

Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»

Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім.....»

Нәтижесінде: 1946-1950 жылдардағы Қазақстандағы ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің дамуы бойынша қорытынды талдау жасайды және Қазақ КСР-нің төртінші бесжылдық жылдарындағы дамуына тарихи қорытынды баға береді.

«Бір сөйлем» әдісі арқылы тапсырма орындауда оқушылар соғыстан кейінгі Қазақ КСР-нің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы 1 сөйлеммен өз ойын жеткізеді.

Мысалы: мал шаруашылығы экстенсивті түрде дамыды. Қазақстанда кәсіпорындар мен фабрикалар қарқынды дамыды.

Қорыта келгенде, жаңартылған білім беру аясында білім берудің мақсаты мен міндеттерін орындай отырып, Қазақстан халқын біріктіретін жалпыұлттық идеяларды жүзеге асыруда «Мәңгілік Ел», «Қазақстан – ортақ мекеніміз», «Қазақстан – менің Отаным» жалпыұлттық идеяларын жүзеге асыруда мектептердің рөлі аса маңызды.

МЕКТЕПТЕ БИОЛОГИЯ ПӘНІНЕН ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУЫ

Туртбаева Кульжархын Кадырқұлқызы

Т.Тәжібаев атындағы №47 мектеп-гимназиясының биология пәні мұғалімі
Шымкент қаласы, Қазақстан

Бүгінгі таңда Қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімделендіру мәселелері тұр. Өйткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік пен интеллектуалдық әрекеттерді қажет ететін жағдайларда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етуде. Осыған байланысты мектептерде биология пәніне арналған қосымша сабақтар жүргізу, оқушылардың өзін-өзі дамытуды максималды түрде іске асыру мен қоғам өмірінде орынды қатысу үшін өздігінен іздену, талдау жасау, ақпараттарды дұрыс пайдалануға мүмкіндік береді.

Елбасымыз Н.Ә Назарбаев «Еліміздің ертеңі, бүгінгі жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздың қолында» деп атап көрсеткеніндей, ұрпақ тағдыры үшін жауап беру ұстаз атаулыға үлкен міндет артып отыр. Оқу процесін дұрыс және ғылыми тұрғыда ұйымдастыру үшін мұғалімге тек биологияның теориялық негізі мен оқыту әдістемелерін білу жеткіліксіз.

Тәжірибелік жұмыстар еңбекке баулу мен тәрбиелеудің қорытындысының өзіндік көрсеткіші (индикаторы) қызметін атқарады.

Мектептегі тәжірибелік жұмыстарын дамыту оқушыларға еңбек, адамгершілік, физикалық, экологиялық, эстетикалық тәрбие берумен тығыз байланыстырылуы шарт. Мектепте қосымша білім беру мен сауықтыру еңбегін ұйымдастырудың негізгі көзі ретінде жас натуралистер үйірмесін ұйымдастырылды. Бұл ұйымда оқушылар табиғат әлеміне ене отыра экологиялық білім және патриоттық тәрбие алады. Жазушы Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай: «Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» -деп, адам тек табиғатпен етене араласқанда ғана табиғатты түсінеді.

Қазіргі таңда балалар «ақпараттық технология әлеміне» еніп, қоршаған ортаны айтпағанда табиғат әлемінен алыстап, өзімен-өзі жеке қалып, тұйықталып бара жатқаны күйі емес, бұл олардың келешекте жеке тұлға болып қалыптасуына және елінің нағыз азаматы болып өсуіне кері әсерін тигізері сөзсіз.

Осы мақсатта жас натуралистер үйірмесінде оқушылардың белсенді еңбекке, қоғамдық іс-әрекетке қызығушылығын арттыру, өсімдіктерді өсіру әліппесін, өсімдіктердің географиялық орнын, химиялық құрамын және биологиялық жетілуін зерттеуге үйрету.

Жас натуралистер үйірмесінде оқушыларды биология пәнінен сыныптан тыс жұмыстар арқылы белсенді еңбек пен қоғамдық іс-әрекетке дайындау. Қоғамдық пайдалы өнімдермен еңбек ету барысында саналы тәжірибелерін пайдалану арқылы машықтануға (практикалық) бағытталған мәселерді шешу, шығармашылық және эксперименттік жұмыс үшін жағдай жасау. Оқушылардың білігі мен дағдысын қол жетерліктей мәдени өсімдіктерді өсіруде іске асыру. Қоршаған ортамен қарым-қатынасты үйрету арқылы мектеп оқушыларына берілетін экологиялық тәрбиені іске асыру жұмыстарын жүргізу арқылы табиғатты қорғау шараларын жетілдіру.

Оқушылардың - биология пәні бойынша алған білімдерін тереңдете отырып, танымдық қызығуы мен шығармашылық қабілеттерін дамытуда теориялық білімдерін практикада пайдалана білуде мектеп жанындағы оқу-тәрбиеге бағытталған жылыжайдың маңызы өте зор.

Мектеп жанындағы жылыжай да биология пәнінен оқушыларымен өсімдіктер морфологиясы, физиологиясы, географиялық орны бойынша сабақтар. Көп жылдық гүлдер мен көкөніс дақылдары егужәне күтіп баптауды үйрету жұмыстары атқарылады. Жылыжай жұмысын ұйымдастыруда, ең бірінші, алаңның топырағына көңіл аударған абзал. Себебі, топырақ құрамы мен құрылымы өсімдіктің өсуі мен гүлдеу мерзіміне, алынатын өнім түсіміне тікелей әсер етеді. Жылыжай алаңын топырақпен қамтамасыз ету мен оны танаптарға орналастыруға мұқият қарау қажет. Оқушылар өсімдіктерді, мысалы қызанақ, картоп, тамыржемістер (сәбіз, қызылша, шалқан), үрмебұршақ және пияз - көң мен қарашірікті, оның үстіне минералды тыңайтқыштарды есептеп шашуды және топырақ құрамын анықтауды үйренеді.

Оқушылар жыл бойы жылыжайда өскен дақылдарды күтіп баптау, өнімін жинау жұмыстарымен бірге пәнге байланысты әр-түрлі тәжірибелер жасайды, нәтижесінде оқушылардың танымдық белсенділіктерін артады. Жылыжай жұмысын дұрыс жоспарлау барысында мынадай педагогикалық міндеттер жүзеге асады:

- Оқушылардың танымдық қабілеттері артады.
- Теориялық білімнің практикамен байланысуы.
- Оқушыларды еңбек сүйгіштікке, іскерлікке тәрбиеленеді.
- Ізеттілікке тәрбиеленеді (кішіге қамқор болу).
- Агрогеобиологиялық тәрбие беріледі.
- Экономикалық білім беріледі.
- Оқушылардың функциональдық сауаттылығы артады.

Сондықтан да оқушыларға жан-жақты, саналы білім беруде, оларды өзіндік зерттеушілік еңбекке баулып, еңбек ете жүріп танымдық қабілеттерін дамытуда мектеп жанындағы жылыжайдың берері мол. Сабақтан кейін оқушылар өздерін толғандырып жүрген мәселелер жайлы оқытушыдан көп мағлұмат беруді сұрайды. Оқушылардың қызығушылығын қанағаттандыру үшін, танымдық қабілетін арттыру үшін мұғалім оқушыларды сыныптан және мектептен тыс жұмыстарға тарту керек. Сыныптан тыс

және мектептен тыс жұмыстарға үйірме, факультатив, секция, клуб, студиялардың жұмыстарын айтуға болады.

Күтілетін нәтиже:

- оқушыларың жаратылыстану пәндерінен функционалды сауатты, салауатты, әрі саналы тұлғаны қалыптастыруға жетелейді;

- оқушыларды мектеп жанындағы үлескіде (учаскіде) жұмыс істеу барысында ғылымға деген қызығушылығы артады, мамандақ таңдауға бағыттайды;

- табиғатқа әсемдікпен қарауға дағдыланады;

- «Жасыл - ел» бағдарламасын игерген оқушы табиғатты сүюге, аялауға, табиғатты көркейтуге өз үлесін қосуға тырысып, тиімді пайдалануға үйренеді.

Ауылшаруашылық жұмыстарына сәйкес тәжірибе жұмыстары арқылы оқушылар тірі табиғатты тереңірек оқып-үйренеді, жергілікті климат жағдайын ескере отырып өсімдіктерден мол өнім алуға эксперименттік зерттеу жүргізеді. Табиғатты қорғау шараларын үйренеді, мектеп жанындағы жылыжайындағы тірі табиғат бұрышында жұмыс істеуге дағдыланады.

Тәжірибе жасау арқылы – зерттеуші (экспериментатор) қойған мәселені шешуге жан-жақты жауап іздеу нәтижесінде күрделілігі, маңыздылығы, ұзақтылығы әртүрлі көптеген сұрақтардың жауабын табады.

Мектеп жанындағы жылыжайда тәжірибелік – өндірістік жұмыстарын жүргізу оқушылардың келешек мамандығын саналы түрде таңдауға дайындайтын, еңбек тәрбиесінің алғашқы сатысы деп қарау керек және бұл еңбекке оқыту мен еңбекке баулып тәрбиелеудің нәтижесі өзіндік көрсеткіш қызметін атқарады.

Тәжірибе жұмыстары көптеген пәндердің – еңбекке баулу, табиғаттану, биология, география, экология, химия және физика-математиканың кейбір тақырыптарының оқу бағдарламаларының жалғасы болып табылады.

Осы пәндерден игерілген теориялық білім далалық және жылыжайда зертханалық эксперимент жүргізгенде пайдаланылатын болады. Алайда бұл білім әдетте аздық етеді, сондықтан, іс барысында туындайтын мәселерді шешу үшін қосымша хабар көздеріне жүгіну, танымның жаңа әдістерін игеру керек болады.

Тәжірибелік жұмыстарға балалардың білім деңгейі мен жас ерекшеліктерін, олардың икемімен қызығушылығын ескере отырып, 1-11 сынып шәкірттері тақырыптар бойынша түгел қатыстырылуы керек.

Тәжірибе жұмыстарының бағытына қарай негізгі алға қойылатын мәселе оның қортындысының ғылыми құндылығы болуы керек. Яғни, тәжірибе жұмыстары бұрыннан белгілі әдістермен жүргізілуі керек, оның қорытындылары дәлелді де сенімді, қорытындысы қатесіз болуы керек. Жас натуралист ұзақ тәжірибе жасау үстінде көптеген беймәлім жайттарға жауап табады. Кейде алғашқы мәліметтер болмауы мүмкін, оларды алдын-ала арнаулы әдебиеттерден, шаруашылықтың статистикалық материалдарынан, мерзімді баспа сөздерден, ұзақ та қыруар еңбек жұмсаған эксперимент үстінде табуға болады.

Оқу-тәжірибе жылыжайындағы бақылаулар мен тәжірибелер барысындағы оқушылардың агробиологиялық дағдысын қалыптастыру және дамыту

Оқу әдісі ретінде жылыжайдағы бақылауды тәжірибемен үйлесімде оқу-тәжірибе жүргізілетін сабақтарда кеңінен пайдалану қажет. Өсімдіктер құрылымы мен тіршілігін ғылыми зерттеудің маңызды әдістері – бақылау мен тәжірибе кейбір өзгерістерге ұшырай отырып, ғылыммен бірге мектепке енді. Мектеп жылыжайында оқушылар мәдени және арам өсімдіктердің биологиялық және экологиялық ерекшеліктерін зерттейді, олардың өсуі мен фазалар бойынша дамуын бақылайды. Оқу-тәжірибе жылыжайында жүргізілген

тәжірибелер мен бақылаулар материалында негізгі био-гео-хим-экологиялық ережелер мен ұйымдарды ашу өте тиімді.

Бұл зерттеуде оқу-тәжірибе жылыжай базасы негізінде агробиологиялық білімді қалыптастыруға бақылаулар мен тәжірибелердің әсері анықталады. Бақылаулар мен тәжірибелерді толық түсіну себеп-салдарлық байланыстарды, анықтаумен және оларды жинақтаумен байланысты. Ол сыртқы нақты фактілерді қабылдаудан бақыланатын құбылыстардың мәнін ашатын ұғымдарға өтуді болжайды.

Бақылау – қоршаған табиғатты танудың маңызды тәсілдерінің бірі. Ол сезім органдары көмегімен табиғат нысандары мен құбылыстарын тікелей қабылдауға негізделген. Бақылау мұғалімнің, оқушылардың басшылығымен жүзеге асырылатын табиғат құбылыстарын, еңбек үдерістерін, өсімдіктер мен жануарлар тіршілігін өздігінше зерттеудің әдісі болып табылады. Бақылауды жылдың кез келген уақытында ұйымдастыруға болады.

Мектептегі оқу-тәжірибе жылыжайындағы тәжірибені жасар алдында оқушылар тәжірибеге қойылатын талаптармен танысып алу керек. Әр тәжірибе екі мөлдеkte жүргізіледі - тәжірибелік және бақылау мөлдектері.

Мөлдектердің мөлшері, формасы, бетінің тегістігі, топырағының құрамы бірдей болуы міндетті.

Тәжірибелік мөлдеkteгі өсімдік сиретіліп, тыңайтқыш себіледі, ал бақылау мөлдегінде бұл шаралар орындалмайды. Екі мөлдектерде де топырақтың өңделуі, өсімдіктердің күтіп-бапталуы, егінін жинау бірдей етіп жүр, бір мезгілде жүргізіледі. Тәжірибе қорытындысы дәл шығу үшін, әр тәжірибе екі- екіден қойылады. Әр тәжірибенің мақсаты мен тақырыбы бірдей болады және оны жүргізу жоспары жасалынып белгіленеді.

Жылыжай тәжірибе мөлдектерінде тәжірибе тақырыбы, дақылдардың аты, тәжірибенің бақылануы жазылған тақтайшалар орнатылады.

Тәжірибе тақырыптарын таңдау

Мектептің оқу-тәжірибе жылыжайында жасалатын тәжірибенің табысты және практикалық маңызды болуы оның тақырыбын дұрыс таңдай білуге байланысты болады.

Мектептегі тәжірибе жұмыстарының мазмұны оқу бағдарламалары аясында болады және оқушылардың қызығушылық деңгейіне, ұйымдастырушылардың қоятын мақсаттарына топырақ-климаттық жағдайларға және жергілікті ауылшаруашылығының ерекшеліктеріне байланысты толықтырылуы мүмкін.

Оқушылар орындайтын тәжірибе жұмыстарының тақырыптарын **мынадай бөлімдерге жүйелеуге** болады.

Өсімдіктің тіршілік ортасындағы топырақтық – климаттық жағдайлары.

Мәдени өсімдіктерді өсірудің агротехникалық әдістері.

Ауылшаруашылығы өсімдіктерінің, оның ішінде көкөністердің дамуы мен өсуінің биологиялық ерекшеліктерімен таныстыру және сортты зерттеу.

Органикалық және минералдық тыңайтқыштар мен микротыңайтқыштардың көкөніс өнімділігі мен оның сапасын жақсарту әсері.

Фитоцидті өсімдіктер - өсімдіктерді зиянды насекомдардан қорғаудың құралы ретінде қарастыру.

Бағдарламалық тәжірибелер зерттеудің жеке және жалпы әдістерін жасаудың негізі қызметін атқарады.

Тәжірибелердің оқу-танымдық маңызы

Мектептің оқу-тәжірибе жылыжайында жасалатын тәжірибелердің ең әуелі оқу-танымдық маңызы болуы керек.

Оқушылар оқу-тәжірибе жылыжайында өсімдіктер тіршілігіне бақылау жасауды, тәжірибеге қойылған өсімдіктерге сыртқы факторлардың әсерін бақылауды үйренеді, тәжірибедегі мәліметтерді талдай алуға және осылардан дұрыс қорытынды жасай білуге машықтанады.

Мектептегі оқу-тәжірибе жылыжайы - оқушыларға жаратылыстану білім берудің орталығы.

Оқу-тәжірибе жылыжайын жасаудағы мақсат-ауылшаруашылығының өсімдіктерін өсіруді үйрену, көкөністердің өзіндік ерекшеліктерін білу және көкөністерден мол өніп алып, әсем гүлдер өсіру үшін, оларға қандай жағдайлар жасау қажеттілігін нақтылау.

Оқу – тәжірибе жылыжайында мынадай бөлімдер болады:

1. Жаратылыстану пәндерінің оқушыларымен сабақ өткізілетін зерттеу бөлімі. (өсімдіктер морфологиясы, физиологиясы, географиялық орны бойынша сабақтары).

2. Көп жылдық гүлдер мен көкөніс дақылдары егілетін бөлімі.

3. Жылыжайда оқушылармен жүргізілетін практикалық талаптарға сәйкес көшеттер бұрышы.

Жылыжай табиғат жағдайына ұқсас, тіршілік ортасында өсетін әртүрлі өсімдіктер бірлестігіне жататын өсімдіктер коллекциясынан құралады. Мектеп жанындағы жылыжайға болашақта өз мектебімізден тыс бала бақшалар тәрбиеленушілері мен басқа мектептердің бастауыш сынып оқушыларына саяхат (экскурсия) сабақтар ұйымдастыруға болады.

Сондай-ақ, төменгі сынып оқушылары еңбек сабағында алуан түрлі дақылдар егудің әдістерін үйренетін болады. Маусым айында 4 топтан тұратын еңбек топ (отряды) мүшелері жұмыс істейді. Жазғы маусымда жылыжайдың жұмыс кестесіне сай 8-11 сынып оқушылары бесінші еңбек тоқсанын өткізеді. Ал, күзде дәстүрлі көрме ұйымдастырылып, онда мектеп жанындағы участокте өсірілген өсімдіктер мен көкөністер, гүлдер туралы өлеңдер, жұмбақтар мен әзіл сөздердің көңілді кеші ұйымдастырылады.

Мектептің оқу-тәжірибе жылыжайында атқарылатын жұмыстардың перспективалық жоспары

Көктемгі кезең

Жазғы кезең

Күзгі кезең

Оқушылар жасайтын тәжірибе тақырыптары:

Оқу-тәжірибе жылыжай жағдайында сәбіз бен картоп сорттарын сынау.

Ашық топырақта крестгүлді тұқымдас өсімдіктердің өсіп-өнуіне бақылау жасау.

Экологиялық тәжірибелер. Өсімдік жабындыларының дамуы. Қоқыс үйінділерінің көктеп шығуы.

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ «ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Умбетаева Назира Затуллақызы

А.Байтұрсынов атындағы №5 ЖОМ биология пәні мұғалімі
Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Қазақстан

Аннотация.

Бұл мақалада Әл-Фараби шығармаларындағы моральдық-этикалық, (қайырымдылық, ізгілік, әділеттілік, шынайылық, т.б) мемлекетті қорғаудағы толеранттылық, парасаттылық, тұрақтылық пен қатар, қоғамдық санадағы дін, тарих, білім беру құндылықтарындағы жас ұрпаққа рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудағы маңыздылығы қарастырылады. Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары» еңбегі ұлы ойшылдардың еңбектерімен салыстыра баяндалады.

Аннотация

В данной статье рассматриваются морально-этические ценности (милосердие, гуманность, справедливость, правдивость и т. д.), а также роль толерантности в защите государства, нравственности, гуманизма, толерантности и т. д., а также важность формирования духовно-нравственных качеств молодого поколения в общественном сознании, истории, нравственных ценностях в произведениях Аль-Фараби. А также сравнивается произведение Аль-Фараби «Благородные городские жители» с трудами других великих мыслителей.

Түйінді сөздер: Әл-Фараби, Қайырымды қаланың тұрғындары, Платон, Асан қайғы, философия

Біз өмір сүріп отырған заманда адамның руханилығы, оның шығармашылық интеллектісі, жаңалықтарға ашықтығы қоғамның негізгі капиталы ретінде бағаланады. Адамгершілік адамның жалпы мәдениетінің көрсеткіші ретінде оның абыройын, жалпы адамзаттық құндылықтарды ұстануын білдіреді. Руханилық – адамның материалдық емес, адамгершілік құндылықтар басымдығына негізделген адам мен адамзат өмірінің рухтық – сезімдік жақтары, адамдардың өзгеше ойлау бейнесі мен тіршілік әрекеті. Бұл мәселелер қай кезде де құндылығын жоймаған, керісінше, уақыт озған сайын арта түспек.

Осы ретте, біз қарастырғалы отырған Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындары» еңбегінде белгілі бір мемлекетті қала ретінде қарастыра отырып, қаланың бірнеше түрлеріне сипаттама береді. Оларды біріктіретін жалпы белгі – адамдардың қауымдасып, өмір сүруі және бірінші басшымен басқарылуы. Әл-Фараби адамдар қоғамы туралы ілімнің Платон іліміндегідей философиялық мәселелермен байланыстырып зерттейді. Ол қоғам құрылымын суреттемес бұрын, жалпы дүние құрылымына тоқталады. Қоршаған әлемнің қайнар көзі бірінші себептен туындаса, мемлекетте әр нәрсенің бастамасы бірінші басшыдан шығады. Әл-Фараби жер бетіндегі адам қызметінің маңыздылығын ғаламдық заттардың пайда болуындағы бірінші себептің атқаратын рөлімен теңестіреді.

Қайырымдылығы жоқ қоғам болашақ ұрпаққа қажетті құндылықтарды бере алмайды. Мұндай жағдайда тарихтың бойындағы рухани дүниелерді кейінгі ұрпаққа жеткізуге, мемлекет мүддесін қорғауға қабілетсіз келеді. Сондықтан өркениетті мемлекеттің бет-бейнесі оның мәдениеті, әлеуметтік ортада адам бойындағы рухани-адамгершілік қасиеттердің орын алуымен көрініс табады. Әл-Фараби айтып кеткендей, мемлекеттің рухын қоғамдағы адамгершілік, шынайылық, тұрақтылық, ізгілік асқақтата отырып, рухани құндылықтарды сақтай алады.

«Қайырымды қала тұрғындарын алатын болсақ, – деген Әл-Фараби, ата-бабаларының көзқарастарына сәйкес олардың бойында қалыптасқан рухани жағдай олардың жандарын материядан азат етеді» [1]. Адам баласы өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғаммен интеллектуалдық тұрғыда байланыспай тұра алмайды. Осыған сәйкес ата-бабамыз Отанына, мемлекет мүддесіне, болашақ ұрпақ мүддесіне абыройлы қызмет ететін тарихты қалыптастырған.

Әл-Фарабидің айтуы бойынша, қайырымдылық адамның табиғатында бар нәрсе. Жеке адамның қайырымдылығы мінез-құлқына әрі тәрбиесіне байланысты. Адам баласынан рухани өмірдің шегі қайырымдылықты, ізгілікті талап етеді. Әл-Фараби философиясындағы зерделенген қайырымдылық, ізгілік мәселелері адамзат баласына ортақ, оның табиғатының мәнін ашатын, адамның тұлғалық қасиеттерін, болмысын тарих қатпарынан аршып алатын басты құндылық. Адам баласының игілігіне қызмет ететін, өзінің төл мәдениеті мен құндылықтарын дәріптейтін, сақтайтын кейінгі ұрпаққа дінді, адамды, қоршаған ортаны құрметтеуді үйрете білетін құндылықтарын кейінгі жастарға ұлықтай алатын ел адамдары ғана қайырымды мемлекетті құра алады. Мемлекеттің қайырымдылығы адамның рухани байлығында, барлық қоғамдық сана түрлерін (дін, білім, тарих, мәдениет, ғылым, т.б.) сақтай алған, оның қызметін ұқыпты түрде пайдалана білген қоғам өзінің өкілі адам бойындағы қайырымдылықты оята біледі, адамның бойындағы адамгершілік қасиеті арқылы мемлекетті қайырымды мемлекет (қала) деңгейіне көтереді.

Ел, халық, ұрпақ үшін ақылды, білікті, сауатты, төзімді болу. Байлығы мен күшіне сенген мемлекет жайында Әл-Фараби, «...олар былай деп ұйғарған: қала біткен бір-бірімен күресіп, жауласуға тиіс, бұл қалалардың ешқандай дәрежесі жоқ, бұларда еш бір тәртіпте жоқ және бұл жерде басқаларға қарағанда сый-құрметке немесе тағы бір артықшылыққа жалғыз өзі лайық келетін ешкім де жоқ. Олардың ұйғаруынша, әрбірі өз қолындағы игіліктің бәрін емін-еркін пайдаланып, өзіне пайдалы нәрсе үшін басқаға қарсы күресуге тиіс, сөйтіп өз дұшпанының бәрін жеңіп шыққан адам – ең бақытты адам. Осының бәрі қалада надан қалаларға тән көптеген көзқарастың тууына себепкер болады»[1].

Сондықтан, Әл-Фарабидің жетік адам басқарған мінсіз қайырымды қоғам «әл-мадина әл-фадила» құру туралы көтерген мәселесі әрқашан өзекті. Біріншіден, әділетті басшы басқарған мінсіз қоғамның негізін қалыптастыру – әр заманның арман тілегі, екіншіден, қайырымды қоғам жалпы адамзаттық кеңістікке бейімделген. Ол кез-келген дәуір, кез-келген халық мүддесімен сабақтас. Қайырымды қаланың тілі не діні, мәдениеті, не өркениеті сан-саққа соқпайды. Қайырымды қаланың мүшелерін ортақтастыратын белгі біреу-қоғам мүшелерінің ортақ мақсаты жолында жетілуге ұмтылу. Бақытқа жету жолында «қайырымдылық» нормаларына сәйкес бір бірін қолдап отыру–қайырымды қаланың өзіндік ұстанымы.

Бақытқа жетудің басты шарттарының бірі адамның ақылдылығы болып табылады. Ақыл мен қайырымдылыққа ие болған адам бүкіл дүниенің көркі іспеттес. Мәселен, бұл Асанның қолы жетпейтін арманы емес, ол бақытты дүниенің көркі дегенде оны ұшқыр қиялмен, ойының ауқымдылығымен қамтып отыр. Бұл орайда әйгілі Платон: «...философия пайымдаумен, ақылмен, ойлаумен шектеліп қоймайды. Философия қиялға да беріліп отырады, қиялдау арқылы философия өмірде әзірге жоқ, бірақ болуға тиісті нәрселердің, қатынастардың тұтас бір жүйесін құрады» деп көрсеткен [3].

Адамды бақытты ету Асан ой-толғауында әрбір адам ақырып басып, ойлана сөйлеп, толғана білуі керек. Адамның өзіндік жетілуі ең жоғары моральға апаратын жол. Адам тек сол әдет-ғұрыпты жетілдірудің арқасында ғана мәнді өмірге жете алады.

Бұл Асанның өз заманына тән бақытқа жетудің әдіс-айласы болатын. Оның қоғамға деген көзқарасының білікті өзегіне айналған халқына деген зор сүйіспеншілік, парасаттылық, қарапайымдылық, адамгершілік қасиеттері өсіп-өркендей келе, салауатты да зерделі көрініс береді. Ал Әл-Фарабидің адамгершілік ілімінің негізгі бағыты «адам бақыты деген не және оған қалай жетуге болады?» деген сауалдар төңірегінде қарастырылады. Әл-Фараби: «Адам бақытының шыңына жету үшін соған жетуді қалайтын адамнан оны игерудің әдісі мен амалын табуды талап етеді» деп қорытынды ой түйген [2].

Дүниежүзі мәдениеті мен ғылымының негізін салушы энциклопедиялық білім иесі Әл-Фарабидің «Бақытқа жету жолында барлық халықтар бір-біріне көмектесетін болса, жер беті түгелімен берекеге толады» деген сөзі дәл бүгінгі жаһандану заманына қатысты айтылған секілді [4]. Бұл көрегенділікпен айтылған сөз қазіргі кезде жастарды этникалық және діни толеранттылыққа тәрбиелеу. Экстремизм мен радикализмге қарсы әрекет етуші дағдыларды қалыптастыруымыздағы ұранымыз іспетті.

Әл-Фарабидің әлеуметтік танымның өзегі – қайырымды қала құру мұраты әдептілік, әділеттік және қала тұрғындарының жалпы игілікке жету жолына негізделген. Мұратты қайырымды қала ортақ бір мақсат- бақытқа жету үшін бірлескен. Ол өзара бір-бірін қолдап, көмек көрсетуге әрқашан дайын тұрғындардың үйлесімді қауымдастығы. Әл-Фарабидің қайырымды қоғам құру мұраты шынайы өмірде іске аспайтын қиял болғанмен, ол адамдардың өмірге талпынысын білдіреді; адам баласының әу бастан көксеген мәңгілік мәселелерінің бірі – бақытқа жету екенін байқатады.

Қаланы құру барысында философтың ұстанар басты принциптеріне тоқталатын болсақ, теориялық ізгіліктер мен қайырымдылық ізгіліктер бір-бірінен ажырамас бірлікте қарастырылады. Қайырымды қала құрылымының барлық ара қатынастарын тек әділеттікпен өлшеу; сондай-ақ қоғам мүшелерінің арасында әділетті мүлік бөлісі; бастысы, халықты тәрбиелеу және білім беру ісінде алалаудан алшақ болу. Айрықша назар аударатын нәрсе – қалың жұртты қала басшысының тек басқаруы ғана емес, тәрбиелеуі. Қайырымды қоғамда білімге баулу, иландыру әдістері, философия мен дін негіздерін бірдей дәрежеде қолданумен жүзеге асырылады.

Қоғам өміріндегі көптеген адамгершілік, моральдық проблемалардың, адам бойындағы мінез-құлық мәселелері қай заманда болмасын мәнін жоймайтыны, қанша заман ауысқанымен уақыт, жағдай өзгергенімен халықтың ұлттық ерекшеліктері, ойлау жүйесі, құндылықтары, адамгершілік қасиеттері жаңаша сипатқа ие болып, жалғастық тауып, дамып, өрістеп отыратындығы.

Қорыта айтқанда, Әл-Фараби шығармаларының бүгінгі замандағы өмір шындығын танып-білуге үлкен себеп тигізетінін мойындауымыз керек. Заман ауысып, уақыт озған сайын қоғамдық ой-санаға ықпал-әсері артып, өркендеп, дамып отыратын асыл мұра. Өз кезегінде жеке тұлғаның бойында рухани – адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға, өзін-өзі тану үдерісінде жақсы адамды тәрбиелеуге ықпал етері сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1.Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы. Ғылым, 1975ж.
- 2.ҚазҰУ хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы №1(36). 2011
3. Лосев А. Философиялық энциклопедия. Москва, 1967г.
- 4.Сатыбекова С.К. Гуманизм аль-Фараби. Алматы: Ғылым, 1975ж.

БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Күреңбай Гүлназ Әлайдарқызы

А.Назарбеков атындағы №87 ЖОББМ биология пәні мұғалімі
Шымкент қаласы, Қазақстан

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Сонымен қатар мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Бүгінгі таңда білім ұйымдарындағы пәндерді дербес компьютер көмегімен оқыту нәтижелігін зерттеудегі ғылыми мәселелерді шешу ең басты орын алады.

Мектептегі пәндерді оқыту процесінде компьютерді қолданып сабақ өткізу мұғалім мен оқушы қарым-қатынасы жүйесін, олардың іс-әрекетінің мазмұнын, құрылымын, өзгерте отырып, олардың мотивациялық эмоциональдық ортасына, сезімінің өсуіне әсер етеді.

Ғалымдар биологияны — ХХІ ғасыр ғылымы деп танығандықта, ол жаңа ақпараттық технологияларымен тығыз байланысты. Қазіргі кездегі білім беру жүйесінде негізгі мақсат оқушыға жеке тұлға ретінде қарап оның дамуына көп көңіл бөлуде. Бұл пәнді оқыту мұғалімге зор міндеттерді талап етеді, өйткені ол бүкіл сыныптың қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс. Міне, осы жағдайда жаңа технологиялардың көмегі зор. Оқыту үрдісін компьютерлендіру мақсатында интерактивті тақтамен жұмыс жасау тиімді. Қазіргі уақытта Қазақстанның жалпы орта білім беретін мектептерінің барлығы дерлік интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген. Интерактивті әдіс – диалогтік әдіс, нәтижесінде сабаққа қатысушылар бір-бірімен байланыса отырып, мәселелерді шешеді. Интерактивті тақта мектеп сыныптарында әр пән бойынша, соның ішінде биологиядан зертханалық сабақтарды өткізген кезде оның құрылғылары (датчиктері) қолданылады. Қарапайым тақта және компьютер проекторына қарағанда, интерактивтік тақта сабақ мазмұнын кеңінен ашуына мүмкіншілігі өте зор. Интерактивтік тақтаны пайдалану кезінде үлкен жетістікке қол жеткізу үшін, тек қана сауатты сабақ жоспарлап, керекті материалдарды дайындау керек.

Оқушылар биология сабағында арнайы компьютерлік бағдарламалар мен электрондық оқулықтарды пайдалану арқылы кез-келген тақырыпты өздері меңгереді. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, олардың ой-танымын кеңейтуге, өз бетінше шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жұмыс жасауына көп көмегін тигізеді. Биология пәні бойынша компьютерлік тестілеуді қолдану оқушылардың интеллектуалдық танымын арттырады. Оқушылар бір тестілеуден жақсы нәтижеге жеткенше бірнеше қайтара өтеді. Бұл тестілердің барлығы биология бойынша мемлекеттік білім стандарты талаптарына сәйкес келеді. Ол оқушылардың интеллектін, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, тірі табиғатты, ағзаларды толығымен түсінуге ықпал жасайды. Биология пәнінің кейбір тараулары ойлануды, талдай білуді, салыстыруды қажет етеді. Оған биология кабинетінің жағдайы келе бермейді. Айталық, адам қаңқасы, микроскоп, ұлғайтқыш әйнек, сүтәттер т.б. тәжірибе жасайтын құралдардың болмауы.

Биология сабағында компьютерді пайдалану оқу үрдісінде мұғалімі мен оқушының оқудың жеке дара шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік береді.

Жаңа сабақты түсіндіру барысында сабақтың мазмұнын дайын күйінде бермеуге тырысамын. Оқушылардың өздігінен танып-білу дағдыларын қалыптастыра отырып, жаңа тақырып бойынша анықтама, ережелерді өздері құрастырып тұжырымдай білуіне жетелеймін. Ол үшін оқытудың интерактивті формаларын сабақта қолданамын.

Биология сабағын өтуде өз пәніме деген оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін сабақты түрлендіріп, өмірмен байланыстырып, қазіргі заман талабына қажетті білім алуға жағдай жасауға тырысамын. Оқушыларды сабақтан жалықтырып алмас үшін бүгінгі күндегі жаңа технология бойынша сабақ үлгілерін ойластырып, күнделікті жоспарға өзгерістер ендіріп, сайыс, дебат, ХХІ ғасыр көшбасшысы түрінде сабақтар өткіземін. Және сабақта оқытудың интерактивті әдістері мен СТО бағдарламасының кейбір элементтерін көп қолданып жүрмін. Сонымен бірге биология сабақтарында оқушыларға мынадай талаптар қойылады:

- үйге берілген тапсырманы оқулық бойынша оқу;
- оқыған материалды биологиялық тілде айтып шығу;
- тақырыпқа байланысты таблица жасау, тірек-сызбасын сызу, негізгі терминдерді жатқа айту;
- тақырыпқа сай өз пікірін айта білу,
- қосымша ақпарат көздерінен алынған материалдармен тақырыпты толықтыра білу.

Осы талаптарды өз деңгейінде орындаған оқушыны қабілетті деп танып, ол оқушымен мынадай жеке жұмыстар жүргіземін.

Қазіргі оқу үрдісінде дәстүрлі емес сабақтар, кештер, дидактикалық ойындар, әр түрлі әдіс-тәсілдер кеңінен қолданылып жүр. Ұстаз қандай әдіс-тәсіл қолданса да мақсат біреу, ол оқушыға тиянақты да сапалы білім беру және оны әр түрлі қосымша материалдар мен оқушының тиянақты да сапалы білім беру және оны әр түрлі қосымша материалдар мен оқушының есінде қалатындай етіп ұйымдастырып бекіту. Ұстаз оқушылардың пәнге қызығуын арттыру мақсатында өз тарапынан шығармашылық ізденістер жасап, әр түрлі дидактикалық кештер ұйымдастыруы керек.

Биология пәнінің дидактикалық ойын кештерінің мазмұны тіршіліктің құндылығын, биологиялық мәселелердің маңыздылығын жете түсінуге, оқушылардың өмірге деген көз қарастарын жан-жақты дамыту, оқытудың теориялық бағытын, практика жүзінде іске асыру, қоршаған ортамызды аялай білуге үйрету және оқушыларға өмір сүру заңдылықтарын терең сезініп, оны дұрыс қабылдауына мүмкіндік береді.

Оқушылардың сабақтағы белсенділігі олардың сабаққа деген қызығуларының артуымен тығыз байланысты. Әсіресе, дидактикалық ойындар оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін жетілдіріп, өз пікірін дәлелдеуге, сыныптастарымен еркін пікірлесуге ықпалын тигізеді. Дидактикалық ойындар оқушыларды биологиялық материалдарға қызықтыруымен қатар алған білімдерін бекіту, тереңдету үшін де тиімді. Өйткені, дидактикалық ойындар оқушылардың танымын кеңейтіп, оның ойлау қабілетін ізденімпаздығын еңбекқорлығын жетілдіруге, олардың жеке тұлғалық қабілеттерін тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.

Ойын әрекетінің философиялық негіздерін ғылыми тұрғыдан қарастырған К.Гросс, Г.Спенсер, И.Хейзинга, И.Кант, В.Демин т.б. ғалымдар ойын теориясының қалыптасуы мен дамуын, ойын іс-әрекетінің әлеуметтік тұрғыдан маңызды жақтарын айқындап, оның бала қиялы мен ойлау қабілетіне оң әсер ететінін анықтаған.

Дидактикалық ойындар және қызықты жаттығулар арқылы теориялық білімді нақтылап, білім-білік дағдыларды қайталап және бекітуге арналған.

Қазіргі кезде ойын мәселесі бірқатар ауқымды зерттеулерде қомақты орын алып, оның баланы дамытудағы мәні анықталды. Оқушыларды дидактикалық ойындар арқылы әлемдік ізгілік пен әдептілік негіздерімен тәрбиелеу қолға алынды. Бұл үшін әлемдік тәрбиенің озық үлгілерін, сыннан өткен тәрбие көздерін биологияны оқыту барсында тиімді қодану қажет. Осы бағытта:

- 1.Идеялық-саяси, адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру;
- 2.Дүниеге дұрыс көзқарас қалыптастыру;
- 3.Отанымыздың мейлінше бай, көркемдікті бағалай ілуге, елін, жерін қадір тұтып, сүйуге тәрбиелеу;
- 4.Балалардың алған білімдері мен оқу дағдыларын, шеберліктерін жетілдіру, тілін онан әрі дамыта түсу;
- 5.Еңбекке қызығу, еңбекқорлыққа тәрбиелеу керек.

Демек, биология сабақтарында дидактикалық, ойындарды оқушыларды жан-жақты тәрбиелеуге негіздеу қажет. Осыған орай биологияны дидактикалық ойындар арқылы меңгерту жұмыстарының мынандай мақсаттары болуы керек:

а) дидактикалық ойындарды тәлім-тәрбие көздерімен ұштастыруда биологиялық биологиялық жұмбақтарды, сауалғыларды, сөзөрімдерді сөзжұмбақтарды оқыту барысында ойындар арқылы кеңінен қолдану;

ә) көркем шығармаларды дидактикалық ойын түрінде беру арқылы оқушылардың мәдениет пен әдебиетке дұрыс көзқарасын қалыптастыру;

б) дидактикалық ойындар арқылы оқушыларға шешендік сөздерді үйретіп, олардың биологиялық тілін қалыптастыру керек.

Ойынның маңызы туралы В.А.Сухломинский: «Ойын дегеніміз – орасан зор жарық терезе, осы терезе арқылы баланың рухани дүниесіне қоршаған дүние туралы түсініктерін, ұғымдардың ширақ тасқаны келіп құйылады. Ойын дегеніміз – бұл ынталық пен құмарлықтың отын жағатын ұшқын».

Биологиялық кештерде, КТК (көңілдер, тапқыштар клубы), брейн-ринг өткізу барсында, сабақты бекіту кезеңінде, үй тапсырмасын сұрау кезеңінде, үйірме жұмыстарында биологиялық жұмбақтарды қолдануға толығымен болады.

Дидактикалық ойын кеші – эмоциональды өте қызықты өтетін тәрбие жұмыстардың бірі. Өткізілетін дидактикалық ойын кештері тек тыңдаушы, көрермендерді ғана емес қатысушылардың қызығушылығына үлкен әсер етеді.

Әдебиеттер:

1. Верзилин Н.М., Корсунская В.М. Общая методика преподавания биологии. Изд-е 3-е. М., «Просвещение», 1976.
2. Зверев И.Д., Мягкова А.Н. Общая методика преподавания биологии М.; Просвещение 1985.
3. Қайым Қ., Әлімқұлова Р., Қожантаева Ж., Сәттімбеков Р. Биология оқыту әдістемесі. Алматы: «Атамұра», 2007 ж.
4. Барнс Л.Б., Кристенсен К.Р., Хансен Э.Дж. Преподавание и метод конкретных ситуаций: Пер. с англ. / Под ред. А.И. Наумова. – М., 2000. – 501 с.
5. Кемелқызы Т., Оңғарбаева Г.Р. Биологияны оқыту әдістемесі. Оқу әдістемелік кешен – А.: Инжу-Маржан, 2010.

БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНУИ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жумабаева Меруерт Есенғалиевна

А.Назарбеков атындағы №87 ЖОББМ биология пәні мұғалімі
Шымкент қаласы, Қазақстан

Жаңа, тез өзгермелі, білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетті. Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндік. Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек. Жаңа заман мұғалімнен күнделікті оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Оны қанағаттандыру үшін қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек.

Бұндай түйткіл мәселерді шешу үшін білім берудің жаңартылған мазмұнын тиімді пайдаланып, ондағы озық әдіс-тәсілдерді ретімен, тиімді пайдалану керек екені дау тудырмайды. Болашақтың осы шақтан да нұрлы болуына ықпал жасап, адамзат қоғамын жетістікке жеткізетін құдіретті күш тек біздің білімде. Яғни, білім беретін мұғалімдерде. Біздің білім берудегі басты мақсатымыз – жан-жақты дүниетанымы кең, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-толғамы бар, адамгершілігі озық, бәсекеге қабілетті жеке Тұлға тәрбиелеу. Осы мақсатты жүзеге асыруда оқушыға білім мазмұнын терең түсіндіре отырып, игерген білімін таразылай білу керек екені де басты мәселе.

Білім берудің замануи жүйесі, оқытудың инновациялық түрлері мен әдістерін енгізу педагогика қызметкерлерінің тұлғасы мен кәсіби құзыреттілігіне, білім беру мазмұнына жоғары талаптар қояды.

Биология – вирустардан бастап адамға дейін барлық тіршілік иелерін, олардың қоршаған ортамен қарым – қатынасын оқытып – үйретеді. Биология басқа ғылымдармен тығыз байланыста және кейде олардың арасындағы айырманы бөліп көрсету қиынға соғады.

Биология құрылымды – бағдарлы пән ретінде оқушының кеңістіктегі әрекеті негізіндегі тұлғалық бағдарын жүзеге асыратын дағдылар қалыптастыруға мүмкіндік береді. Биология сабағында оқытылатын объектілер мен үрдістердің әр түрлілігі жалпыбілімдік ақпараттық және оқушының ойлау дағдыларының дамуы үшін орасан зор мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. Бұл даму қазіргі уақытта кез келген бейінді мектепте жүзеге асырылуда. Гуманитарлық бағыттағы сыныптар үшін биология табиғатқа, өмірге жақындығымен құнды. Математикалық бағыттағы сыныптар үшін бұл пән популяция генетикасы формулалары бойынша есептеу, нәруыздардың әр түрлілік формулаларын, т.б. қорыту сияқты әрекеттердің үлкен аумағын көрсетеді.

Орта мектептерде биологияны оқытуды талдау, ҰБТ нәтижелері оқушылардың биологиялық білім сапасын жылдан – жылға төмендеп келе жатқандығын, олардың таяз және формальды сипат алатындығын көрсетеді. Пединститут, университеттердің биология факультетіне түсетін жалпы орта білім беретін мектеп түлектерінің белгілі бір материалды жеткілікті жоғары деңгейде білгенімен, жалпыбиологиялық сұрақтарды, жалпы теориялық мәселені нақты материалмен байланыстыруды білмеуі оларға үлкен

қиындықтар әкеледі. Абитуриенттердің басым бөлігінде теориялық ойлау әлсіз дамыған, бұны қазіргі уақытта мектептегі биология сипаттау материалын көп береді, фактілік ақпараттың көптігінен, теориялардың бекітілмеуінен деп түсіндіруге болады. Мектеп оқушыларының естеріне жүк түсіретін және қажет деңгейде дәлелдеуді қамтамасыз етуге мұрша бермейтін түрлі ағзалар құрылысының анатомды – морфологиялық бөліктерін есте сақтауы қажет деп қабылданған.

Биологияны оқытуда әлі де 11 – 13 жастағы оқушылардың ойлау ерекшеліктері жеткіліксіз ескерілген. Олардың бойында фактілерге деген қызығушылықпен қатар білгенін жалпылау және абстрактілеу, өз пікірін нақтылау, қорытынды жасау, білімді синтездеу сипаты да жоғары болып келеді.

Сондықтан биологияны алғаш оқыта бастағанда негізгі биологиялық ұғымдарды (эволюциялық, экологиялық, цитологиялық, морфофункциялық және т.б.) енгізген дұрыс. Және олар оқушылардың танымдық мүмкіндіктеріне қолжетімді есептеліп, сыныптан сыныпқа өткен сайын біртіндеп жаңа мәліметтермен кеңейтіліп, тереңдетіліп және толықтырылып отырса, жөн болар еді.

Биология материалдарын тізбектей беру мәселесінде оқушылардың білімді меңгеруі мен теориялық материалды логикалық тұрғыда қабылдауын жақсарту үшін келесі бөлімдер мен тақырыптардың орындарын алмастыру қажет:

Ø «Сезім мүшелері» бөлімі барлық мүшелер жүйесін оқып болғаннан кейін өтілуі керек, «Ішкі секреция бездері» бөлімі «Зат алмасу» тақырыбының алдында өтілгені дұрыс;

Ø «Жер бетінде тіршіліктің пайда болуы» бөлімі «Жер бетіндегі тіршіліктің дамуы» бөлімінен бұрын оқытылуы қажет;

Ø «Тірі ағзалардың химиялық ұйымдастырылуы» бөліміндегі «Нәруыздар биосинтезі» тақырыбын «Жасушадағы зат алмасу және энергияның пайда болуы» бөліміне ауыстыру керек;

«Жасушадағы зат алмасу және энергияның пайда болуы» бөліміне «Фотосинтезді» қосу қажет;

Ø «Ч.Дарвиннің түрлердің пайда болу теориясы» бөліміндегі «Биологиялық прогресс пен регресс», «Биологиялық прогрестің өрлеу жолдары» тақырыптарын «Макроэволюция» бөліміне ауыстыру керек;

Ø «Экологияға кіріспе» бөліміндегі «Әлемде және Қазақстанда экологияның мәселелері» тақырыбын «Биосфера және адам» бөліміне ауыстыру қажет.

Сонымен, бүгінгі күнде кездесетін түйінді мәселелер мектептегі биологиялық білім берудің, биологияны оқыту бағдарламалары тұжырымдамасын қайта қарау қажеттігі бар екендігін көрсетеді.

Әдебиеттер:

1. Биология және салауаттылық негізі : ғылыми-педагогикалық журнал. – Алматы. 2003ж.
2. Ағыбаева Б. Сабақ жүргізу технологиясы // Биология және салауаттылық негізі. - 2006. - №6. - С. 42-50
3. Аутаев М. Саралап деңгейлеп оқыту педагогикалық технологиясын биология сабақтарына енгізу жолдары // Биология. - 2006. - №2. - С. 7-10
4. Никишов А.И. Теория и методика обучения биологии - М., 2007.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Буралхиева Жұлдыз Садуахасовна

Түлкібас ауданы әкімдігінің білім бөлімі
Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының әдіскері
Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Қазақстан

Инклюзив сөзі – латын тілінен аударғанда «өзімді қосқанда», ал ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді. Инклюзивті білім берудің мақсаты – даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен бірге білім беру. Инклюзивті білім беру - мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы.

Инклюзивті оқыту - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу ұйымдарында, ұйым өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту – балалардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқыту – адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы.

Инклюзивті оқыту балаларды оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз – барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектенулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті білім беру саласын дамытуға арналған бағыттар:

Қоғамның, жалпы білім беретін мектепке дейінгі ұйымдардың мүмкіндігі шектеулі балаларды қабылдауына дайын болуы.

Инклюзивті білім беру идеясын таратуда, шектеулі мүмкіндіктері бар балаларға толерантты, дұрыс қарым-қатынастың қалыптасуына бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуын қамтамасыз ету.

Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін мамандар арасында тәжірибе алмасушылықты қамтамасыз ету, дұрыс тәжірибелерді баспалар, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тарату.

Аймақтарда инклюзивті білім беру мәселесі бойынша Үйлестіру кеңесін құру.

Ата-аналар қоғамдастығының мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуға құқығын және мүдделерін іске асыруға және оны қорғауға қатысуы, оқыту үрдісінің өзіне және түзету көмегін іске асыруға қатысуы.

Инклюзивті білім берудің көп аспектілік мәселесіне ғылыми зерттеулер өткізу. Инклюзивті мектепке дейінгі ұйымда жұмыс істеу мақсатында педагогика қызметкерлерін даярлау.

Педагогикалық ЖОО және медициналық колледждерде кіші жастағы балалармен жұмыс істеу мақсатында мамандарды даярлау жүйесін жасау.

Арнайы(түзету) мекемелері мен жалпы білім беру мекемелері өзара сабақтастықта жұмыс жасау.

□ Мүмкіндігі шектеулі балаларды ерте кезден бастап түзетуді қолға алу жүйесінің басымдылығын қолдау.

□ Кіші жастағы балаларды дамыту қызметі жүйесінің жұмысының нормативтік-құқықтық және ғылыми-практикалық негізін жасау.

□ Мектепке дейінгі мекемелерде мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту үрдісінің мониторингін жасау.

□ Жүйке және дене дамуы бұзылған тәрбиеленушілерге, жанұясына кеңестік көмек көрсету, баласының оқу және тәрбие үрдісіне ата-анасын қатыстыру, өйткені, оларда даму ерекшелігіне деген оң қарым-қатынас қалыптастыру.

Инклюзивті білім беруді дамытудағы нақты факторлар: объективті және субъективті қиындықтар болып бөлінеді.

Субъективті қиындықтар: стандарттық процедуралардың әзірленбегендігі мүмкіндігі шектеулі балалардың оқу дәрежесін үнемі қадағалау мақсатында білімді мониторинг жүргізу үшін индикаторлардың жоқтығы және қазақ тілінде оқу әдістемелік құралдардың аздығы. Оқу тәрбие процесін ұйымдастыруда тәрбиеші педагогтардың арнайы білімдерінің болмауы және мандар тарапынан тұрақты кеңестің аздығы. Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымға клетін мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы көліктің болмауы. Мүмкіндігі шектеулі балалардың жеке проблемаларының болуы, яғни олардың ауырып, қалуы, мектепке дейінгі

Объективті қиындықтар: материалдық техникалық базаның төмен болуы. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту процесінде жеке дара тіл табудың қиындығы. Мамандарға арналған кабинеттердің жетіспеушілігі. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін тәрбиешілерге біліктілігін арттыру курстарының ұдайы жүргізілмеуі. Қазақ тілінде оқытатын педагог-дефектологтардың жетіспеушілігі, ауылдық аймақтарда арнайы мекемелер үшін тифлопедагогтар мен сурдопедагогтар, логопедтер санының жетіспеушілігі күрделі мәселе болып қалады.

Инклюзивтік білім беруді шешу жолдары :

- мүгедек мәселені қоғамда түсіну;
- қатарластарымен қарым-қатынас;
- толыққанды білім беру ;
- қоғамға кіріктіру және бейімделу;
- мүгедек емес балаларды түсінуге, пікірлесуге тәрбиелеу;
- даму мүмкіндігі шектеулі балаларды ерте тексеру және түзету-педагогикалық қолдау көрсету мекемелерінің көптеп ашылуы ;
- балаға міндетті психологиялық-педагогикалық жетелеу жүргізіп, жалпы білім беру үрдісімен кіріктіру;
- әр бала үшін кіріктірудің мүмкін және қажетті түрін анықтау;
- даму мүмкіндігі шектеулі жандарды ерте анықтап, кешенді көмек көрсету;
- даму мүмкіндігі шектеулі балаларды мектепке даярлау ;
- ерекше сұранысқа ие балаларды қанағаттандыру мақсатында жалпы типте білім беру мекемелерін техникалық құрал-жабдықтармен толықтыру;
- инклюзивті білім беруді дамыту үрдісінде қоғамдық мекемелерде ата-аналарды қатыстыру.

Мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру ортасы баланың білім беру үрдісіне қосылуын және әр тәрбиеленушінің мүмкіндігіне қарай пайдалы таңдауына мүмкіндік жасайды. Мемлекетіміздің әрбір азаматы-ұлттық құндылықтарымыз, әр баласы еліміздің ертеңі екенін ескерсек әрбір мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау біздің міндетіміз.

LEGO КОНСТРУКТОРЛАРЫ-МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ИНТЕЛЕКТУАЛДЫ ДАМУЫНЫҢ ҚҰРАЛЫ

Нурдилдаева Жулдыз Кайыповна
«Айлин» бөбекжай-балабақшасының әдіскері
Түркістан облысы, Шардара ауданы, Қазақстан

Мектеп жасына дейінгі балалардың білім беру жүйесінде жаңа ойындар мен ойын-сауықтар пайда болды. Балалар ақпараттық және коммуникациялық құралдарды оңай игереді. Сондықтан оларды дәстүрлі көрнекі құралдармен таңдандыру қиын. Оқу процесінің дамуы негізінен мектеп жасына дейінгі баланың жеке қасиеттерінің қалыптасуына әсер ететін көптеген бағыттар бойынша жүреді [1,33-б].

Балаларға дерексіз тұжырымдамаларға қызығушылық таныту қиын, тіпті егер оқу мақсаты оларға түсініксіз болса, оларды материалдық тұрғыдан меңгерту мүмкін емес. Біз, тәрбиешілер өзімізге заманауи технологияларды үйренуіміз керек екенін түсініп, әртүрлі әдістер мен әдістерді қолдануға тырысамыз. Өйткені біздің балалар - компьютерлер, Интернет, электроника, робототехника әлемінде өмір сүреді. Олар мұны өздерінің оқу іс-әрекетінде көргісі келеді, зерттейді, пайдаланады, түсінеді. Осындай заманауи әдістердің бірі бірлескен (мектеп жасына дейінгі балалар, мұғалімдер мен ата-аналар) интеграциялау - LEGO конструкторлары деп саналады.

LEGO - педагогика - баланы оқыту мен дамыту үшін нақты әлемнің үш өлшемді модельдерін және пәндік-ойын ортасын қолданатын қазіргі кездегі танымал және кең таралған педагогикалық жүйелердің бірі.

Әр бала - дүниеге келген дизайнер, өнертапқыш және зерттеуші. Жобалау - бұл баланың интеллектуалды дамуымен тығыз байланысты қызықты және әсерлі қызмет.

Оқу тәжірибесінде, LEGO жақында дизайнды қолдана бастады. Бұл дизайнер менің назарымды дизайнерлердің әр түрлі түрлерімен қызықтырды және «баланың ізденісі мен тәжірибелік зерттеуіне үлкен мүмкіндік беретін жарқын, түрлі-түсті, көп функциялы материал». LEGO конструкторының элементтерінің формасы әр түрлі [2,63-б].

LEGO элементтерін бір-біріне бекітуге арналған көптеген нұсқалар бар, бұл әр түрлі ғимараттар мен ойын жағдайларын жасауға шексіз мүмкіндіктер береді.

Балада табиғаты бойынша жаңа нәрсе ойлап табуға және зерттеуге деген құштарлық бар. Осы қажеттіліктерді жүзеге асыру үшін LEGO конструкторлары ең қолайлы болып табылады. Ол балаларға әртүрлі ғимараттар жасау арқылы қиялдары мен шығармашылықтарын дамытуға мүмкіндік береді. LEGO конструкторларын құрастыру барысында балалар қиялды, есте сақтауды, табандылықты, логикалық ойлауды дамытады. Мұндай ойын баланың көркемдік және зияткерлік дамуын ынталандырады [3,100 б].

LEGO жиынтығының ерекшелігі, олардан сіз қалағанның бәрін жасай аласыз: сарайлар, фермалар, роботтар, мифтік құбыжықтар, автомобильдер. Әр түрлі жиынтықтарды араластыру мүмкіндігі балаларға өздерінің ерекше ғимараттарын құруға мүмкіндік береді.

LEGO конструкторының көмегімен балалар бір мезгілде ең күрделі математикалық білімді игере отырып, моториканы үйлестіруді, ұсақ моториканы дамытып, көзді жаттықтыра отырып, өзінің ерекше әлемін жасай алады. LEGO конструкторы сабаққа деген қызығушылықты оятып, қиял мен кеңістіктік ойлауды дамытады. Сонымен қатар шығармашылыққа қызығушылығын оятады.

LEGO конструкторларын қолдану маңызды білім беру міндеттерін жүзеге асыруға көмектеседі. Қазақстан балабақшаларында мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты дамуын ынталандыратын қолайлы жағдайлар жасалған.

LEGO конструкторларын құрастыру барысында бала жаңа бір нәрсе жасайды. Өзінің бойында жаңа қабілеттер мен дағдыларды ашады.

LEGO конструкторларын құрастыру барысында баланың интеллектуалды дамуына әсер ететін мидың екі жарты шары да жұмыс жасап, бас бен қолды әртүрлі дәрежеде жұмыс істеуге шақырады. LEGO конструкторларын құрастырғанда бала ауызша есептеуді, санның құрамын меңгергенін, қарапайым арифметикалық амалдарды орындағанын байқамайды. LEGO конструкторларын қолдана отырып, балалар әртүрлі білім беру салаларындағы білімді біріктіруді талап ететін практикалық мәселелерді немесе проблемаларды шешу үшін өз бетінше білім алады. LEGO конструкторлары баланың үйлесімді және интеллектуалды дамуына ықпалын тигізеді [4,22-б].

LEGO конструкторларын құрастыру ересектердің, ата-аналардың немесе тәрбиешілердің қатысуынсыз мүмкін емес. Баланы өз жұмысында басшылыққа алынып, дарындылығының ашылуына көмектесуі керек. Осылайша, LEGO конструкторларын қолдану балалардың интеллектуалды дамуына көмектеседі.

LEGO технологиясы барлық білім беру салаларын ұйымдасқан оқу іс-әрекетінде де, балалардың өз бетінше іс-әрекетінде де біріктірудің мысалы болып табылады. Математикалық қабілеттерін дамыту - бала өлшемі, түсі, конфигурациясы үшін қажетті бөлшектерді таңдап есептейді. Сөйлеу және қарым-қатынас дағдыларын дамытып, бала сөздікті жаңа сөздермен толықтырады, жобалау барысында ересектермен байланыс жасайды. Әртүрлі тақырыптар бойынша нақты сұрақтар қояды, олардың қасиеттерін нақтылайды. Түзету жұмыстары - баланың тұтастай дамуына жағымды әсер етеді (ұсақ моторика, есте сақтау қабілеті, зейін, логикалық және кеңістіктік ойлау, шығармашылық қабілеттер және т.б. дамиды) [5,100-б].

LEGO Education WeDo 2.0 конструкторы мектепке даярлық тобындағы мектеп жасына дейінгі балалар арасында бағдарламалау, ғылыми жұмыстарды жобалау және жүргізу дағдыларын дамытуға арналған:

- электронды компоненттер;
- LEGO текшелері;
- бағдарламалық қамтамасыз ету;
- Оқу құралдары.

LEGO конструкторларын құрастыру балаларды әлемнің құпияларын білуге шабыттандырады, ғылыми зерттеулерге баулып, өздігінен ашылған жаңалықтарды терең талдауға ықпал етеді [6,45-б].

LEGO WeDo робототехникасы - бұл 7 жасар балаларға арналған, заманауи жинақ және робототехника саласындағы алғашқы сенімді қадамдарды жасауға мүмкіндік береді. Қарапайым роботтарды жинап, оларды белгілі бір әрекеттерді орындау үшін бағдарламалай отырып, бала мәліметтерді жобалауды, бағдарламалауды, байқауды, жинауды және талдауға үйренеді. Сонымен бірге ол әлемнің қалай реттелгені туралы жаңа білім алады.

LEGO Wedo ойынының тақырыптары: көңілді механизмдер, футбол, хайуанаттар әлемі.

Қарым-қатынас орнату балаларды диалогқа және жаңа нәрселерді үйренуге итермелейді. Мысал: LEGO Wedo-мен жұмысты «Ерекше хайуанаттар бағы» бойынша бастай отырып, балалар өз міндеттерін осы тақырыпта бастарындағы ақпаратпен

байланыстырады. Сонымен, балалар миы өте маңызды ой процестерін орындайды және оның жұмыс тетіктерін жақсартады [7,88-б].

Осылайша, LEGO-құрылыс баланың интеллектуалды дамуына зор мүмкіндік береді деп қорытынды жасауға болады.

Педагогикалық идеяны іске асыру үшін мен балабақшада жағымды психоэмоционалды жайлылықты құруға және қолдауға тырысамын. Әр баланың өзінің жақсы қасиеттерін, қажеттіліктерін, мүмкіндіктерін, тілектерін жүзеге асыруына жағдай жасаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бедфорд А. Инструкция LEGO. М. 2019г.
2. Фешина Е.В. Лего- конструирование в детском саду. М. 2019г.
3. Комарова Л.Г. Строим из ЛЕГО. Линка – Пресс Москва, 2001г.
4. Ишмакова М.С. Конструирование в дошкольном образовании в условиях введения ФГОС. Москва, 2013г.
5. Ишмакова М.С. Конструирование в дошкольном образовании в условиях введения ФГОС: пособие для педагогов / М.С. Ишмакова; Всерос. учеб.-метод. центр образов. робототехники. – М.: Изд.-полиграф. центр «Маска», 2013. – 100 с.
6. Ишмуратова З.С. Реализация системно-деятельностного подхода при обучении lego-конструированию / З.С. Ишмуратова // Rushkolnik.ru. – Режим доступа: <http://rushkolnik.ru>
7. Комарова Л.Г. Строим из LEGO: моделирование логических отношений и объектов реального мира средствами конструктора LEGO / Л.Г. Комарова. – М.: «ЛИНКА-ПРЕСС», 2011. – 88 с.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ПӘНДЕРДІ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Кожамуратова Зулпия Нурлановна

№68 жалпы орта білім беретін мектептің биология пәні мұғалімі
Шымкент қаласы, Қазақстан

*Білекке сенген заманда,
Ешкімге есе бермедік.
Білімге сенген заманда,
Қапы қалып жүрмелік
Абылай хан*

Үштілділік туралы ойтолғау жазарда көп ойландым. Неден бастау керек? Осы көптілділіктің бізге қарама-қарсы бар ма, жоқ па деген сауалдарда мазалай берді.

Ойлана келе ата-бабамыздың өткен тарихына көз жүгіртсек...

Әлемде екінші ұстаз, ұлы ғұлама Әбу-Насыр Әл-Фараби өмірінде 76 ұлттың тілін білсе, әр рухты дауылпаз ақын Махамбет пен қазақтың бір туар ұлы Шоқан да бірнеше тіл білсе керек. Ұлы Абай орыс-қазақ тілдерімен қатар парсы, араб тілдерін меңгерген. Орыс тілін орта жастан асып барып, кеш меңгерген. Қазақ тілі еш уақытта өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалып өмір сүрмегендігі, өз сыбағасын ешкімге бермегендігі мыңдаған жыл тарихынан айқын.

Көп тіл білу-заман талабы. Елбасы өзінің 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі –жаңа Қазақстан» атты жолдауында : «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлттаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі». Иә, «үштілділік» саясатын қайта қарау қажет деген пікірлер жиі қылаң беріп жүргені жасырын емес. Десек те Елбасының: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді»- деп ескерткенін тағы бір қайталап қойсақ артық болмас. Әлемдегі дамыған елу елдің қатарына қосылу үшін билік «үш тұғырлы тіл» саясатын қолға алып жатқаны белгілі. Ақпараттық техниканың дамыған заманында тілді үйрену қиындық тудырмайды, қайта көп тіл білгеннің ешбір зияны жоқ. Бірақ Қазақ баласы әуелі отбасында Қазақы рухпен тыныстап, ана тілінің нәрлі уызына қанып, ұлттық рухани тәрбиенің қайнар бұлағынан сусындап өсуі керек. Алғашқы тәрбиені ана тілінде қабылдап, Қазақы қасиетпен жетілген бала кейін қандай ортада жүріп, қанша тіл үйренсе де, өз тілін ұмытпайтын, ұлттық қасиетінен көз жазып адасып қалмайтын болады. Әлихан Бөкейханов сынды алаш арыстарымыздан бастап, кешегі Абай Құнанбайұлы, М. Әуезов, Қ. Сәтпаев сияқты талай тарландырымыз қанша жерден ресей топырақтарында білім алса да, сол империяның қысымында жүрсе де, ана тілінің идеологиясы мен мәртебесін ең жоғары орынға қойған. Өйткені олардың бәрінің де тілі қазақша шыққан, бірі ауыл молдасынан хат таныса, енді бірі ана тілінде мұғалімдерден тіл сындырған. Яғни, тірек мықты. Тіл ана тілде сайрап тұрғандықтан, ешкім оған балта да шаба алмаған.

«Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл», – демекші, көп тіл білу – жаһандандудың бір кепілі. Шетел тілін үйрену, оның қолданыс аясын кеңейту бүгінде кезек күттірмейтін өзекті де маңызды мәселелердің бірі. Ағылшын тілі – әлемдік бизнес тілі, оны жетік меңгеру – біздің жастарға көптеген мүмкіндіктерге жол ашады.

Заманға сай еліміздің дамуындағы барлық салаға жаңашылдық өзгерістер жедел енгізілуде. Соңғы жылдары жиі айтылған үштілділік – бәсекеге қабілетті елдердің сапынан көрінуге негіз қалайтын баспалдақтардың бірі. Осы мақсатта мектеп қабырғасынан бастап жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту қолға алынды. Білім саласындағы ұтымды үдерістерді алдыңғылардың бірі ретінде тәжірибеде қолдануға мүдделі мектебімізде өткен оқу жылынан бастап үлгі ретінде арнайы сынып жасақталып, оқушылар биология, химия, физика және информатика пәндерін үш тілде қатар меңгере бастады. Жасыратыны жоқ, пән мен тілді қатар алып жүрудің қиындығымен қатар қызығда барын байқадық. Үш тілде білім алудың алғашқы жылында оқушыларға жаратылыстану ғылымы пәндерін біртіндеп ағылшын тілінде оқыту арқылы сөздік қорларын көбейтіп, ойлау қабілеттерін жетілдіруіне жол ашылды. Үш тілде сыныптан тыс жұмыстар мен ашық сабақтар жүргізіліп, пәнді ағылшын тілінде меңгеру деңгейлері жыл сайын жоғарылай бастағаны көрінуде. Соның бір мысалы ретінде былтырғы жылдың желтоқсан айындағы Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында білім ордасында аудандық деңгейдегі ауқымды семинарды алғаш рет 8 "А" сыныбымен "Function and diseases of the endocrine glands" тақырыбында үш тілде ашық сабақ өткіздім. Сабақ жоғары деңгейде өтті. Одан басқа " Methods of selection" және тағы да басқа ашық сабақтар өткіздім.



Сабақ барысында оқушылардың бойынан ағылшын тіліне деген қызығушылығын, өз Ана тіліне деген құрметін байқадым. Демек үш тілде сабақ жүргізу арқылы баланың әр сабақта тілі жаттығып, әрі сөздік қоры молайып, тіл үйренуге деген қызығушылығын арттыруға болады.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», – деп арқалы ақынымыз жырлағандай, ең алдымен мемлекеттік мәртебесі бар ана тіліміз – қазақ тілінде еркін сөйлеп, сауатты жазу парасатты парызымыз және мерейлі міндет. Содан соң басқа ұлттың тілдерін үйрену арқылы біліктілігімізді жетілдірсек ғылымның кез-келген саласы бойынша биік белестерді бағындыра алатындығымыз айдан анық. Сөзімді Елбасымыздың «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс» деген сөзімен аяқтағым келеді.

ПӘНДІ ОҚЫТУДАҒЫ ЫНТАЛАНДЫРУДЫ КӨТЕРУ ТӘСІЛІ РЕТІНДЕ БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА АКТ ҚОЛДАНУ

Боранбаева Сауле Хасеновна

№66 «Қазығұрт» ЖОББМ биология пәні мұғалімі

Шымкент қаласы, Қазақстан

Қазіргі уақытта білім берудің мақсаты мен міндеті өзгеруде, басты назар жеке-бағдарланған білім беруге аударылуда. Дегенмен де, сабақ оқу үрдісінің басты құрамдас бөлігі болып табылады. Оқушылардың оқу қызметі сабаққа бағдарланған. Оқушылардың дайындық сапасы білім мазмұнымен, сабақты өткізу технологиясымен, ұйымдастырылу және практикалық бағыттылығымен, оның атмосферасымен анықталып, жаңа педагогикалық технологиялардың енгізілуін қажет етеді.

Сабақта АКТ қолдану тұлғаның дамуына және оқушылар пәнді оқуға ынталандыруға бағытталған қазіргі білім берудің жаңа түрі болып табылады. Сондықтан да, мен заман ағымына сай әрекет етіп, өз пәніме ақпараттық технологияларды терең енгізе отырып, алдыма келесі мақсат пен міндеттерді қоямын:

1. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы, ақпараттық қоғам жағдайында өзіндік жемісті қызметке дайындау:

- компьютермен жұмыс жасау білігі арқасында жинақы, алгоритмді ойлау қабілетін дамыту;
- жемісті қызмет жасау қабілеті есебінен шығармашылық ойлау қабілетін дамыту;
- ақпараттық мәдениетті қалыптастыру, ақпаратты сараптай білу (кестелік материалды, ақпараттар базасын пайдалану кезінде).

2. Қазіргі қоғамды ақпараттаумен шартталған әлеуметтік тапсырысты іске асыру:

- оқушыларды ақпараттық технология құралдар арқылы өзіндік танымдық қызметке дайындау.

3. Оқу-тәрбие үрдісін ынталандыру:

- ақпараттық технологиялар мүмкіндіктерін іске асыру арқылы оқу үрдісінің сапасы мен тиімділігін көтеру;

- шығармашылық қызметті белсендіруге жетелеу жолдарын анықтау және қолдану.

Қойылған мақсаттар мен міндеттер мені сабақта компьютерлік технологияны қолданудың әдістемелік тәсілдерін үйреніп, оқушылардың өзін-өзі дамыту және бейімделуіне, материалды беру жолдарын жетілдіруге жағдай туғызады.

АКТ қолданудың бағыты мен мүмкіндіктері

Мен өз сабақтарымды жаңаша, проблемалық білім беру, топтық және жұптық жұмыстарды ұйымдастыру, тірек схемаларымен жұмысты ұйымдастыру, техникалық құралдарды пайдалану бағытында құрастырдым. Бірақ қойған мақсатыма жеттім деп ойламадым. Оқушының жеке қабілетіне бейімделуі, тиімді бақылау, оқушылардың өзін-өзі дамытуына жағдай болмады.

Оқушыларды ойлауға және әрекет етуге қалай үйретуге болады? Мықты немесе осалдау, дарынды немесе дарынсыз оқушының өзі белсенді қатыса алатын сабақты қалай ұйымдастыруға болады деген сұрақ туды.

Өз жұмысымды сараптай келе мен биология сабақтарында АКТ қолдану, оқушыларды пәнді ынталандырудың қазіргі уақыттағы қажетті әдісі екенін ұқтым.

Мектептегі биология курсына оқуда компьютерді қолданудың тиімділігін көрсетудің бірнеше бағыттарын анықтадым:

- ✓ Шағын әлемнің нысандары мен құбылыстарын көрнекі көрсету;
- ✓ Биохимиялық процестерді оқу;
- ✓ Табиғи процестер мен құбылыстарды оқу;
- ✓ Биологиялық эксперименттерді құрастыру;
- ✓ Тестілік бақылау жүйесі;
- ✓ ҰБТ-ға дайындық;
- ✓ Анимацияны кеңінен қолдану, биологиялық модельдеу сабақты көрнекі және түсінікті етеді;

✓ Оқушының білімін және материалды игеруін тек мұғалім емес, оқушының өзі де тексере алады;

✓ Компьютер кеңістігінде саяхат жасау баланың дүниетанымын дамытып, қоршаған орта жөніндегі түсінігін кеңейтеді.

Дегенмен де, мен компьютерлік жобалаудың биология сабағындағы басты ерекшелігі – фотосинтез, белок биосинтезі, митоз, және басқада күрделі биологиялық процестерді оқудағы басымдығы деп ойлаймын.

АКТ-мен жұмыс жасау тәжірибесін алу және басқа әріптестеріммен пікір және тәжірибе алмасу маған келесі факторлардың көмегімен іске асады:

1. Компьютерлік құрал-жабдықтар және мультимедиалық кабинеттің болуы;
2. Түрлі авторлардың мультимедия оқулықтарын қолдану, басқа бағдарламалық өнімдерді пайдалану;
3. Әдістемелік және педагогикалық әдебиеттерді оқу;
4. Жаңа жағдайларда жұмыс жасау қабілеті бар оқушылар мен мұғалімдердің болуы.

Табиғатта болып жатқан процестердің биологиялық ақпаратының ерекшелігі мұнда:

- бақылаушының көзіне көрінбейді;
- барлық процестер динамикада өрбиді.

Процестерді динамикада көрсету тек бейнеақпараттарды, мультимедия материалдарын, Ғаламтор қорларын пайдалану арқылы іске асады.

АКТ қолдану түрлері

Биология сабақтарының түрлі сатыларын дайындау және өткізу барысында мен АКТ-ң түрлі әдістерін қолданамын, атап айтқанда:

1. Дайын электрондық өнімдер, оқушы мен мұғалім қызметін оңтайландырып, сабақ сапасын арттырады, биологиялық объектілердің көрінбейтін қырларын тереңірек зерттеуге септігін тигізеді.

2. Мультимедиялық презентациялар, ақпаратқа қаныққан материалды толық және ұзақ уақыт есте сақтауға септігін тигізеді.

3. Ғаламтор қорлары. Қазіргі білім берудің құрамдас бөлігі болып, кең көлемді ізденіске мүмкіндік береді.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҒАРТЫЛҒАН МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА БАЛАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

Беркимбаева Гульманат Джалинбековна

№32 «Еркін» балабақшасының меңгерушісі

Шымкент қаласы, Қазақстан

Білім беру жүйесінің алғашқы қадамы мектепке дейінгі ұйым, балабақша болғандықтан тәрбиешілер мен жетекшілерге жауапкершілік жүктеледі. Мәдениетті, ұқыпты, білімді ұрпақ тәрбиелеу үшін тәрбиешінің өзі тәрбиелі, білімді болу қажет.

Н.Ә.Назарбаев «Болашақ еңбек етіп, өмір сүретіндер- бүгінгі жас ұрпақ, ұстаздар оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» деген болатын. Және де халыққа жолдаған жолдауында «Біздің міндет — жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалана отырып білім мен бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу» деп ұстаздарға жаңа міндет қойған болатын. Сондықтанда әр педагог өзінің білімін жетілдіріп, іздену қажет. Дарынды, білімді, тәрбиелі тұлға қалыптастыруда біздің бөбекжайымыз білім берудің әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, жетілдіріп және жаңа инновациялық білім технологиясын меңгертудеміз.

Білім беру процесін іске асырудың инновациялық тәсілі мақсатында балалардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін арттыратын, эмоционалды-күштік саласын дамытатын, баланың танымдық қабілеттерін белсендіретін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа, заманауи технологиялары мен әдістері енгізіледі. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мазмұны мектеп жасына дейінгі балаларға арналған үйретуші және дамытушы бағдарламалардан тұратын ресурстары бар интерактивтік жабдықтан тұрады. Аталған технологиялар электронды контент ресурстары мен дидактикалық үлестірме материалдарды үйлестіреді, бұл логиканың, ойлаудың, сенсорлық қабілеттердің дамуына мүмкіндік береді.

Инновациялық технологиялардың ерекшеліктері бір уақыттағы әрекет барысында бірнеше әрекеттің қатар жүргізілуінен тұрады:

- мәтінді кәсіби дикторлардың айтуы;
- мультимедиялық анимациялық материалдарды көрсету;
- балалардың білім беру әрекетіне қатысуында.

Балабақшадағы инновацияға не жатады?

Инновациялық іс – әрекеттің үш кезеңін атап көрсетуге болады. Бірінші кезеңде педагог жаңалықтың қажеттілігін дәлелдеу арқылы жаңалық туралы ақпарат жинайды, одан кейін әртүрлі жаңалықтың ішінен қажетті жаңалықты таңдап алып, оны қолдану туралы шешім қабылдайды. Тәрбиеші инновациялық іс-әрекеттің екінші кезеңіне көшеді, яғни іске асыру кезеңдерін зерттеп, енгізу жоспарын құрып, жаңалықты қолданады. Бұл кезеңде педагог оқу–тәрбие процесіне, жаңалықты енгізуіне кедергі жасап отырған факторларды ескере отырып, өзгерістер енгізеді, жаңалықты уақыты мерзіміне байланысты жұмыстарды өткізеді. Жаңалықты енгізу уақыты аяқталғаннан кейін инновациялық іс- әрекет үшінші кезеңіне өтеді. Бұл кезеңде тәрбиеші жаңашыл тұрғыда ұйымдастырылған оқу–тәрбие жұмысының нәтижесін көтеруге жасаған ықпалын анықтайды, жаңалықтың оқу – тәрбие жұмысына нәтижелі енгізу шарттарын белгілеп, оны таратуға ұсынады. Оқытудың инновациялық жүйесі білім, оқыту процесінде жаңа технологияларды пайдалана білу іскерлігі қалыптасуы керек. Қазақстанның бүгінгі білім беру жүйесінде жаңа инновациялық бағытты игерген, нақты тәжірибелік іс-әрекетте өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл, зерттеуші педагогтар аса қажет. Дәл осы сипаттағы педагогтың ең алдымен инновация туралы түсінігі болуы қажет.

Қазіргі педагогикадағы инновация – білім беру, тәрбиелеу жұмысына жаңалықты енгізу, яғни жаңа әдіс-тәсілдерді амалдарды, құралдарды, жаңа тұжырымдарды жасап, оларды қолдану ретінде анықталады. Инновация құрал мен процесс ретінде қандай да бір жаңалық ендіру жұмыстарын көздейді.

Мысалға алатын болсақ, бала тұлғасы жалпыадамзаттық құндылық ретінде қарастырылатын, ізгілікті педагогика теориясында «жеке бағытталған оқыту», «жеке бағытталған тәрбие», «жеке көзқарас» сияқты түсініктер бар. Жеке бағытталған педагогика балалардың жеке тәжірибе жинақтап, олардың жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктері іске асырылатындай оқыту ортасын жасайды. Жеке бағытталған технологиялар:

- топтық оқыту технологиясы;
- Ш.А.Амонашвилидің ізгілік- жеке технологиясы;
- Интерактивті оқыту;
- Ойын технологиялары;
- М.Монтессори технологиясы;
- Дамыта оқыту технологиясы;
- Мәселелік оқыту технологиясы;

– ТРИЗ шығармашылық технологиялары бүгінгі мектепке дейінгі мекемелер үшін өте тиімді болмақ. Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор. Инновацияға деген қажеттілік қандай да бір мәселені шешу жолында туындайды. Кез- келген педагогикалық ұжым, кез- келген педагог инновациялық іс-әрекетті ұйымдастыруға құқылы. Бірақ жаңашылдықты дайындау және ұйымдастыру барысында өзіне нақты міндет алуы тиіс, өйткені кез келген педагогикалық бастаманың нысаны бала екенін ұмытпаған жөн.

Қорыта келгенде жаңартылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асырудың негізгі бағыттары ол жаңартылған Стандарт және Бағдарламадағы мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне қойылған талаптарды жүзеге асыру болып табылады, жаңа инновациялық технологияларды оқу және іс-әрекет барысында

қолдануымыз қажет. Мұның ішінде М.Монтессори, Воскобович, Зайцевтің технологияларын пайдалануға ұсынамын. Жаңартылған технологиялардың тағы бір технологиясы ол әрине жобамен жұмыс жасау. Жалпы барлық технологияларды ойын әрекетінде пайдалануымыз керек. Мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагогі келесі талаптарға жауап беруі қажет: рухани, кәсіби, жалпы мәдени және денесін жетілдіруге ұмтылған, ішкі дүниесі бай, үйлесімді дамыған, тұлға.

Педагог Бағдарламада анықталған міндеттерді жемісті іске асыру үшін балаларды оқыту мен тәрбиелеудің барынша тиімді құралдары мен технологияларын қолдануы және игеруі қажет. Осы мақсатта ол үнемі өзінің кәсіби шеберлігін арттыруы, білімін көтерумен айналысуы қажет.

ТҮРЛІ ЖАС ТОПТАРЫНДА БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ТӘСІЛДЕРІ

Аширова Надира Гарифуллаевна

«Жансая» санаториялық балабақшасының әдіскері
Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Қазақстан

Қазіргі уақытта республикада түрлі жас топтары қарастырылатын әртүрлі мектепке дейінгі ұйымдар қызмет көрсетеді: шағын орталықтар, отбасылық балабақша, «мектеп-балабақша» кешені және т.б. Педагогтерден түрлі жас топтарымен жұмыс істей білу ерекшелігі және бағдарламалық талаптарды балалардың жеке ерекшеліктерімен сәйкестендіре білу талап етілетіндіктен, бұл топтарда оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру күрделі болып келеді.

Түрлі жас топтары – бұл баланың әлеуметтік қарым-қатынас мүмкіндіктерінің алуан түрлілігін қамтитын, жасанды түрде бөлінбейтін толыққанды балалар қауымдастығы.

Түрлі жас топтарында білім беру процесін ұйымдастыру баланың жас және жеке ерекшеліктерін, қарым-қатынас стилін, білім беру мазмұнын таңдауда саралау тәсілін ескере отырып, құрылады.

Түрлі жас топтары мектепке дейінгі ұйымның құрамдас бөлігі, білім беру процесінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын айқындайтын, оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның мазмұнына, балалардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды белгілейтін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын басшылыққа алады.

Мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысында әдістемелік ұсынымдарды қолдану түрлі жас топтарының педагогтеріне білім беру процесінің нәтижелілігін арттыруға және мектепке дейінгі балалалық шақ кезеңінің өзіндік құндылығы мен ерекшелігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Түрлі жас топтарының әрекетін ұйымдастыру білім беру процесінің және күн тәртібі сәттерінің барысын бақылауды қарастырады.

Түрлі білім беру жағдайларында балаларды бақылау нәтижесі түрлі жастағы балалар қауымдастығында байқалатын жағымды сәттерді анықтауға мүмкіндік береді:

- түрлі жастағы балалармен қарым-қатынас барысында ересек жастағы балаларда мінез-құлықтың мақсатты құрылымын қалыптастыратын: достық, жанашырлық, бастамашылдық, дербестік пайда болады;

- сәбилердің ересектермен қарым-қатынасында мәдени-гигиеналық дағдылары жылдам және тиімді қалыптасады, тілі дамиды, мінез-құлық тәжірибесі, қарым-қатынасы байытылады.

Мектепке дейінгі ұйымның түрлі жас топтарында білім беру процесін жоспарлау мен ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері бар және тәрбиешіден педагогикалық шеберлік мынадай бағыттар бойынша:

- балалар дамуының мақсатты бағыты ретінде барлық жас топтарының бағдарламалық міндеттерін білуі;

- бағдарламалық міндеттерді балалардың жас және жеке мүмкіндіктерімен сәйкестендіре білуі;

- балаларды шағын топтарға тек жастары бойынша ғана емес, басқа да сапалы көрсеткіштері бойынша: жеке мүмкіндіктеріне, жақын даму аймағына, ерекше білім алу қажеттіліктеріне, арнайы қабілеттеріне, бейімділіктеріне қарай бөлуі;

- педагогикалық бақылауды жүзеге асыру қабілеті, әрбір баланы түсініп, оның қиындықтары мен табыстарын көре білуі;

- білім беру жағдайларының өзгерісіне жылдам әрекет ету, қалыптасқан жағдайға сәйкес білім беру мазмұнының тиімді түрлерін, әдістерін таңдауы талап етіледі.

«Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысы, 2017.07.04.берілген өзгерістер мен толықтырулармен) мектепке дейінгі білім берудің қол жетімділігін және вариативтілігін қамтамасыз ету үшін, балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқытуда қолайлы жағдайлар жасау үшін мектепке дейінгі ұйымдардың түрлері құрылады, оларда балалар жас ерекшелігі бір немесе жас ерекшелігі әртүрлі қағидаты бойынша жасақталады.

Мектепке дейінгі ұйымдар топтарының толымдылығы «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығы) және балалардың саны 20-дан артық болмауы тиіс.

Балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау Қазақстан Республикасының білім саласындағы уәкілетті органы бекіткен мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Баланы түрлі жас тобына қабылдаған кезде мектепке дейінгі ұйым басшысы ата-анасын (занды өкілдерін) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларымен, Жарғысымен, қабылдау тәртібі мен білім беру процесін және медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру тәртібін реттейтін құжаттармен таныстыруға міндетті, ата-аналармен немесе заңды өкілдермен шарт жасасады. Шартта баланың мектепке дейінгі ұйымға бару тәртібі, тамақтану жиілігі, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін ұсыну деңгейі мен мерзімдері, мектепке дейінгі ұйымда баланы ұстау үшін төлемақы мөлшері, қосымша ақылы қызметтер және басқа да шарттар айқындалады.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері ішкі тәртіп ережелерінде және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарында нақтыланады. Олар Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, өзге де заңнамалық актілерге қайшы келмеуі тиіс.

Түрлі жас топтарында білім беру процесін ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары бар.

Түрлі жас топтарында 2 жастан 6 (7) жасқа дейінгі түрлі жастағы балалар тәрбиеленетіндігіне байланысты педагог Үлгілік оқу бағдарламасындағы барлық жас

топтарының мазмұнын білуі қажет, бағдарламалық талаптарды балалардың жас және жеке ерекшеліктерімен салыстыра білуі, зейінін дұрыс бөле білуі, әрбір баланы және барлық топты толықтай түсініп, көре білуі, балалардың дамуын олардың мүмкіндіктеріне сәйкес қамтамасыз етуі тиіс.

Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесі мынадай тәсілдерді:

- *саралау*, балалардың жас мүмкіндіктерін ең жоғары көлемде есепке алу ұсынымына негізделген, жастары шамалас балаларды есепке ала отырып, топтарды шағын топтарға бөлуді қамтамасыз етуді;

- *жеке*, педагогтер, психологтар, ата-аналар яғни, тәрбиелеу мен оқыту процесіне барлық қатысушылардың баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруына және оның қабілеттерін дамытуына бағытталуын;

- *ойын*, мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылықтарын белсендіруге ықпал ететін ойын түрлерін оқыту әдісі ретінде қолдануды;

- *денсаулық сақтау*, балалардың денсаулығын сақтауды және нығайтуды;

- *инновациялық*, баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін және мектепке дейінгі ұйымның қызметін бақылауға бағытталуын;

- *құзыреттілік*, баланың дамуын және мектепке дейінгі ұйымның қызметін қалыптастыруды;

- *гендерлік*, қыздар мен ұлдарға арналған ойыншықтардың материалдардың, заттардың ерекшеліктерін есепке алуды қамтамасыз етуді;

- *серіктестік*, балалар мен ересектердің бірлескен әрекетін және балалардың дербес әрекетін ұйымдастыруда икемді тәсілді іске асыруды қарастырады. Серіктестік тәсілінің мәні мынада: тәрбиешінің әрекетке балалармен тең дәрежеде түсуі (ынтымақтастық); әрекет кезінде балалардың еркін қарым-қатынас жасауы (жұмыс кеңістігінің сәйкес орналастырылуы); ашық кеңістік (әрбіреуі өз қарқынымен жұмыс істейді).

Түрлі жас топтарында білім беру процесін жоспарлау мынадай ұстанымдарға:

- балаларға қолайлы оқу жүктемесін сақтауға (ұйымдастырылған оқу қызметінің саны мен ұзақтығы Санитариялық қағидаларға сәйкес);

- білім беру салаларын кіріктіруге;

- әрбір келесі буында алған білімдерін бекіту, кеңейту және тереңдету жалғасатын тәрбие мен оқытудың бірлігіне, сабақтастығына, үздіксіздігіне;

- ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолданып, ұйымдастырылған оқу қызметін интерактивті құруға (оқыту және дамыту бағдарламаларын қолдану, сандық, мәтіндік, бейнелік ақпаратты қолданып, ғаламтордан ақпаратты алу және жүйелеу білу және т.б.) негізделеді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы № 319 2007 жылғы 27 шілде.

2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы.

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары, ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы.

4. Түрлі жас топтарында білім беру процесін ұйымдастырудың әдістемелік ұсынымдары – Астана, 2018 ж. – 24 бет.

5. Давидчук Е.Г. Организация деятельности детей в разновозрастной группе. СПб.: ФЕНИКС, 2002

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ – МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ НЕГІЗДЕРІ

Егембердиева Эльвира Пернеханқызы
«Жансая» санаториялық балабақшасының тәрбиешісі
Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Қазақстан

Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» (2014 ж. 17 қаңтар) тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның дамуының нақты нәтижесіне шоғырланған «Мәңгілік Ел» тұжырымдамасын негіздеп баяндады. Мемлекет басшысы Қазақстанның ұлттық рухын-дәстүрлер рухын, патриотизм, жаңару және жеңістерді нығайтуға шақырды. Елбасы өскелең ұрпақ үш қағида бойынша – бейбітшілік, келісім, саналы еңбекке тәрбиеленуі тиіс екендігін атап өтті.

Осыған сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі: «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа, патриотизм және толеранттылыққа тәрбиелеу болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйым педагогінің міндеті – болашақ ұрпаққа жинақталған білімді сақтайтын және ұқыппен жеткізетін, өз отанының тарихын, салтын, дәстүрін құрметтейтін және ана тілін білетін, шынайы патриоттарды тәрбиелеу.

Алғашқы азаматтық және патриотизм сезімі балаларда отбасында және балабақшада байқалып тәрбиеленеді. Жақындарына, туған өлкесіне, туған еліне сүйіспеншілік тұлғаның қалыптасуында зор рөл атқарады.

Баланы рухани-адамгершілікке тәрбиелеу құралдарының бірі халық ауыз әдебиеті болып табылады:

Фольклор ерте уақыттан бастап :

- педагогикалық өзара іс-әрекеттің;
- баланы психологиялық–педагогикалық зерделеу;
- рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыру;
- баланың сөздік қорын байыту;
- сұлулықтың берілуі және ана тілінің бейнелілігі құралдары ретінде бағаланады.

Халық ауыз әдебиеті туындылары мектеп жасына дейінгі баланың жас ерекшелігіне сәйкес психофизиологиялық ерекшеліктерді терең даналықты, жеңіл сезінуді және қарапайым есте сақтауды біріктіреді.

Халық ауыз әдебиетінің әсерінен баланың танымдық қабілеті жетіледі, оның эмоционалдық саласы дамиды, адамгершілік ұғымы кеңейеді, байқампаздығы және ерікті зейіні артады.

Халық ауыз әдебиеті шығармаларымен танысу балаларды Қазақстанның мәдени мұрасына тартуға, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы негізінде рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді.

Рухани-адамгершілік тәрбиенің әдістері рухани-адамгершілік тәрбиесі теориясы іргетасына негізделген. Рухани-адамгершілік тәрбиесінің мазмұнын және оны жүзеге асыру әдістерін білу заманауи педагог үшін маңызы зор.

Педагогтерге **кіші мектеп жасындағы** балалармен жұмыста шағын фольклор түрлерін (такпақтар, жұмбақтар, санамақтар, өлеңдер, қысқа ертегілер) қолдану

ұсынылады. Шағын фольклор түрлері бала еститін, алғашқы көркем шығармалар болып табылады. Бұл жаста балалар жылдам айтылған сөзді қабылдай алмайды, сондықтан балаға әрбір сөздің мағынасы түсінікті болуы үшін, тақпақтар, өлеңдер, жұмбақтар, санамақтар асықпай, анық оқылады. Бала назар аударып және оны есінде қалдыруы үшін, сөйлемдегі басты сөзді нақты бөліп алып, логикалық, психологиялық және ырғақты үзілістер сақталуы тиіс.

Шағын фольклор түрлері бала өміріне нық енуі үшін, оның мазмұнын түсінуге көмектесу керек. Тек оқып, ән айтып беріп қана қоймай, эмоционалды көңіл-күй тудыруда, оларды қандай түрде түсіндіруге болатынын ойластыру қажет. Педагогтің халықтық - қолданбалы өнер заттарын және қазақтың халық музыкалық аспаптарын (домбыра, қобыз және т.б.) қолдануына болады.

Шағын фольклор түрлері көп жағдайда өзіне - өзі қызмет көрсету және гигиена дағдыларын қалыптастыруда қолданылады. Еңбек әрекетін көрсетуді тақпақтармен, әнмен және т.б. сүйемелдеуге болады.

Тақпақтардың көмегімен балаларды режимдік сәттер барысында жағымды қарым-қатынасқа тәрбиелейді: жуыну, шашын тарау, тамақтану, киіну және т.б. Тақпақтарды әр түрлі әдістермен ойнап, көрсетуге болады: оқып отырып, ойыншықтың әрекетімен сүйемелдеу, саусақ театрын, би-ба-бо қуыршақтарын, бас киімдерді, әр түрлі кейіпкерлердің маскаларын қолдану. Осылай көрсету арқылы балалар тақпақтарды тез есінде сақтайды. Сондай-ақ, балалар оларды өздері ойнауға үйренеді: тақпақ кім туралы айтылса, соған байланысты әрекет жасау, түлкі сияқты қозғалу, аю сияқты сөйлеу.

Дұрыс таңдалған тақпақ баламен байланыс орнатуға, оның сезімін оятуға көмектеседі. Тек қана эмоционалды байланыс орнатып және топта қолайлы ахуал құра отырып, балаларға жақсылық пен жамандық, сұлулық, шындық, батылдық, еңбексүйгіштік және адалдық туралы түсінікті сіңіруге болады. Тақпақ баланы әлемге енгізеді, өмір сүруге үйретеді.

Балаларды тәрбиелеуде әндердің алатын рөлі ерекше. Әндерде халықтың ғасырлық асыл арманы бейнеленеді. Әнде сұлулық пен мейірімділік бірге айтылады. Халық жырлаған мейірімді батырлар тек ер жүрек, батыл, қайырымды ғана емес, сұлулықтың тұлғасы ретінде сипатталады. Халық әндері өзіне ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, тек қана қайырымдылыққа, адам бақытына бағытталған.

Жұмбақтар-фольклордың ең қызықты жанрларының бірі. Жұмбақ жасыру, яғни оны шешу үшін белгісізді ойлап табу. Жұмбақтар балалардың ой-өрісін кеңейтеді, оларды қоршаған ортамен таныстырады, білуге құмарлығын, байқағыштығын, есте сақтауын, ойлауын, тапқырлығын, қиялын дамытуға ықпал етеді. Олар затты бөліктері бойынша тануға (түлкінің құйрығы сары, керіктің мойыны ұзын және т.б.) көмектеседі. Жұмбақ тапқырлықты, шапшаңдықты дамытады. Оларды шешу білімнің барлығын тұспалдайды, дүниетанымын кеңейтеді, балаға қуаныш сыйлайды. Педагогтер тақырып мазмұны бойынша жұмбақтарды қолдануы керек.

Санамақтар халық ойындарымен тығыз байланысты. Санамақтардың міндеттері ойынды дайындау және ұйымдастыруға көмектесу, рөлдерді бөлу, ойынның басталуы үшін кезекті тағайындау. Санамақтың халық даналығы көптеген тәрбие міндеттерін шешуге көмектеседі. Сонымен қатар, балалар санамақ арқылы өлең ұйқастарын жеңіл меңгереді. Санамақты бірнеше рет қайталау сөйлеудің дыбыстық мәдениетін меңгеруге көмектеседі.

Кіші мектеп жасындағы балаларды алғашқы ертегілермен таныстырады. («Шалқан», «Бауырсақ» және т.б.).

Ортаңғы топта тәрбиеші балаларды халық шығармашылығының туындыларымен таныстыруды жалғастырады және ең алдымен ертегілермен, жаңылтпаштармен таныстырады.

Ертегілер кіші және ортаңғы мектеп жасындағы балаларға жақсы таныс. Олар балалар өміріне берік енді. Өзінің мазмұны бойынша, ертегілер кішкентай балаға түсінікті, оның ойлауы мен түсінігіне жақын. Ертегі балаларда сүйіспеншілік және жарқын бейнелерге қызығушылық, оқиғаларға қызығушылық, шексіз қиял мүмкіндігін туғызады.

Балаларға еңбек, заттар, техника, табиғат туралы танымдық ертегілер қызықты. Ертегілерде халықтың өмір шындығы ашылып айтылады. Көркем бейнелердің жарқын көрнекілігі, композициялардың қарапайымдылығы, ертегілер тілінің байлығы халықтың идеясын, оның қайырымдылық пен зұлымдық, шындық және әділетсіздік, адамның сұлулығы туралы ұғымын баланың терең және тұрақты қабылдауына ықпал етеді. Ертегілер бала тұлғасын дамытады, оның қиялын оятады, армандауға үйретеді.

Әрбір жаңылтпаштың құпиясы мен тартымдылығы оның қайталанбайтын дыбыспен сөздің үндесуінде болып табылады. Жаңылтпаштар баланы сөз таптары мен сөз бөлігін дұрыс, саналы айтуға жаттықтыратын, сөз ойлап табуға үйрететін грамматикалық пайдалы жаттығулар болып табылады. Жаңылтпаштар баланың сөйлеуін дамыту үшін қолданылады. Олар әрбір дыбыстың нақты айтылуын қадағалау білігін дамытуға ықпал етеді.

Ересек топта тәрбиеші қазақтың халық ауыз әдебиетіне арналған, ұйымдастырылған оқу қызметін жоспарлайды. Фольклормен танысуды мақсатты түрде серуенде жалғастыру, балалар тәрбиешінің айналасына отырады және оларға ертегі айтады, жұмбақтар жасырады, балалармен бірге халық әндерін орындайды және халық ойындарын ойнайды.

Халық әндерін еркін драмалауды өткізу пайдалы және өте қызықты. Ересек топта балалар алғаш рет мақал-мәтелдермен танысады. Педагог, халық жалқаулықтан жиренетін, қайраттылықты, қарапайымдылықты, еңбексүйгіштікті үлгі ететін қысқа нақты ой-тұжырымдар жасағандығын айта келе, мақал- мәтелдерді орынды қолдануға болатындығын түсіндіреді.

Балаларды мақал - мәтелдермен таныстыру қоршаған ортамен танысу және сөйлеуді дамыту бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бір бөлігі болып табылады.

Мектеп алды даярлық сыныптарында (топтарында) балалар фольклор туындыларымен таныстыруды жалғастырады.

Мақал және мәтелдермен танысуға ерекше орын беріледі. Тәрбиеші тек қана олардың мазмұнын, жасырын мағынасын, мүмкін болатын қолдану нұсқаларын түсіндіріп қана қоймай, сол немесе басқа мақал-мәтелдерді орынды дұрыс қолдануға үйретеді.

Балаларды тек ғана қазақ халқының ғана емес, басқа да ұлттардың мазмұны бойынша терең ұлттық эпосы (аңыздар, әңгімелер) туындыларымен, халық әндерімен таныстыруға болады.

Әр түрлі қызмет түрлерінің ішінде, мектеп жасына дейінгі балаларға зор тәрбиелік және білімдік маңызы бар ойын болып табылады.

Қазақтың ұлттық ойындарын мектеп жасына дейінгі баланың ақыл ойын дамыту құралы ретінде қарауға болады.

Қазақ халқының ұлттық ойындарының мазмұнында баланың дүниетанымын әлем, ел, туған халқы туралы ұғымдармен нақтылап, жеткілікті дәрежеде кеңейтетін танымдық материалдар жеткілікті. Олардың ішінде әсіресе қазақтың халық ойындары «Көкпар»,

«Түйілген орамал», «Айгөлек», «Арқан тарту», «Тақия тастамақ», «Ақсерек-көксерек», «Аудараспақ» және т.б. танымал, онда ұлы адамдардың және батырлардың өмірінен кейбір үзінділер, қоршаған ортаның құбылыстары, табиғаттың ерекшеліктері, үй және жабайы жануарлардың қылықтары келтірілген. Сондықтанда осы және басқада ойындар балалардың танымдық қызығушылығын қалыптастыруда, жаңа білімді алуда, оларды меңгеру мен қолдануда маңызы зор.

Балаларды эстетикалық тәрбиелеуде барлық педагогикалық және балалар ұжымы қатысатын мерекелердің орны ерекше. Олар балаларда қуанышты сезімдер туғызады, әр түрлі көркем әрекеттерде шығармашылық бастамашылдық танытуға мүмкіндік береді және олардың есінде терең із қалдырады. Мереке – бұл күнделікті жағдайды жарқын, қуанышты, салтанатты сәтке ауыстыру.

Мерекелердің басты тәрбиелік ықпалы, негізгі идея жарқын эмоциялық құралдар көмегімен балаларға дейін бейнелі түрде жеткізілумен түсіндіріледі.

Әрбір мерекенің мазмұны балаларды эстетикалық сезімге жетелейді, олардың талғамын қалыптастырады.

Сондықтан да мерекедегі әрекеттің алуан түрлерінің үйлесімділігін мұқият ойластыру керек.

Бір тақырыпты ашуда бірін бірі толықтыра отырып, олар балаларға мерекенің эмоционалдық іс-әрекетінің күшін көбейтеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда Наурыз (Жаңа жыл) мейрамын атап өту жақсы дәстүр болып, қазақтың ұлттық мерекелерінің ішінде құрметті орын алады. Наурыз мерекесі күн мен түннің теңесуі -22 наурызда атап өтіледі.

Бұл күні топтар безендіріледі, балалармен әндер, өлеңдер айтылады, билер биленеді, қойылымдар қойылады, халық ойындары өткізіледі.

Наурыз мерекесінде дәстүрлі ұлттық тағам «Наурыз көже» дайындалады. Халықтық дәстүр бойынша оған бидай, тары, сүр ет, бұршақ, сүт, су, тұз сияқты кем дегенде жеті түрлі азықтық заттар міндетті түрде қосылуы тиіс.

Балаларды ұлттық мәдениетке тарту олардың патриоттық сезімі мен рухани дамуын қалыптастырудың құралы болып табылады.

Балалар ерте жастан бастап олар ұлы қазақ халқының бөлігі екендігін білуі керек.

Әдебиеттер:

1. Әдістемелік ұсынымдар «Халық ауыз әдебиеті арқылы рухани-адамгершілікке тәрбиелеу» – Астана, 2017 ж. – 28 б.

2. Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие.-Алматы: Білім, 1997, 231 бет.

3. Майғаранова Ш, Иманбаева С.Т. Мектептегі тәрбие теориясы мен әдістемесі. Оқу-әдістемелік кешен. Алматы, 2006.

4. Калиев С., Майғаранова Ш., Иманбаева С., т.б. Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістемесі. Алматы «Рауан», 1999.

5. Бабаев С.Б. Кемел адам-тұлға қалыптасуы. Түркістан, 2010.

ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІН ДАМУДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ

Калыкулова Эльмира Сапарбаевна
«Жансая» санаториялық балабақшасының тәрбиешісі
Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Қазақстан

Ерте жас — баланың танымдық және сөйлеу қабілеттерінің қарқынды даму кезеңі. Дұрыс сөйлей білуі оның дамуына, қоршаған орта мен онда өзін тануына әсер етеді.

Бүгінде ерте жастағы балаларда сөйлеу қызметіне әсер ететін жағымсыз факторлардың әсерінен ата-ананың үнемі «жұмысбасты» болып, балаға көп уақыт бөлмеуінен және баламен қарым-қатынастың жиі болмауынан балалардың сөйлеу белсенділігі төмендігі, балалардың көпшілігінің тілі өзінің жасына сәйкес емес екендігі, сөздік қордың жеткілікті дамымағаны және бала тілінің дөрекі екені байқалады. Сондықтан осы аталған түйінді мәселені шешуді ерте жастан бастап қолға алып, балалардың тілін қалыптастыруға ерекше мән берілуі қажет.

Балалардың сөйлеу әрекетін жетілдірудің маңызды алғышарты өз қалауымен тілдік қарым-қатынасқа белсенді қатысуға баланың ынтасының пайда болуына ықпал ететін, жағымды эмоционалдық көңіл-күй орнату болып табылады. Ал балалардың тілін дамытуға ықпал ететін жағымды көңіл-күй мен жағдаяттарды құруда ойын әрекеті жәрдемдеседі.

Балалардың тілін дамыту баланың ересектермен және айналасындағы адамдармен толыққанды қарым-қатынасы кезінде ғана мүмкін болады.

Сөйлеуді меңгеру үшін ерте жас ерекше қолайлы кезең болып табылады.

Ойын технологиясының мақсаты – баланың мінез-құлқын өзгерту және оны арнайы мінез-құлық дағдыларына үйрету емес, балаға ойында өзін толғандыратын жағдайды «бастан кешіруге» мүмкіндік беру.

Ойын технологиясының міндеттері:

- практикалық әрекетке қажетті белгілі бір біліктер мен дағдыларды қалыптастыру;
- баланың сөздік қорын байыту;
- тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыру;
- дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;
- коммуникативтік құрал ретінде диалогтік сөйлеуді дамыту (белсенділікті, бастамашылдықты, дербестікті дамыту);
- айналасындағы адамдармен мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Ересектер білім беру процесінде ойын технологиясын қолдана отырып, тілектестік, эмоционалдық қолдауды жүзеге асыра білуі, қуанышты жағдай жасап, баланың кез келген ойын және қиялын көтермелеуі қажет. Тек осы жағдайда ойын баланың дамуы үшін және ересектермен ынтымақтастықта оң ахуал орнатуға пайдасын тигізеді.

Одан әрі ойын режимдік сәттерді орындаумен байланысты балалардың барлық танымдық, тілдік, ойын, қимыл-қозғалыс, өнімді әрекет түрлеріне енеді.

Балаларға зор қуаныш сыйлайтын халық ойындары, әндер, тақпақтар кеңінен қолданылады. Балалардың сөйлеуі олардың практикалық заттық әрекеттерімен тығыз байланысты. Бала тап осы сәтте не көріп, не істеп жатқанын ғана айта алады, сондықтан белгілі бір әрекеттермен сөздерді байланыстыру балалардың белсенді сөйлеуін қалыптастырудың маңызды шарты.

Халық ауыз әдебиеті шығармаларының көпшілігі баланың қимыл белсенділігін дамыту мақсатында құрылған, ол сөйлеу белсенділігін қалыптастырумен тығыз

байланысты. Балаға мейіріммен қарау эмоционалды жағымды көңіл-күй тудырады, баланы тыныштандырады, қуаныш сыйлайды. Осындай мейірімнің арқасында бала қолдың ұсақ моторикасы арқылы ересектен кейін шығарманың мазмұнын қайталауға тырысады (мысалы, саусақ ойынында) және сол арқылы сөздік қорын толықтырады.

Сөйлеу әрекетін белсендірудің тәсілі жауап әрекетпен берілетін әртүрлі тапсырмалар болуы мүмкін: апар, көрсет, таңда, әкел және т. б.

Қимылды ойындарда ересектермен бірге сөздерді айту арқылы балалардың сөйлеуге ынтасы пайда болады. Сөйлеу мен ойын арасында екі жақты байланыс бар. Бір жағынан, сөйлеу ойын барысында дамиды және белсендіріледі, ал екінші жағынан-ойын сөйлеуді дамытудың ықпалымен дамиды. Бала әрекеттерін, ойлары мен сезімдерін сөзбен білдіреді. Сондықтан сөздік қорды байыту және балалардың сөйлеуін белсендіру міндеті үнемі жүзеге асырылуы тиіс.

Ерте жастағы балалардың сөйлеуін дамытудағы ойын құралдары:

Сөйлеуді дамыту үшін ойын әрекетінің барлық түрлері қолданылады: қимылды, саусақ, дидактикалық, үстел үсті және драматизация ойындары, сондай –ақ көркем әдебиет пен фольклорды қабылдау.

Мысалы:

- **тақпақтар** баланың сөйлеуін дамыту процесін ынталандырады (мысалы, үй жануарларын таныстыруда қолданылады)

Ала мысық тырнама,
Тырнағаның бола ма?
Ұстайыншы қолыңнан,
Ойнайық, ер соңымнан.

- **қимылдармен сүйемелденетін тақпақтар:**

Сылдырлайды мөлдір су
Мөлдір суға қолыңды жу (қол жуу қимылын жасау)
Жуынсаң сен әрдайым
Таза бетің, маңдайың (бетін, маңдайын сипау)
Тазалықтың досы –
Су дегенің осы.

- **қысқа әңгімелерді**, тақпақтарды тыңдаумен байланысты әртүрлі еліктеуші жаттығулар («Ақ қоян», «Қуыршақ»). Ақыл-ой және сөйлеу әрекетінің қалыптасуында қимылмен ұштастырылған сөздің маңызы зор.

- **ұлттық ойындар** балалардың қимылдарын дамытады, ептілікті, шапшаңдықты жетілдіреді («Тақия тастамақ», «Соқыр теке», «Ақ серек, көк серек»).

- **драматизация ойындары** мен сахналау көркем әдебиетпен таныстыруда жиі қолданылады. Педагогтың міндеті – балаларды белгілі бір кейіпкердің атынан мәтінді айтуға үйретіп қоймай, сондай-ақ осы кейіпкерді қимылмен, ым-ишарамен көрсетуге үйрету.

- **суреттер қарастыру**. Балалар ұсақ форматтағы иллюстрацияларды, суреттерді қарастырады. Мақсаты-балаларды сөздің мағынасын түсінуге үйрету және бейнені атауға дағдыландыру.

«**Сиқырлы қапшық**». Педагогтер бұл ойынды кеңінен қолданады, ол балалардың түрлі заттарды ажыратуына, белсенді сөйлеуін дамытуға ықпал етеді. Ойынға ұсақ ойыншықтар, суреттер, түрлі тұрмыстық заттар пайдаланылады. Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады.

«Жасырған ойыншықты іздеу». Бұл ойынға кейбір ойыншықтар 2-3 данадан таңдалуы, ойыншықтар қатысушы балалардың санынан артық болуы тиіс. Осы жастағы балалар әлі де іздей алмайтындықтан, ойыншықтарды балаларға көрінетіндей етіп жасыру қажет. Бала ойыншықты тапқан кезде оның қалай аталатынын, түсінің қандай екендігін сұрап, яғни жетекші сұрақтар қойылуы керек.

Табиғи материалдармен ойындар (құм, су, ағаш, қағаз). Бала табиғи материалдарды ұстайды, олардың қасиеттерімен танысады, эксперимент жасайды, бұл баланың сөйлеуін және танымдық белсенділігін дамытуға ықпал етеді.

Тұзды қамырдан мүсіндеу - қамырмен мүсіндеуде балаларға мүсіндеу тәсілдері мен жұмыстың орындалу реттілігі айтылады, ол қолдың ұсақ моторикасын, шығармашылық ойлауды дамытады, құрдастар арасындағы өзара қарым – қатынастың нығаюына ықпал етеді.

Ойын – эксперимент. Сумен ойындар ұйымдастыруға болады.

Судың қасиеттерімен таныстыру:

- су сұйық, төгіледі (оны шүберекпен сүртіп алуға болады);
- су ыстық, жылы және суық күйде болады (ұстап көру, ыстық суды қалай суытуға болады);
- су таза, мөлдір, судан бәрі көрінеді (суды стақандағы сүтпен салыстыру);
- суды ыдысқа құюға болады (балаларға суды ыдысқа құюға мүмкіндік беру);
- суға бояғыш зат қосып, оны бояуға болады (шәй, кофе, гуашь және т.б.).

Саусақ театры. Ертегілерді және түрлі сюжеттерді саусақ театрының пішіндерімен сахналау балалардың қиялын дамытады, сөздік қорын байытады, сөйлемдерді дұрыс және толық құрастыруын жетілдіреді.

Қуыршақ терапиясы - бұл алған білімді кеңейту және бекіту үшін балаларға кешенді ықпал ету әдісі. Қуыршақ терапиясы барысында қолдың ұсақ моторикасы мен қимылдардың үйлесімділігі дамиды, күнделікті өмірде бала қандай да бір себептерге байланысты өзін таныта бермейтін эмоциялары мен сезімдерін білдіру тәсілдері жетілдіріледі.

Театрландырылған әрекет балаларды қызықтыруға, олардың назарын аударуға және ең бастысы, ерте жастағы балаларға сөзбен ойын жеткізуге мүмкіндік береді. Театрландырылған әрекетті қолданып, қуыршақтар арқылы балаға қолды қалай дұрыс жууды, сүлгіні пайдалануды; қасықты дұрыс ұстауды, майлықты қолдануды үйретуге болады.

Балалармен жұмыс жүргізуде ата-аналар балалардың сөйлеуін дамыту үшін бірнеше әдістемелерді белсенді қолданады: мнемотехника, үстел үсті ойындары және т.б.

Осылайша, ойын технологиялары баланың сөйлеуін дамытуға елеулі ықпал етеді. Қуыршақ театры ойынында диалогтік сөйлеу қарқынды дамиды, түрлі жағдаяттарда қарым-қатынас жасау тәжірибесі жетілдіріледі, сөздік қор байытылады.

Әдебиеттер:

1. Методическое пособие для родителей «Использование игровых технологий в речевом развитии детей раннего возраста через различные виды детской деятельности», Нур-Султан, 2019 - 44 стр.

2. Сборник аудио-сказок для детей дошкольного возраста «Кәусар бұлақ». - г.Нур-Султан, на сайте «Республиканского центра «Дошкольное детство», 2019 г.

3. Павлова Л. Н., Пилюгина Э. Г., Волосова Е. Б., Раннее детство: Познавательное развитие. Методическое пособие. – М.: Мозайка– Синтез, 2000. – 152 с.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР КОНТЕКСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕРІ

Медетова Лаура Сухраповна

«Өрлеу» БАҰО АҚФ ТОЖШҚ бойынша ПҚБАИ аға оқытушысы
Шымкент қаласы, Қазақстан

Елбасының 2018 жылғы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" жолдауында «Бүгінде әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді. Жаңа технологиялық қалып біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді түбегейлі өзгертуде» деп көрсетілген.

Яғни, қазіргі жаһандық жағдайда әлем елдерінің көшінен қалмай ғылыми-техникалық, ақпараттық-технологиялық салаларды дамыту және адами капиталды жаңғырту керек екенін міндеттейді.

«Адами капитал – жаңғыру негізі. Білім берудің жаңа сапасы» деп аталатын 7-міндетінде «Білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту керек» екенін көрсетеді.

Білім беру деңгейлерінің барлық сатыларында математика және жаратылыстану ғылымдарын оқытуды күшейту, төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы өзгерістерге дайын болудың бір тетігі бола алады.

Әлемдік бәсекелестік заманында әрбір адамның білім сапасын, қабілеттік деңгейін, іскерлік мүмкіндігін анықтайтын адам ресурстарын дамыту мәселелері күн тәртібіне өткір қойылып, адамның білімі мен біліктілігі қазіргі кезеңде мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналып отыр. Бәсекеге қабілетті, интеллектуалдық күші жетік маман кадрлар болмай, әлемдік бәсекеге төтеп бере алатындай экономика дамымайды. Қай заманда да өркениеттің өрлеуі интеллектуалдық шығармашылық қабілеттің негізінде іске аспақ. Осындай қабілеттердің дамып, шыңдалуы үшін өткізілетін конференция, семинар, курстар, дөңгелек үстел, пәндік олимпиадалар, интеллектуалдық ойындар, дебат, байқаулар – жеке тұлғаларға арналған іс-шаралардың бәрі де ұстаздың жаңашыл педагогикалық ойлауына, жеке адамды дамыту құралы болып табылатын оқыту үрдісін қалыптастыруға және шығармашылық дамуына, кәсіби шыңдалуына негіз болады.

Осыған орай қазіргі кезде жоғарыда сипатталған жаһандық проблемаларға жауап бере алатындай деңгейде ұлттық мәнмәтіндегі жұмыстар жүргізілуде. Соңғы уақытта табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді.

Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға соңғы кезде ХХІ ғасыр дағдылары деп аталып жүрген кең ауқымды құзыреттіліктерді меңгеруге мүмкіндік береді. ХХІ ғасыр дағдылары деген ұғымның бірнеше анықтамасы бар. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы әзірлеген Құзыреттерді анықтау және іріктеу жобасының шеңберінде жасалған құрылымда құзырет «жай ғана білім мен дағдыдан анағұрлым күрделі. Ол белгілі бір жағдайларда психологиялық ресурстарды (оның ішінде дағдылар мен өмірлік

ұстанымдарын) жұмылдыра және соған сүйене отырып, күрделі міндеттерді шеше білу қабілетін қамтиды. Мысалы, тиімді қарым-қатынас құру қабілеті жеке адамның тіл білуіне, ақпараттық технологиялар саласындағы тәжірибелік дағдыларына және оның өзгелермен қарым-қатынас құра алуына сүйенетін құзырет болып табылады».

Яғни, білім мазмұны жоғарыда келтірілген тұжырымға сәйкес жаңартылуда. Білім мазмұнын жаңарту үшін қазақ ағартушыларының, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері зерделенді, Қазақстан мектептерінің тәжірибесі мен әртүрлі елдердегі орта білім беру саласындағы жетістіктер зерттелді. Финляндия, Сингапур, Корея, Қытай, Ұлыбритания, АҚШ, Ресей және тағы басқа елдердің стандарттары мен оқу бағдарламалары зерттелді және TIMSS, PISA халықаралық зерттеулердің нәтижелері ескерілді.

Бастауыш сыныптардың оқу бағдарламаларының мазмұны жоғарыда келтірілген TIMSS халықаралық зерттеулердің нәтижелеріне байланысты жаңартулар енгізілді. TIMSS – жаратылыстану-математика бағытының даму үрдісі бойынша мәлімет беретін жетекші бақылау жобасы болып табылады.

Бұған мысал ретінде TIMSS-тің алдыңғы зерттеулерінде қазақстандық оқушылар Геометриялық фигуралар мен өлшеулер және деректерді ұсыну блоктарының тапсырмаларын орындауда қиналды. Сондықтан, 2016 жылғы жаңартылған бағдарламаның «Геометриялық фигуралар» бөлімі күшейтілді, бұл негізгі және жоғары мектепте геометрияны жетік игеру үшін қажетті шарт болып табылады.

Ал, жаратылыстану оқу бағдарламасының мазмұны қабілет пен дағдыларды дамытуға бағытталғанын келесі мысалдан көруге болады.

1. Қоршаған ортадағы құбылыстарды түсіндіру үшін алынған білімді қолдану;
2. Ғылымды өмір сапасын жақсарту құралы ретінде түсіну;
3. Ғылымды өмір сапасын жақсарту құралы ретінде түсіну;
4. Қарапайым зерттеулерді өткізу барысында сыни ойлауды дамыту;
5. Қарапайым зерттеулерді өткізу барысында сыни ойлауды дамыту.

Сонымен қатар жаратылыстану пәнінде іздену, зерттеу арқылы оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылығының негіздері дамиды, ол арқылы оқушылардың бақылау, эксперименттер мен экскурсия жасау дағдылары қалыптасады. Бұл өзгерістер оқушылардың бойында ХХІ ғасыр дағдылары мен бастауышта алған білімін, игерген дағдасын жоғарғы мектепте қолдануға жағдай жасалған.

Бұдан білім беру саласына өзгерістің қажет екенін анық көрсетеді. Технология, коммуникация мен ғылым салалардағы мұндай елеулі өзгерістер әлемдік экономикаға айтарлықтай ықпал ете отырып, ХХІ ғасырда табысты болу үшін әрбір адамға қажетті білім мен дағдыларды алға тартады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар
2. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты [Электрондық ресурс] Қолжетімділік коды <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500000327>
3. «Қазақстанның TIMSS-2015 зерттеуіне қатысу нәтижелері», 2017 жыл, Ұлттық есеп/С.Ырсадиев, А.Құлтуманова, Б.Қартпаев, А.Байгулова, Б.Ысқақов - Астана: «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ, 2017 - 219 бет.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМ ҮРДІСІНІҢ ДАМУЫ

Абжаппарова Мухаббат

«Шаттық» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі
Кентау қаласы, Қазақстан

Мектепке дейінгі ұйымдарда білім сапасын арттыру аса маңызды мәселе, ол үшін жалпы және негізгі жағдайларды жақсарту басты міндет болып табылады.

Біріншіден, білім мен тәрбие беруге арналған дамытушы ортаны жабдықтау қажет десек, ол мектепке дейінгі кезеңнің өзіндік ерекшелігі мен құндылықтарын сақтайтын, баланың балалығына бағытталуы шарт.

Екіншіден, тәрбие мекемесінің басшысы мен тәрбиеші педагогтар қауымы кәсіби шеберліктерін үнемі шыңдап, білімін жетілдіруге жүйелі көңіл бөліп, ұжымның шығармашылық бағыт-бағдарын айқындап, оны жүзеге асыруға белсенділікпен ат салысуға және жағымды психологиялық ахуалдың тұрақтануына ықпал ету қажет. Сондай-ақ, отбасының сұранысы мен талап-тілектерін қанағаттандыру және білім мен тәрбиенің балаға берілген үрдісі жайында ата-анамен үнемі бірлескен ынтымақты негізде жұмыс істеу де өте маңызды.

Үшіншіден, балабақшада еңбек етуге толық жағдай жасалып, тәрбиелеу мен білім берудің технологияларын сауатты меңгеріп, жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдер жүйесін кәсіби шеберлікпен игеріп, оны тәжірибеде пайдалануға шығармашылықпен үлес қосып отырса.

Баланы тәрбиелеу, дамыту және білім беру мәселелерінде отбасы мен балабақша ұжымының бірлескен өзара тығыз байланыста болуы.

Білім беру жүйесінің негізгі мақсаты—тұлғаны оқыту, тәрбиелеу, дамыту. Бұл мақсаттар өзара тығыз байланыста болғанда ғана нәтижелі болады. Баланы өмірге дайындау үшін дамытудың маңызы ерекше. Даму барысы:

1. Зердесін дамыту.
2. Эмоциясы мен сезімдерін дамыту.
3. Күрт қиыншылықтарға төтеп бере алуын дамыту.
4. Өзіне-өзінің сенімділігін, өзін-өзі қабылдау, жақсы көруді дамыту.
5. Танымдық үрдісін дамыту.
6. Өзін-өзі алып жүре алуын, дербестігін дамыту.
7. Өзін-өзі көрсете алуына, өзін-өзі жетілдіруге ынтасын дамыту.

А.Едігенова бойынша баланың бүкіл өмір бойында оның даму үрдісі жүреді. Даму үрдісінде баланың таным белсенділігі арта түседі. 6 жастағы балалар заттарды түсіне, түріне, көлеміне қарап ажырата бастап, олардың құрылысын, пайдалану тәсілдерін білгісі келеді. Күнделікті өмір барысында бала шындық дүниенің құбылыстары мен заттарын анықтай білуге, адам баласының жинақтаған бай тәжірибесін үйренуге талаптанады. Балалардың бір нәрсені құмартып білуге талаптануын таным ынтасы дейді. Балалар өте байқағыш, еліктегіш, әр нәрсеге үңіле қарайды, көп нәрселер оларды ойлантады.

Балалар әдетте өзіне түсініксіз оқиғалардың, құбылыстардың сырын білуге құмартады. Күн сайын олардың алдында жаңа сұрақтар туады. Сол сұрақтың жауабын олар ересектерден күтеді, өйткені, олардың түсінігінше, ересектердің білмейтіні болмайды. Мұндай ерекше сұрақтар балалардың ақыл-ой еңбегімен шұғылданудағы ниетін, ықыласын сипаттайды. Сондықтан ересек адамдар бала сұрағын жауапсыз

қалдырмауға тырысқан жөн. Себебі сұрағына жауап ала алмаған бала келешекте сұрақ қоядан жасқаншақтайды және бұл баланы дүниені тануына кері әсер етуі әбден мүмкін.

Мектепке дейінгі жастағылардың ықтиярсыз есте сақтауы мен ықтиярсыз еске түсіруі – ес жұмысының бірден-бір түрі. Бала бірдеңені есте сақтау немесе еске түсіру жөнінде алдына әлі мақсат қояды, ал бұл үшін арнаулы тәсілдерді қолдануды білмейді. Мысалы, үш жастағы балаларға суреттер тобының біреуін сұрағанда балалардың басым көпшілігі өзін мүлде бірдей ұстады. Суретке көз жүгіртіп өткеннен кейін бала оны шетке ығыстырып қойып, үлкен адамнан басқа суретті көрсетуді сұрады. Кейбір балалар бейнеленген заттар жөнінде әңгімелеп беруге тырысты, суретке байланысты өткен тәжірибенің жағдайларын еске түсірді («Көзілдірікті көзге киеді. Мынау- көбелек, құрт деп аталады». «Қарбыз. Мен, анам және әкем-үшеуіміз үлкен қарбыз сатып алғанбыз, алқоры одан әлдеқайда кіші», тағы осындайлар). Әйтсе де есте сақтауға бағытталған балалардың ешбір іс-әрекеттері байқалмады.

Естің ықтиярлы формаларын меңгеру бірнеше кезеңнен тұрады. Олардың біріншісінде әлі қажетті тәсілдерді меңгере алмай тұрып бала есте сақтау мен еске түсіру міндетінің өзін бөле бастайды. Мұнда еске түсіру міндеті бұрын бөлінеді, өйткені бала алдымен дәл еске түсіруді, елестетуді қажет ететін ахуалдарға кездеседі. Бұған дейін ол нені қабылдап, жасағанын көрсететін іс-әрекетті білуі керек. Есте сақтау міндеті еске түсіру тәжірибесінің нәтижесінде пайда болады.

Мектепке дейінгі жас– естің қарқынды даму жасы. Ес–бала үшін маңызды оқиғалар мен мәліметтерді жадында қалдырады және сақтайды.

Сондай-ақ мектепке дейінгі балалардың ойлау үрдісіне тоқталсақ, ойлау – тіл дамуы және ғылыми ұғымдарды меңгеру бірлігінде дамиды. Баланың сау психикасының ерекшелігі – танымдық белсенділігі. Ойлау–сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс қатынастарының адам миында жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі. Ақыл-ой жағынан бала қаншалықты пәрменді болса, ол сонша көп сұрақтар қояды және оның сұрақтары соншалықты алуан түрлі болады. Бала заттың бейнесін ғана емес, оның қимыл-қозғалыстары туралы да ойлайды. Бейнелі ойлау – 6 жасар бала ойлауының негізгі түрі. Әрине, ол жекелеген жағдайларға логикалық ойлауды да орындай алады, бірақ та бұл жаста көрнекілікке сүйенген оқыту басымырақ болады. Мұның өзі осы жастағы балалардың естері еріксіз жақсы дамиды. Ерікті естері жаңа ғана қалыптасады. Сондықтан жақсы қабылдап алған заттардың түсін есінде жақсы сақтайды. Көру және есту елестері көрген нәрселердің мазмұнымен байланысты болады.

Мектепке түсу балалардың логикалық есін дамытуда үлкен роль атқарады. Оқушылардың есін тәрбиелеуде де мұғалім олардың жас және дара ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыс жүргізеді. Кіші мектеп жасындағы балаларды оқу тәсілін өз бетімен таңдап ала алмайтындықтан мұғалім үйге тапсырма бергенде, материалды қалай оқу керектігін балаларға ұдайы ескертуі керек. Бұл жөнінде оқулықтардың бәрінде мәтінді қалай оқу, тапсырманы қалай орындау керектігі айтылған. Бірақ баланың назары кейде бұған жөнді түсе қоймайды. Мұғалім мұны қатты ескерген жөн.

Мектепке дейінгі балалық шақта заттардың, құбылыстардың, іс-әрекеттердің арасындағы байланыстар мен қатынастарды бөлу мен пайдалануды талап ететін күрделі де сан алуан міндеттерді баланың шешуіне тура келеді. Ойында, сурет салуда, құрастыруда, жапсыруда, оқу және еңбек тапсырмаларын орындауда бала үйреніп алған іс-әрекеттерді жай ғана пайдаланып қана қоймайды, жаңа нәтижелер ала отырып олардың тұрақты түрін өзгертеді. Мектеп жасына дейінгі балалар өздерін қызықтырған мәселелерді түсіну үшін өзіндік эксперименттер жасауға кіріседі, құбылыстарды бақылайды, оларды талқыға салып, қорытындылар жасайды. Мектепке дейінгі балалық

шақтың соңында кейбір механикалық физикалық және басқа байланыстар мен қатынастарды түсінуді, осы байланыстар мен қатынастар туралы білімді жаңа жағдайларда қолдана білуді талап етеді. Осы жастағы балалардың жылдың соңына дейін абстрактылы логикалық ойлауы жақсы дами түседі. Бірақ тәжірибе түрінде, бала затты көрмей тұрса, берген сұраққа толық жауап бере алмайды. Бала ойлаудың барлық операцияларын жақсы қабылдауға тиіс.

Балалардың ойлауын дамытуда мектептегі оқу-тәрбие процесі шешуші роль атқарады. Бала ойлауын дамыту үшін мұғалім тиісті жұмыстар жүргізіп отыруы тиіс. Ой тәрбиесі адамның психологиясын жан-жақты етіп тәрбиелеумен ұштасып жатады.

Таным әрекетінің бірі-қабылдау. Тілдік мәліметтерді және жазылымдағы қатысымдық тұлғаларды ұғыну қабылдаудан басталады. Тілді меңгеру барысында тіл үйренуші есту, көру, сезу арқылы дыбыстарды, сөздерді, сөйлемді қабылдауға үйренеді. Бала қоршаған ортаны жақсы қабылдауға тиіс.

Мектепке дейінгі балалар әдетте ойынды, сурет салғанды жақсы көреді, ересектермен және өзі қатарлы балалармен лезде тіл табысып кетеді. Мектепке дейінгі шақтың әсіресе, алғашқы үш жылы психологияда «қауіпті» кезең аталып, өзіне зерттеушілердің үлкен зейінін аударуда. П. Бадалян «...осы уақытта сәби арнайы үйрету мен тәрбие көрмесе, кейін ол өте қиынға түсіп, тіпті кеш болуы да мүмкін» деген. Дер кезінде тәрбие мен үйрету көрген бала бес жасында еш қиындықсыз таза сөйлей білуі тиіс.

Адам баласы үшін баладан артық байлық жоқ. Бала өміріміздің мәні мен сәні. Бала - бауыр етің деп те бекер айтылмаған. Бала дүние есігін шыр етіп ашқан күннен бастап – ақ, жаңа ортаға келіп қосылады. Сол ортадан ол да тиесілі еншісін алады. Ол оның – отбасы. Баланы үлкен ортаға, қоғамға бейімдеп даярлайтын да отбасы.

Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Л.С.Выготский пікірінше, ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына ықпал ететін жетекші, басты құбылыстың бірі деуге болады. Бала ойын арқылы өзінің күш-жігерін жаттықтырып, қоршаған орта мен құбылыстардың ақиқат сырын ұғынып үйрене бастайды. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойнайды, эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері мен таным үрдістері дамиды, мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілеті мен дарынын ұштайды.

Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының он тоғызыншы қара сөзінде: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады»- делінген. Абай атамыздың айтқан даналық ойларын бала тәрбиесінде орынды қолданып, ескере білсек, балаға берген тәрбиеміз далаға кетпесі анық. Олай болса, бала үшін ата-ана игілік жасаушы, үлгі-өнеге көрсетуші және ақыл кеңес айтушы болған жағдайда ғана баланы танып біле алады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Кулагина И.А. Возрастная психология: Развитие ребенка от рождения до 17 лет. – М., 1998.
2. Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики - М., 1981.
3. Мухина В.С. Возрастная психология. - М., 1998.

РАЗВИТИЕ ПОЛИКУЛЬТУРНОСТИ ДОШКОЛЬНИКОВ ЧЕРЕЗ ЗНАКОМСТВО СО СКАЗКАМИ

Убаева Нигора Ергешбаевна

Учитель русского языка детского сада «Шамшырак»

г.Кентау, Казахстан

Понятие поликультурного воспитания тесно связано со свободой духовного развития личности народа: человек не может глубоко и осознанно владеть культурой, если ему навязывают чуждые идеи и взгляды, если не обеспечивается развитие его природных сил и способностей.

Целью поликультурного воспитания является формирование творческой личности, способной к активности и эффективной жизнедеятельности в многонациональной среде, обладающей развитым чувством понимания и уважения других культур, умеющих жить в мире и согласии с людьми других национальностей.

Проблемы поликультурного воспитания в настоящее время являются очень важным в работе дошкольных учреждений. Для ее реализации в дошкольных учреждениях образуют поликультурную образовательную среду, которая создает благоприятные условия для полной личностной самореализации представителя любой культуры и национальности. Поликультурная среда создает благоприятные условия для обучения ребенка в процессе его самостоятельной деятельности. Таким образом, в дошкольном образовательном процессе поликультурная среда включает следующие компоненты:

- Подборки книг и открыток, игр и игрушек, знакомящие с историей, культурой, трудом и бытом разных народов;
- Образцы народного быта;
- Образцы национальных костюмов (для кукол, детей и взрослых);
- Художественная литература (сказки, легенды).

Сказки знакомы всем с самого раннего возраста, это неотъемлемая часть нашего детства. Ведь все мы вспоминаем, как часто окунались в мир фантазии, в мир наших любимых героев: Елены Прекрасной, Василисы Премудрой, Алдара Косе, в мир доблестных русских богатырей, отважных батыров. Издавна сказка считалась не только самым распространенным, но и необычайно любимым жанром детей всех возрастов. С ними связаны первые представления о мире, добре и зле, о справедливости. Народная сказка проникнута пафосом гуманистических и патриотических идей, глубокой верой в победу добра и справедливости, в чудодейственную силу высокой нравственности и героического подвига.

Из сказок ребенок узнает, что счастье не мыслится без труда, без стойкости нравственных принципов. В сказках неизменно осуждаются насилие, разбой, коварство, черное деяние. Сказка помогает ребенку укрепиться в самых важных понятиях о том, как жить, на чем основывать отношение к своим и чужим поступкам. Сказочная фантастика утверждает человека в светлом приятии жизни, полной забот и свершений. Преследуя социальное зло, преодолевая жизненные препятствия, разоблачая козни против добра, сказки зовут к преобразованию мира на началах человечности и красоты.

Благодаря сказкам, художественному слову детям становится ближе и понятней внутренний мир человека. Его отношение к другим людям, мотивы его поступков. Знакомство с культурой и обычаями разных народов помогает сформировать у дошкольников благожелательное, уважительное отношение к людям разных национальностей.

Свою работу по поликультурному воспитанию мы начали с подбора песенок, потешек, сказок, игр и забав народов разных национальностей. Затем решили показать, где находятся страны, в которых сочинили эти сказки, песни, игры. В ходе беседы дети узнавали о сходстве и различиях людей разных национальностей, их культуре и быте.

Много положительных эмоций у дошкольников вызвал показ слайдов «Мы все такие разные». Они убедились в том, что хотя ребята в разных странах говорят на разных языках, они могут общаться и играть вместе. Дети стали фантазировать, размышлять с кем бы хотели подружиться.

Далее познакомили детей со сказками разных народов. Так после чтения украинской сказки «Пых» и рассматриванию национального костюма по желанию детей была организована игра-драматизация, подобраны костюмы для персонажей. Детям была предоставлена свобода в выборе атрибутов. Каждый ребенок старался с помощью интонации передать настроение и характер персонажа. Детям так понравилась героиня сказки Аленка, что они решили продолжить игру и придумали продолжение сказки. А затем детям захотелось увидеть на глобусе место, в котором живет храбрая девочка Алена.

После этого мы разработали комплекс занятий по ознакомлению дошкольников с народным художественным словом с использованием сравнения сказок разных национальностей.

Знания, полученные во время путешествий по странам и сказкам, дети использовали во время самостоятельной игровой деятельности: вводили в сюжетно-ролевые игры понравившихся персонажей, заимствовали их атрибуты для сюжетов своих игр или сказок, рисовали портреты героев.

Наблюдения за деятельностью детей навели на мысль о возможности придумать такую сказку, в которой могли бы жить любимые герои персонажей сказок разных народов.

Систематические занятия и другие формы работы положительно влияли на поликультурное развитие дошкольников. В результате у детей сформировалось благожелательное отношение к людям разных национальностей, их культуре и традициям, изменилось отношение к самим себе, появилось желание создавать новые игры и сказки.

Литература:

1. Генденштейн Л.Э. Домашняя школа Монтессори. Журнал для самых-самых маленьких. 2001 г.
2. Выготский Л.С. Вопросы детской психологии. СПб.: Союз. 1997 г.
3. Выготский Л.С. Мышление и речь. М.: 1982 г.
4. Новиковская О. Ум на кончиках пальцев. М.: АСТ, СПб.: Сова, 2006 г.
5. Соковых С.В. Использование нетрадиционных приемов развития мелкой моторики. Логопед – научно-методический журнал. 2009 г.
6. Большаков С.Е. Формирование мелкой моторики рук. Игры и упражнения. М.: ТЦ «Сфера». 2006 г.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ АРҚЫЛЫ БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫН НЫҒАЙТАЙЫҚ

Азимова Ширин Алимжановна

«Шамшырақ» балабақшасының дене шынықтыру пәні мұғалімі
Кентау қаласы, Қазақстан

Білім мен тәрбие беру саласының алғашқы сатысы балабақшаларда дене тәрбиесі маңызды орын алады. Ол мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын нығайтуға және өз беттерімен қимылдар жасай білуді үйретуге бағытталған.

Мектеп жасына дейінгі дене тәрбиесінің негізгі мақсаттары мынадай: балалардың негізгі қимыл-әрекеттерін жетілдіріп, спорттық қозғалыс жаттығулары мен ұлттық ойындарды үйрету және сорл үйренгендерін өз еріктерімен орындауға әрекеттендіру.

Жас ұрпақты жан-жақты дамыған, ой-өрісі биік, тұлғасы сымбатты азамат етіп өсіру үшін тәрбие жүйесінде дене тәрбиесінің алар орны орасан зор. Ал оны неғұрлым ерте кезінен бастап, дұрыс жолға қойып жүргізсе, соғұрлым нәтижесі жемісті болатыны анық. Өйткені болашақ азаматтың денсаулығы мықты, мүсін-тұлғасы дұрыс қалыптасқан, жігерлі де, қайратты болып өсуіне, көпшілік дағдыларын бойына терең сіңіруіне нақ осы мектепке дейінгі кезеңде тереңірек көңіл бөлінсе, дұрыс негіз қаланады. Қазақтың кемеңгер ақыны, ұлтының бақыты үшін өз бойындағы бар дарыны мен білгенін аямай, дене тәрбиесіне зор көңіл бөлген Мағжан Жұмабаев: Дене тәрбиесіне жеңіл қарауға болмайды. Дене жанның қабы. Қап берік болса, ішіндегі заты берік болмақ. Дене жанның құралы. Құралы мықты болса иесі де мықты. Сау жан-сау денеден ғана болады» — деген. Сондықтан да балалар ағзасының қызметін жетілдіру, денсаулығын жақсарту, жүйкенің жұмысын дұрыс қалыптастырып, ширақ, жігерлі, икемді, сымбатты етіп өсіру-міне, осының барлығын ғылыми негізде тәрбиенің басқа түрлерімен ұштастыра жүргізу балабақшалардың негізгі мақсаты мен алға қойған үлкен міндеттерінің бірі. Мықты денсаулықтың, дененің дұрыс жетілуі, мен жоғары жұмыс қабілетінің негізі нақ осы мектеп жасына дейінгі балалық шақта қаланады, қозғалыс қызметінің қалыптасуы, сондай-ақ дене қасиеттерінің бастапқы тәрбиесі де осы жылдарда өтеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дене жағынан тәрбиелеудегі жұмыстың мәнді жағы-тұлғаны қалыптастыру. Сонымен қатар дене тәрбиесі балаларды ақыл-ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Дене шынықтыру балаларды үйлесімді дамытып жетілдіреді, денсаулығын сақтап нығайтады. Дене мүсінінің сұлулығын қалыптастырып, қимыл-қозғалыс қабілеттерінің негізін салып, оларды өмірде белсенді болуға, елін қорғауға дайындайды. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Дене жаттығуы баланың жан-жақты жетілуіне ықпал етеді. Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылады. Ол мынадай түрлерге бөлінеді:

- Таңертеңгілік жаттығу
- Қимыл-қозғалыс ойындары, спорт ойындары
- Спорттық жаттығулар

Спорт мейрамдары.

Мейрамдар топтар арасында немесе бір мезгілде барлық балабақша балаларының қатысуымен ұйымдастырылып өткізіледі.

Мейрам «Қыз сыны», «Жігіт сыны» жарыстарына ұқсас, гимнастикалық орындаулар, құрал-жабдықтармен және еркін орындалатын гимнастикалық жаттығулардан басталады.

Пирамидалар орындалып, спорттық қозғалмалы, ұлттық ойындармен жеңіл атлетика түрлері, дала жарысы және әскери қолданбалы түрлерінен өткізіледі.

Мейрамдардың негізгі мақсаты : балалардың шынығу дайындығын анықтау, үгіт – насихат жұмысын жүргізу. Жарыс қорытындысын шығару, жеңімпаздарды марапаттау.

Балалбақшадағы дене тәрбиесін ұйымдастырудың түрлері: күн тәртібі бойынша сауықтыру шаралары (танертеңгі жаттығу, қимыл-қозғалыс ойындары, серуен кезіндегі жаттығулар мен спорттық ойындар, сергіту сәттері, ауладан тыс жерге саяхат жасау, спорттық ойын сауықтар) дене шынықтыру балалардың денсаулығын қалыптастырып, қимыл-қозғалыс қабілетінің белсенділігін арттырады, дені сау рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі. Сонымен қатар балабақшада консультациялық пункте әр ай сайын «Дені саудың –жаны сау», «Бірінші байлық – денсаулық», «Дене тәрбиесінің бала өміріндегі маңызы», «Балабақшада ұйымдастырылған дене тәрбиесі» тақырыпында ата-аналарға кеңестер беріліп, ата-аналардың қатысумен шынықтыру-сауықтыру шаралары жүргізіліп, «Әкем, шешем және мен!», «Спорт-денсаулық кепілі» атты спорттық жарыстар өткізіліп тұрады. Спорттық жарыстар мен түрлі ойын сауықтар балалардың ой-санасының қалыптасуына, өзін еркін ұстап және жан-жақты жетілуіне әсер етеді. Дене тәрбиесіне байланысты балабақшада «Шынығамыз аязда», «Бақыт дегеніміз-денсаулық», «біз ептіміз, шапшаңбыз», деген топ арасындағы эстафеталық жарыстар өткізілді. Әр сабақ жан-жақты талқыланып, баланың толыққанды өсіп-жетілуі мұқият қадағаланды. Сөз соңында Н.Назарбаевтың «Қазіргі заман талабына сай, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен ұлттық психология қалыптасқан, имандылық әдебі, парасаты бар ұрпақ тәрбиелеу, өсіру, білім беру бүгінгі таңда отбасының балабақшасының барша елдің, халықтың міндеті» екенін еске саламын.

Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі. Бүлдіршіндердің денесін шынықтыруға көп көңіл бөлінеді. Дене шынықтырудың нұсқаушысы Н.Г.Хольнова мен бірлесіп әртүрлі массаждар жасатып, жалпақ табандылыққа қарсы алдын- алу жаттығуларын жасатамыз. Барлық топтарда оқу іс- әрекеттерінде және одан тыс кезде тәрбиешілеріміз балалардың қимыл белсенділігін арттырып отырады. Ауа, су, күн шуағын қабылдау ықшам киім, ертеңгілік жаттығу, ауладағы дене шынықтыру, серуендеу шаралары бәрі де баланың шынығып, шымыр болуына ықпалын тигізеді. Балабақшамыздың медбикесі балалар денесінің өсіп жетілуін қадағалап, әртүрлі жұқпалы аурулардың алдын –алу шараларын өткізеді. Түрлі емдік шөптерден, фито шәй дайындап балаларға бергізеді. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырады.

Дені сау ұрпақ-жарқын болашақ кепілі!

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАҒЫ ТӘРБИЕШІ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

Акбарова Зулола Сайдазимовна
«Шамшырақ» балабақшасының тәрбиешісі
Кентау қаласы, Қазақстан

Мектепке дейінгі кезең-бала тәрбиесіндегі жауапты сәт. Бүгінгі күні бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу үшін, еліміздің білім саласы әлемдік білім беру кеңістігіне ену арқылы жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру-тәуелсіз еліміздің жас ұрпақтарын тәрбиелеу мәселесі болып саналады. Елбасымыздың «Қазіргі заман талабына сай, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен ұлттық психология қалыптасқан, имандылық әдебі, парасаты бар ұрпақ тәрбиелеу, өсіру, білім беру-бүгінгі таңда отбасының, балабақшаның, барша елдің, халықтың міндеті»- деп атап көрсетті. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласында ерекше көңіл бөліп, ұрпақ тәрбиесін басты назарда ұстау, жоғары мәдениетті ой-өрісі кең, заманға лайық, білімді де, қабілетті ұрпақ тәрбиелеу балабақша педагогтарының басты мақсаты. Жүсіп Баласағұни айтқандай: «Тәрбиенің негізі бес жасқа дейін қаланады, бес жасқа дейін жүргізген ісіңіз-бүкіл тәрбие үрдісінің 90 пайызы» деп бала тәрбиесі кішкентай кезінен бастап қаланады. Қазақ халқында «тәрбие тал бесіктен басталады» деген мақал - мәтелдің өзінде-ақ бала тәрбиелеу мәселесін жоғары қойған. Оқу мен тәрбие бір-бірінен бөлек алынып қаралмайтын күрделі үрдіс. Жаңа заманның жаңашыл ұстазының осы екі үрдісті бірдей теңестіріп алып жүруі оның шеберлігі мен іскерлігін көрсетеді. Мағжан Жұмабаев өзінің ұлағатты бір сөзінде былай деген болатын: «Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайық қылып шығару керек». Өйткені, елдің ертеңгі тірегі-жастар. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс. Бала тәрбиесі-баршаның ісі. Балаға айналадағы өмір шындығының әсері мол. Айналасындағы үлкендердің, өзінен ересек балалардың бір-бірімен қарым-қатынасы, көңіл күй ерекшеліктері, жүріс-тұрысы, еңбек әрекеті-бәрі де балаға үлгі –өнеге. Мектепке дейінгі жаста бала дамуының алдағы өмірлік негізі қаланады. Мектеп жасына дейінгі баланы ойлауға, дербестігін дамытуға, ой-пікірі мен бағалау тәуелсіздігіне, көре білуге, қоршаған ортаға тән дүниелерді, қатынастар мен тәуелділікті аша білуге үйрету айтарлықтай маңыздырақ.

Тәрбиешіні баланы жан-жақты дамытушы тұлға. Педагогикалық іс-өте нәзік, қасиетті іс. Ол тәрбиешіден өте сезімталдықты, балаға деген шексіз сүйіспеншілікті талап етеді. Тәрбиеші деген сөз-алдымен баланы тәрбиелейтін адам, сосын білім беретін ұстаз. Тәрбиеші-бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Тәрбиеші-баланың екінші ата-анасы, баланың досы, көмекшісі, үлгі тұтар тұлғасы. Тәрбиеші баланы жан-жақты дамытуда, оның білуге құштарлығын арттыруға, есі мен зейінін тұрақтандыруда, тілдік қатынасы мен сөздік қорын байытудағы отбасының мүмкіншіліктерін анықтайды. Сонымен қатар, отбасы мен тәрбиешілер бірлесе отырып, баланың бойындағы ерекшеліктері мен қабілетін ашып, талантын шыңдауға күш салады.

Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген парасатты жас ұрпақты тәрбиелеу, өсіру-отбасының, балабақшаның барша елдің міндеті. Балабақша мен ата-ана арасындағы ортақ мәселе-жас ұрпақты тәрбиелеуде балабақшадан бастау алып, балаға білім мен тәрбиені қатар меңгерту екені бәрімізге мәлім. Уақытында алынған мектепке дейінгі білімнің әр бала үшін де, еліміздің әл-ауқаты үшін де өмірлік маңызды мәні бар. Білім беру кеңістігінде тәрбиеші қажымас ізденімпаздығымен, шығармашылық жемісімен баланы дербестікке, шығармашылыққа тәрбиелеуде жаңартылған

педагогикалық технологияны меңгеруге бетбұрыс жасауы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны енгізуді міндеттейді. Мектепке дейінгі білім беру–педагогика, психология ғылымдарының сырттай көріністері, жаңа технологиялары және инновацияларды үндеумен ғана шектелмей, ең тиімді әдіс-тәсілдерді тәжірибеде қолдану арқылы жүзеге асырылуы керек. Біздің басты қызметіміз баланы тәрбиелену. Балабақшадағы бала тәрбиесі–бұл жалпы тәрбиенің ең басты бөлігі. Ата-ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келген күннен бастап, оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсуі үшін қажет жағдай жасайды. Біз балабақшаға келген балаға дене және ой еңбегін үйретуге, күн тәртібін дұрыс реттеуге, салауатты өмір сүруге баулуымыз, адал болуға тәрбиелеп, жақсылықты үйретуге, жамандықтан жиренуге үйрету арқылы бойында жастайынан адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға тырысамыз.

Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиеші жұмысының мазмұны. Мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру–ол білім берудің алғашқы баспалдығы. Олай болса, осы ұрпағымызға сапалы біліммен қатар, салауатты тәрбие беру әрине, балабақшадан тәрбиешіден басталары анық. Тәрбиеші алдындағы мақсат–сапалы білім мен саналы тәрбие беру, тұлғаның заман талабы мен ағымына сай қалыптасуына ықпал жасау екендігін бәріміз білеміз. Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі ережелерінде бес білім беру салаларының үйлесімді бірігуі арқылы дамуын қарастырады.

1. Ал білім беру, саласы дегеніміз–мектепке дейінгі балалардың физикалық, зияткерлік, адамгершілік, эстетикалық, коммуникативтік және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етеін білімді, тәжірибелік дағды мен шеберлік жиынтығын қамтитын білім беру стандартының бір бөлігі деп айқын көрсеткен. Тәрбие мен білім беруде ұлттық салт–дәстүрімізді балалардың бойына дарыту, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеудеміз.

Мектепке дейінгі мекемеге қойылатын талаптар негізінде балалардың өз қалаулары бойынша, жеке өз қажеттілігін қанағаттандыра дамуына құқылы болуы, тәрбиешінің ұйымдастырған педагогикалық жағдайға икемделуі, басшының педагогтар мен балалар жұмысының жетістіктерге жетуі қамтамасыз етілуі тиіс. Тәрбиеші мен баланың арасындағы педагогикалық әдеп пен ынтымастықтың сақталуы. Балаларға берілетін тапсырманың шектен тыс ауыр болмауы. Ойын тәсілдерінің тиімділігі іс–әрекеті жүйелі, мазмұн сабақтастығын сақтай отырып, бірнеше компоненттерін құру. Тәрбие жұмыстары баланың денсаулығын нығайтуға әсер ететіндей болуы шарт.

Қазіргі заманғы тәрбиеші жаңа үрдестерді педагогикалық мақсат ұстанымында бағалауға, педагогикалық іс–әрекеттің ықтималды мүмкіндіктерін болжауға, талдау мен өзін–өзі бақылау тәсілдерін меңгерген кәсіби шебер болуы тиіс. Адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектепке дейінгі мекемелерде оқыту мәселесін де заман талабына сай, жаңа технологиялармен қамтамасыз ету қажеттігі туындап отыр. Тәрбиеші жұмысының ауқымдылық өлшеуіші–жаңа заман талабы. Педагогикалық үрдісте бала жанының қозғалысы педагог жанының үйлесімін тапқан кезде бала өз бойындағы табиғи дарынын ашады. Тәрбиеші оқу–тәрбие жұмысына шығармашылықпен қарап, жаңа заман талабына сай, озық дәстүр ұлттық рухында тәрбиелеп, оқу іс–әрекетті түрлендіру мақсатында оқытудың түрі әділ–тәсілдерін пайдаланса, игі нәтижеге жетуі сөзсіз. Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық іс–әрекеттің мақсаты білім беру үрдісін заманауи тиімділігі жоғары технологиялармен және балалардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастырып,

шығармашылық қабілеттерін дамытатын әдістемелермен қамтамасыз ету, ақпараттық технологияларды қолдану балаларды интеллектуалды дамытуда заманауи, ғылым деңгейде ұйымдастыруға көмектеседі.

2.Тәрбиенің жұмыс мазмұны мен ауқымдылығы дұрыс жолға қойылғанда ғана жететін нәтиже: Тәрбие мен білім беруде жұмыс сапасы артады.

Ойын тәсілдерінің жүйелігі-мазмұн сабақтастығын сақтайды. Құжаттардың жинақты әрі жүйелігі-тәрбиеші жауапкершілігін күшейтеді. Шығармашылықпен жұмыс жасау-талмай талаптылықты, қияли шеберлікті жүктейді. Дидактикалық материалдар, көрнекіліктер жасау-қол икемділігі мен әсемдікке жетелейді. Әріптестермен тәжірибе алмасу-жаңа бағытқа жол сілтейді. Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдермен жұмыс жасау-заман талабын орындайды.

ҮШТІЛДІЛІК - КӨП ТІЛДІ МЕНГЕРГЕН ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ

Касаболатова Перизат Калдыбековна

№1 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Қазақстан

Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған Тілдерді қолдану мен дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында еліміздегі өмір сүріп жатқан халықтардың мәдениеті мен дәстүріне құрметпен қарайтын, үш тілді еркін меңгерген, көпмәденилік тұлғаны тәрбиелеу ісіне көп мән беріледі. Бұл мемлекеттік бағдарлама аясында тілдерді үйрену ісіне ерекше көңіл бөлінуде.

Тәуелсіздік тізгіні қолымызға тиіп, егеменді ел болған алғашқы күндерден бастап-ақ елімізде тіл саясаты Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың тікелей басшылығымен саликалы да, сындарлы түрде жүзеге асырылуда.

Елбасы жыл сайынғы Қазақстан халқына арнайтын дәстүрлі жолдауларында да тіл саясатына, оның ішінде қоғамдағы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мәселесіне тоқталмай өткен емес.

Білім мен ғылымның, экономиканың, бизнестің, саясаттың, жалпы бәсекелестіктің қарыштап дамып отырған бүгінгідей жаһандану кезеңінде Елбасы көрегендік танытып, алдымызға үш тілді білу қажеттігін қойып отыр. Әсіресе, өскелең ұрпақтың, жастар алдында бірнеше тіл білу міндеті тұр.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі — ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі — жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі», — деген болатын.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында 2020 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгергендердің қатары 95 пайызға дейін жететін болады», – деп атап көрсеткен болатын. Президент Нұрсұлтан Назарбаев Үкіметтің алдына “Тілдердің үш тұғырлылығы” мәдени жобасын іске асыруды жеделдету міндетін қоя отырып, бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру қажеттігіне ерекше назар аударды. Жергілікті өкілді және атқарушы органдарда қабылданатын шешімдер мен қаулылар, өкімдер, бұйрықтар және басқа да нормативтік актілер мемлекеттік тілде әзірленіп, мемлекеттік тілде

қабылданады. Барлық деңгейдегі әкімшілік және мектепшілік оқу мәдени шаралар мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мақсатында өзге ұлт өкілдерінің арасында «Қазақшаң қалай, балақай?», жоғары сынып оқушылары арасында (өзге ұлт балалары) «Мемлекеттік тіл — мерейім», сондай-ақ Абай оқулары, «Мемлекеттік тіл — менің тілім», «Қазақ тілінің үздік оқытушысы», «Үздік аудармашы», «Тіл — халық жанын танудың кілті» байқауларына мектебіміз белсене қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Әрбір адам өз туған халқының, өзі өмір сүретін елдің тілін білу қажеттігі – ертеден келе жатқан қағида. Алайда, жаһандану қалыптасқан осы қағидаға түзетулер енгізуде. Қазіргі кезде халықаралық қатынас тілін білу қажеттігі туындап отыр. Бұл біздің жастарымыз үшін аса қажет.

Қазақ тілі сабақтарында жеке бағытталған, деңгейлік диалогтік және жобалық оқыту технологиялары қолданылады. Қазақ тілін тереңдетіп оқыту бағдарламасын іске асыру кезінде оқушылар ауызша да, жазбаша да грамматикалық құрылымдарды қолдана және айыра білуге дағдыланады. Коммуникативтік мақсаттарды іске асыру барысында оқушылардың қызығушылығын ескеруге, тілдік материалдарды дұрыс таңдауға, лексикалық сөздік қорын молайтуға, оқутанымдық әрекеттерді өз беттерімен орындауға, жаңа ақпараттық технологияларды қолдануға баса мән беріледі.

«Көптілділік» термині (татар тілінде – күнтеллек, ағылшын тілінде – multilingualism, mehrsprachigkeit) орыс тілінен шыққан, қоғамда әртүрлі тілдердің таралуы, жеке тұлғалардың бірнеше тілдік құралдар арқылы сөйлесу мүмкіндігі ретінде түсіндіріледі. Біздің республика көптілді болып табылады, өйткені мұнда жүзден астам халықтар және Ресейдегі 130 ұлттардың өкілдері өмір сүреді. Ал бүкіл әлемде 3 мыңға таяу тірі тілдер бар деп саналады.

Бұл жөнінде ғалым Н.Уәлиұлы: «...Ең алдымен, мемлекеттік тілдің үш тағаны (басқару, ақпарат, ғылым - білім саласындағы қызметі) түгелденуге тиіс. Үштұғырлы тіл формуласында ең бірінші осы мәселе шешімін табуы қажет және мемлекеттік тіл жоғары деңгейде болғаны абзал. Өйткені қазақ тілі мемлекет құрушы этностың тілі, мемлекеттің бірден-бір тірегі деп күллі Қазақстан жұртшылығы мойындағандықтан, Ата Заңымызда конституциялық мәртебе алды. Сондықтан оның тағдыры жөнінде жауапкершілікті, әлемдік қауымдастықтың алдында, ең алдымен мемлекет өз мойнына алуы тиіс», - деп атап көрсетеді. Жалпы адам неғұрлым көп тілдерді білген сайын, соғұрлым мүмкіндіктері де арта түседі. Өз ана тілінен басқа бір шет тілді меңгерген адамның келесі тілдерді меңгеруі әлдеқайда жеңіл болатынын психолог ғалымдар дәлелдеген. «Қандай да болмасын бір өзге тілді білетін адамға екінші тілді меңгеру біріншіге қарағанда айтарлықтай жеңіл және тез болады. Себебі, бірінші өзге тілді меңгергенде, адамда ана тіліне қосымша үйренуші тіл сезімі қалыптасады, сонымен қатар, жалпы тіл ерекшеліктерін айыра білу қабілеті дамиды, осы қабілеттің арқасында адам тек қана үйренетін тілдің емес, жалпы тілдердің арасындағы ерекшеліктерді айыра алады» .

Тілдік пәндерді оқу барысында оқушылар әр ұлт пен әр тілдің өзіне тән ерекшеліктерімен танысып, әр тілдің ұлттық нормаларының көптүрлілігіне, оларды бағалауға немесе салыстыруға болмайтынына көз жеткізеді және тілдерге тән бұл ерекшеліктерге түсіністікпен қарай отырып, әр азамат өз бойында басқа ұлттарға деген құрметтеушілік сезімді қалыптастырудың маңыздылығын түсінеді.

Сонымен қатар бастауыш сынып пәндерін оқытуда қазақ-ағылшын тілі және қазақ-орыс тілі екітілділік элементтерін біртіндеп енгізу жоспарлануда. Көптілді білімнің дамуына байланысты қазақ-орыс-ағылшын тілді ортаны кеңейту қажеттілігі туындайды.

Халқымыздың біртуар перзенті Мағжан Жұмабаев: «...Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілінің кеми бастауы – ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат еш нәрсе болмасқа тиіс. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақтың тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сары даласы кең, тілі де бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды, терең тіл жоқ», – деп тіл жайында терең толғанған екен кезінде. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері жүргізіліп келе жатқан тіл саясатының арқасында қазіргі таңда мемлекеттік тіл туралы оңды қоғамдық көзқарас қалыптасып отыр. Тіпті Отанымызда өмір сүріп жатқан басқа ұлт өкілдерінің де мемлекеттік тілді меңгеруге деген құлшынысы күннен-күнге арта түсуде. Бұл жағдайды қазақ тіліне көрсетіліп отырған құрмет деп түсінуіміз қажет.

Тіл саясаты саласындағы әлеуметтік зерттеу көрсеткіштері және Үкімет тарапынан іске асырылып жатқан шаралар, мәселен, іс жүргізуді кезең-кезеңімен мемлекеттік тілде жүргізуге көшіру, мемлекеттік қызметшілерге және ересек халыққа арналған қазақ тілін үйрету курстарын ұйымдастыру, қазақ тіліндегі мектептер мен балабақшалар, жоғары оқу орындарындағы қазақша оқытатын топтар санын арттыру, қазақ тіліне инновациялық технологияларды енгізу және тағы басқа да маңызды шаралар – бұл саладағы жағдайдың жақсарып келе жатқанын көрсетіп отыр.

Елбасымыз «қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» дегенде, мемлекеттік тілдің дамуы, көп жағдайда, өз қандастарымыздың ұлттық намысы мен жігеріне байланыстылығын атап өтсе керек. Мемлекеттік қызметте жүрген қазақ азаматтары немқұрайлылық танытпай, мемлекеттік тілдің мәртебесін биіктетуге белсенді атсалысуы тиіс. Алдағы уақытта, мемлекеттік тілді меңгеруге қатысты талаптар күшейтілуі керек. Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының «Ана тіліміз – бізді ғасырдан ғасырға, заманнан заманға аман жеткізген бірден - бір арымыз да, нарымыз да» деген сөзі болашақ ұрпақтың тіліміздің құдірет-қуатын кемітпей, оның рухын биік ұстауға шақырады.

Осы арада айрықша тоқталатын мәселе, тілдің тағдырын тек заңмен, басқа да міндеттеу шараларымен, шешу мүмкін емес. Тілге қажеттілік тудыру керек.

Қазақ тілі қанатын кең жаюға тиіс салалардың бірі – бұқаралық ақпарат құралдары. Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары қоғамға үштілділік саясатты дұрыс түсіндіру бағытында насихаттау жұмыстарын жүргізу керек.

Ұлтаралық қарым-қатынасты реттеуде, қоғамдық татулық пен келісімді тұрақты ұстауда, халықаралық маңызды мәселелерде ортақ шешімге келуде, жаңа инновациялық технологияларды, заманауи көзқарастар мен идеяларды енгізіп, кеңінен таратуда орыс тілінің рөлі айрықша екендігі баршаға мәлім.

Қорыта келгенде, «Тілдердің үш тұғырлылығы» бағдарламасының негізгі мақсаты мемлекеттік тіл – қазақ тілін орыс және ағылшын тілдерінің деңгейіне дейін көтеріп, бәсекелестігін арттыру болып табылады.

Өскелең ұрпақтың үш тілді: қазақ тілін – мемлекеттік тіл, орыс тілін ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілін халықаралық тіл ретінде оқып үйренуге ұмтылыс жасауы — замана талабы, болашақ ұрпаққа қажеттіліктен туындап отыр. Бүгінгі таңда көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Көптілді болу – уақыт талабы. Тіл арқылы өсіп келе жатқан ұрпақты

әмбебап, жаһандық құндылықтарға қосу, әлемдік кеңістік пен көршілес мәдениеттер өкілдерімен қарым-қатынас жасап, сөйлесе білу дағдыларын қалыптастыруға болады. Көптілділік қазіргі әлемнің басты мәселесі – адамдар арасындағы келісім мен өзара түсінушілікті шешуге көмектеседі.

Қазақстан халқының лингвистикалық капиталын дамыту мақсаты мемлекеттік тілге қоса еліміздегі басқа да тілдерді оқып-үйренуді міндеттейді. Бұл мақсаттың аясында қазақ жұртын мекендейтін халықтардың тілдерін дамыту міндеттелген. «Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте!» деген Қадыр Мырза Әлидің әйгілі өлеңінде лингвистикалық капиталдың негіздемесі жатыр. Өзге тілді білсең — өрге шығасың, Өз тіліңді білсең, төрге шығасың. Орыс тілі әр елге, ағылшын тілі әлемге есік ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Хасенов Ә. Тіл білімі. Алматы: Ер-дәулет, 2003.
2. Нұртазин Т. Сөз құдіреті. Астана: Ер-дәулет, 2007.
3. Әлімбаев Г. Қазақ тілі. Астана: Ер-дәулет, 2007.
4. Тіл туралы толғам. Құраст./ Д.Дүйсебай. Астана: Ер дәулет, 2007.
5. Қапасова Б.Қ. т.б. Қазақ тілін жедел оқыту. Астана: «Арман-ПВ», 2009.

ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІН ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Мадиебекова Ботакоз Аймаханбетовна

№29 орта мектебінің география мен тарих пәндерінің мұғалімі
Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Қазақстан

Географиялық білімнің сапасын арттырудағы ең маңыздысы география мұғалімінің біліктілігінде, ол дегеніміз оқушылардың теориялық алған білімдерін практикада қолдана білуде және талқыға салуында. Қазіргі оқыту үрдісі оқу-әрекетін дұрыс ұйымдастыру және алға қойған мақсаттарының шешімін табу үшін жаңа білім көздерін өздігінен игеру барысында жеке тұлғаны құзыреттілікке бағыттап оқытуды талап етуде

Мектептегі географияны оқыту үрдісінде бәсекеге қабілетті, өмірге белсенді жеке тұлғаның бойына жаратылыстану-ғылыми және әлеуметтік-экономикалық білімнің жалпы жүйесінен тұратын білім, білік, дағдыны қалыптастырып, өмірге дағдыландыру және алған білімін қолдана алуға дайындау. Ондағы міндет - оқыту үрдісін ұйымдастыруды құзыреттілікке бағыттап оқыту.

Құзыреттілікке бағыттап оқытудың ең басты жүйесі - оқыту үрдісін оқушының санасына бағыттау және өздігінен жұмыс жасау барысында білім нәтижесін өмірде пайдалану. Мұғалім білім кеңестігінде белсенді тұлғалар болуы үшін, өз оқушыларының іс-әрекетін әмбебап тәсілдер арқылы ұйымдастырады.

Оқушы оқу процесінің басты өзегі, сондықтан назардың барлығы оқушының дамуына, оның ойлау стилінің тәуелсіздігіне аударылады. Педагогикалық инновацияның мұғалімдер алдына қоятын талаптарының бірі оқушылардың өз бетінше жұмыс жасап үйренуін қалыптастыру. Сондықтан да мен оқулықтағы материалды жан-жақты түсіндіріп, ұқтырумен қатар, оқушының кейбір мәселелерді өз бетімен оқып, жазып, нәтижесінде жаңаша бір мәселені біліп үйреніп жаттығуларына мүмкіндік жасаймын. Жаңа білім игеру мақсатында оқушының өз бетімен жасаған жұмыстарына үнемі көңіл бөліп, ұйымдастырып отырамын. География пәнінің ерекшелігі сол сарамандық жұмыстар мен өзіндік жұмыстар әрқашан бірін-бірі толықтырып отырады. Оқушының өз

бетінше орындалуына берілетін әрбір тапсырма олардың күші келетіндей, түсінікті, көлемі жағынан бағдарламаға сай, мазмұны оқушыларды қызықтыратындай әр түрлі болуын қадағалаймын. Өз бетімен жұмыс істеу оқушыларды тиянықтылыққа, төзімділікке, бастаған ісін жемісті аяқтауға тәрбиелесе, ал мен үшін оқушы еңбегін бағалайтын ең жақсы көрсеткіштің бірі. Мысалы оқушылардың өз бетімен жүргізілетін жұмыстарының бірнеше түрлерін сабақ барысында әр кезеңінде ұйымдастырамын. Олар мыналар:

1.Оқулықпен жұмыс істеу- әсіресе жоғарғы сынып оқушыларымен жүргізілетін негізгі жұмыс түрі. Оқушылар статистикалық материалдарды, кесте, сызба-нұсқаларды талдау арқылы оқулықтағы білімдерін кеңейтіп, негізгі білімдерін жүйелейді.(көбіне бұл жұмысты жаңа сабақты түсіндіру кезеңінде пайдаланған тиімді).

2.Атласпен, картамен жұмыс істеу: география пәнінде атласпен, картамен жұмыс барлық сыныптарда жүйелі жүргізілуі тиіс. Географиялық нысандарды ажырату, олардың ерекшеліктерін, жату бағыттарын, орналасуын тек карта арқылы түсіндіруге болады. Сондай-ақ өнеркәсіп орталықтарын, олардың мамандану салаларын карта арқылы білуге болады. Сондықтан да бұл жұмысты да жүйеге келтіру керек деп есептеймін. Атласпен картамен жұмыс жасай алмайтын оқушы география пәнін меңгермеген оқушы деп санаймын.

3.Кескін картамен жұмыс: бұл жұмысты 6-шы сыныптан бастап үйрете беру керек . Себебі 7 сыныптағы материктер картасын кескін картаға салу кезінде оқушылар қатты қиналады. Ал бастапқы курсты оқу барысында оқушыларға түрлі-түсті бояу арқылы жер бедерінің азғантай бөліктерін салғыза отырып, олардың биіктіктерді ажырату, ойпаттардың, қырат-үстірттердің, таулардың бояуларын қалыптастыру дағдыларын дамытуға болады. Сондай-ақ өзен- көлдерді картаға түсіру дағдылары дамиды.

4.Географиялық есептер шығару, жаттығулар орындау: географияның бастапқы курсына географиялық есептер шығару арқылы оқушылардың қисынды ойлау дағдыларын дамытып, пәнаралық байланысты қалыптастыруға мүмкіндік болады. Мысалы қысым мен температура арасындағы байланысқа арналған есептер, географиялық градус торы арқылы жер бетіндегі қашықтықты анықтауға арналған есептер құрастыруға болады. т.с.с.

5.Географиялық сөздік, анықтамалық материалдармен жұмыс. Оқулықтардың соңында географиялық терминдер мен ұғымдардың түсіндірме сөздігімен жұмыс жүргізіп отыру керек. Сондай-ақ онда кездеспейтін ұғымдарды күнделікті жұмыс дәптерлерінің соңындағы бірнеше бетке жазып отыруды тапсырып отыру керек. Бұл жұмыстың жүйелі жүргізілуін қадағалап отыру қажет, себебі ол- оқушылардың есте сақтау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

6.Кестелерді толтыру. Кесте толтыру арқылы оқушылардың салыстыру,нақтылау, ойлау қабілеттері дамытады.

7.График, профиль, диаграммалар сызу: 6-шы сыныптан бастап температура графигін салу, бағандық диаграмма арқылы жылдық жауын-шашынның айлар бойынша таралуын сыздырту- оқушыларды төзімділікке, ыждаһаттылыққа тәрбиелейді. Сондай-ақ 9- шы сыныпта статистикалық материалдарды пайдалана отырып, шеңберлік диаграмма сызу арқылы білім, білік дағдыларын дамытуға мүмкіндік болады.

8.Қосымша әдебиетпен жұмыс. Қосымша әдебиеттердің ішінде саяхатшылардың өмір –тарихы, зерттеулері, қызықты әңгімелер оқу арқылы оқушылардың жан-жақты дамуына, дүниетанымының артуына мүмкіндік туындайды.

9.Табиғатқа бақылау. (топсеруендегі бақылаулар мен ауа райына күнделікті бақылау жүргізу)

10. Карта-сызба нұсқауларды қарау.

11. Әңгіме құра білу.

Оқушылардың өз бетімен жасаған нәтижесі білім ұстамының тұрақты болуына әсерін тигізеді. Ұлы ойшыл қытай философы Конфуций: «Естігенімді ұмытамын, көргенімді есте сақтаймын, ал өз ақыл ойыммен істеген ісімді түсінемін» дегендей оқушылардың негізгі білім және білік дағдыларын қалпыстырады. Қазіргі кезде білім беру технологияларының негізгі бағыттарының бірі саралап оқытуға көп көңіл бөлінуде.

Қазіргі кезде білім беру технологияларының негізгі бағыттарының бірі саралап оқытуға көп көңіл бөлінуде. Оқушыларды саралап оқыту (деңгейлік тапсырмалар беру арқылы) Америкада бастауыш сыныптардан, ал Жапония мен Франция елдерін ортаңғы және жоғарғы сыныптарда жүзеге асырылуда.

Күнделікті сабақтарда әсіресе 5- 7 сынып оқушыларымен деңгейлік тапсырмалар беру арқылы саралап оқыту технологиясын пайдаланған өте тиімді. Себебі бұл сынып оқушыларының жас ерекшелігіндегі психологиялық жағдайларын пайдаланып, олардың бір-біріне деген қызығушылығын, еліктеу қасиеттерін ескере отырып дамытуға мүмкіндік туындайды.

Мысалы, берілген тапсырма оқушылардың логикасын бағалауға арналған.

«Келесі бес тұжырымдама, су айналымы барысында болатын процестерді сипаттайды. Судың теңіз бетінен булануы, су айналымының бірінші сатысы ретінде айқындалады. 2-ден 5-шіге дейінгі тұжырымдамаларды су айналымы процесінің ретіне сәйкес орналастырыңыз».

2 Су буы жылы ауаға көтеріледі.

5 Су өзенмен теңізге қарай ағады.

1 Су теңіз бетінен буланады.

3 Су буы суиды және бұлтқа айналады.

4 Бұлттар қозғалады, су жер бетіне жаңбыр түрінде түседі.

Сонымен, география пәні оқушыларға әлемді жалпы біртұтас қарастыра отырып, оның даму заңдылықтарын, себеп-салдарын ұғындырып, ғылым жетістіктерін өмірде пайдалануға үйретеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бейсенова А., Карпеков А. Қазақстанның физикалық географиясы. А.: Атамұра 2004 ж.

2. Бейсенова Ә.С. - Алматы. «Глобус» 2003 ж.

3. Қазақстанның географиялық атласы. 2005ж.

ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ КӨП ТІЛДІ МЕҢГЕРУДІҢ МӘНІ

Махатаева Жанар Имановна

«Өрлеу» БАҰО» АҚ Түркістан облысы және шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ
Шымкент қаласы, Қазақстан

Тіл қоғамдасқан адамдар арасында өмір сүреді, өзгереді және дамиды. Сондықтан көптеген ғалымдар тілді әлеуметтік құбылыстармен баланыстыра қарау керек деп санайды. Тілдің қоғаммен байланысын Т.Қордабаев ежелгі гректердің затқа атау қою философиясынан іздейді: «Затқа атауды адамдар өзара келісу арқылы қойған, тіл содан пайда болған дейтін ежелгі грек философтары тұжырымдарының өзінен де олардың тілдің әлеуметтік мәні барлығын мойындағандықтары байқалады». Тілдің әлеуметтік табиғатына алғаш назар аударып, зерттеген ХІХ ғасыр ғалымдары – П.Лафарг, А.Мейе, А.Соммерфельд. Аталған ғалымдардың бірі Поль Лафарг тілді әлеуметтік ортасынан бөліп қарауға болмайтынын айтады. Тілді әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырған бағыттың Отанын Франция деп санап, оны Франция социологиялық мектебі деп атаушылық бар. Бұдан басқа тілдің әлеуметтік мәніне назар аударған зерттеулер Швейцария, АҚШ, Ұлыбритания және Чехияда қалыптасты. Бұл бағыттың өкілдері тілді қатынас, байланыс құралы ретінде танып, тілдің ойлаудағы рөлін екінші орынға қойған. Тілдің әлеуметтік ортаға және сөйлеушінің жасына т.б. қарай қолданыстарын ХХ ғ. 20 жылдары Прага структуралистерінен бастап, Женева мектебі, неміс-тарихи диалектографиясы, әлеуметтік бағыт, функционалды грамматиканың өкілдері анықтайды.

Тілдің қоғамдық сипаты мен әлеуметтік мәні туралы пікірлер сан алуан. Фэде Соссюр тілдің қоғамдық құбылыс екенін концепциясында негіз етеді. Тілдің сыртқы дүниемен, қоғаммен байланысын зерттейтін дербес ғылым болу керектігін және оның «сыртқы лингвистика» деп аталу керек екендігін айтады. Осыған байланысты тіл және қоғам, тілдің әлеуметтенуі деген түсінік кейіннен термин ретінде қалыптасты. Айта кету керек, осы екі ұғым, яғни екі термин - әлеуметтік лингвистика (социоллингвистика) және тілдің әлеуметтенуі (социология языка) қатар қолданылып келді. Өйткені тілдің әлеуметтенуі - ол тілдік және әлеуметтік құбылыстар болып табылып, оны қоғамдық ғылымдар санатына қосып қарастырса, әлеуметтік лингвистика – тіл білімінің бір саласы болып, тілдің әлеуметтік табиғатына мән беріліп, оған тілдік талдау жасалды, яғни қоғамда болып жатқан жағдайларға тіл тарапынан баға беріледі.

Әлеуметтік лингвистика - адамдардың қоғамдағы әлеуметтік орнына, қоршаған ортасы мен тұратын жеріне байланысты әртүрлі сөйлеуінің тамырына үңіліп, себебін іздейді. Мысалы, лауазымы жоғары қызметтегі адамның сөзінен жастардың күнделікті қолданатын сөздерін естімейміз. Ол жас кезінде түрлі жаргондарды қолданғанымен, уақыт өте келе немесе қоғамдағы әлеуметтік мәртебесінің өзгеруіне байланысты айтпай кетуі мүмкін. Бұл жерде тілдік тұлға жайлы айтпай кетуге болмайды.

Тілдік тұлға - тұлғаның лингвистикалық, әлеуметтік, интеллектуалдық, этикалық, эмоциялық және т.б. компоненттерінің тілде, сөйлеуде, дискурста, мәтінде жүзеге асырылуы. Тілдік тұлға құрамына тілдік сана мен сана-сезім, сөйлеу мәдениетін, тіл және ойлау, тіл мен қоғам, тіл мен мәдениет арасындағы байланысты, тілдің өмір сүру формаларын және т.б. кіретін ұғымдар жиынтығы. Тілдік тұлға (Ю.Ю.Караулов бойынша) үш қабаттан тұрады:

а) вербалдық - семантикалық, яғни тілді білу. Сол тілді толығымен қарым-қатынас жасай алатындай дәрежеде меңгеру.

ә) әлемнің тілдік бейнесінде қалыптасқан және ұғым, идея концептеріне қоса санағанда когнитивтік деңгей. Әр адамның әлемді түсіну мүмкіншілігі.

б) мақсат, мотив, қызығушылық интенцияларды анықтайтын прагматикалық деңгей.

Бір мәдениет шеңберіндегі тілдік тұлға қатынастары түрлі болады. Кез келген қатынас сөйлеуші мен тыңдаушы әрекетінен тұрады. Тұлғааралық қатынастың заңдары қандай және олар тілдік тұлғаның санасында қалай көрінеді. Қарым-қатынасқа қатысушылардың әлеуметтік тәжірибесі неғұрлым сәйкес болса, соғұрлым олардың арасындағы түсіністік дәрежесі үлкен болады. Психоллингвистердің айтуы бойынша әлеуметтік тәжірибе неғұрлым жақын болса, адам бір-бірін оңай түсінеді. Сөйлеушілердің әлеуметтік тәжірибесінің ортақтығы - тұлғааралық қарым-қатынастың жалғыз ғана сипаты емес. Тілдік қалыптар жағдайға байланысты өзгеріп отырады. Немесе біз өмірде әртүрлі бейнелерді сомдаймыз. Соған байланысты әлеуметтік мәртебе және әлеуметтік рөл ұғымдарын нақты ажырату қажет.

Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған тілдің қоғамдық қызметінің аясы өркен жая кеңейіп, сөз байлығы молайып, көркемдік өнері айшықтала бермек. Тілдің қоғамдық қызметі деген - оның өмір саласында қолданылуы. Тіл өмірдің қанша саласында қолданылса - қоғамдық қызметінің көлемі сонша және тілдің дамуында әрбір өмір саласының атқарар қызметі өзінше. Белгілі бір саланың әлеуметтік саяси, экономикалық, мәдени өмірімізде атқарар қызметі қандай болса - онда қолданылған тілдің мәні мен маңызы да сонша. Сондықтан да, алдымен еліміздегі тілдік жағдаятқа аса назар аударуымыз керек.

Жалпы тілдік жағдаят ағыл. Language situation – тілдің/тілдердің қоғамда нақты қолданылуы; нақты бір тарихи кезеңде белгілі бір аймақтық-әкімшілік құрылымда (этикалық қауымдастықта) қолданылатын Тілдердің, Тілдің өмір сүру формаларының, аумақтық және әлеуметтік Диалектілердің жиынтығы. Төмендегідей түрлері бар: эндоглосты (бір тілдің ішкі жүйелерінің жиынтығы) және экзоглосты (әртүрлі тілдердің жиынтығы) тілдік жағдаят; теңгермелі (коммуникативті қуаты бірдей, әртүрлі функционалды тілдердің жиынтығы) және теңгермелі емес (эралуан коммуникативтік қуатқа ие, беделді және беделді емес тілдердің / Тіл жарыспаларының жиынтығы) тілдік жағдаят; демографиялық жағынан теңбе-тең емес (әртүрлі демографиялық қуатқа ие тілдердің жиынтығы) тілдік жағдаят; диглосты және бейдиглосты тілдік жағдаят. Алайда, «Этникалық топтар халықтарының тілдері атқаратын қызметінің көлемі жағынан бірдей емес» («Қазақстан Республикасы тіл саясатының тұжырымдамасы»), сондай-ақ коммуникативтік кеңістіктегі тілдердің нақты бөлінісі демографиялық және функционалды қуатты екі тілдің - қазақ және орыс тілдерінің пайдасына шешілген. Өйткені екітілді және үштілді қауымдастықтың өкілдері республикада шашыраңқы орналасқан (ұйғыр, корей ұлттары өкілдерін және т.б. есептемегенде) және олардың өз ұлттық-аумақтық құрылымы жоқ. Шашыраңқы орналасу қазақ ұлты өкілдеріне де тән екендігін (елдің оңтүстік және батыс өңірлерін есептемегенде) ескеру қажет, сондықтан өте ауқымды аймақтың иесі - қазақ Этносы коммуникативті қуатты орыс тілімен тілдік өзара, ұдайы ықпалдастықта болады. Қазақстандағы тілдік жағдаяттың өзіндік ерекшелігі - генетикалық және типологиялық эралуан тілдердің молдығында ғана емес, сонымен қатар коммуникативті кеңістікте екі үлкен тілдің - қазақ тілі мен орыс тілінің - қатар қолданысына байланысты. Ал бірегей коммуникативті кеңістік шартты түрдегі тұрақты өлшем ретінде қазақ және орыс тілдерінің функционалды «әл-қуатының» межелерін танытады. Қазіргі таңда Тіл мәртебесін жоспарлау жүзеге асырылған, қазақ тілінің

қолданылу аясын кеңейтуге бағытталған Қазақстандағы тілдік жағдай заңнамалық түрде жасалуда, Тілді нормаландыру және жетілдіру бойынша іс-шаралар жүргізілуде.

Қазіргі Қазақстандағы тілдік жағдай - көптілді және экзоглосты деп қарастырылады. Байқағанымыздай, Қазақстанның өзінің бір ерекше тілдік жағдайы бар, себебі, елде сан алуан ұлт өкілдері мекендейді, осыған орай бірнеше тілдердің түрлері бар, осы тілдердің басым бөлігін екі коммуникативті мықты тілдер таразылайды – қазақ (мемлекеттік) және орыс тілдері. Қостілділік - бұл республикадағы ең маңызды тілдік көрсеткіш болып табылады. Қостілділік феномені проблемасын - елімізде лингвистердің, әлеуметтанушылардың, саясатшылардың, журналистердің жетік бақылауына алынып отыр. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда ішкі және сыртқы ірі миграциялық үдерістер болды. Егемендік жағдайында мемлекет этнодемографиялық тепе-теңдікке жетуге бағыт алып, этникалық қазақтардың қайта оралуын ынталандырды, бұл да тілдік жағдайға айтарлықтай ықпал ететіндігін айта кету керек. Барлығы бірге елдегі этнотілдік жағдайдың бірден өзгеруіне жағдай жасап, қазақтардың үлес салмағының өсуіне ықпал етті. Тілдік жағдайдың өзгеруіндегі айрықша рөл миграциялық үдерістерге тиесілі болып келеді. Дегенмен де Қазақстандағы тілдік жағдай 126 тілдің болуымен дәлелденетін экзоглостық сипатты сақтап отыр.

Қазіргі қазақстандықтардың сөйлеу тілінде көп ұшырасатын, тіпті кейбір жағдайларда «сөйлеу нормасы» ретінде қалыптаса бастаған жаңа тілдік көріністер міндетті түрде лингвистикалық талдауды қажет етеді. Бұл қостілділік пен көптілділікке қатысты туындаған көптеген сауалдардың өз шешімін табуына септігін тигізеді.

Қостілділік түсінігін әр зерттеуші әр түрлі анықтайды. Белгілі ғалым Б. Х. Хасанұлы «Қостілділік - белгілі бір территория көлеміндегі ұлтаралық (этносаралық) қарым-қатынасқа түсетін белгілі бір этникалық қауымдастық өкілдерінің, бүкіл қоғамның (социумның) әр түрлі жағдайда екі тілді (әдетте, ана тілі мен екінші бір тілді) алма кезек немесе қатар қолдануы деген анықтама бере отырып, «Егер адам, адамдар тобы, қоғам этникалық белгісіне қарай қанша алуан болса да, екі тілде сөйлесе (жазса, оқыса) ғана қостілді (билингв) болып саналады» деген қорытындыға келеді. Ал К. Гавранек билингвизмді - «тілдік қатынастың ерекше жағдайы» ретінде анықтай отырып және осы терминді қолдану тек ұжымдық екітілділікке қатысты екенін нақтылап, кең көлемде түсінік береді. В.А. Авронин билингвизмге төмендегідей анықтама береді: «Шамамен екі тілді және одан да көп тілдерді бірдей еркін меңгеру. Нағыз қостілділік - екінші тілді меңгеру деңгейі бірінші тілді меңгеру деңгейіне жеткенде ғана басталады». Билингвизм түсінігі және екі тілді меңгеру деңгейі туралы толық анықтаманы Е.Ю. Протасова былай деп тұжырымдайды: «Қостілділік жеке жағдайда, ал көптілділік жай мағынада - екі тілде қатар сөйлеу мүмкіндігі, яғни екі тілді деңгейінің ана тілін меңгеру деңгейіне сәл де болса жақын болуы, ал ғылыми тұрғыда - күнделікті өмірде екі тілді жүйелі қолдану. Тілдердің қоғамда толық жетіліп дамуы немесе тең дәрежеде қалыптасуы, сондай-ақ, бір-бірімен араласып кетуі, немесе, бір-бірімен тәуелсіз жағдайда болуы мүмкін. Тұрақты тілдік жағдайда, қоғамда мәртебесі жоғары беделді тіл және мәртебесі төмен беделсіз тіл қатар өмір сүреді. Оның біріншісі - грамматикасының күрделі болуымен ерекшелініп, көбінесе ресми жағдайларда және жазбаша жазуларда қолданылады. Ал екіншісі - күнделікті өмірде, көбінесе ауызекі сөйлеу тілінде қолданылады». Терминнің анықтамасына қарай, ғалымдар билингвизмнің негізгі түрлерін анықтайды, мысалы: қостілділіктің түрлерін атап айтатын болсақ, Е.М. Верещагин билингвизмнің типологиясының үш түрін (психологиялық, социолингвистикалық және лингвистикалық) атап көрсетеді. Л.В. Щерба «Екінші тілді үйрену қостілділікке апарып соқтырады, оның таза және аралас түрі болады. Тілдер

арасында ешқандай салыстырулар, теңдестіре байқаулар болмаған, қостілділер үшін бір тілден екінші тілге аудару мүмкін болмаған және қалай болғанмен де өте қиын болғанда таза болады» деп жазады. Ол қостілділіктің мұндай типінің белгілі бір жағдайларда ғана өте сирек кездесетінін көрсетеді. Екінші тілді үйрену кезінде «үнемі алғашқы тілге қарайлаудан» туындайтын қостілділікті аралас деп атай отырып, «қостілділіктің қалыпты типі» деп осы аралас қостілділік екендігін ескертеді. Себебі, біз қостілділіктің осы типімен жиі кездесеміз. Мұндай қостілділік кезінде, қостілділердің екінші тілдегі сөйлеуіне алғашқы тілдің ықпалының екіншінің біріншіге әсерінен анағұрлым күшті болатыны сөзсіз. Бірінші тілдің жүйесі қалыптасып болған, қостілді үшін үйреншікті және табиғи, бұл тілде сөйлеу автоматтандырылған. Екінші тіл бірінші тілдің жүйесі арқылы меңгеріледі. Л.В. Щерба аралас қостілділік кезінде «Жаңадан меңгерілетін тіл әрдайым бірінші тілдің қандай да бір болмасын ықпалына ұшырайды» деп жазады.

Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігінде Э.Д.Сулейменова және Н.Ж. Шаймерденова жоғарыда көрсетілгеннен басқаша қостілділіктің түрлерін бере отырып, толық сипаттама береді. Аймақтық қостілділік - елдің белгілі бір аудан тұрғындарының екі тілді білуі және пайдалануы, ұлттық қостілділік - елдің осы аталған этностарының екі тілді меңгеруі және пайдалануы. Республика тұрғындарының арасында орыс тілін меңгеру кеңінен тарағандықтан қазақ-орыс билингвизмі ретінде сипатталады. Ғалымдар сондай - ақ, қосымша қостілділік - деп, билингв екінші тілді бірінші ана тілінің құзыретін жоймай пайдалануын атайды, ал егер билингв екінші тілді меңгеру жағдайында бірінші тілдің құзыретін жоғалтатын болса, ол -орын басатын қостілділік деп аталады. Екі тілді жетік меңгеру - амбилингвизм деп аталады. Семилингвизм дегеніміз индивидтің ана тілін де, екінші тілді де толық меңгермей, екі тілдегі күрделі конструкциялардың мағынасын беруде қиындықтарға тап болуы. Сонымен қатар, табиғи қостілділік - осы тілді қолданушылардың тікелей өзара іс-әрекетінен пайда болған және жасанды- екінші тілді үйретуге арнайы жағдай туғызу нәтижесінде пайда болған қостілділік болып табылады.

Жалпы алғанда, қостілділік түрлері әр салада жан жақты зерттеліп, әр түрлі классификация жасалуда. Мысалы: Б. Хасанұлы әлеуметтік-лингвистикалық негізде жасалған классификацияны ұсынады:

- а) қостілділіктің түрлерін оның белгілі қауыммен сәйкестенуінің бағытына қарай жеке, топтық және бұқаралық қостілділік деп жіктеуге болады;
- ә) тілдерді игеру тәсіліне қарай табиғи және жасанды түрлерге бөлуге болады;
- б) тілдерді меңгеру деңгейіне қарай координативтік (таза) және субординативтік қостілділіктің түрлерін сипаттауға болады.

Екі тілдің алма кезек қолдануы, Қазақстан республикасының конституциясымен бекітілген және де басқа нормативті-заңды құжаттармен расталған, тілді қолданатын жерлердің бәрінде қызмет атқаратын, соның ішінде ең бастысы болып бүгінгі күні - БАҚ (бұқаралық ақпарат құралдары) болып табылады. Бұқаралық ақпарат құралдары тілдің кодификациялануына және бірыңғайлануына ең басты ықпалын тигізеді. Осы тұрғыдан алып қарағанда ең басты назарды адресатқа ықпал ететін бір тәсілі ретінде, қостілді жарнамалардың анализін атап айтсақ болады. Зерттеушілер БАҚ-тың төмендегідей түрлерін ажыратады: тележарнама, радиожарнама, компьютер желісі арқылы тарайтын және де баспаға шығатын жарнама түрлерін айқындайды. Біз білетініміздей, жарнама саласындағы ең басты өнім жарнама мәтіні болып табылады, яғни онда барлық тілдік және тілдік емес амал-тәсілдері бар, олар өз алдына реципиентке жарнама мәтінін толық және түсінікті етіп және жарнамаға деген көзқарасын анықтайды. Жарнама мәтініндегі информация тек қана жарнамаланып жатқан затты вербалдандырып қана қоймай, қоғамдағы әлеуметтік жағдайды жеткізуге тырысады. Себебі, жоғарыда айтып өткендей,

қазақстан халқы қостілді болғандықтан, жарнама мәтіні екі немесе одан да көп тілде берілуі тиіс.

Дэвид Кристал деген философтың сөзімен айтсақ: «Тіл жойыларда қостілділік пайда болады. Екі тілді ерткен екі мәдениет өзара шайқасқа түседі. Ақырында жеңімпаз мәдениеттің тілінде сөйлеушілер көбейеді. Ал әлгі жеңіліс тапқан шағын мәдениеттің тілінде сөйлеуден басқа емес, өзінің жас ұрпағы ұяла бастайды. Ана тілінде сөйлеуге қысылатын сол ұрпақ та «жеңімпаз мәдениеттің» аяғына жығылады. Аға - ұрпақ ата-ана қанша әуреленсе де, өз балаларына ана тілін үйретуге шамалары жетпейді. Ең өкініштісі де осында». Сол себепті дұрыс сөйлей білу - мәдениеттіліктің ең биік шыңы екендігін есте сақтағанымыз жөн.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдаған үндеуінде былай делінген: «Қазақстандықтардың өзіміз өмір сүріп, елімізді жақсылықтарға бастап бара жатқан туған жерге атауын берген мемлекеттік қазақ тілін құрметпен және лайықты оқып-үйрене бастағандығын атап өтудің өзі қуанышты. Бүгінде мемлекеттік тілді меңгерген ересек тұрғындардың үлесі басым көпшілікті құрайды. Бұл Тәуелсіздіктің орасан зор жетістігі. Біздің міндетіміз - 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтар санын 80 пайызға дейін жеткізу. Ал 2020 жылға қарай олар кемінде 95 пайызды құрауы тиіс. Енді он жылдан кейін мектеп бітірушілердің 100 пайызы мемлекеттік тілді біліп шығатын болады. Ол үшін біз бәрін де жасап жатырмыз. Біз сол сияқты орыс тілін және өзге де қазақстандық этностар тілін дамытатын боламыз» делінген. Сонымен қатар, айта кету керек «Үш тұғырлы тіл» (қазақ, орыс, ағылшын) саясаты да сөз етілді.

Қазіргі кезеңде халықаралық байланысы күшті барлық елдерде тілдік қатынас мәселесіне ерекше мән беріліп отыр. Тілдік қатынастың бүкіләлемдік маңызы ел мен елдің, ұлт пен ұлттың саяси байланысына жан-жақты жол ашудан көрінеді. Сондықтан тілдік қатынас бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі ретінде әлеуметтік лингвистикада жаңа ғылыми еңбектердің шығуына әсер етті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ибраева Ж.Қ. Психоллингвистика негіздері / Ж.Қ. Ибраева// -Алматы:Қазақ университеті, 2010.-126 б.

2. Қайдар Әбдуәли. Ғылымдағы ғұмыр:мақалалар, баяндамалар жинағы. / Қайдар Әбдуәли // Т.2.-Алматы:Сардар,2014.-512 б.

3. Фаткуллин Ф.Х. , Сластухина О.И., Калгинбаева Ж.С..Филологиялық өзекті мәселелері: теориясы мен әдістемесі (ғылыми еңбектер жинағы) / Ф.Х.Фаткуллин, О.И.Сластухина, Ж.С.Калгинбаева //-Шымкент:Қ.А.Ясауи атын. Халықаралық Қазақ-Түрік унив., 2002.-192 б.

4.Саурықова Қ.Е.Болашақ маманның ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудағы көп тілді меңгерудің мәні //Білім берудегі менеджмент.-2015.-№1.- б.76-78

5.Нуркашева А.Көптілді білім беру- білікті маман қалыптастырудың негізі //Қазақстан мектебі.-2015.-№5.-б.31-32

ПРИМЕНЕНИЕ ТВОРЧЕСКИХ ЗАДАНИЙ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРНОГО ЧТЕНИЯ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ВОСПРИЯТИЯ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ПРОИЗВЕДЕНИЯ

Оспанкулова Шолпан Аблакимовна

«Өрлеу» БАҰО» АҚ Түркістан облысы және шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ
Шымкент қаласы, Қазақстан

Под творческой работой понимают особую форму организации учебной деятельности, осуществляемой под прямым или косвенным руководством учителя, в ходе которой учащиеся преимущественно или полностью творчески выполняют различного вида задания с целью развития знаний, умений и личностных качеств.

Необходимо детей научить учиться, то есть развивать их познавательные и творческие силы и способности, спорить и доказывать. Таким образом, будет идти развитие совместной творческой деятельности.

Творчество и творческая деятельность определяет ценность человека, стремление к творчеству характерно для школы наших дней. Главное в идеях творчества – не дать угаснуть Божьему дару, не помешать расцвести «таинственному цветку» в душе ребенка.

Творчество доступно детям, более того, оно оживляет познавательный процесс, активизирует личность и формирует ее.

В творчестве осуществляются самовыражение, самораскрытие личности ребенка.

Уроки литературного чтения обладают богатыми возможностями творческого обогащения.

Практика организации творческой работы на уроках литературного чтения в начальной школе позволила сформулировать условия, способствующие ее эффективности:

- наличие системы в использовании заданий для организации творческой работы;
- разработка планирование заданий творческой работы, как по форме, так и по содержанию;
- соответствия уровня сложности заданий уровню учебных возможностей учащихся;
- последовательное усложнение содержания задач творческой учебной деятельности учащихся;
- стимулирование учащихся к выбору заданий высокого уровня сложности;
- разумное сочетание творческой работы с другими формами и методами обучения.

Развитие умения учиться у младшего школьника является одной из архиважных задач обучения в начальной школе. Это умение включает в себя следующие составляющие:

– умение выходить за пределы собственных возможностей, за границы данной ситуации:

1. Самостоятельно изобрести, сотворить недостающие для решения средства и способы, то есть перевести учебную задачу в творческую;
2. Самостоятельно найти недостающие условия в любом «хранилище информации» (в учебнике, справочнике, книге);
3. Запросить недостающие данные у учителя, поставившего эту задачу.

4. С этой целью на уроках литературного чтения практикую разнообразные виды творческих работ.

1. Творческие задания практического действия при работе с текстом на уроках литературного чтения.

Работа с иллюстрацией к тексту

Кроме немногих, все картины к художественным произведениям в учебниках по литературному чтению сюжетного характера. Их цель иллюстративная.

Лучше всего, если учитель будет идти от текста к иллюстрации и предложит ученикам, максимально опираясь на текст, устанавливать степень соответствия и несоответствия данной картинке содержанию того эпизода или места в тексте, к которому она относится.

Мною был опробован и показал неплохие результаты следующий прием детского иллюстрирования прочитанных текстов.

На одном из уроков я рассказала о том, как создаются художниками иллюстрации к произведениям. Сначала художник внимательно прочитывает весь текст и старается ярко представить себе все, что в нем изображено писателем. Художник задумывается над каждым действующим лицом и пытается разобраться в нем и его поступках. Потом живописец устанавливает, какой эпизод в произведении наиболее важен в смысловом отношении. Он рисует в своем воображении живую картину этого эпизода, а потом переносит ее на бумагу.

Свой рассказ я конкретизировала определенной, заранее отобранной иллюстрацией к знакомому детям тексту из учебника.

После этого предлагаю ученикам устно нарисовать иллюстрацию к выбранному отрывку из текста. Далее дети создают индивидуальные иллюстрации, рисованные на бумаге. Детям эта творческая работа очень нравится, и они ее с удовольствием выполняют.

Рецензирование детьми созданных рисунков

Это наиболее трудный, но интересный вид творческой работы с детскими иллюстрациями. Делаю это так:

окаждый ученик после разбора текста углубляется в создание своей иллюстрации;

ошкольники обмениваются рисунками;

ополучивший рисунок рассматривает его и, перечитывая текст, пытается найти этот эпизод, к которому он относится. Установив, к какому месту создана иллюстрация, ученик подписывает ее словами текста;

осопоставляя содержание иллюстрации с содержанием данного эпизода, ученик пишет рецензию, где указывает, соответствует или нет данный рисунок тексту, отмечает качество выполненной работы. Все свои замечания он подкрепляет ссылками на текст. Рецензия подписывается учеником.

Составление диафильмов по произведению

Интересную работу мы проводили по созданию своих диафильмов на основе прочитанного произведения.

Делаем так:

– по материалу прочитанного произведения попробуйте составить свой диафильм, продумайте содержание отдельных кадров;

– какие строки из текста вы соотнесете с ними;

– определите количество кадров.

Бумагу заготавливают заранее. Рисование диафильмов на 7 минут. Готовые диафильмы вывешиваются на стенд творческих работ в классе.

Лепка и аппликация

Этот вид детского творчества используется чаще в 1-х и 2-х классах, когда дети не воспринимают еще критически результатов своих изображений и видят в них больше, чем дано. Дети могут слепить грибок, птичку, лодочку, зайчика, собачку, то есть отдельный предмет общей картины, а затем объединить в общую творческую работу.

Метод моделирования

Это введение системы “заменителей” (условных обозначений) жанров, тем, героев, а также составление схематических планов и модели обложки книги.

Таким образом, моделирование позволяет:

- включить каждого ученика в процесс познания литературы как искусства слова;
- дать возможность ученику работать в соответствии со своими возможностями;
- создать игровую ситуацию при овладении читательскими умениями;
- поддержать интерес к художественной литературе;
- обогащать духовный мир ребенка;
- осознанно воспринимать художественные произведения.

Книжки-самоделки.

Одно из самых интересных заданий для ребят – это работа с книжками – самоделками, каждая из которых изготавливалась детьми с творческой выдумкой и воображением. Есть книжки в форме елочки, грибка, домика, кораблика и т.д. Сами книжки дети изготавливали дома. Каждая книжка имеет свое название, которое представлял и защищал автор на конкурсе книжек в классе.

Например, книжка “Котик вам расскажет” имеет силуэт котика. А “Веселый поезд”: странички – вагончики.

В этих книжках-самоделках дети записывают произведения только собственного сочинения. Это первые шаги в их творчестве, пусть не всегда удачные, но большинство ребят тянутся к такой работе, пытаются проявить себя.

Составление вопросов и тестов по данному тексту

Учу детей не только грамотно отвечать на вопросы, заданные учителем, но и составлять вопросы по данному тексту. Эта работа формирует умение выделять главное как, в общем, так и в конкретном случае составлять вопросительные предложения, предполагающие подробные или конкретные ответы (да, нет).

Также детям очень нравится составлять по прочитанному произведению тест, где нужно выбрать из 3-х предложенных ответов один правильный. С большим удовольствием предлагают свои вопросы и тесты на уроках литературного чтения.

Творческое пересказывание

Цель творческого пересказывания – вызвать у учеников эмоциональный отклик на читаемое произведение, помочь им глубже осознать идею, пережить вместе с героем те чувства, которые заложены автором в произведении. Для творческого пересказывания отбираются произведения, позволяющие читателю поставить себя в положение литературного героя, понять его психологию, посмотреть глазами героя на тех людей и те события, о которых рассказывается в произведении. Творческий пересказ может вестись с изменением лица рассказчика или творческим дополнением к тексту автора. Почти всегда требуется работа по отбору материала или по добавлению к нему, т.к. рассказчику неизвестны какие-то факты или, наоборот, ему потребуется рассказать о переживаниях, которые не описаны автором.

Пересказы требуют от учеников работы воображения на основе представлений, полученных при чтении и анализе произведения и поможет полноценнее воспринять

художественный текст, способствуют более углубленному пониманию читаемого, развивают творческие способности учащихся и вносят интерес и разнообразие.

Продолжение произведения (придумывание конца).

Прочитанное произведение иногда может послужить толчком к самостоятельному творчеству детей: они придумывают продолжение читаемого произведения, то есть свой конец. Это может быть и рассказ, и сказка, и даже стихотворение. Не всякое произведение, разумеется, можно продолжить. При этом для облегчения работы учащихся берутся такие произведения, которые более близки самим учащимся.

Творческое сочинение

Для развития творческих способностей использую написание детьми сочинений. Творческое сочинение вводит учащихся в чтение и разбор литературного произведения особым путем: они должны попытаться разрешить задачу, близкую к той, которую разрешил писатель в своем произведении.

Значение творческого сочинения как формы вводных занятий:

- привлечение внимания учащихся к теме изучаемого литературного произведения;
- мобилизация всех знаний, связанных с данной темой;
- упражнения в самостоятельном построении сочинения.

Все это должно обострить интерес учащихся к чтению и разбору произведения, повысить их наблюдательность, привлечь их внимание к таким сторонам литературного произведения, которые раньше ими не замечались.

Сочинения дети пишут на отдельных листочках и по своему желанию могут их проиллюстрировать, придавая им оригинальную форму: листка, снежинки, цветка и т.д.

Все сочинения с согласия авторов мы читаем вслух и обсуждаем. Зачитываются полностью сочинения, отдельные предложения, удачно подобранные слова. Главное – отметить всех. Дети с огромным вниманием слушают сочинения своих одноклассников.

Словотворчество

Очень важным средством развития творческих способностей является составление сказок, рассказов, мифов, басен, стихов. Дети сами придумывают сюжеты, главных героев. Лучшие произведения зачитываются и обсуждаются.

Все приемы задания творческого характера, о которых шла речь выше, помогают мне в своей педагогической практике существенно повысить качество уроков литературного чтения, активизировать мыслительную деятельность учащихся, воображение, стимулирует развитие умения учиться, полноценнее воспринимать любое художественное произведение.

ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТ – ОҚУШЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҚҰРАЛЫ

Калметова Гульбагира Койлыбаевна

Б.Нұрлыбеков атындағы ЖОМ биология пәні мұғалімі
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Қазақстан

Еліміздің болашақта көркейіп өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі кездегі білім беру ісінің негізгі нысаны–жас ұрпақты дайын біліммен ғана қаруландырып қоймай, олардың бойында ақпаратты өздері іздеп табатын және талдай, өңдей жинақтай алатын, сонымен қатар оны орынды пайдалана білетін, жылдам өзгеріп жатқан заман талабына сай өздігінен білім алуға және өз-өзіне қызмет етуге, еліміздің әлеуметтік, экономикалық, саяси өміріне белсенді араласуға дайын, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып отыр.

Бәсекеге қабілетті деп жедел түрде қарқынды даму үстіндегі ғылымның жетістіктерін пайдалану аясынан және ғылым негіздерінен жүйелі білімі бар, ғылыми ақпаратты талдай, өңдей, жинақтай және қолдана білетін, таным, жобалау, құрастыру, зерттеу және шығармашылықпен қолдану әдістерін, жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгерген тұлғаны айтуға болады. Ол үшін оқушыны ізденушілікке, шығармашылыққа, өз бетінше жұмыс жасауға, бақылау мен зерттеуге, зерттеу нәтижелерін жинақтап, қорытынды жасай білуге төменгі сыныптан бастап үйрету қажет.

Мұғалімнің ғана қолынан келетін нәрсе–ол дарынды балалардың өз пәніне деген қызығушылығын өшіріп алмай, ары қарай жалғастыруы. Яғни, ойлау қабілетінің ерекшеліктерін дамыту, таным белсенділіктерін арттыру, қызығушылығын дамыту: барлық оқушыларға берілетін тапсырмалардан ерекше, күрделі тапсырмаларды беру, көбірек ойландыру, танымдық, логикалық ойындар беру арқылы қызығушылығын үстемдеу, проблемалық сұрақтармен мәселелерді шешуді, өз бетімен жұмыс істеуге үйрету, зерттеуге баулу. Осыған сәйкес, оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін арттыру – заман талабынан туындап отырған өзекті мәселелердің бірі.

Ендеше, мектепте оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына көмектесуіміз қажет. Зерттеушілік әдісін қолдану қажеттігі оқушының білім алу процесінде қоршаған ортасына қызығушылығымен, сүйіспеншілікпен қарауымен түсіндіріледі. Оқушының өз бетінше зерттеу жүргізуі оның жеке талабын қанағаттандыру мен көкейінде жүрген сұрақтарға жауап табуға үлкен ықпал етеді. Одан басқа, өз бетінше зерттеу жүргізу интеллектуалдық және шығармашылық қабілеті мен ойлау, зерттеу білігінің дамуына мүмкіндік туғызады. Оқушы өз бетінше зерттеу жүргізу арқылы қоршаған ортасын тани алады, жаңа білімді дайын күйінде қабылдамай, өз зерттеуі арқылы алады. Зерттеушілік әрекеті негізінде ізденушілік белсенділігі, білім алушының қоршаған ортасын зерттеуге деген талабы жатыр. Зерттеушілік әрекетінің басында оның ішкі биологиялық психикалық табиғи талабы тұрады. Ол дамыту қызметін атқарады.

Жеке тұлғаның зерттеушілік әрекеті шығармашылықта байқалады. Шығармашылық зерттеушілік әрекетінің басты сипатын білдіреді. Зерттеушілік шығармашылық ізденіс адамға екі жақты көзқараста: біріншісі–қандай да бір жаңа өнім алу жағынан, екіншісі – ізденіс процесінің мәні жағынан маңызды. Адам тек шығармашылығының нәтижесінен ғана емес, сонымен қатар шығармашылық, зерттеушілік процестің өзінен ләззат алуға

қабілетті. Психологтар зерттеушілік әрекетін тұлғаның өзін-өзі дамытуда маңызды деп көрсетеді.

Зерттеушілікке баулу–баланың қоршаған ортасын өз бетінше танып білуге деген табиғи ынтасы негізінде құрылған оқытудың негізгі тәсілі. Зерттеушілікке оқытудың негізгі мақсаты–оқушының адамзаттық мәдениеттің қай саласында болмасын өз бетімен шығармашылық жаңа іс-әрекет тәсілдерін игеруге дайындығы мен қабілетін қалыптастыру. Зерттеу алдын ала жоспарланған нысанды құруды көздемейді. Ол– белгісізді іздеу, жаңа білімді іздеу процесі. Бұл–адамның танымдық әрекеттерінің бірі. Баланың зерттеу әрекетін табысты жүргізу үшін А.И.Савенков әдістемесі бойынша зерттеу қабілеттерін дамыту бағдарламасын өңдейтін 5 қағиданы атап көрсетеді:

1. Зерттеу ұғымын кеңінен түсіндіру қағидасы;
2. Жалпы зерттеу біліктері мен дағдыларының өзіндік құндылық қағидасы;
3. Пәнаралық байланыс қағидасы;
4. Тренингтерге сүйену қағидасы;
5. Импровизация қағидасы.

Әр сыныптың өзіндік ерекшеліктері, құндылықтары және қалаулары болады. Әр уақытта сыртқы факторлардың әсерінен олардың қызығушылықтары бір құбылыстан екінші біреуіне ауысуы мүмкін. Бір білімді әр бала әр түрлі қабылдайды. Оларда зерттеулік ізденістің әр түрлі біліктері мен дағдылары көрініс тауып, қалыптасуы мүмкін. Сондықтан педагог балалардың осы ерекшеліктеріне икемделуі керек, бұл үшін ол өз жоспарларын әрқашан өзгертуге және оларды қайта туындаған жағдайларға сәйкес түзету жүргізуі қажет. Зерттеушілік еркін, белгілі бір сыртқы жағдайлармен шектеусіз жүргізілуі тиіс. Зерттеудің нәтижесі туралы сөз болғанда ескеретін жағдай, зерттеу жұмысының барлық кезеңдеріндегі негізгі күтілетін нәтиже–баланың жаңадан алған білімін шығармашылықпен игеру қабілетін; алынған материалды өңдеу және зерттеушілік әрекетінің дағдыларын дамыту.

Зерттеуге арналған әртүрлі жұмыс тақырыптарын негізгі 3 топқа бөлуге болады.

1.Фантастикалық тақырыптар – бұл өмірде болмайтын, ой-қиялдан ойлап тапқан нысандарды жасақтайды және қорғайды.

2.Тәжірибелік тақырыптарында – жүргізілген эксперимент бойынша өз тәжірибелерімен бөліседі.

3.Теориялық тақырыптарда – оқушының жұмысы теориялық баспалардан дәйектерді жинап, танысып, қорытынды сараптама жасайды.

Оқушыларды ғылыми-зерттеу әрекетіне тарту:

- Шығармашылыққа, ізденушілікке, жаңалыққа құмарлыққа, байқампаздыққа, бақылағыштыққа тәрбиелейді;

- Қоршаған ортаны өздігінен танып білуге құштарлықтарын арттырады;

- Өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді дайын күйінде алмай, өздігінен табуға, оны талдап, жинақтап, қорытындылап, өзіне қажеттісін таңдай алуға дағдыландырады;

- Таңдаған бағыты бойынша өзінің даму деңгейін үнемі көтеріп отыруына мүмкіндік жасайды;

- Әдебиеттермен, анықтамалармен жұмыс істей білуге үйретеді;

- Алған білімдерін өмірде жан-жақты қолдана білуге ұмтылдырады.

Демек, оқу процесінде оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамыту шығармашылыққа жетелеудің басты шарты болып есептеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Шамова Т.И. Активизация учения школьников. М.: Педагогика, 1982. 208 с.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ - ОҚУ ПРОЦЕСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА ФОРМАСЫ

Турдиева Гульмира Адылжановна

Хамза атындағы №42 жалпы орта мектебінің математика пәні мұғалімі
Шымкент қаласы, Қазақстан

Бүгінгі әлем дамуының жаңа ұстанымдары білім беру жүйесінен күн сайынғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерге мейлінше бейімделуді талап етеді. Әлем қазіргі күні «білім қоғамын» және «білім экономикасын» құру бағытында. Өз шәкірттеріне сапалы нәтижелі білім беруді мақсат еткен әр ұстаз өз тәжірибесін жаңашылдық арнасына бағыттап, әр әдісін тиімді қолдануы шарт.

Қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың заманауи талаптарға сай дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін уақытылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар білім беру талаптарына байланысты жанартылып отырады. Сапалы терең білімді меңгеруге талпынған өскелең ұрпақтың жеткілікті дәрежеде сандық сауаттылығы бар, себебі олар өмір жағдайлары барысында жаңа технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдаланады. Сол мүмкіндіктерді нәтижелі қолдану мұғалімнің біліктілігіне, біліміне, тәжірибесіне байланысты.

Кәсіби дамуға ұмтылатын бәсекеге қабілетті маман өзінің негізгі қызметінен үзілмей жаңа білім алу жолдарын іздестіреді. Оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа формасының бірі – қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы оқыту. Сонымен қашықтықтан оқыту дегеніміз не?

Қашықтықтан оқыту дегеніміз — мұғалім мен оқушы арасында қандай да қашықтықта интернет ресурстарының сүйемелдеуімен өтілетін оқытудың формасы, яғни интернет желілерінің көмегімен белгілі бір арақашықтықта оқыту.

ҚО ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық) және оффлайн (асинхрондық), және кең таралған үшінші түрі –вебинар.

Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз - интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренинтер өткізу формасы.

Осы технология бойынша оқытуды ұйымдастырып, бүкіләлемдік желі көмегімен барлық компьютерлерді бір желіге біріктіріп сабақ өтуші тұлғаны тьютор деп атаймыз.

Қашықтықтан оқыту формасын ұйымдастыру мен жүргізу - қашықтықтан оқыту формасымен білім беру құқығын беретін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (ҚР БҒМ) лицензиясы бар білім беру мекемелерінде жүзеге асырылады. Қашықтықтан оқыту формасын жүргізу құқығын беретін лицензия алу Қазақстан Республикасының заңдылықтарына сәйкес жүзеге асады.

Қашықтан оқытудың білім саласындағы мақсаты: Білім берудің біртұтас ақпараттың жүйесін құру арқылы педагогтардың білім деңгейін көтеру.

Қашықтан оқытудың білім саласындағы міндеттері:

• бір-бірімен тығыз байланысты бола отырып, мемлекеттік (республикалық, облыстық) деңгейіндегі қашықтықтан оқытудың құрамына енуі;

• құру кезінде мемлекеттің стандарт талаптарын сақтау.

Қашықтықтан оқытудың жергілікті жүйесі белгілі бір білім және жекелеген қала (университет) шеңберінде жұмыс атқарады, оның құрамына тек жоғары оқу орындары ғана емес, мектептер, гимназиялар мен колледждер де кіреді. Осындай жүйенің аясында жұмыс жасаудың алғашқы сатысында зиялылық потенциалын, компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз білім беру принциптерін ойдағыдай іске асыру қажет. Осыған орай, мектептер мен жоғары оқу орындары жергілікті және аймақтық желіні пайдаланып, шығармашылық жұмыстарын таратып, оқыту үрдісінде әдістеме бойынша тәжірибе алмасуы қажет.

Оқытудың ауқымды және жергілікті жүйелерін ойдағыдай пайдалана білудің нәтижесінде білімнің базалық және деректердің банкілік мәліметтеріне, клиент - сервер, мультимедиа, компьютерді оқып-үйренуші жүйелерге, электрондық оқулықтарға, оқу-әдістемелік материалдарға, қашықтықтан оқыту жүйесінің технологиясымен үйлесімді болып келетін, алдағы уақытта оқыту тәсілдерінің ішінде кең тараған бес аспап әрі өміршең түрлері бола алатындай жайлы оқулықтарға, бағдарламаларға еркін кіруге болады.

Осындай сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда оқытушының атқарар рөлі орасан. Оған әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүгі жүктеледі: ол курстың бағдарламасының құрылымын дайындап, оны қашықтықтан білім беру жүйесімен астастырып бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді. Бұл ретте қашықтықтан оқыту жүйесінің әдістерінде көрсетілгеніндей, көңіл-күй, психологиялық қарым-қатынас бой көрсетеді. Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін оқытушы оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт.

Қашықтықтан оқыту тәсілімен оқытатын оқытушыларға және осы істе мүдделі басқа да адамдарға бірнеше талаптар қойылады:

○ Оқытушы компьютермен жоғары дәрежеде сауатты жұмыс істей білуі қажет.

○ Қашықтықтан оқытудағы мақсаттары мен міндеттері, оның алдағы уақытта ақпараттық технология және коммуникация құралдарының негізінде дамуы туралы білуі қажет.

○ Қашықтықтан оқыту технологиясын жетік білетін, білім саласындағы қызметкерлерді, оқушыларды таныстыра білуі қажет.

○ Оқытушының ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге іс жүзінде дағдылануы қажет.

○ Оқытудың телекоммуникациялық құралдарын қолдану ісіне дағдылануын қалыптастыру, атап айтқанда: тұтынушылар арасында ақпараттар алмастыру және ақпараттық жүйелердегі ресурстарды пайдалануға дағдылануын қалыптастыруы қажет.

○ Жинақталған түрде оқу бағдарламасын құрайтын белгілі бір тәртіптегі модульдік курстардың әдістемелерін баяндай және курстарды өткізуді ұйымдастыра білуі қажет.

○ Оқу үрдісін қашықтықтан оқыту шеңберінде жүргізу ісіне жан-жақты даярлау, қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша сабақ өткізу үрдісінде үйлестіруші болуы қажет.

Бүгінгі таңда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне баса мән бермейінше, білім берудің ақпараттық технологияларын, дәлірек айтқанда, электрондық оқулық және бейнефильмдерді, басқа да электрондық басылымдарды қашықтықтан оқытудың

спутниктік арнасы арқылы ендімейінше, кез келген әлеуметтік-экономикалық саланың алға басуы мүмкін емес.

Қашықтықтан оқыту мектептерде кең қолданыс табуда. Мысалыға айтатын болсақ, «Интернет күнделікті» алуға болады. Бұл жаңашылдық екі – үш жыл көлемінде өз жұмысын атқарып келуде. Бұл инновациялық әдіс арқылы ата – аналар балаларының білім үлгерімін, ал оқушылар үй жұмысын уақытында біліп отырады. Мұндай әдіс арқылы мектеп пен ата – аналар қауымы арасындағы байланыстың одан сайын нығаюына үлкен септігін береді. Оқытылатын пәндерден қашықтық олимпиадалар Қазақстандық интернет олимпиадалар («КИО») өтеді. Мұндай интернет олимпиадалар оқушылардың үлкен қызығушылығын танытады. Тапсырмалары қызықты, сан алуан және олимпиаданың ең тиімді жері – оқушылар өздерінің білім деңгейлерінің көрсеткішін бірден білулері болып табылады.

Аталған олимпиадалар сайыс түрінде берілсе де, оқушыларды оқытады деп айтуға болады. Өйткені, оқушылар сабақ барысында алған білімдерін шындайды, тексереді, салыстырады. Оқушыларға арналған олимпиадалардан басқа, мұғалімдерге арналған онлайн жүйесінде өтетін сан алуан семинарлар, конференциялар, сабақтар ұйымдастырылады. Қарқынды түрде қолданыс тауып жүрген ол – республика, облыс көлемінде ата – аналар қауымына арналған жиналыстар. Ата – аналар жиналыстары облыс т.б. қарым – қатынастарды нығайта, бекіте түсуде.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесіне, мектеп өміріне енуде.

Әдебиеттер тізімі:

1. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.

2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет.38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).

3. Журнал «Мектеп» № 11(6 бет)

4. Журнал «Информатика негіздері» № 1 – 2010 ж (11-14 б)

Интернет ресурстары:

1. <http://el.kz/>

2. <http://e.edu.kz/>

3. <http://stud.kz>

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ - АТАДАН БАЛАҒА ЖЕТКЕН ҰЛТТЫҚ МҰРА

Айбекова Джулдыз Бакытжановна

Б.Нұрлыбеков атындағы ЖОМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Қазақстан

Кемеңгер ойшыл, ұлтымыздың тарихында ерекше орын алатын ұлы тұлға, ақын Абайдың туғанына 175-жылдық мерейлі датаға арналған Қазақстан Республикасы Президенті Қ. Тоқаевтың «Абай және 21-ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы еліміздің рухани өміріндегі мәні зор шығарма деп санаймын. Мемлекет басшысы бұл мақалада Абайдың ел тарихындағы айрықша орнын, ұлттық болмысымызды қалыптастырудағы рөлін айқындап, ұлттың рухани жаңғыру үрдісінің өзегі – ақын мұрасын терең зерделеу екеніне назар аударады. Себебі, ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын өз халқының алдына жаңа мақсаттар мен тың талаптар қойып кеткендігі бәрімізге мәлім.

Бүгінгі таңдағы Егеменді еліміздің ең басты мақсаты — өркениетті елдердің қатарында болу, бүкіл әлемдік білім кеңістігінен орын алу болып табылады. Мұның өзі ұлттық білім беру жүйесінің даму бағыттарын тың арнаға, жаңа сапаға жеткізудің қажеттілігін алға тартады. Осымен байланысты қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл процесс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын жан – жақты дамыту, ұлттық тәлім – тәрбиені сіңірту, рухани жан дүниесін қамықтыру міндеті қойылады. Сондықтан да жас ұрпақ бойынша ұлттық рухты қалыптастыратын тіл десек, бұл орайда ұлттық рухпен суарылған данышпан Абай шығармашылығын мектепте оқыту арқылы, бір жағынан жас ұрпақ тұлғасына ұлттық рухты сіңіру проблемасы өз шешімін таппақ. Өйткені бүгінгі, кешегі және болашақтағы көкейтесті мәселе – жас ұрпаққа білім беру, оқыту, ізгілікке тәрбиелеу — өз кезінде Абай шығармашылығынан орын алып, мәнімен маңыздылығы айқындалған мәселе. Осы тұрғыдан алып қарағанда, мемлекетіміз білім кеңістігіне аяқ басқан кезеңде, ғылым – білімнің құндылығы, рухани маңыздылығы артып отырғаны белгілі. Сондықтан да ертеңгі ұрпақ жарқын болашақта өмір сүріп, дамыған елдермен иық тіресе қатар тұруы үшін, ең алдымен терең білім мен жан – жақты рухани сұраныс қажет. Бұл орайда оқушы бойында білімге деген құштарлықты, ғылымға деген сүйіспеншілікті оятуымыз қажет. Мұның өзі бала дарындылығын дамытып, шығармашыл тұлға қалыптастыруға жол ашады.

Абай атамыз жастардың имандылығына, тәрбиелігіне аса көңіл бөлген, Абай атамыз: «Тез үйреніп, тез жайма, Жас уақытта көңіл – гүл,» - деп жастарға осындай өсиетін қалдырған. Абай атамыз жастарға ғана емес, елімізге де үлкен, дана тұлға болып келеді. Әр қазағымыз Абайдың тон кітабын алып, өлеңдерін жай болса да қайталап оқыса, ғибрат алып қоймай, өмірлік нұсқау алады. Себебі, Абайдың әр өлең жолдары бойымызға жігер, қуат, күш береді, қысқаша айтқанда, мотивация алуға жетерлік.

Абайдың қара сөздері терең ой мен күрделі пікірден құралған. Қазақ елінің өміріндегі мінсіз тұстардан аулақ болындар деп өсиет етеді. Бір қара сөзі мақтаншақтық жайлы болса, екіншісі имандылық жайлы. Жалпы айтқанда, Абай атамыздың қара сөздерінің көбісі адамды имандылыққа, адам болуға баулиды. Өлеңдері жайлы айтып кетсем, Абай өлең жазудан өте шебер болғанын білеміз. Қозғаған тақырыбының көбісі халық, білім, табиғат, өмірдің шындығы жайлы өлеңдерін тастаған. Абайдың өлеңдерін оқысақ, арқамыздан жүк түсетіндей, өлеңнің өзі адамды тартып алып кетеді. Айтайын

дегенім өлеңді жазуға шақырып, ішіндегі барлық көңіліңді сол өлеңге арнау. Өлең жазарда Абай атамыздан үлгі алуға болады, оның әр жолы ықыласпен, жүрекпен жазғаны айқын көрінеді. Абай атамыздың жастарға тағы да үлкен қалдырған өсиеті бар еді: «Уайым – Ұлы Жаратушы иеміздің алдында әлсіздігімізді, дәрменсіздігімізді мойындаудың да белгісі. Адам баласы ахыретіне алаңдап, елі мен діні үшін қам жегенде ғана Алланың шексіз рахымына қол жеткізе алады және де қамкөңіл жанның бұл дүние қызығына масаттанбай, ойлы келетіні анық. Осы тұрғыдан жүректегі уайымды бос күлкіге, жеңілтектікке, мақсатсыз бекер іске жібермейтінін рухани күш деп те бағалай аламыз. Мысалы, жер бетіндегі адамзат баласының қамын ойлап, қайғырып, түндерін Аллаға дұға етумен өткізген адамның Жаратқанның алдындағы дәрежесі де жоғары болады» деген екен. Естігенімше, Абай бала кезінен жаттаған өсиеттерді, қартайған уақытына дейін мүлдем ұмытпаған. Абайдың қаншама жыл өмір сүріп, сүрініп өсиеттерді ұмытпауы мен үшін таңғаларлық ерлік деймін. Себебі, бұндай қабілет кей адамдарда кездеспейді, Абай негізінде әжесінің қолында өскендіктен осындай тәрбие әжесінен болар... Абай 59 жасында, яғни өмірден ерте озған. «Кұдай өзіне жақсы адамдарды алады» дейді, демек, Абай атамыз да осы аманатты әрекеттердің біріне жатқан деген ойдамын. Егер Абай сияқты көрнекті аталарымыз болмаса, кім білер, білім, рухани жаңғыру, ұрпақ, дәстүр, еркіндік, тіпті, қазақ деген ат шықпас еді шығар. Өміріміздің гүлденуі Абайдай кісілерге тікелей байланысты. Абай (Ибраһим) деген кішкентай есімде қандай аса терең түсінігі бар ұғым жатыр десеңізші?! Бұл есімде, бәрібір де, бір құпия сыр бар. Сондықтан Абай деген есім «Бала ұлы ақын Абайдай болсын» деген ниетпен ұғымды сыры бар есімді қойдыртады. 45 қара сөздің толықтай жаттаған жастар аз болса да, болашақта көбеюіне анық сенемін.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін қорытындылай кетсем, Абай атамыздың қаншама тер төккен шығармашылықтары бар, осы шығармашылықтарды жайдан қалдырмай алдыңғы ұрпаққа, жастарға, тіпті, басқа мұсылман елдеріне де жеткізіп, әр ұлттың пікірін білу біз үшін маңызды деп есептеймін. Әр қазақтың, қазақ деп соққан жүрегі, қазақ жерінің тұрғыны Абайдың бір де бір қара сөзі мен өлеңін білмесе, ол қазақты нағыз патриотты қазақ деп те ойламаймын. Иә, Абайдың бірде бір шығармасын білмейтін жандар бар, әрине, бірақ білмеген жандарды да қазақ деп есептемеймін, Абай атамызға толықтай қамтылған 175 жыл, осы жылдың ішінде Абай атамызды білмеу үлкен ұят деймін. Сондықтан да, әсіресе, жастарды Абай атамызды толықтай насихаттауға шақырамын. Осы заманда Абай атамыздай жастар бар олар көбісі – шәкірттері. Осындай Абайдың шәкірттерінен үлкен бір болашақ, нақты қадам шығатына 100% сенемін. Заманауи сап-сау балалар, жастар гаджетке көп назар аударады. Осыдан көңілді аулау үшін Абай атамыздың қара сөздерін неге қолданбасқа? Көк аспаннан күлімсіреп қарап жатқан Абай атамыз қара сөздерін қайталасақ та, бұл игі іс деп ойлаймын. Абай атамыздың «Адам өмірінің мақсаты – кемелдену мен жетілу» деген прозалық сөзі бар. Осы прозаны аңғарсақ, Абай атамыз артта мұра қалған дастандарды, аңыздарды өскелең ұрпаққа тарату дегендей ой тастауда. Бұл проза қара сөз ұғымында айтылған. Қазіргі заманда Абай атамыз өмір сүрсе, ақыл, жүрек, қайрат үшеуін бірге ұстап, Абай атамыздың нұсқауымен жүрсек, келешегіміз жарқын болшағымыз баянды әрі еркін болар еді!

«Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы «Біз Абайды ұлықтау арқылы жас ұрпақтың бойына ұлттық рух дарытамыз. Абай арқылы елімізді әлемге паш етеміз, Абай мұрасы – біздің қастерлі қазынамыз» деп айрықша атап өткен болатын. Осы рухани қазынамызды саф алтындай сақтап, таза күйінде келешек ұрпаққа жеткізу, олардың санасына Абай айтқан ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек деген үш қасиетті сіңіру – біздің

міндетіміз деп білемін. Осы қағиданы берік ұстана отырып, ыстық қайрат дегеніміз – спортқа баулу, нұрлы ақыл – санасына білім нәрін құю, жылы жүрек – эстетикалық тәрбие беру деп түсінуіміз керек деп ойлаймын». Бұл шаралар мектебімізде жүйелі түрде атқарылып келеді.

Абай - ұлттық мәдениетіміз бен тарихымыздағы ерекше тұлға. Біртуар қайталанбас тұлғаның адамзаттық, ақындық, халықтық мұрасы айтылар ойға сыймас, қыр-сыры мол дүние. Абайды тану - қазақ халқын танумен бірдей. Абай - өткен тарихымыз ғана емес, бүгінгі асыл мұрамыз және алдағы мақсат - мұратымызды айқындап бере алатын келешегіміз.

«Рухани жаңғыру – ой сананың кемелденуі». Рухани жаңғыру адамның жас шағынан, яғни мектеп- қабырғасынан басталуы керек. Олай болса, абайтануды мектеп-табалдырығынан бастап толық енгізіп, жас ұрпақты Абай ілімі аясында тәрбиелеген абзал. Абай мұрасы: Рухани жаңғырудың мұрасы деп Абайдың жастарға ұсынған жолы – адалдық пен ғылым жолына жастар көптеп түсіп жатса, осы жол ғана қиындықтан құтқарады, надандықтан арылтады, ізгі адамгершілікке салады. Сондықтан да ақын өзінің жүрек қалауын талаптанған, талпынған жастарға арнайды.

МАТЕМАТИКА ПӘНІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

Абдикерова Жанар Торғайбековна

№164 жалпы білім беретін мектебінің математика пәні мұғалімі
Алматы облысы, Алатау ауданы, Қазақстан

Білім беру жүйесі қоғаммен бірге дамып, үнемі өзгеріп отырады, осыған сәйкес мектептерге қойылатын талаптар да жоғары. Оқыту және тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін уақыт ағымымен үндестіріп отыру ұстаздың жаңашылдығын айғақтайды.

Шығармашылық - проблемалық сипаты бар, барлық ішкі байланыстарды біріктіретін, нәтижеде жаңа материалдық және идеалдық құндылықтар алынатын адамның мақсатты әрекеті.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту.

Қазіргі тез өзгеріп тұратын заманда оқушының дүниетанымын, рухани әлемін, ынтасы мен қабілетін дамыту бүгінгі күннің негізгі мәселесі болып табылады.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың жолдары сан алуан, оны таңдап алу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Оқушы шығармашылығын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру мұғалімнің сабағына назардан тыс қалмауы тиіс.

Қабілеттілік, дарындылық дегеніміз- дамудың нәтижесі болғандықтан, оның туа бітуі мүмкін емес. Оқушының қабілеті педагогтардың ықпалының аясында шыңдалады. Шығармашылықпен жұмыс жасауға мектеп қабырғасынан бастап баулу керек.

Білім беру жүйесінің басты – міндеті ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру.

Міне осындай маңызды мәселелерді шешуде жас ұрпақты сапалы да, саналы ой еңбегіне тәрбиелеуде математиканың алатын орны ерекше. Қазіргі заман – математика ғылымының өте кең, жан-жақты тараған кезеңі. Ал талапқа сай математикалық мәдениеттіліктің деңгейін көтеру болып табылады.

Әр түрлі оқыту әдістерінің барлығының көздейтін түпкі мақсаты оқушылардың білім алуының тиімді жолын анықтау. Осы мақсатқа жету үшін ғылыми-көпшілік әдебиеттерді дұрыс пайдалана білуі керек. Ал, сабақты ірілендірілген блок әдісімен өткізу оның өз бетімен ізденуіне көп мүмкіндік жасайды. Мәселен, математика пәнінде үлгі есептер шығарып көрсету арқылы оқушыларды өз беттерімен еңбектенуіне мүмкіндік туғызу керек. Берілген тапсырманың танымдық және шығармашылық сипаты болғанын да ойластырған жөн. Мұғалім сабағын қызықты өткізіп, тарихи мағлұматтармен байланыстырып отырса, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, ынтасы артады. Осы арада математика пәнінің күрделілігін ескере отырып, қосымша сабақтар жүргізудің тиімділігі зор. Мұғалім оқушыға тапсырма есептер беру кезінде оқушының жас ерекшелігін ескере отырып, қабілетін де назарға алады. Есептер барлық оқушыларды қызықтыратын және оның күші жетерлік шамада болуы керек. Оқушылардың шығармашылығын қалыптастыру, оларға логикалық тапсырмалар беру, сұрақтар қою, тесттік тапсырмалар құрастыру, эксперименттік есептерді шештіру, сыныптан тыс жұмыстар жүргізу, ойындар мен кештер өткізу, рефераттар қорғау, ой жұмбақтар мен сканвордтар, ребустар құрастыру арқылы іске асырылады.

Өзім ұстаздық іс-тәжірибемде шығармашылықпен жұмыс істейтін оқушылар үшін өз алдыма мынандай мақсаттар қойдым:

- 1.Есептерді шешу тәсілдерінде жаңалықтар енгізуге жетелеймін.
- 2.Есепті шешу тәсілдерін ешкімнің көмегінің табу іскерлігін қалыптастырамын.
- 3.Ойлау амалының қысқа жолын үйретемін.
- 4.Есепті шешудің тиімді тәсілдерін іздестіріп отырамын.
- 5.Алынған нәтиженің дұрыстығын анықтай білуге дағдыландырамын.
- 6.Оқушының оқу материалын теориялық тұрғыдан терең білуін қадағалаймын.
- 7.Пән аралық байланыспен тәрбие мәселесіне көбірек көңіл бөлемін.
- 8.Оқушылардың шығармашылық қызметін дамытып отыруды ойластырамын.

Қорыта келіп айтарым, мұғалім өзінің пәнге деген қызығушылығын өз оқушыларының бойына сіңіре білу қажет. Сонда ғана мұғалім еңбегінің нәтижесіне жете алады.

Шығармашылық өзіндік жұмысы оқушылардың математика пәніне деген ынтасын қалыптастырады, оқуға деген көзқарасын өзгертеді, математикалық ой-өрісін дамытады.

- 1.Есепті шығару, теоремаларды дәлелдеуді әдеттен тыс, жаңа тәсілмен орындау;
- 2.Есепті бірнеше жолмен шығару;
- 3.Оқушылардың өз бетінше есеп, мысалдар құрауы;
- 4.Баяндамалар және басқа жұмыс түрлері;
- 5.Оқушылардың жұмысын тексеру, қателерін анықтау.

Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттің нәтижесі олардың білімді өз бетінше талдап және бір жүйеге келтіре алатын тапсырмаларды орындауы болып табылады.

Қазіргі заманғы ғылыми - техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Жас ұрпақты жан - жақты жетілген, ақыл - парасатты, ой - өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бұл әр мұғалімнің шығармашылық ізденіспен жаңаша істеуін қажет етеді.

Бүгінгі күннің ұстаздарына қоғамымыздың экономикалық, саяси, мәдени дамуына үлес қосатын әлемдік талапқа сай келетін білімді, мәдениетті азамат дайындап, тәрбиелеп шығару міндеті жүктеледі.

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

Зосименко Оксана Викторовна, Харламенко Валентина Борисовна ТРАНСВЕРСАЛЬНЫЕ КОМПЕТЕНЦИИ В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ	5
Svitlana Kovalenko DISTANCE LEARNING POTENTIAL: BRITAIN CASE STUDY	9
Клочко Алексей Александрович ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КОМПЬЮТЕРНЫХ ИГР В ПРОЦЕССЕ ПЛАНИРОВАНИЯ И ПРОВЕДЕНИЯ ИСТОРИЧЕСКИХ РЕКОНСТРУКЦИЙ КАК ФОРМЫ СОЦИОКУЛЬТУРНОЙ СОЦИАЛИЗАЦИИ ПОДРОСТКОВ	12
Клочко Оксана Николаевна, Ефремова Галина Леонидовна ПРЕДНАЗНАЧЕНИЕ ЖЕНЩИНЫ КАК ОСНОВА УЧЕБНО-ВОСПИТАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА В ЖЕНСКИХ ГИМНАЗИЯХ ВТОРОЙ ПОЛОВИНЫ XIX ВЕКА	16
Пасько Екатерина Николаевна ПРОФЕССИОНАЛИЗМ И ТВОРЧЕСТВО ПЕДАГОГА – САМОРАЗВИТИЕ МЕТОДАМИ ЭСТЕТОТЕРАПИИ	20
Лалак Н.В., Фенчак Л.М. ОСОБЕННОСТИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧИТЕЛЕЙ НОВОЙ УКРАИНСКОЙ ШКОЛЫ	22
Осьмук Наталья Григорьевна, Швец Ольга Григорьевна ТРАДИЦИИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЗАРУБЕЖНЫХ ИННОВАЦИЙ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКЕ УКРАИНСКОГО УЧИТЕЛЬСТВА	26
Предык Алина Анатольевна ФОРМИРОВАНИЕ ГОТОВНОСТИ УЧИТЕЛЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ К СОДЕРЖАТЕЛЬНОМУ ОЦЕНИВАНИЮ УЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ	30
Бекметов Исломбек Курбанбайулы, Шойманова Молдир Балгабаевна THE IMPORTANCE OF “BOOK OF WORDS” BY ABAI KUNANBAYEV FOR HUMANKIND	35
Абдукаримова Малика Бахадировна, Есенкулова Айжан Рахимбердиевна COMMON LEXICAL AND STYLISTIC DIFFICULTIES IN TRANSLATION OF MISLEADING INTERNATIONAL AND PSEUDO INTERNATIONAL WORDS	37
Әуелбекова Ұлданай Нағашбекқызы PHRASEOLOGY IN ENGLISH AND KAZAKH LINGUISTICS	39
Кусембаева Зульфия Калыковна, Шойманова Молдир Балгабаевна CHARACTERISTIC FEATURES OF PHRASEOLOGICAL UNITS IN THE ENGLISH LANGUAGE	42
Азбердиева Нагима Аббасовна БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ	44
Диканбаева Гулайна Сакеновна ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОҚУШЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУ	47
Есалиева З.Р. ТАБИҒИ СУ КӨЗДЕРІН САНИТАРИЯЛЫҚ-ГИГИЕНАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН БАҚЫЛАУ	49
Абдуллаева Гульнар Ахметкалиевна БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢА RTU – УАҚЫТ ТАЛАБЫ	52
Кошербаева Жулдыз Султановна ЖАҢА RTU БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	54

Оразбаева Ляззат Ержановна ЖАҒАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ АЯСЫНДА ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	56
Егембергенова Маржан Ыбрайханқызы ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ	58
Садиева Мадина Онгаровна МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ	62
Шораева Улбала Бахытжановна ЖАҒАРТЫЛҒАН МАЗМҰН АЯСЫНДА КӨПТІЛДІЛІКТІ ОҚЫТУДА КЕЗДЕСЕТІН ПРОБЛЕМАЛАР	63
Жаксылықова Гульмира Идришевна МОДЕЛЬДЕУ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛУЫ	66
Оразбаева Айгуль Казезовна ВОЗМОЖНОСТИ КАБИНЕТА «MAKER SPACE» В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ	68
Адыбаева Ләззат Дүнгенбайқызы ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ЖАҒАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ	71
Курманова Салтанат Надирбековна ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН КРИТЕРИАЛДЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	74
Бекебаева Мадина Омірхановна ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҮШ ТІЛ САЯСАТЫ ЗАМАН ТАЛАБЫ	76
Калыкулова Дилдайым Мұхтарбековна ЖАҒАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕПТЕРГЕ ЕНГІЗУДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ	80
Кусаинова Нургуль Дюсенбаевна ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА В РАМКАХ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ	84
Исмаилова Уркия Курбангаевна ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ	87
Бекбаева Дина Амангелдиевна ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ҮШТІЛДЕ ТЕРМИНДЕРДІ ЕСТЕ САҚТАУ, ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ	89
Матекова Бақтыгүл Темірханқызы, Тастемирова Лаура Бекмұратқызы БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҒARTУ АЯСЫНДА ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП САБАҚ ЖОСПАРЛАУ	92
Туртбаева Кульжархын Кадыркүлқызы МЕКТЕПТЕ БИОЛОГИЯ ПӘНІНЕН ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ	94
Умбетова Назира Затуллақызы ӘЛ-ФАРАБИДІҢ «ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ	99
Күреңбай Гүлназ Әлайдарқызы БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАУ	102
Жумабаева Меруерт Есенғалиевна БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНУИ МӘСЕЛЕЛЕРІ	105

Буралхиева Жулдыз Садуахасовна ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ	107
Нурдилдаева Жулдыз Кайыповна LEGO КОНСТРУКТАРЛАРЫ-МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ИНТЕЛЕКТУАЛДЫ ДАМУЫНЫҢ ҚҰРАЛЫ	109
Кожамуратова Зулпия Нурлановна ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ПӘНДЕРДІ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	111
Боранбаева Сауле Хасеновна ПӘНДІ ОҚЫТУДАҒЫ ЫНТАЛАНДЫРУДЫ КӨТЕРУ ТӘСІЛІ РЕТІНДЕ БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА АКТ ҚОЛДАНУ	113
Беркимбаева Гульманат Джалинбековна МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҒАРТЫЛҒАН МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА БАЛАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ	115
Аширова Надира Гарифуллаевна ТҮРЛІ ЖАС ТОПТАРЫНДА БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ТӘСІЛДЕРІ	117
Егембердиева Эльвира Пернеханкызы ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ – МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ НЕГІЗДЕРІ	120
Калыкулова Эльмира Сапарбаевна ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІН ДАМУДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ	124
Медетова Лаура Сухраповна ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР КОНТЕКСТІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДАҒЫ ӨДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕРІ	127
Абжаппарова Мухаббат МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМ ҮРДІСІНІҢ ДАМУЫ	129
Убаева Нигора Ергешбаевна РАЗВИТИЕ ПОЛИКУЛЬТУРНОСТИ ДОШКОЛЬНИКОВ ЧЕРЕЗ ЗНАКОМСТВО СО СКАЗКАМИ	132
Азимова Ширин Алимжановна ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ АРҚЫЛЫ БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫН НЫҒАЙТАЙЫҚ	134
Акбарова Зуллола Сайдазимовна МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАҒЫ ТӘРБИЕШІ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ	136
Касаболатова Перизат Калдыбековна ҮШТІЛДІЛІК - КӨП ТІЛДІ МЕНГЕРГЕН ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ	138
Мадиекова Ботакоз Аймаханбетовна ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІН ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ	142
Махатаева Жанар Имановна ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ КӨП ТІЛДІ МЕНГЕРУДІҢ МӘНІ	144
Калметова Гульбагира Койлыбаевна ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТ – ОҚУШЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҚҰРАЛЫ	153
Турдиева Гульмира Адылжановна ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ- ОҚУ ПРОЦЕСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА ФОРМАСЫ	155

Айбекова Джулдыз Бакытжановна АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ - АТАДАН БАЛАҒА ЖЕТКЕН ҰЛТТЫҚ МҰРА	158
Абдикерова Жанар Торгайбековна МАТЕМАТИКА ПӘНІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ	160

«Современные тенденции и новые возможности профессионального роста педагога»



Сверстано и отпечатано с авторских оригиналов.
Ответственность за научное содержание, стилистические, грамматические и
пунктуационные ошибки несут авторы.
Формат 60x84 1/16, Объем 10,2 уч. -изд. л.
Информационно-издательский центр «Педагогическое мастерство»
г.Шымкент, ж/м Тассай